ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Жазира Ошақбаева

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӘМБЕБАПТАР: ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

Алматы
2014

ӘӨЖ 1 (091)
КБЖ 87.3
О 96

ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор **З.К. Шәукенова** және философия ғылымдарының докторы, профессор **С.Е. Нұрмұратовтың**
жалпы редакциясымен

Пікір жазғандар:
Д.Т. Кенжетай, философия ғылымдарының докторы, профессор
Ә.Н. Нысанбаев, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Б.М. Сатершинов, философия ғылымдарының докторы, доцент

О 96 Ошақбаева Ж.Б. Дүниетанымдық әмбебаптар: тарих пен тағылым / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 242 б.

ISBN – 978-601-304-011-0

Монографияда дәстүрлі қоғамдағы дүниетанымдық әмбебаптардың мәндік және құндылықтық маңызы зерделеніп, этникалық дүниетанымға тән әмбебаптық категорияларға талдау жасалынады. Жұмыста XV ғ-дан бастап XX-ғасырдың аяғына дейінгі аралықтағы қазақ ойшылдарының шығармашылығы философиялық сараптаудан өткізіліп, олардың дүниетанымдық жүйесінде орын алған рухани маңызды ұстанымдар анықталады. Еңбекте қазіргі гуманитарлық салалар аясында қолданылатын пайымдаулар өзектендіріледі.

Жұмыстың ғылыми нәтижелерін философия тарихы, қазақ философиясы мен мәдениеттану, тарих және әдебиеттану, этика пәндерін оқытуда, жастарды руханилыққа тәрбиелеуде пайдалануға болады. Кітап ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттарға, жалпы оқырман қауымға арналған.

Монография «Ғылыми қазына (2012–2014 жж.)» салааралық ғылыми бағдарлама аясында дайындалған.

ӘӨЖ 1 (091)
КБЖ 87.3

ISBN – 978-601-304-011-0

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014
© Ошақбаева Ж.Б., 2014

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 4

1 ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫ ДҮНИЕТАНЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ хандығы кезеңіндегі жыраулар шығармашылығының идеялық қайнар көздері..... 11

1.2 Дүниетанымдық әмбебаптардың рухани және материалдық әлемді философиялық байыптаудағы орны..... 38

1.3 Жыраулар дәстүріндегі рухани сабақтастықтың этно-мәдени негіздері..... 67

1.4 Еркіндік мәселесінің қазақ жыраулары шығармашылығындағы өзектілену..... 90

2 ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӘМБЕБАПТАРДЫҢ БОЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

2.1 Әлемдегі Адам болмысын зерделеу – жыраулардың дүниеге көзқарасындағы басты дүниетанымдық бағдар..... 104

2.2 Қоғам мен адамның өзара байланысы мәселесінің құндылықтық-мағыналық қырларының айшықталуы..... 135

2.3 Қазақ жырауларының дүниетанымдық әмбебаптарының қоғамның тарихи санасындағы рухани сабақтастығы..... 163

2.4 Қазақ зиялыларының руханилықты қалыптастырудағы рөлі..... 207

ҚОРЫТЫНДЫ..... 225

ӘДЕБИЕТТЕР..... 230

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет..... 236

Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан..... 238

Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan..... 240

КІРІСПЕ

Идеялардың мыңдаған жылдық құпиясын өз бойына жинақтаған философия тарихы әдіснамасының бүгінгі таңда өз ұлтының түп-тамырына, салт-санасы мен ерекшелігіне назар сала бастаған тәуелсіз мемлекеттер үшін маңызы ерекше зор.

Жалпы бұл дүниеде ғылыми таным үдерісі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары өзара үйлесім тауып, қордалана көрініс тапқан. Қазақ философиясы – халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдістемелік тетік. Ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен тығыз байланыста. Сондықтан оны зерттеп үйренбейінше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын және тағы басқа пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз қоян-қолтықтасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге ат салысқандығымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

Шығыс дәстүріндегі бай философиялық және әлеуметтік ой, оның ішінде қазақ халқының философиялық ойы Батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, музыкада, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия. «Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау

байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, – деп атап көрсетті Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында, – тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады» [1].

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әр түрлі деңгейде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар шынайы реализм, бітімнің негізгі жақтары еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні, тағы басқалар еді. Осы аталған көзқарастар сыңаржаққа, тоқыраушылыққа, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да кемістіктерге қарсы бағытталды. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшелігі.

Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өркендеуіне зор ықпал етіп, ерекше жағдай жасады. Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XV-XVI ғасырларда ең басты мәселе – жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Қоғамдық ой-сана, халықтың аңсары – ұлттық тұңғыш мемлекетті сақтап қалу болды. Ру-тайпаларды бір орталыққа бағындырып, ішкі алауыздықты тиятын, сыртқы дұшпандарға тойтарыс беретін, елдің қамын жейтін әмірші керек екенін халық жақсы түсінді. Мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек екенін біліп, хандық идеяны дәріптеді. Хандық идеологияны жақтап, үгіттеуге бар күшін салған жыраулар мен би-шешендер өздерінің құдіретті сөзімен, үлгі ісімен көп еңбек сіңірді. «Қазақ халқының философиялық ой-пікірінің ерекшелігі – оның данышпандықты

жоғары бағалағандығы, ойшылдығы, инабаттылығы мен қайырымдылығы, кеңпейілділігі мен кешірімшілігі», – дейді Д.Кішібеков [2, 32 б]. Бүкіл Үнді, Қытай философиясындағы ғасырлап қалыптасқан адамгершілік, гуманистік қасиеттер қазақ философиясына да тән. Яғни, үлкенді сыйлау, әдепті болу, оқыс, өрескел мінез көрсетпеу – қазақ халқының негізгі ұлттық сипаты. Бұл – ерте заманнан, сонау скиф, массагет, сақ дәуірлерінен келе жатқан дәстүр. Бұл дәстүр ақын-жыраулар шығармаларынан көптеп көрінеді. Белгілі философ ғалымдар Әбдімәлік Нысанбаев, Ғарифолла Есім рухани еркіндік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ «Қазақ философиясы адам, адамгершілік философиясы, адамның өмір сүру философиясы, экзистенциалдық философия», – деген пікірлер айта бастады [3, 4–5 бб.]. Соңғы жылдардағы дүниеге келген философиялық туындылар осы пікірлердің дұрыстығын дәлелдейді.

Қазақ халқының философиялық және әлеуметтік ойын зерттегенде осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсініп, көркем әдебиет туындыларына салыстырмалы талдау әдісін қолданып, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны герменевтикалық тәсілдің көмегімен саралағанымыз жөн болады.

Алаштың азаттығы үшін бастарын бәйгеге тіккен ерлер қай заманда да табылған. Олар елін жасытпау үшін, дұшпанын тасытпау үшін қаны мен жанын аямаған. Осылай сан ғасырға созылып, күні кешеге дейін жалғасқан ұлы күреске 20-ғасырдың соңында нүкте қойылды. Қазақ жылнамасының жаңа беті ашылып, тәуелсіздік тарихы тасқа басылды. 2012 жылдың 14 желтоқсанында жарияланған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қазақстандық қоғамның қол жеткізген идеологиялық және саяси-әлеуметтік деңгейінің арқасында мүмкін болды. Стратегияда 2050 жылғы кезеңге дейінгі Қазақстанның әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени дамуының барлық стратегиялық анықтаушы бағыттарын қамтитын көптеген мәселелер ауқымы айқындалған. Бұл стратегиялық жоспарлау мен болжаудың инновациялық парадигмасына негізделген қазіргі әлемдік саяси тәжірибеде теңдесі жоқ құжат еліміздің мемле-

кеттік органдары, ғылыми-гуманитарлық және сараптамалық қауымдастығы алдына бірқатар түбегейлі жаңа міндеттерді қояды.

Елбасы Стратегияда мемлекетіміз Мәңгілік ел болу жолындағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісіне теңей отырып, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біздің аспан астында адамзат баласы қанша жасаса, сонша ғұмыр кешетін ұлы ел бола алатынымызды атап өтті. Халқымыз сан ғасырлық тарихында бастан өткерген қиындықтардан ой түйе отырып, ондай сәттерді кейінгі ұрпақтың көрмеуі үшін еңбек ету – біздің негізгі мақсатымыз, тиісінше, ерен еңбек арқылы жеткен жетістіктеріміздің пайым жасай отырып, болашақ қазақстандықтар одан биік белестерді бағындыруына жол салу біздің басты мұратымыз болуы тиіс.

«Қазақстан-2050» стратегиясы ел болашағының дүниетанымдық жаңа үлгісін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау туралы болып отыр. Бұл құндылықтар осы заманғы, болашаққа ұмтылған құндылықтар болуы тиіс. Олар ұлттың тілін, руханиятын, дәстүрлерін, мәдениетін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан да Мемлекет басшысы «Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» деп баса көрсетті.

Уақыт талабы – заманауи тарихи сананы жаңғыртуға қалың көпшіліктен бастап ғалымдарға дейінгі жұртшылық атсалысуы қажет екендігін ескертуде. Сондықтан да бұл өмірлік мәні бар тапсырманы әрбір отаншыл қазақ пен қазақстандық менің болашағым үшін қажет дегенде ғана жүзеге асыра алады. 1995 жылы Президенттің тапсырмасымен жасалып, Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес мақұлдаған «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» өз қызметін атқарды. Бұл тұжырымдаманың басты міндеті – тарихи ғылымның басты мәселелерін және оны шешудің мүмкін бағыттарын белгілеу, тарихи білім мен ағартушылыққа реформа жасау жолдарын қарастыру еді. Осы уақыт аралығында гуманитарлық сала ғалымдары аз жұмыс атқарған жоқ. Әсіресе, жаңа ғылыми-зерттеу тақырыптарына

байланысты жобалар, «қазақ» этнониміне, қазақ халқы этногенезіне, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына, көшпелі қоғам эволюциясына қатысты зерттеулер жүргізілді.

XX ғасырдың басында зиялылар тағдыр сынын қалай көтерсе, XXI ғасыр басында да жаһандық мәселелер ортасында қиындықты жеңіп шығатын, әлемдік тарихтағы Қазақ елінің орнын ойып көрсете алатын ойшыл ғалымдар ғана жаңа тарих сахнасынан көрінері анық. Ал халық талай рет тарихтың толқынды дауылына шыдас беріп келеді. Үкімет басшысының атап өткен ұлттық тарихтағы шешілмей келген ауқымды міндеттерін шешуде ғылыми талдауларды жаңаша көзқараспен дүниеге әкелу үлкен жауапкершілікті талап етуде. Ұлттық тарихты халық игілігіне айналдыруымыз қажет. Ол үшін жаңа әдістерді қолдану керек. Әсіресе, тарихтың ақтаңдақтарын терең зерттеу қажеттігі байқалып отыр. Кез келген мемлекеттің негізгі тірегі және басты байлығы сол елді құраған халқы болып табылады. Ал сол халықтың алға қарай адымдап дамуында тарих ғылымының алар орны ерекше. Себебі тарих халықтың өзін-өзі тануына жәрдемдесіп, ұлттық намыс, ел бірлігі және мемлекеттік мүдде деген ұғымдарды қастерлеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйретеді. Ұлттың шынайы тарихы ұлттық идеологияның қалыптасуының да негізгі қайнар көзін құрайды. Сондықтан тарихи білім беруге үздіксіз көңіл бөлінуі қажет.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігі кезеңінде саяси, экономикалық, қоғамдық өмірде және әлеуметтік салада күрделі өзгерістер орын алуда, қазақстандықтардың өмірінде алға басушылықтар байқалып, өтпелі кезеңнің көптеген келеңсіз құбылыстары артта қалуда. Халқымыздың осы бостандығының беріктігі, еліміздің саяси дербестігі, оның экономикалық дамуы және әлеуметтік өркендеуімен тікелей байланысты. Қазіргі жаһандану заманында қазақ халқының ұлт болып сақталуы үшін ұлттық құндылықтары насихатталып, төл деректері, құнды мұралары зерттеле түсуі қажет. Қазақ елінің тарихына қатысты өз пікірін білдірген қазақ зиялысы А. Байтұрсынов былай деп жазған еді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел, қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не

істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады».

Жас тәуелсіз мемлекет өз қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайта түсуі қажет. Оған рухани жаңғыру мен діни наным-сенімнің де айтарлықтай рөлі бар. Ал, тарихи білім Отан тарихын жетік біліп, шынайы сезінгенде ғана тәрбие құралына айналады. Ұлттық сана сезім Отан тарихын тану арқылы қалыптасады. Кез келген жас ұрпақ әлем елдері тарихынан да хабардар болуы керек. Сондықтан да қазақ философиясының тарихын зерттеу, XV-XX ғасыр аралығандағы ойшылдар шығармашылығының философиялық астарларын ашып көрсету уақыт талабы.

Бұл еңбектің қазіргі заманғы еліміздің рухани дамуында, ұлттық идеяны қалыптастыру бағытында қазақ ойшылдарының дүниетанымдық әмбебаптарын зерделеп, оның тарихилық пен дәстүршілдік принциптерінің алғышарттарын орнықтыруда, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртуда өзіндік орны бар зерттеу болатындығы шүбәсіз. Ойшылдардың рухани мұраларының халқымыздың рухани дүниесін байыта түсетіндігі, рухани сабақтастықтың мәдениет пен философиялық жүйе тұтастығын сақтауға қызмет ететіндігі осы жұмыста көрініс табады. Ғылыми еңбектің тақырыбы мемлекеттік маңызды бағдарламалармен де толық сәйкес келеді, әсіресе «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламаларына үндес ғылыми ізденіс болып табылады. Сонымен қатар философия тарихы бойынша ғылыми зерттеу ретінде халқымыздың рухани байлығын жан-жақты зерделеуге негіз болады.

Қазақ халқының өзіндік санасын, рухын тануда жыраулар дүниетанымын философиялық талдаудан өткізу қазіргі гумнитарлық ғылымдар жүйесінің маңызды мәселелерінің қатарына жатады. Себебі келешекке сенімді қадам жасау үшін алдымен өткенді танудың маңызы зор. Халқымыздың қиын-қыстау замандағы мұң-мұқтажын адамзаттық гуманизм деңгейіне көтере білген ойшыл тұлғалардың дүниетанымын

зерттеудің тәуелсіздігіміздің іргетасын бекіте түсудегі маңызы ерекше. Қазақ хандығы дәуіріндегі рухани, дүниетанымдық қатынастарды, олардың мәнін жыраулар дүниетанымының аясында сараптаудың да өзіндік маңыздылығы мол. Әр халықтың дүниеге деген философиялық көзқарасы, өзіндік дүниетанымдық ерекшеліктері болады. Қазақ халқының дүниеге деген қатынасы, адам – әлем туралы көзқарастарының қалыптасуы тамыры терең тарихтан бастау алып дамып келеді. Қазақ хандығы кезеңінде өмір сүрген жыраулардың, би-шешендердің шығармашылығы қазақ философиясының дамуына ерекше үлес қосқан деп айта аламыз. Олардың даналық ой-толғамдарын тарихи-философиялық тұрғыдан талдаудың да маңызы ерекше. Себебі халқымыздың өткен тарихындағы ойшыл тұлғалардың дүниетанымын зерттеп, одан тәлім, үлгі-өнеге алудың іргетасы енді ғана қаланып, бекіп келе жатқаны тәуелсіз Қазақстан үшін маңызы өте зор. Еңбекте жыраулардың сан қилы ой толғаулары сабақтастық және өзара байланыстылық тұрғысынан қарастырыла отырып, олардың философиялық мазмұны, қазақи қоғамдық сананы қалыптастыру ісіне тигізген игі ықпалы таразыланып, қазақ философиясының қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыс ретінде сараланады.

Қазақ ойшылдарының шығармалары мен саяси-құқықтық көзқарастары бүгінгі күні де өте маңызды. Олардың ұлттық мемлекетке деген көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін ғана емес, саяси тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізген барлық мемлекеттер үшін де ерекше. Қазіргі жаһандану процесінің кең етек жайып, барлық рухани-мәдени байлығымызға әсерін тигізіп, өз үстемдігін жасауға талпынған дәуірде өз болмысымызды, ұлттық ерекшеліктерімізді, тіліміз бен ділімізді әлемдік рухани мәдениеттің бір бөлігі, ерекше түрі ретінде сақтап қалуға талпыныс жасап отырған кезде тарихқа, ата-баба даналығына арқа сүйеп, мәдени мұраны қалқан тұту үшін оның ерекшеліктеріне ден қойып оқып-білуі қажет деп ойлаймыз.

1 ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫ ДҮНИЕТАНЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ хандығы кезеңіндегі жыраулар шығармашылығының идеялық қайнар көздері

Ортағасырлық атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың куәландыруы бойынша 1456 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар Қозы-Басы дейтін байтақ қоныс пен Шу өзенінің бойында дербес хандықтың туын көтереді. Қазақ хандығы ұлттық мәдениеттің өркендеуіне орасан зор ықпал жасады. Қазақ елі өзінің сан ғасырларға созылған ұзақ тарихында қилы-қилы асулардан өтіп, талай шерлі заманды басынан кешіреді. Соған қарамастан халқының адал, батыр азаматтары тарих жүгін ұлтының атын жоғалтпай ғасырдан ғасырға өткізіп отырды.

Қазақ тарихының қызықты да жігерлі, ойшыл да сұлулыққа толы бетінің бірі – хандық дәуір кезеңі. Бұл қазақтың кең даласына, таусылмас байлығына ие болуға екі ұлы империя Ресей мен Қытайдың екі бүйірден қадалып тұрған кезі болатын. Бұл қазақ халқы мәдениетінің де өзіндік беті айқындала бастаған кезең еді. Осы қиын заманда ел-жұртымен бірге өмір сүріп, олардың басына түскен ауыртпашылықтарға ортақтасып, қайғы-қасіреттерін мұңды-сазды әуендерімен зарлана-шерлене толғаған жыраулар еді. Бұл дәуірде ежелгі мифологиялық аңыздар мен фольклорлық шығармалар, тарихи-шежірелік туындылар мен шешендік өнер қатар ғұмыр кешті. Себебі, қазақ хандығындағы болмыс пен мемлекеттік құрылым өзгеше еді. Көшпелі өмір мен отырықшы тұрмыстың, бақташылық пен диқаншылықтың қатар, жарасымды дамуы сол кездегі рухани өмірге өзіндік сипаты мол ауыз әдебиетін,

яғни жыраулар поэзиясы мен шешендік өнерді әкелді. Ауыз әдебиеті дегенде біз фольклор туралы айтып отырған жоқпыз. Фольклор бұл авторы жоқ, ауызба ауыз ұрпақтан ұрпаққа жеткен шығармалар. Ал ауыз әдебиеті жазба әдебиетіне жол салған туындылар. Оның фольклордан басты айырмашылығы – авторлық болуы. Онда шығарма мазмұны тұрақты, кімге арналғаны белгілі болып, автордың «мені» көрінеді. Мұны жасаушылар негізінен, жыраулар мен бишешендер болды. Бұл кездегі поэзия ұрпақтан ұрпаққа ауызша, шығармашылықтарының болмашы үзінділері, жеке жолдары мен шумақтары ғана көп өзгерістерге ұшырап жетті.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы фольклорға жатпайды, алғашқы тұстан бастап-ақ фольклордан іргесін бөлектеп, профессионал әдебиет жасауға бағыт ұстады, бұл жол өте баяу, бірақ өзгеше бір іздену жолы еді. Жыраулар өз творчествосын ілгерілете отырып, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетін қалыптастыру бағытында қызмет етті. Жыраулар шығармашылығы біртіндеп толыса отырып, XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Махамбетке жеткенде жазба әдебиетке ұласты. Сөйтіп, жазба әдебиет ұзақ іздену негізінде, ауыз әдебиетінен біртіндеп ұзай отырып туды.

XV-XVIII ғасырлар аралығы фольклордан жеке авторлардың бөлініп шығып жазба әдебиеті туғанға дейінгі іздену, өрлеу жолы бар кезең еді. Бұл – қазақ хандығы құрылып, тайпалар бірлестігінің, феодалдық мемлекеттің нығая бастаған дәуірі. Осы кезден бастап қазақ атымен аталатын мәдениет өркендей бастады, қазақ халқының өз әдебиеті қалыптасты. Тіл өнеріне, сөз өнеріне қазақтар ерекше мән берген. XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласын кезген орыс және Европа саяхатшылары мен ғалымдары қазақ халқының ақындығына, сөз өнерін аса жоғары бағалайтындығына, тіпті әр рудың, әр ауылдың өз ақыны барлығына бірден назар аударған. Бұл бір күнде пайда болған қасиет емес, қазақтар арасында ежелден-ақ қадірлі ақындары, сөз зергерлері болған. Осы уақытта көркем әдебиетпен қатар ауыз әдебиеті де дами түсті, сөз өнерінің басы – ауыз әдебиеті болды, яғни, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, батырлар жыры, лиро-эпикалық жырлар, шешендік сөз, айтыс өнері т. б.

пайда болды. Осы сөз өнерінің шеберлеріне тоқталсақ, олар бишешендер, ақын-жыраулар, жыршы-термешілер. Қазақ халқы бұл өнер иелерін қасиет тұтып, киелі санаған, олар ерекше талант иелері, қашан да халық құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген.

Қазақ ақын-жырауларының сөз өнері ауыз әдебиеті негізінде дамып, өркендеді. Онымен мазмұны, жанры, бағыт-бағдары, алдарына қойған негізгі мақсаттары жағынан байланысты да болды. Тек сол кездегі пайда болған саяси мәселелер, әлеуметтік өзгерістерге орай тақырыбы жағынан ғана өзгешеліктер болды. Халықтық сөз өнерінде, яғни мақалмәтелдерде, аңыз-әңгімелерде, ертегілерде, эпостарда фантастикалық образдар, табиғаттың белгісіз күштері мен құбылыстары қамтылса, ақын-жыраулар сол кездегі жағдайды тікелей жырлады. Ақын-жыраулардың халық алдында шоқтығы биік болды, ел билеуші хандар да оларға бас иді. Қазақ сөз өнерінің түп тамыры ерте замандардан басталады, өз дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар тудырды. Көне түркі жазуымен тасқа қашап жазылған «Орхон-Енисей» жазуларының мазмұн байлығы, ой тереңдігі көне түркілердің сөз өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын дәлелдейді. Ержүрек қолбасы Күлтегіннің, мемлекет қайраткері Тоныкөктің құлпытасына қашалған көркем бейнелі, қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер осының айғағы.

Адам түрлі әлеуметтік-мәдени, табиғи жағдайда өз санасында заттық мәнде бейнеленген табиғаттың әр түрлі құбылыстарымен танысады. Бұл адамзаттың негізгі өзара түсіністік мәселесіне жол салады. Гносеологияда бұл ойлау мен болмыстың, оның ішінде ойлау мен тілдің өзара қатынасына айналады. Тіл адамзат тарихында әлеуметтік өзара әрекетпен бірге байланысып жатыр. Бұл өзара әрекетке тән ерекшелік адамдардың ұжымдық ынтымақтастығының олардың мінез-құлқына өзгеше ықпал етуі болып табылады. Сөз – әлеуметтік мәні бар іс-әрекетті реттеуші және қатынас құралы. Мұнан басқа адамзаттың даму барысында сөз тек қана іс-әрекетке емес, сананың қалыптасуына, ойлауға белсенді әсер етеді.

Сол арқылы қоғамдық сананы дараландырып, тұлғасыздық ұжымдықтан дара тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Антикалық философия тарихында Платон бірінші боп тілді ойды білдіру мен қалыптастыру құралы ретінде методикалық анықтама беруге талаптанды. Оның «Кратил» диалогы тіл білімі мен семиотикада идеяның сөзге айналу «үлгісі» туралы түсінік жүйелері қалыптасқан алғашқы туынды болды. «Сананың қызметі тек қана объективті емес деп санайды Платон, сана мен заттар өзін-өзі танытуы нәтижесінде әр заттың атауының белгілі бір дұрыс байланыста еріксіз жүзеге асатынына дәлел келтіруге болатын заттық үлгісі қалыптасады» [4, 321 б.].

Аристотель адамның түсінігі тұрмыстың алғашқы негізгі және өзгермейтін қасиеттерін білу үшін қажет деп есептейді. Бұл тұрғыдан ол да Платон сияқты тіл логиканың көмекші бөлігі деп түсінеді. Аристотельдің айтуы бойынша, грамматикалық және логикалық талдау формалары бір-бірімен тығыз байланысты, себебі тұрмыстың предикаты тек зат арқылы ғана емес, сонымен қатар сөйлемнің жалпы формасы арқылы берілуі де мүмкін. Ол категория түсінігін анықтауды дәл бермесе де, категориялар: болмыс категориясы (метафизикалық), таным категориясы (гносеологиялық) және тіл категориясы (грамматикалық) ретінде көрінеді деді. Ал логикалық онтологиялыққа байланысты, себебі барлық затты анықтауға болмайды, тіпті түсінік өзімен-өзі сөйлем құрай да алмайды, оның үстіне олардың жай бірігуі сөз де құрамайды. Ол үшін түсінікті бекіту мен терістеуге біріктіру керек, соның әсерінен пікір айтуға айналады. Нәтижесінде Аристотель өзі айтқандай пайымдау пайда болады.

Әл-Фараби тілдегі сөздерді реттеуші заңдардың әмбебаптығы нақты білімге жеткізетін дұрыс ойлаудың негізін құрайды дейді. Ибн Сина кейбір сөз категориялары мен логиканың түсінігі мен пайымдауы аралығындағы байланысты қалыптастыра отырып, тілдің ойдың белгісі екендігіне көңіл аударды. Ф. Бэкон, Р. Декарт, Г. Лейбниц философияларында тіл философиясы ерекше орын алған. Декарт тілдің басты өзіндік ерекшелігі ретінде сөздің ақпараттығын, олардың гносеологиялық мағыналығын қарастырады. Себебі адам-

ның жануарлардан айырмашылығы ойдың қабілетінің арқасында тілге белгілік қасиет бере алады, өзіндік өрелігіне адам өзінің ойы арқылы жетеді [5, 243 б.]. Лейбниц қандай да бір ой сөз арқылы байланысады, сөз – ойлау құралы, біздің ойымызды тарататын құрал дейді [6, 286 б.]. Гоббс тілдің сөздік қоры адамның санасында, санада жинақталған ұғымдар мен ойлардан келіп сөз шығады деген.

Философияда ойлау мен тілді зерттеу гносеологияның өзекті мәселесі болып табылады, себебі тіл мен нақты шындықтың өзара қатынас сипаты, сөздің мәні мен заттардың мәні арасындағы байланыс, объективті және субъективті шындықтың берілу жолы немесе тіл жасау құқығын пайдаланушы адамның қажетін өтейтін басқа бір заңдылықтарды тіл көрсетіп бере ме деген сияқты мәселелер қарастырылады. Яғни, ойлау мен тілдің өзара байланысы гносеологияда ең алдымен логикалық және тілдік формалар байланысы арқылы ашылады. Ал, философиялық онтологияда ойлау мен тілдің өзара қатынасы ұлттық және жалпыадамзаттық тілдер мен мәдениет мәселелері ретінде қарастырылады, себебі тіл – белгілі бір ұлттық тіл.

Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы тіл деп аталады. «Тіл екі түрлі болады, – дейді А. Байтұрсынов: 1. Ақын тілі. 2. Әншейін тіл. Ақын тілімен сөйлегенде сөзге айрықша өң беріледі, лебіз көрнекті болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз жалаңаш болып шығады» [7, 147 б].

Қазақ халқы қанша өмір жолын кешсе, оның өнері де сонша жасап, талай дәуірлерді бастан өткерді. Халқымыз қалдырған көркем сөз өнері – баға жетпес мол қазына. «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақал бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан, – дей келіп, А. Байтұрсынов сөз өнерін адам санасының үш негізіне тірейді: ақылға, қиялға, көңілге. Осы үшеуін жұмсай білетін адам табылса, тіл де шамақадарынша жарайды, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын екенін айта отырып, былай деп ой түйеді: «Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе

бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да ішінде бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? –

деп Абай айтқандай, сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады» [7, 138 б].

Ауыз әдебиетінің інжу-маржаны деуге болармақ түрі – шешендік сөздер. Шешендік сөз суырып салма ақындықпен туыстас. Шешендік өнер туралы ілім риторика деп аталады, ол біздің жыл санауымыздан бес ғасыр бұрын қалыптаса бастаған. Бұл шешендік өнер немесе риторика ғылымы «өнердің падишасы» ретінде саналған, тарихы көне Грекиядан басталады. Римдіктер сөз зергерлерін: 1) шешендер; 2) философтар; 3) ақындар; 4) тарихшылар деп төрт топқа бөлген [8, 3 б]. Шешендік өнер негізінен қоғамдық қажеттіліктен туған. Бұл өнер Мысыр, Вавилон, Қытай, үнді елдерінде дамыған.

Риторика – тыңдаушыны иландыра білу өнері. Оның іргетасын грек софисі Протагор қалаған. Сократ Платонмен замандас, бірінші рет софистер арасында сөз айтысын, пікір таласын бастаған, өзі де сөз сайысына түскен шешен болған [9, 9 б]. Сократтың ұғымында философияның мақсаты – адамдарды өзін-өзі танып білуге үйрету, соның арқасында адамдарды дұрыс өмір сүруге баулу.

Адамдарды уәжге тоқтату, олардың көзін ақиқатқа жеткізу – диалектикаға да, риторикаға да ортақ міндет. Шешендік өнердің философиямен тығыз байланысты екендігіне көптеген ойшылдар назар аударған. Мысалы, Көне Антика дәуірінде шешендік өнердің классигі саясаткер Марк Тулий Цицерон болды. Ол шешендік өнердің теориясы хақында үш ғылыми трактат жазған. Цицерон: «шешеннің тағдыры мемлекет тағдырымен төркіндес, шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің есте сақтау қабілеті, трагиктің дауысы болуға тиіс және де шынайы шешен халық

өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлеріне жетік болуы керек», – дейді. Ол «атақты шешендер неліктен аз?» – деген сұрақ қояды да, оған өзі былай жауап береді: «Себебі, шешендік өнер – өте қиын өнер, оған көп білім, еңбек қажет, өзіңе түрлі таным жолдарын сіңіре білуің керек, сөз сұлулығын бүкіл жан-дүниеңмен түсіне білуің және тарихты, заңды жақсы білуің керек, әрине есте сақтау қабілетің өте жақсы болуы тиіс. Ең соңғысы – орындау қабілетің, сөзді халыққа жақсылап жеткізе білу керек» [10, 90 б.].

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз риториканы диалектика мен софистикаға байланысты қарайды, диалектика мен риториканың тамырластығын қарастыра отырып, олардың айырмашылығын да көрсетеді. Егер диалектика шынайы білімге негізделген ой түю болса, риторика шешендік ұғымға негізделеді. Шешендік сөз құдіретін шындықты ашып, әділетті үкім кесуге жұмсаған билер, шешендер нағыз диалектиканың өкілдері еді. Мұндай ойшылдар қазақта жетерлік, олар диалектика дегеннің не екенін білмесе де, өздерінің әділдігімен, туралығымен халық мақтанышы болды.

Шешендік – қазақ сөз өнері салаларының халықтық көркемдік ойлау деңгейін танытатын байырғы үлгілерінің бірі. Қазақ халқының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінде тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастардың аса маңызды мәселелерін, жеке адамдар мен халықтың тағдырын шешетін сын сәттерінде би-шешендердің шешімдері негізгі ықпалды құқықтық, тәлім- тәрбиелік қызмет атқарған. Би-шешендердің қызметі қазақ халқының барлық әлеуметтік топтарының адамгершілік-имандылық мінез-құлық дағдыларының ата-бабалық қалыптасқан жүйемен жүріп отыруын қадағалаған, елді басқарып отырған хандарды да, қол бастаған батырларды да, мыңғырған малы бар байларды да, дәулеті жоқ кедей шаруаларды да, ел ісіне араласа бастаған бозбалаларды да халықтық адамгершілік ұлағатымен тәрбиелеген.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуының келесі бір кезеңі тікелей әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Б. Адамбаев М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов ұсынған «билер сөзі» терминін

«шешендік сөздер» терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі. «Шешендік сөздердің әлеуметтік және әдеби эстетикалық мәнін, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін анықтау үшін сөз нұсқауларын талдаймыз және мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейміз», – деп атап өтеді [11].

Ал, қазақ халқы сөз қадірін өз қадірім деп білген, өзінің елдігін де, кеңдігін де, кемеңгерлігін де осы сөзге сыйғызған. Бітпес даудың да, бәтуасыз шудың да кесімі сөз болған. «Шешендік сөз – тек ауыз әдебиетінің жанры ғана емес, дүние туралы ел байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы, басқаша айтқанда, табиғат, адам мен қоғам заңдылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы» [12, 45-46 бб.] – дейді С. Ақатай.

Шешендік сөз әдебиетке де, философиялық аңсарға да жақын, өйткені шешендік сөз философиялық ойды көркем айтудан шығады. Аумалы-төкпелі заманды басынан кешкен халықтың өзіндік басқару жүйесі болған, ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген шешендері, білімпаз билері болған. Шоқанның айтуынша, оларды халық өзі қалап, би атап отырған. Ал, би болып белгіленген кісілер өзінің шешендігін, әділ төрелік айта алатын қасиетін көпшілік алдында көрсете білген. Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін нағыз шешен, әрі ақылгөй, халық қамқоры болған. Сондықтан да халық «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деген мақалдар қалдырған.

Билер тарихында Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің орны ерекше. Қазақ халқының бұл үш биі ел басына күн туған қиыншылық кезде де, билер кеңесі кезінде де, ел жиналған ас, той тұсында да, жер дауы, жесір дауы, құн дауы көтерілген жерде де бірге бас қосып, ел тағдырын бірге шешіп келген. Билердің сөз өнері мақалдап, тұспалдап сөйлеу тәсілдері арқылы жүзеге асады. Тұспалдап сөйлеу мемлекеттік мәселелерді шешу кезінде қолданылады. Мысалы, үш би орыс

елшісіне тиіспейік деген оймен өзара кеңеседі. Сонда Төле би көлге қарап отырып:

– Алар ма мына көлдің қуын атып? – дейді.

– Оғың шығын болмаса суын атып? – дейді Әйтеке.

– Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік, құс екен деп, перінің қызын атып, – дейді Қазыбек. Олар осылай үш-ақ ауыз сөзбен бәтуаласқан екен.

Сөз өнері жайлы Мәшһүр Жүсіп Көпеев тамаша пікір айтыпты: «Сөз – адамның өнері, «өнер алды – қызыл тіл» деген. Адамның ғазизлігі сөзбен болады. Хайуан сөз өнері болмағаннан хайуан болды. Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз жауһар. Ауыздан шықан сөз – көмір. Тіл бір болаттан жасалған өткір қанжар. Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі інжу. Көп адамның бір жерге бас қосқаны – бау-бақша жасалған сияқты. Соның ішінде сөз жеміс секілді. Бұ дүние бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатын ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рақат алар…» [13, 56 б.].

Қазақ халқы қисынды, дәлелді сөйлегенді тәуір көреді. Ол әр уақытта сөздің парқына мән берген. Мақал-мәтелдерімізді алсақ, тұнып тұрған философия. Сондықтан шешендер сөзін дәлелді ету үшін қашанда мақал-мәтелдерге жүгініп отырған. Олар мақалдың даналығын әбден ұғынған, сөз өнерінің қиындылығын да, құрметтілігін де білген.

Танымның бастауы – өмірлік тәжірибе дейді қазақ ғұламалары. Өскен ортаның тыныс-тіршілігін танымай, көңілге тоқымай саналы іс-әрекетке жол жоқ. Ел игілігіне қызмет ету, білімін халық пайдасына жұмсау, адал ұрпақ тәрбиелеу сияқты өмірдің мағынасын білдіретін ақыл-кеңестер де маңызын жоймақ емес. Жыраулардан, билер мен шешендерден қалған танымдық тағылым адамдарды жаманнан сақтандырып, жақсы болуға үйретеді. «Қазақ билерінің мұраты «кәміл адам» тәрбиелеу, – дейді Бекежан Ахан. – Ол үшін адамға – бірінші білім керек, екінші – ғылым керек, үшінші ұғым керек. Сонан соң отты жүрек, батыл тіл керек. Бұл орайда билер көзімен қарасақ, «білім» деп ақылды, «ғылым» деп оқуды, «ұғым» деп оқығанды тоқуды пайымдасақ керек-ті. Оның үстіне білгеніңді

батыл айтар жүрегің, жеткізе айтар тілің болмаса не пайда?» [14, 23 б.].

Философия ежелгі грек, қытай ойшылдарынан бері дүние, заман, өмір, уақыт жөніндегі көзқарас, пікір-сауал түрінде дамып келеді. Яғни, философияның жүзеге асу формасы – диалог (пікір-сауал, сұхбат) десек, Сократтың, Платонның, Конфуцийдің диалогтарын еске түсіреміз. Ал, қазақ дәстүрінде айтыс, пікір-талас, диалог ақындардың, шешендер мен билердің шығармашылығынан кең орын алады.

Осы қарастырып отырған кезеңдегі би-шешендерден әрі батыр, әрі шешен – Сырым Датұлын, Досбол би, Ақтайлақ би, Бөлтірік шешен т. б. сөз өнерінің майталмандарын айтып өту парызымыз. Ұлттық шешендік өнеріміздің басты ерекшелігі жүйелі ой-түсінік пен оны көпшілікке көсем тілмен жеткізе білу болып табылады. Шешендік дәстүр жалпы халық дүниетанымын бейнелейтін ерекше құбылыс, ол – халықтың мұрасы, халықтың кешегісі мен бүгінгісі.

Фольклор дүниені рухани игерудің логикасы, ойлау емлесі, ал фольклордың іргелі саласы – шешендік сөз. Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры ғана емес, дүние туралы ой-байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы. Шешендер өз ойын силлогизм мен импликация арқылы өріп, дәлелдеп, философиялық ізденістің верификациялық (шешімді деректен шығару) принципін сақтай отырып түйеді.

Шешеннің негізгі құралы – сөз. «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ауыр да нәрсе жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» деген екен Бөлтірік шешен. Шешендік батырлықты да, батылдықты да мойындатады. Мысалы, Бөлтірік шешен билік айтуда керемет тапқырлығымен, семсер тілділігімен әйгілі болған. Тезек төреге өзі туралы:

Менің атым – Бөлтірік,
Қазақ пенен қырғызға,
Сөзімнен құлап мертіккен,

Не мықтылар өкіріп.
Шын буырқансам, кетермін,
Бір ауыз сөзбен өлтіріп! [15, 45 б.] –

дейді. Төренің білімпаз шешендерінің ешқайсысы Бөлтірік шешеннің тегеурініне шыдамаған екен. Бөлтірік Әлменұлы (1771-1853) Жамбыл облысы, Шу ауданына қарасты Шоқпар жерінде дүниеге келген. Өз тұсындағы қазақтың игі жақсыларының бәрімен араласып, Сыпатай батыр, Сұраншы батыр секілді өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен белгілі қайраткерлермен тізе қоса қимылдаған. Жетісу өлкесін ұзақ жылдар билеген аға сұлтан Тезектің жан баласынан қайтпаған беті үш-ақ адамнан қайтқан деседі. Оған Тезек төренің өз сөзі дәлел: «Мен екі ақын, бір шешенді: бірі – жалайыр Бақтыбай, біреуі – қызыл екей Сүйінбай, үшіншісі – ысты Бөлтірік шешен. Атам – Абылай, әкем – Әділ, өзім Тезек едім. Он сегіз мың ғаламды жарылқап, қорғауға күшім жетуші еді, осы үшеуінен біржола сағым сынды». Жетісудың үш дүлдүлінің даңқының аспандауы өзара шығармашылық ықпалына байланысты, үшеуіне ортақ қасиет – ащы да болса әділдікті айту, тіке айту. Олардың ойы жүйелі, тілі уытты, ерікті билеп кететіндей терең де мағыналы келеді. Ғасырдың алып ақыны Жамбыл да осы үш алыптан үйренген. «Құс көмей» шешен, «жолбарыс терісін жамылған» айтулы батыр атанған, атақты билердің бірегейі болған Бөлтіріктің шешендік өнері этикалық даналыққа негізделген, өз ұлтының жер, су, ел, ер сияқты қасиетті ұғымдарына сипаттама береді.

Жер деген – байлық,
Ел деген – халық.
Жерді су көтереді,
Елді ер көтереді.
Жердің құты күйінде болады,
Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты биінде болады [15, 67 б.].

Бұл шешеннің көркемдік ойлау жүйесінен, рухани болмысынан туған. Демек, шешеннің философиялық көзқарасы, дүниетаным тереңдігі, ішкі жан дүниесінің тазалығы мәнді

қызмет атқарады. Кейінгі ұрпақты ата-анасын, отбасын, жерін, елін, суын қадірлеп, қастерлеуге үндейді, олардың азаматтық парызы, қарызы екендігін айтады.

Адамдардың өмірдегі қарым-қатынастарының күрделі қайшылықтары, қақтығыстары өмірлік шындық құбылыстарымен, қасиеттерімен нақты дәлелдене, дәйектеле түсіндіріледі. Аз сөзге астарлы ойды сыйғыза білу – шешендердің шығармашылық өнерінің басты ерекшелігі. Адамдардың рухани жан әлемі сұлулығының қоршаған ортаға, кейінгі ұрпаққа тағылым болатын ұлағаты шешендер сөздерімен тұжырымдалған, яғни, би-шешендер ғасырлар бойы ұрпақтардың сөйлеу мәдениетін игеруін қалыптастырды.

Бөлтірік шешеннің шығармаларында сөз өнері құдіретінің адамгершілік-эстетикалық, әлеуметтік ықпалды маңызы саралана бағаланған. «Әкең қапа болады» атты әңгімеде «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деп шынында да ауызы қисық, бірақ жұрттың арасында ретсіз әрнәрсені айта берген байдың баласын бағалағаны үшін жиынның шырқы бұзылғанына қапа болған Бөлтіріктің айтқан сөйлеу мәдениетін ұғындыру ұлағатының қазіргі күнде де мәнін жоймайтыны анық.

Адамдардың балалық және есейген, егделенген жастағы кезеңдерінің барлығында да достық, жолдастық қарым-қатынастардың ең маңызды орын алатыны белгілі. «Жақсымен жолдас болған» атты әңгімеде адамдардың арасында көп жылдар бойы қалыптасқан шынайы жолдастықты, достық көңілді қарым-қатынастарды сақтай білу ұлағаты назарға алынған.

Жақсымен жолдас болған,
Ел ұстанған тілектей болады.
Қыз ұстаған жібектей болады
Жадыраған жаздай болады,
Айдын көлдегі қаздай болады,
Отау ортасындағы оттай болады,
От ортасындағы шоқтай болады,
Тұрағы алтын шырақтай болады.

Тұяғы асыл пырақтай болады,
Мұнша дәулет кімге тұрақтай алады?!

Адамдардың өзара жолдастығы, достығы нағыз сын сағаттарында, қиын-қыстау кездерінде танылады. Адамдардың арасында жолдастық, достық қарым-қатынастарын тек қана дәулеті шалқыған, қызмет дәрежесі бар кезіндегі пендешілік есепке ғана құрып жүретіндер де кездесетіні мәлім. Ал, шын жолдастық, достық қиыншылықтарды бірге көтеріскен мәрт мінезді қасиеттермен ғана көрінуі тиіс емес пе?

Жақсы адамдардың достығы арқылы адамзаттың өсіп-өркендеп келе жатқаны белгілі. Сондықтан, Бөлтірік шешеннің жолдастық, достық туралы сөздері азаматтық-отаншылдық тұғырнамамыз берік халық екенімізді дәлелдейді. Бөлтірік шешен сөздеріндегі тәлім-тәрбиелік мағыналы ойлар жақсылық пен жамандық ұғымдарын танып-білу ұлағатын саралауға арналған.

Жақсы деген кісінің
Алды-арты бірдей жарық болар...
Жаман деген кісінің
Алды-арты бірдей жау болар...

«Жаның жеті жаманнан аман болсын», «Өнерің мен өнегең азбасын», «Жеті жетіні білгенді адам дейді», «Жеті жақсы», «Жеті жетім», «Балаға ақыл», «Бес жаман», «Ақыл» т. б. нақыл сөздері жас ұрпақтың адамгершілік ұлағатымен қалыптасып өсуіне халық даналығы бойынша бағдар береді.

Бөлтірік Әлменұлының адамгершілік қасиеттерді бағалаудағы саналуан оқиғалар – жер дауы, жесір дауы, ұрлық, барымта, ағайынның, дос-жолдастардың қарым-қатынастары т. б. мәселелерге байланысты туындаған сөздері халықтың жадында жатталған. Би-шешендер – қазақ сөзінің қолданылуындағы көркемдік-эстетикалық ұлағатты қалыптастырған шығармашылық тұлғалар. Қазақ халқының адамзат тарихындағы құндылықтар қазынасына өзіндік мол үлесі бар екендігі ғылыми дәлелденіп келе жатқан ақиқат.

Профессор С. Негимов осы өнер иелері сөздерінің тәлімтәрбиелік ұлағатын ерекше атап көрсетеді: «Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып екшелген, жинақталып жүйеленген ақыл-нақыл, өсиет-насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық-танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша» [8, 23 б].

Шешендік көпті көргеннен, естігенді есте тоқудан, өмірлік тәжірибеден, таным тереңдігінен туады. Тарихта ерлік істерімен, даналық, шешендік сөздерімен, әділетті билік-кесімдерімен із қалдырған тұлға – Сырым Датұлы еді. Оның заманы қазақ елінің шұрайлы, нулы, сулы жерінен айрылып, зар жылаған кезі еді. Патша үкіметі жазалаушы отрядтарын қазақ ауылдарына жұмсап, құт-берекесін кетірді. Сырым батыр сонда сөз сөйлеп, елі мен жерін қорғауға жұртын шақырды. 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің ту ұстаушысы болды. Шешеннің пайым-парасаты, зерде-зейіні, адамгершілік қасиеттері сөйлеген сөздерінен байқалады. Әсіресе Сырым шешен тұтқиылдан қойылған сауалдарға жинақы тез жауап береді. Бірде хан Сырымды тексеру үшін:

Сөз анасы неден?
Су анасы неден?
Дін анасы неден?
Жол анасы неден? –
деп сұрайды, оған Сырым:
Сөз анасы – құлақтан,
Су анасы – бұлақтан,
Дін анасы – ұяттан,
Жол анасы – тұяқтан, [8, 64 б.] –

деп іле жауап береді. Сырым сөздері жоғары танымдық қабілеттен, этикалық даналықтан туған. Сөз – парасат, поэзия, тіл тәрізді асқақ ұғымдармен етене. Яғни, қазақтың қай шешенінде болмасын, бұл көріністер тайға таңба басқандай,

тасқа ойып жазғандай анық. Сол себепті де ғасырлар даусындай, ғұламаның сырындай естіледі. Мысалы,

Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс,
Жаманға айтқан сөзден
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс,
Ойсызға айтқан сөзден
Ойлыға айтқан сөз дұрыс.
Айтылмай қалған сөзден
Айтылып қалған сөз дұрыс [8, 65 б.].

Шешендік өнерде кесек-кесек ой өрбітіп, тапқыр сөздер өріп, билік айтудың үстіне, күшті дауыс, асқақ, мықты рух ауадай қажет. Даналықтан нәр алған, тәжірибеден туған өрнекті ойлар жан-дүниеңмен тұтастық тауып, асқан шабытпен айтылғанда ғана өзіне табындырады. Би-шешендер қазақ даласында тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің болуына көп әсер етті. Шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы нағыз шешен-билердің тегеурінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас. Оларды тәртіптің тұтқасын ұстаушы, ұлтының салт-дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін, ерекшеліктерін бойына дарытқан текті тұлға, ереже-қағидаларына жүйрік әрі жетілдіруші дархан дарын, әлеуметті ілгері сүйрейтін, қызғыштай қорғайтын, жақсылыққа үндейтін үлгілі ұйымдастырушы деп айта аламыз.

Сөз өнері арқылы қазақ халқы әлемді танып, бейнелейді, ойлайды, қатынас жасайды, одан халықтың дүниетанымы көрінеді, дүниетаным жауапкершілікке, еркіндікке, имандылыққа негізделеді. Ақындардың, шешендердің шығармаларында сөз – образ, сөз – ұғым, сөз – символдар жиі қолданылады. Мысалы, Сақұлақ шешеннің:

Ақыл – адамды аздырмайтын ем.
Білім – таусылмайтын кен.
Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолғыншысы – ой [8, 150 б.], –

деген сөзіндегі ақыл, білім, талап, ой сияқты сөз – ұғымдарға көркемдік-философиялық сипаттама береді. Сөз ой түбіне жетеді. Асан қайғының «таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады» деп ойды сумен салыстыруы су – ойдың символы, екіншіден, ол – бейзаттық рухани құбылыс. Ойдың түйіні – ұғым, ұғым сөз арқылы белгіленеді. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» терең ауқымды мағыналы ұғым. Осындай ұғым ғана асыл сөз арқылы заттық түрге айнала алады.

Шешендік өнерде кесек-кесек ой өрбітіп, тапқыр сөздер өріп, билік айтудың үстіне, күшті дауыс, мықты рух ауадай қажет. Даналықтан нәр алған, тәжірибеден туған өрнекті ойлар жан-дүниеңмен тұтастық тауып, асқан шабытпен айтылғанда ғана өзіне табындырады. Би-шешендер қазақ даласында тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің болуына көп әсер етті. Шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы нағыз шешен-билердің тегеурінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас. Оларды тәртіптің тұтқасын ұстаушы, ұлтының салт-дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін, ерекшеліктерін бойына дарытқан текті тұлға, ереже-қағидаларына жүйрік әрі жетілдіруші дархан дарын, әлеуметті ілгері сүйрейтін, қызғыштай қорғайтын, жақсылыққа үндейтін үлгілі ұйымдастырушы деп айта аламыз.

Қазақ халқының тарихында сөздің орны ерекше. Ата-бабамыздың тарихы да, тағдыры да, тәлім-тәрбиесі де, даналығы да осы сөзде жатыр. Олар ғасырлар бойы сөз асылын, сөз мұрасын жоғалтпай, өз ұрпақтарына жеткізген. Осы сөзде халықтың тұрмыс-салты, дәстүрі, мінез-құлқы, мәртебесі, рухани құндылықтары сақталған. «…сөз білетін адамға аз сөз алтын. Сөз де құрыш іспеттес, оны қыздыру мен суыту бар. Бабына келтіріп суару бар, сөз бесаспап батыр үшін беліндегі алдаспаннан кем емес» [16, 20 б.]. Сөз іс-әрекетке байланысты, яғни, қандай іс-әрекет болсын сөз арқылы баяндалады. Сөзсіз идеяны тани алмаймыз, сөз – ойлаудың нәтижесі, ойлаудың басы. Сөзде ойлау жүйесі, ой тұтастығы бар, сөзде жаңа ой басталып, алдыңғы ой көмескіленіп тұрады. Сөз міндетті түрде сөйлеушіні керек етпейді, объективті мазмұнда өз алдына өмір сүре береді, сөз сөйлеуші – халық. Сөзді меңгеру, оны қабылдай

білу және қолдана, пайдалана білу мәдениеттіліктің ғана емес, даналықтың белгісі. «Сөз философиясы – өзгеріс философиясы, – дейді Ғ. Есім. – Себебі сөз ағып жатқан су сияқты. Онда тұрақтылық, топтау жоқ. Ағынсыз су өз қасиетінен қалайша айырыла бастаса, сөз де сондай күйге түспек. Сөздің мұндай күйге түсуін «догма» дейді. Сөздің догмаға айналуы ақылдың суалуының көрінісі» [17, 69 б]. Әдетке айналып қалған сөзді жаңа сөзбен ауыстыру қоғамда қалыптасып қалған дәстүр мен салт-саналарды өзгертеді. Өзгеріс белгісіздікке бастайды. Белгісіздіктен белгілілік іздеу – таным. Сөз – танымның сатылары.

Сөзді өнер ретінде қарастырсақ, өнер өз кезегінде эстетика ілімінің негізгі объектісі. Неміс философы Гегель эстетика терминін «өнер философиясы» десек дұрыс болар еді деген екен. Маркс өнер әсемдікпен тығыз байланысты, ол адамдарға эстетикалық *ләззат* беріп, оны ұғындыратын пән деп қарады. Егер сен өнерден *ләззат* алғың келсе, онда сен көркемдік жағынан білімдар адам болуың қажет дейді. Өнер дегеніміз – адамның болмысты бейнелеуінің айрықша формасы, өнердің түрлері көп: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері және сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар, әсем суреттер, әдемі ән-күй болсын, сөзбен суреттеп, көрсетуге болады, сөз өнерінің ерекшелігі осында. Сөз өнері өмірді әр қырынан көрсете алады. Ол адам өмірінің ой-сезіміне ой жібере алады, адамның ең күрделі, ең нәзік толқу-толғанысын түсініп, баяндап бере алады. Ауыз әдебиетімен қатар халық музыкасы да дамыды. Қазақ халқы өлеңге шешен сөйлеуге қандай шебер болса, ән салуға, күй шығаруға да дарынды болды. Өлең-жырлары ой мен сезімге толы болып, әсемдік пен сұлулық ұғымдарын тудырды. Қазақтар өнерді жоғары бағалаған, оның қоғамдағы орнын, күнделікті тұрмысқа қажеттігін, қай өнердің болсын, адам өміріне ықпал ететіндігін жақсы білген.

Даланың әсем көркі аңызды, жырды, тарихты өзі туғызды, әр өзен, таудың аталу тарихы аңызға айналып, жырға қосылды. Көшпелі қазақтың сан қилы құбылыстарын көзімен көріп, көңілімен түсінуі ән мен жырдың тууына түрткі болды. Көш бойы жол қысқарту мақсаты-мен әңгімеші, жыршылар, түрлі

әңгіме, жырлар айтып, ол ауыздан ауызға тарады. Бұл халықтың әдет-ғұрпына сіңісіп, дәстүрге айналып кетті. Ауыз әдебиеті әсемдік пен сұлулыққа толы, онда ғасырлар бойы ел арасына тараған халықтық эстетиканың мол байлығы сақталған. Ауыз әдебиетінде халық жеке бастың мұң-мұқтажынан гөрі халық мүддесін жоғары қойды, онда ел мәселесі, бірлік, әлеуметтік жағдай басты орын алды. Әрқашан халық біртұтас, жұрт болуды, жау шақыншылығына біріге соққы беріп, ел тыныштығын берік сақтауды мақсат етті. Осы мәселелерді ақын-жыраларымыз өз шығармаларына арқау етті.

Ақын-жыраулар поэзиясын философиялық жағынан қарайтын болсақ, біз даналықты, одан туатын адамның дүниеге, тарихқа көзқарасын, өмір, уақыт, заман жөніндегі көзқарастарын көреміз. Философия әдебиетпен, өнермен астасып жатады. Қазақ философиясының ерекшелігі – оның шешендік сөз, өлең-жыр түрінде келуі. «Философиялық ойды қара сөз, ұғымдар арқылы жеткізіп берудің қиындығын философиямен жақынырақ танысқан адам біледі. Ал, поэзия тілінде, поэзия болғанда төгіліп тұрған суырып салма көркем поэзия тілінде философияны баяндау – философия тарихында сирек кездесетін құбылыс», – дейді Т. Рысқалиев [18, 169 б.]. «Философия мен поэзия егіз болмаса да еншілес, – деп жазады С. Ақатай, – Философиялық зерде дүние құбылыстарына көз жүгіртеді, оларды ой арқылы өлшейді, сананың көмегімен барлайды. Ойлау дегеніміз – зейіннің дүние құбылыстары арқылы қозғалуы. Адам дүниенің заңдылықтарын ашып, сол заңдылықтарды өз кәдесіне жаратудың жолы мен тәсілін іздейді, оның ретін, тәртібін, жүйесін табады. Ал, поэзия болса, дүниені рухани игеруден туған заңдылықтар мен амалдарды сол дүниені жасампаздық жолмен қайта құру үшін қолдануға талпынады. Сондықтан философия мен поэзияның әлеуметтік қызметі ортақ. Бұл ынтымақтастықтың көзі – ой мен тіл тұтастығы» [12, 10 б.].

Қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларынан қарасақ, жырау ақындықтың ең көне түрі болғанға ұқсайды. Жырау – ақын, ол өлең, жыр, толғау шығарып айтады және оларға суырып-салмалық, шешендік қасиет тән. Жырау сөзінің төркіні – жыр, жырлау дегеннен шыққандығы сөзсіз. Академик

В.В. Радлов жырау – қазақ, татар тілдерінде ақын, жыршы, ескілікті жырлаушы деген. Жыраудың жылаумен жақындығы бар. Қазақта өлген кісіге арнап, жоқтап жылағанды жырау айтты, яғни жоқтау айтты дейді. Ш. Уәлиханов жыраудың бір мағынасы қазалы жыр (надгробная песнь) дейді. Ол жырдың қобыздың сүйемелдеуі арқылы орындалып, батырлардың ерлігін суреттеуге құрылатынын айта келіп: «Жыр дегеніміз – рапсодия. «Жырламақ» етістігінің өзі белгілі бір ән-әуенмен жырлау мағынасын білдіреді. Дала жырларының бәрі де қобызда сүйемелдеу арқылы орындалады. Жырдың мазмұны ертеде өткен батырдың өмірі мен ерлік істері туралы болып келеді. Ескертетін бір жәйт: батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты оқиғаның бәрі қара сөзбен баяндалады, ал жыр поэма қаһарманы мен басты кейіпкерлерді сөйлету қажеттігі туған кезде ғана қолданылады» [19, 210 б.] – деп жазды. Құрбанғали Халитұлы ақын мен жыршыны өз жанынан шығарып айтатын қасиеті бар деп санаған, ол: «Ақындардың бір бөлімін жыршы дейді. Бұлар да ақынға тең түседі. Шығармаларында айырмашылық бар. Ақын шығармасын «өлең» дейді, олардың бір жолы төрт немесе одан да көп сөзден тұрады. Ал, жыр болса одан гөрі қисынға құрылған үш сөзден тұрады. Мысалы, Бұқар жыршының жыры, тез жазылып алынатын Асан атаның мақал сөздері және Абылай хан қайтыс болғандағы Бұқардың көңіл айтуы да жырға жатады. Екінші айырмасы: ақындардың өлеңі жай мағыналы болып, ал, жыршылардың сөзі мадақ, насихат мағыналы болып келеді және мысал сипаттас әсерлі болады. Сонымен бірге өлеңнің алғашқы екі жолы түпкі мағынасына сай келе бермей, қисын үшін де алынады. Ал, жырдың барлық жолы арналған тақырыптан ауытқымайды» [20, 357 б.], – деп жазады. Жыр мен жырауды Ш. Уәлиханов пен В. Радловтан бастап В. Жирмунский, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Ә. Марғұлан, Н.С. Смирнова, З. Ахметов т. б. әдебиетшілер өз зерттеулерінде қарастырған және олардың көрегендік, болжағыштық қасиеттерін баса көрсеткен. Профессор Н. Смирнова: «Жырау сөзінің мағынасы – «жыр айтушы» деген сөз… Бұл жыр айтушылар институты қаншалықты көне болса, атауы да соншалықты көне», – деп жазады [21]. Е. Ысмайылов

Н. Ильминскийдің пікіріне және татар тілінде «жыру», «жыруче» сөздерінің «жыр» сөзімен мағыналас екендігіне сүйене отырып, «жырау» сөзін «жыр», «жыр айтушы», «жырламақ» сөздерімен байланыстырып, бұл сөздің мағынасы «тарихи жыр айтушы, болашақты болжаушы» екендігін айтады да, қазақ жырауларының қоғамдық мәні көне, орта ғасырлардағы жрецке жақын емес пе екен деген ойға келесің дейді [22, 39 б.]. Жрец – көне шығыс елдерінде құдай мен адам арасын жалғастырушы әулие саналған. Олар үнемі билеуші қауым ортасында айтқаны тыңдалатын үстем тап өкілі болған. Қазақ жырауларының бірқатар ұқсастықтары бар. Мысалы, Бұқар жырау Абылай ханның қошеметшіл биі, сол заманның қайшылықты ой-пікірлерін толғап айтушы ақыны болған. Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе заман, дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Бұл жайында Әлкей Марғұлан: «Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген. Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай тығырыққа тірелген екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын болған. Сонда ғана жыраулар халыққа күш-жігер беріп, осы оқиғаның немен тынарын болжап, тебірене жыр толғайтын болған. Болашақты барлап болжам айту – көреген де білгір жыраулардың поэтикалық өнерінің басты тәсілі болып саналған», – деп жазады [23, 73 б.].

Жыраулар суырыпсалмалық дәстүрдің негізін қалап қана қоймай, сол дәстүрдің дамуына да еңбек сіңірді. Ә. Тәжібаев: «Жырау сөз жоқ ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жадындағы жырлар үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы» [24, 126 б.] – деп, жыраулардың орнының бөлек екендігін көрсеткен. Сонымен, жыраулардыауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасына дәнекер болған әдебиет өкілі деп білеміз. «Бұл ақындардың

шығармалары өз заманының өмір шындығынан із қалдырған белгілі бір авторлары бар, авторсыз жалпы ауыз әдебиетінен өзгеше, фольклордан жазба әдебиетке көшу сатысындағы әдебиет болады, сондықтан бұларды тарихи әдебиеттің басы деп қараймыз» [23, 77 б.].

Қазақтың есімдері ел аузында жүрген жыраулары көп. Бірақ олардан бізге жеткен мұра жоқтың қасы. Мысалы, профессор Ә. Марғұланның айтуына қарағанда Махмұт Қашқари сөздігінде Шөже жырау аталады екен. Ол XI ғасырда көшпелі түріктерден шығып, көп жыр білген жыршы болыпты. Ал XV ғасырдың орта тұсында, авторы белгісіз «Түріктер шежіресі» деген парсы тілінде жазылған еңбекте Ұлық жыршы туралы айтылады. «Уақыт шыңы қатал. Ол бәрін көмеді. Қанша өкінішті болғанмен Кет-Бұға, Сыпыра, Жұма-Құлдардың шығармалары біздер үшін, болашақ үшін мәңгі жоғалған», – дейді М. Мағауин [25, 12 б.]. Соның өзінде көп ақын-жыраулардың шығармалары уақыт сынына төтеп беріп, біздің заманымызға жетті.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық шығармашылығын М. Жармұхамедов үш кезеңге бөледі: «Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері – Қорқыт, Аталық (Кет-Бұға) және Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV-XVI-ғасырлар. Үшінші топты жыраулықтың әбден толысып, кемелденген кезеңіндегі өкілдері: Үмбетей, Жиембет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар жыраулар құрайды. Бұған XVII-XIII ғасырлар жатады [26, 78 б].

Қазақта әр ханның тұсында бір сұрқылтай дейтіні, әр ханның өзінің бір ақылшысы, шешені бар дегенді білдіреді. Заман талабына сай жыраулар хан қасынан табылған [21, 40 б]. Бұған дәлел, Қорқыт пен Дерсе, Ұлық жыршы мен Оғыз қаған, Сыпыра мен Тоқтамыс, Асан қайғы мен Жәнібек, Шалкиіз бен Би Темір, Жиембет пен Есім, Бұқар мен Абылай хандардың қарым-қатынастары. Абылай хан жорыққа шығарда Бұқардан күннің, айдың сәтін сұрап отырған. Бұқар Абылай көрген түстерді де жоритын болған. Жырау сөзін Қырым татарлары тек ақын деген

ұғымда ғана емес, сәуегей, балгер мағынасында қолданады екен дейді М. Мағауин. Соған қарағанда сәуегейшілік, батагөйшілік сол заманда жасаған жыраулардың бәріне ортақ қасиет болған сияқты. Бірақ жыраулардың басты белгісі – ақындығы, өз жанынан өлең шығара алатындығы. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» кітабында жырау сөзін өлең шығарушы, музыкант деп түсіндірген.

Бұл туралы М. Әуезов «Әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш, өткір деген суырылған шешеннен, судырлаған ақыннан алатын. Бұлардың саяси салмағы зор болғандықтан, аузынан шыққан сөз де олқы болмауға тиіс» деген [27]. Жыраулардың хан қаһарынан қаймықпай, батыл сөйлеп, шындықты тайсалмай бетке айтуы да осыдан. Қазақ жыраулары хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан жыршылары. «Хан мен халыққа ақыл-өсиет айтқан, хан мен ру тайпалары арасындағы қатынастарды реттейтін билер кеңесінің мүшесі болған, батыр, қолбасшылардың әскери кеңесінде ханмен қатар басшылық міндетін атқарған, жорық кезінде хан мен әскербасылармен бірге болған, жауынгерлердің рухын көтеріп жыр төккен жыраулардың шығармаларына өсиет және жорық сарындары тән», – деп жазады Едіге Тұрсынов [28, 103 б.].

Жырау мен ақынның айырмашылығы М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Ә. Марғұлан, М. Мағауин шығармаларында анық, жақсы талданған. Жыраулар әлеуметтік мәні бар үлкен нәрселерді тақырып етіп алып, өз заманының салт-дәстүріне сай сүбелі, нақыл сөздер айтады және олардың жырлары үгіт-насихат, дидактикалық поэзия түріне жатады. Ақын жырларының тақырыбы сан алуан болып келеді. Олар тұрмыс-салтқа байланысты жайларды, көңіл-күй, мемлекеттік мәселелер жайлы сөз етеді. Жыраулар қаһармандық жырлар шығарса, ақындар лиро-эпикалық жырлар туғызған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын алғаш таратушы

ақындар болған. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының алғашқы жырлаушылары Жанақ пен Шөже ақын болған дейді Қ.Ш. Нұрланова [29, 65 б.]. Ақындарды жыраулардан айыратын негізгі өзгешелік – айтысқа түсуі. «Шынында, айтыс жанры ақынның атына тығыз байланысты. Қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты поэзия «айтыс» болған», – деп жазады С. Мұқанов [30, 9 б.]. «Қазақтың «ақын» сөзі парсыдан ауысқан «ахунд» сөзінің варианты емес, «ағын», «ағылу» деген сөздермен түбірлес сөз де емес, ол ежелгі түркі, қазіргі түрік, әзербайжан, ұйғыр тіліндегі «шабуылға шығу», «барымталау» деген түпкі мағынасын сақтап қалған «ақын» (ақун, ахын, еқин) деген төл түркі сөзі демекпіз», – дейді Е. Тұрсынов [28, 101 б.]. С. Мұқановтың айтуынша ақын типі жырау типінің негізінде дамыған. Демек, ақындардың ең көне түрі – жыраулар. Бұл пікірді профессор Е. Ысмайылов та: «Тарихи деректерге қарағанда жыраулар ақындардың ең көне типі деп есептеуге болатын сияқты [22, 51 б.] деп көрсетеді.

«Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, – дейді М. Әуезов, – ең шаншулы мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан... Бұл заман сыншысы сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады» [31, 201 б.]. Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған. Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жағы артық,

Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай,
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландар! [32, 140 б.]

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір қудың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңі» – баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр, – [33, 234 б.]

деп аса қадірлеген. Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз. Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы. Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

Жыраулар шығармалары нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларда заман жайлы түйгендерін, қоғамдық мәселелерді, әлем, болмыс, тіршілікте болып жатқан өзгерістер туралы жырлайды. «Жыраулар әр заман халықты сарқылмас ойға, адамшылық қасиетке, игі істерге, жаратылысты білуге шақырады. Осыған орай олардың шығармаларында халыққа арнап айтылатын тәрбиелік ойлар, терең ақылдар өзінің келісті, сұлу түрінде

төгіліп, сай суындай ағылып, тасқындап отырады. Олардың түбегейлі ойы халыққа үлгі беретін нақыл сөздер, әдемі ойлар» [34, 146 б.], – дейді Әлкей Марғұлан. Жыраулар толғаған суырып салма жырлар философиялық ойға құрылған тұжырымдарымен де, жеке адам бейнелерін жасаған тартымды мазмұнымен де дараланады. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» сөзінен алынған. Толғау – қазақ әдебиетіндегі сюжетсіз поэзиялық туындының халықтық түрі, белгілі тақырып бойынша ойлар түю, философиялық пікірлер білдіру пішіні. Толғау табиғатын З.Ахметов «Толғау – өлең түріндегі ой қозғау, толғану. Толғау деген атынан көрініп тұрғанындай-ақ, шығарманың ойлану, толғану түрінде туатындығын байқатады. …Толғау – ақындық поэзияның түрі, мұнда әр ақынның творчестволық ерекшелігі молырақ көрінеді…» [35, 254 б.] деп ашып көрсеткен. Толғау ойға да, сезімге де қатысты болған соң ойға құрылған толғау, сырға құрылған толғау деп жіктеуге болады. Ой толғауларда жырау ең алдымен – философ дейді, – М. Мағауин. – Мұндай толғаулар нақыл, тақпақ, афоризм түрінде келеді. Сонымен бірге жырау өзінің замана жайындағы түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, қоғамдық мәселелерді көтереді. Сонымен бірге әлем, болмыс, тіршілікте, табиғатта болып жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жайындағы түсініктерін де білдіреді [25, 127 б.]. Ал сыр толғауларда негізінен эмоция, сезімге байланысты мәселелер жырланады, жырау ел басына түскен ауыртпалыққа өз реакциясын білдіреді. Жыраулар шығармашылығынан арнау жырлар да орын алады. Бұлар әдетте әміршіге арнап айтылады. Мысалы, Шалкиіздің би Темірге айтқан «Аспанды бұлт құрсайды» немесе Бұқардың Абылайдың орыспен соғыспақ болғандағы айтқан шығармаларын айтуға болады. Жаугершілік заманда жыраулар жауынгер де бола білген, Ақтамберді, Шалкиіз, Доспамбет жыраулар жорықтарға қатысқан. Олардың шығармалары жауынгерлерді ерлікке, жаудан тайсалмауға шақырған ұран, не ерлік жасаған батырларды мадақтау, қаза болғандарды жоқтау түрінде келеді. Сонымен, қаһармандық жырларды туғызған жыраулар болып есептеледі.

Жыраулардың толғауларында лирикалық кейіпкермен бірге автордың «мені» де көрінеді. Толғау көп жағдайда бірінші жақтан (мен) айтылып, автордың көтеріп отырған тақырыбына өз қатынасын тікелей көрсетеді. Сондықтан кейбір толғауларда биографиялық сипат басым болып келеді. Кей толғауларда жырау өз бейнесін сомдайды. Мысалға, Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры» деген толғауын алсақ болады. Бірақ жырау өз мүддесін ел тағдырынан жоғары қоймайды, өзін қанша көтермелеп айтса да, әміршісінен жоғары апармайды, «мен» дегенмен халықтың қамқоры екенін ұмытпайды. Халықтың атынан сөйлеп, өзін халықпен біртұтас сезінеді, сондықтан да оның сөзі өтімді, өзі елге беделді, әрі қадірлі.

XV ғасырлардан бері келе жатқан толғаулардың біздің заманымызға бастапқы күйінде жетпей, әр алуан өзгерістерге ұшырап жеткендігі белгілі. Асанқайғының шығармашылығындағы «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер» деп басталатын толғауының құндылығы сол – басқа жырауларға телінбей, тек Асанқайғының атымен айтылуы және сол заманның өзіндік өмір салты мен өзіне тән дүниетанымының көрінуі. Елі үшін жақсы жер, жайлы қоныс іздеп шарқ ұрған Асан даланың құланы мен жыланының қиналысын ғана сезгендей болғанмен, негізінде оның жанын қинайтын адам өміріндегі кереғар жағдайлар екені бәрімізге түсінікті. Философиялық мәндегі толғаулардың қоғамдық мәселелерге байланысты, ерлік, елдік жағдайларды, әлеуметтік міндеттерді арқалай жеткенін анық көріп отырмыз. Мысалы жоғарыда айтылған арнау толғаулар хан мен жырау арасында болған ру үшін, қауым үшін, қоғам үшін туған түрлі жағдайларға байланысты шыққан. Осы жерде Шалкиіз жыраудың Би Темірге арнап айтқан толғауына көз салсақ, Темірді бір жағынан асыра мақтап отырады да, екінші жағынан оның ешкімнен де артық еместігін, қатардағы көптің бірі екендігін жасырмайды. Шындықты айта отырып, ол өмірдің өсу, өзгеру диалектикасын пайымдай біледі. Өмірді өзгерту тұрғысынан танығысы келуі, адам мен табиғат арасынан ортақ сипат табуы оның философиялық ойға берілгендігін көрсетеді.

Толғауда ел болу мәселесінің ерлік, батырлық әуенімен толығуы Қазтуғаннан басталды деуімізге болады. Қазтуған

қазақтың батыр жырауы аталған, оның жырларынан ерлік рухы,батырлық лебі еседі. Толғаулар тек елдік мәселелермен ғана көрінбей, жеке адамның сезім күйлерін де жеткізе білетін лирикалық қызметімен де көрінеді. Бұл жерде Доспамбет жыраудың толғауларын айтып өтуімізге болады. Оның толғаулары өмірді көріктендіріп, көркейтуге мүмкіндіктің мол екенін көрсетіп берді. Ал Жиембет жыраудың толғауындағы ерекшелік – өмір шындығының көрінуі, қоғамдық қайшылықтарға назар аударыла бастауы. «Еңсегей бойлы ер Есім» деп басталатын жырда ханның жазықсыз жандарға деген аяусыздығын бетіне басып, оның көптің күшімен ғана хан болып отырғандығын бетіне айтады.

Жыраулардың дүниетанымдық ерекшеліктерінің астарында әлемді түсіну, рухани игеру ауқымындағы философиялық ұстанымдар жатыр. Қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінің нағыз жарқын көріністерін айшықтай түсетін Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Марқасқа, Жиембет, Бұқар сияқты жыраулардың елді ерлікке, бірлікке шақырған жалынды жырлары, отты толғаулары бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ұлтты рухани қалыптастыру ісіне ат салысатыны анық. Жыраулар шығармашылығындағы жақсыны жаманнан, досты қастан ажырата білу, ар, ұят, адамгершілік, әділеттілік сияқты руханилық категорияларына талдау жасалады. Олардың сөз өнері бағасы жоқ қазына, өлмес мұра екендігі белгілі, сондықтан осы мұрамызға рухани, философиялық мән беріледі. Жыраулар шығармалары нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келіп, қиыншылық кезде ақыл, кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей ұлы ойдың иесі екендігі, олардың қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар адамдар арасындағы әралуан қарым-қатынастар туралы, адамгершілік, ізеттілік, білімділік, әділдік, достық, татулық сияқты руханилыққа негізделген ойларын ақыл-насихат, өсиет үлгісінде беретіндігі кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсетіліп, насихатталады.

XVIII ғасырда толғау мазмұн жағынан байып, дами түсті. Бұл дәуірдің өкілдері Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар сияқты ірі жыраулар еді. Қазақ тарихында бұл ғасыр «Ақтабан

шұбырынды, алқа көл сұлама» деген атпен әйгілі болған аса қиын да күрделі кезең болатын. Сондықтан жыраулардың қайсысы болмасын өз жырларында ел болу, бірігіп күш жинау, сыртқы жауға тойтарыс беру сияқты мәселелерді көтерді. Сонымен, төрт ғасырлық үлкен кезеңде жыраулар мен олардың толғау жанрының заман мен қоғам алдында тұрған мәселелерді бір өзі көтеріп келгенін көріп отырмыз.

Қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда ертедегі Түркі қағанаты заманына меңзейді. Иоллығ тегіннің жазбалары, оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан кейінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға (Ұлық жырау), Алтын Орда кезіндегі Сыпыра бәрі XV-XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры еді. Жыраулар ұстаздық дәстүрді толық сақтап, өз дәуірінің болмысына сай сөз өнерін байыта түсті. Түркі халқының тарихында, рухани ғұмырында зор рөл атқарған жыраулар орта ғасырларда тек Қазақ мемлекетінде ғана өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, қазіргі дәуірге дейін жеткізді.

1.2 Дүниетанымдық әмбебаптардың рухани және материалдық әлемді философиялық байыптаудағы орны

Дүниетаным ұғымы XVIII ғасырдың аяғында пайда болған. Ол туралы белгілі бір түсінік даналық, философия, метафизика, дін ұғымдарының мағыналары арқылы өте ертеден-ақ жинақтала бастаған. Бұл адамды даналыққа жетелейтін, еңбектену арқылы келетін, өте құнды жоғары білім туралы, әлемде, өзіңде болып жатқанды түсінумен ғана шектелмей, оны дұрыс өмір сүруге үйретететін түсінік. Дүниетанымның негізгі нысаны әлем десек, оның құрамында белгілі тұтастықты құрайтын түрлі құбылыстар мен процестер жинақталған. Дүниетаным тек бейнелеу ғана емес, адамның білімі мен түсінігін кеңейтетін ақиқатты рухани игеру. Сонымен қатар

адам танымының мүмкіндігі, адамның әлемді тану, танымауы, игеру, игермеуі.

Диоген Лаэртскийдің ойынша философия ұғымын алғаш қолданған Пифагор да даналық тек құдайға ғана тән, адамдар тек даналыққа деген махаббатпен – философиямен шектеледі [36, 66 б.] деп есептеген. Мұндай ойды Платон да қолдайды. Өзінің «Пир» диалогында «даналықпен айналысу құдайлардың ісі, ал философ дана мен наданның арасын таңдайды» [37, 134 б.] деген. Дүниетаным ұғымын философия тарихында алғаш енгізген және таным мен дүниені талдау арасындағы шекараны анықтаған неміс философы И.Кант болды. Канттың ойынша, философия адам не біледі, не білуі керек, неге үміттенеді және адам дегеннің өзі не деген сұрақтарға жауап беретін зерде мен даналық туралы ғылым. Ол дүниені ұғынуды адамның рулық өзіндік санасы деп түсінген және теориялық, яғни «табиғат адамнан не жасайды» және прагматикалық, адам еркін әрекет етуші ретінде «өзінен өзін жасай ма, жасауға тиіс пе» деп екіге бөліп қарастырған [38, 352 б.].

Дүниетаным адамның әлемге деген рухани қатынастарының негізі болатын және олардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан арақатынасын білдіретін ұғым. Ол ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, яғни адамдардың білімі мен нанымы, мұраттары, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарас. Дүниетаным – бұл шынайы әлемге және ондағы адамның орнына, адамның қоршаған ақиқат пен өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен бірге, осы көзқарастарға негізделген адамдардың өмірлік ұстанымдары, мұраттары, сенімдері, таным ақиқаты принциптері, құнды-лықтық бағдарлары. «Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем» [39, 8 б.]. Ол адамның дүниені ақиқатпен теориялық және практикалық жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-практикалық тәсілі. Дүниетаным адам санасының бөлінбес атрибуты болып табылады. Онда адам-

ның қоғамдық табиғаты мен оның санасының шығармашылық мінезі көрініс тапқан.

В.С. Степин дүниетанымдық әмбебаптарды мәдениет категориялары ретінде қарастырады [40, 16 б.]. Бұлар адамның түсінігінде, іс-әрекетінде, кеңістік пен уақытта, себептілікте, ақиқатта, еркіндікте, шындықта, жақсылық пен жамандықта жинақталған өмірлік мәндер. Әмбебаптар мәдениет пен әлеуметтік өмірде үш түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, олар тұрақты дамудағы әлеуметтік тәжірибенің мәдени ағынға қосылуын, таңдалуын қамтамасыз етеді. Екіншіден, осы дүниетанымдық әмбебаптарды адамдар оқып-үйрену арқылы меңгереді. Үшіншіден, олар өз әрекеті арқылы дүниетаным деп аталатын адам әлемінің тұтас бейнесін жасайды. Мәдениеттің дүниетанымдық әмбебаптарында түрлі мәдениетке тән және адам санасының терең құрылымдарын жинақтайтын кейбір жалпыға ортақ мазмұн, өзіндік тұрақтылықты бөліп көрсетуге болады. Бірақ бұл өзінше таза күйінде болмайды. Ол адамдардың іс-әрекеті мен қарым-қатынас тәсілдерінің ерекшеліктерін көрсететін, ондағы қабылданған құндылықтардың ерекшеліктерін сақтау мен әлеуметтік тәжірибені беретін қоғамның тарихи анықталған түріне тән мәдениетпен, ерекше мәндермен біріккен. Дүниетанымдық әмбебаптар адамның әлем туралы ойлауын анықтап қоймайды, адамның әлемді ұғынуын, адам өмірінің түрлі жағдайларын, сезімдік көңіл-күйін бағалайды. Әмбебаптар мәні бұл жерде мәдениеттің тіректі құндылықтары ретінде көрінеді.

Әмбебаптар (лат. тілінен «жалпы») – философиялық мағынада жеке ұғымнан өзгеше жалпы ұғымдар мәні болып табылады. Философияның онтологиялық және гносеологиялық принциптеріне сай Әмбебаптарда реалды болмыс дегеніміз не, идеалдылық қалай мүмкін болады, рационалды ұғымдық таным қалай мүмкін болады, ойлау мен шындық, жалпылық пен жекелік қалай қатынаста болады деген сұрақтар қойылады. Әмбебаптар туралы ғылым Платонның «идеясымен» және Аристотельдің формасы мен материясымен бірге пайда болды. Платон жалпы ұғымдарға ақиқат болмыс («идеялар») сай келеді, сезімдік әлемнің жеке заттары оның бейболмыспен

өзара әсері кезіндегі жалпыны шектеу мен бөлу нәтижесінің мәні деп есептеген. Аристотель таным үшін жалпы екінші, және тек бірінші мәнде, яғни сезімдік тәжірибеде берілген жекелік нысандарда ғана кездеседі дейді. Әмбебаптар мәселесін кезінде антикалық философтар да қарастырған. Әмбебаптар табиғатына деген қатынас философия тарихында реализм, концептуализм, номинализм сияқты үш түрлі көзқараста көрінді. Реализм әмбебаптардың өзінше тіршілік етуін мойындады. Нағыз мәнде тек Құдай, идеялар немесе әмбебаптар және материя шынайы дейді. Концептуализм әмбебаптарға шындықтың өзіндегі ештеңе сәйкес келеді, яғни, өз табиғатына сай көптеген индивидтерден алынған бейне дейді. Номинализм құдайды да, заттарды да әмбебаптарды жоққа шығарды: әмбебаптар – ақылдағы белгі, өзінше жалпы емес жеке дейді. Реализм шындыққа сай келетін жеке заттар емес, тек жалпы ұғымдар не әмбебаптар деп есептеді. Реализмнің ізімен жүргендер Құдай ұғымының өзі оның бар екендігін көрсететіндігін онтологиялық дәлелдеген Аврелий Августин, Ансельм Кентерберийскийлер атақты реализмнің жолын қуушылар болды. Реализм – Платон дәстүрін және оның идеялар теориясын жалғастырушы. Номиналистерге сәйкес, жалпы ұғымдар – тек атаулар, олар ешбір жеке тіршілікті иемдене алмайтындығы сонша, жалпы ұғымдар тек ойлау арқылы іске асады деді. Негізгі өкілдері – Дунс Скотт, Оккам болды. Номинализм Аристотель дәстүрін жалғастырушылар. Концептуалистер реализм мен номинализмнің арасындағы көзқараста болды, олар болмыс дегеніміз өзінің ішкі мәніндегі өзіндік заттар деп есептеді. Негізгі өкілдері – Фома Аквинский, Пьер Абеляр болды.

Мәдениет әмбебаптарын категориялардың екі үлкен тобына бөлуге болады: объектілердің жалпы сипатын сақтаған, іс-әрекетке айналған «объектілік категориялар» және адамды, қоғамды, қарым-қатынас құрылымын іс-әрекет субъектілері ретінде сипаттайтын мәдениет әмбебаптары «субъектілік категориялар». «Субъектілік» және «объектілік» категориялар тірі емес табиғатқа қалай қараса, әлеуметтік қатынастар аясына да солай қарайды. Әр кезеңнің шынайы санасы барлық әмбебап категорияларды бір тұтас сақтайды.

Әмбебаптар жүйесі белгілі бір құндылықтар жүйесін сақтайтын, адам мен әлем жайлы жалпы түсініктері бар дүниетанымдық кезеңді, адам әлемінің жинақталған бейнесін құрайды. Мәдениет әмбебаптарының мәні жеке адамның қоғам өміріндегі білім алу, тұлғалық қалыптасу, тәрбиелену жағдайында игерілуі тиіс. Олар сыртқы әлемге, іс-әрекеттер әлеміне шығатын ішкі сезім, сана әлемінің құрылыс материалына айналады.

Дүниетанымдық категориялар немесе дүниетанымдық әмбебаптар синтезі, олардың қалыптасуы, дамуы мен жетілуі де барлық мәдениетке, оның екі модусының категориалдық негізіне тікелей байланысты болады. Мәдениет Универсумның даму деңгейінің бірі дедік, сондықтан мәдениеттің негізін және адамның субъектілік деңгейін құрайтын категориялар Универсумның онтологиясына қатысты онтологиялық категориялардың мәні болып табылады. Сондықтан мәдениет негізін құрайтын категориялардың екі – әмбебап-болмыстық және мәдени онтологиясы бар. Мәдениет тарихи, сол себепті, өзінің болмыстық және жалпы-мәдени табиғатын сақтай отырып, әрбір тарихи кезеңде мәдени-тарихи нысанға ие болады. Бұл категорияларды негізгі үш деңгейге бөлуге болады: а) әмбебап-болмыстық; б) мәдени-жалпы және в) мәдени-ерекше. Дүниетанымдық категориялар да осы деңгейлерге бөлінеді.

Дүниетаным қоғамдық және жеке адамдық сананың ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Ол субъектінің жалпы әлемге қатынасын және әлемнің біртұтастығын, Әлемдегі адамның орнын, әмбебаптардың жалпыға ортақ деңгейіндегі адам мен Әлемнің өзара қатынасын ретке келтіреді. Дүниетаным өзегі категориялар мен әмбебаптық ұстанымдардан тұрады. Категориялар Әлемге рухани және практикалық қатынастардың жалпыға ортақ бағдарларын ұсынады. Категорияларды әрбір адам санасында бейнеленген ойлау формалары ретінде көруге болады. Адам іс-әрекетіне қосылған нысандардың жалпы, атрибутивті мінездемесін белгілейтін категориялар адам санасының тірегі ретінде іске асады. Олар әмбебап, себебі, қандай нысан болмасын ол іс-әрекеттің

атауы бола алады және барлық нысанда заттық әлемде дамыған практика жүзінде айқындала отырып, қозғалыс, зат, қатынас, сан, сапа, себептілік, кездейсоқтық, қажеттілік т. б. категориялар формасында белгіленеді. Бірақ адам әлемі олардың қажеттілігін қанағаттандыратын зат ретінде қарайтын нысандардан ғана тұрмайды. Адам әлемі адамның өзін оның іс-әрекетінің, мінез-құлқының, қарым-қатынасының субъектісі ретінде, оның белсенділігін, рухани өмірін және басқалармен қарым-қатынасын көрсетеді. Сондықтан мәдениеттің даму тарихында нысандар әлемін бейнелейтін категориялармен қатар адамдарды өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде қарастыратын, олардың қоғаммен біртұтастығы қатынасын көрсететін, әлеуметтік өмірдің мақсаты мен құндылығына негізделген категориялар қалыптасты. Оларға адам, қоғам, сенім, үміт, сұлулық, ұят, ақиқат, еркіндік т. б. жатады.

Мәдениеттің негізінде жатқан категориялар жүйесі оның іргелі дүниетанымдық құрылымында іске асады. Ол осы мәдениетке сай адам өмірінің іс-әрекетінің негізгі жақтары, яғни, адамның әлемдегі орны, әлеуметтік қатынастары, адам әлемінің рухани өмірі мен құндылықтары, табиғат жайлы жалпы түсініктерді білдіреді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып әмбебаптар әлеуметтік өмір мен жеке тұлғаның белгілі бір бейнесін жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Қоғамның тарихи дамуы әмбебаптардың даму жолын болжайды. Іс-әрекеттің жаңа түрлерінің шығуы мен олардың жаңғыруын қамтамасыз ететін жаңа нұсқаларға сай әмбебаптардың да мәнінің өсуі мен толығуын талап етеді. Бұл қоғам үшін маңызды жаңа өмір мәнін білдіретін жаңа категориялардың қалыптасуына әкеледі. Мысалы, «Антикалық мәдениеттің қалыптасу сатысында, гомер дәуірінде «ұят» және «ар-ұждан» категориялары жіктелмеген болатын, – дейді В.С. Степин. – Кейін қала-мемлекеттердің саяси өмірін біріктіретін еркін адамдардың дербес шешімдері пайда болғаннан кейін, өзара байланысты, бірақ категорияларының ерекше мәні бар әмбебаптардың жіктелуі басталды» [40, 25 б.]. Кейде мәдениет әмбебаптарының жіктелуі әртүрлі мәдениеттердің өзара әсерінің, басқа мәдени дәстүрлердің нәтижесінде де

жіктелу болады. Мысалы, ресейдің дәстүрлі мәдениетінде «ақиқат» категориясының жеке мәртебесі болмаған, «шындық» категориясының ығында көрінбей қалған. Кейін батыс мәдениетінің әсерінен енген.

Дүниетанымдық әмбебаптар – *бұл* тарихи жинақталған әлеуметтік тәжірибе мен нақты бір мәдениет адамының әлемді бағалап, ұғыну жүйесін жинақтап, оның тәжірибесі аясындағы барлық ақиқат құбылыстарды біртұтастыққа әкелетін категориялар. *Бұл* жерде мәселе категориялық нобай жайлы емес, нақты тарихи дәуір мәдениетіндегі осы категориялық нобайдың нақты айқындалуы маңызды. Сананың категориялық үлгісін дерексіздіктің (абстракция) түрлі деңгейінде талдауға болады. Категорияларды ойлау формасы ретінде ең алдымен кезкелген адам санасы нені сипаттайтынына көңіл аудара отырып айту керек. *Бұл* талдау негізінде түрлі мәдениеттегі олардың нақты көрінуіне байланысты инвариантты категориялардың маңызды сипатын бөліп көрсетуге болады. Категориялар ойлаудың физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік жағдайларының себебі мен салдарын ашып көрсету жолымен жасалмайды. *Бұл* тек ойлау категориясы арнайы зерттеліп, ойлануға айналғанда мүмкін болады. Бірақ оларды зерттеуге дейін, адамның қалыптасуы кезінде, адаммен бірге жасалуы мүмкін. Адамнан, қоғамнан тыс заттар әлемі категориялар мазмұнында көрінеді, тек адамның әлемдегі болмысының, сонымен бірге адамның адамға қатынасының формасы ретінде жасалады [41, 9 б.]

Осы бағыттан категориялар таным мен практиканың дамуымен айқындалған болмыстың жалпы айқындығын белгілейтінін көруге болады. Әлем сипатының жалпы құрылымдық бейнесін көрсете отырып, оның нысанының үзінділері мен жинақтаудың белгіленген тәсілін жасайды. Категориялар әрбір ұрпақтың әлемді танып, өзгертуіне арқа сүйей отырып жинақталған адам тәжірибесінің түйіні болып табылады.

Талдаудың келесі деңгейі категориялар дамуының тарихилығына байланысты, оның адам әрекетімен байланысы іс-әрекет дамуына байланыста белсенді әрекет ете отырып, сананың категориялы жүйесіне әсер етеді. Категориялық

жүйелер адамның әлемге деген әсерлену сезімін, оның қоршаған құбылыстарға берер бағасын анықтайды. Олар адам іс-әрекетінің субъект-объектілік және субъект-субъектілік қатынасын белгілейді.

Адам іс-әрекетінің объктіге өзгеруі адам әлемінің мәні мен негізін көрсететін адамның өзінің анықтамасы болып табылады. Сондықтан да адам іс-әрекетіне қосылған жалпы объектілерді белгілейтін категориялар адам санасының негізгі құрылымы ретінде алға шығады. Олар әмбебап, өйткені қандай объекті болмасын (табиғи, әлеуметтік, сонымен бірге ойлаудың белгілік объектілері) іс-әрекеттің негізіне айналуы мүмкін және қандай объектіде болмасын кеңістік, уақыт, қозғалыс, зат, қасиет, қатынас, сан, сапа, мөлшер, нысан, мазмұн, себептілік, кездейсоқтық, қажеттілік т. б. категориялар формасында белгілейді.

Бірақ адам әлемі адамдар арқылы өзгертілген және олардың қажеттілігін қанағаттандыратын зат ретінде қарайтын объектілерден ғана тұрмайды. Адам әлемі адамның өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде, оның белсенділігін, рухани өмірін, басқа адамдармен қарым-қатынасын белгілейді. Адам өзін іс-әрекет пен қарым-қатынас жүйесінде басқа үшін де, өзі үшін де объект ретінде де, субъект ретінде де көрсете алады. Өзін субъект ретінде ұғыну объектілер әлемін ұғыну сияқты қоғамдық-тарихи практиканың даму жемісі болып табылады. Адам – практика кезінде тек табиғи және әлеуметтік объектілерді өзгертуші ғана емес, өзін де іс-әрекет субъектісі ретінде өзгертетін әрекет етуші жаратылыс иесі. Ол өзі соның жемісі болып табылатын ортаны жасайды. Өз іс-әрекетін дамыта отырып, адам өзінің қарым-қатынас нысанын қайта құрады. Осы негізде оның өзін ұғынуы, басқаға деген қатынасы, өзінің рухани әлемі дами түседі. Бұл объектілер әлемін белгілейтін категориалды құрылымның дамуымен ғана байланысты емес, сонымен бірге мәдениеттің тарихи дамуында адамды іс-әрекет субъектісі, қарым-қатынас құрылымы, оның басқа адамдар мен қоғамға қатынасы және әлеуметтік өмірдің құндылықтары ретінде бейнелейтін категориялар қалыптасады. Оларға: адам, қоғам, мен, басқалар, еңбек, сана, жақсылық, сұлулық, сенім, үміт, парыз, ұят, ақиқат, еркіндік т. б. категориялар жатады.

Бұл категориялар болмыстың жалпы және әмбебап дәрежесіне енбейді, тек әлеуметтік қатынастар аясында қолданылады. Бірақ адам өмірінде базисті категориялардан кем орын алмайды. Олар индивидтің тарихи жинақталған тәжірибесін әлеуметтік қатынастар жүйесінде, оның айқындылығын іс-әрекет субъектісі ретінде белгілейді.

Категориялар мәдениетте әрбір элемент тікелей немесе жанама түрде басқамен байланыста болатын біртұтас жүйе ретінде дамиды және қалыптасады. Бұл жүйе мәдениетте таратылған және әлеуметтену процесінде индивидтермен меңгерілген адам әлемінің қорытындыланған үлгісі ретінде көрінеді.

Адамның тіршілік әрекеті адам белсенділігінің негізгі үш саласы: іс-әрекет, мінез-құлық және қарым-қатынас формасында дамиды. Олар адам әлемінің барлық компоненттерінің: адамның заттық ортасының, адам қатынасының күрделі жүйесінің, әлеуметтік институттар мен қоғамның рухани өмірінің іске асуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Бұл даму мен іске асудың алғы шарты тарихи жинақталған әлеуметтік тәжірибені құрайтын мінез-құлық, қарым-қатынас және іс-әрекет бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарламалар үлгілер, білім, жарлық, дағды, әлеуметтік мақсаттар мен құндылықтар, мұраттар мен іс-әрекет нормалары арқылы көрсетілген. Олар адам шығармашылығының жетістігі ретіндегі топтап көрсететін, тарататын, сақтайтын мәдениет «денесін» құрайды. Ұрпақтан ұрпаққа берілген тарихи жинақталған, өзгеріске түсіп отыратын мінез-құлық, қарым-қатынас, іс-әрекет бағдарламалары таңбалық нысанында бекітіліп, семиотикалық құрылым ретінде қалыптасуы мүмкін. Мұндай құрылымдарға адам мен оның іс-әрекеті мен қылықтары, табиғи тілі жатады. Бұл мәдениет феномендері олардың дербес, өсіңкілігіне қарамастан біртұтас жүйеге біріккен.

Адамдық тәжірибені қамтамасыз етуші және жүйеге келтіруші категориялық құрылымды философия бұрыннан қарастырып келеді. Бірақ ол оларды ерекше, жалпы ұғым ретінде зерттейді. Мәдениетте олар тек қана рационалды

ойлаудың формасы ретінде ғана емес, адамның әлемді қабылдауы мен оны түсінуі, әсерленуі ретінде де көрінеді. Олар адамдық іс-әрекет қатынастарының субъект-объектілік және субъект-субъектілік қатынастары ретіндегі жалпы мінездемесін бекітеді, олардың тарихи дамуының нақты кезеңдерінде қызмет етеді.

Мәдениет әмбебаптары жүйесінде адам іс-әрекетінің негізгі жақтары, адамның әлемдегі орны, әлеуметтік қатынастар, адам әлемінің рухани өмірі мен құндылықтары жайлы жалпы түсініктер анықталады. Дүниетанымдық әмбебаптардың әртүрлі мәдениетке тән және адам санасының терең құрылымдарынан тұратын жалпы мазмұнын бөліп көрсетуге болады. Бірақ бұл өзінше, таза күйінде көрінбейді, әрқашан белгілі бір қоғамның мәдениетіне тән адамдардың қарым-қатынасы мен іс-әрекет ерекшеліктерін көрсететін және сол мәдениетте қабылданған құндылықтар шкаласының әлеуметтік тәжірибесін сақтайтын ерекше мәнге ие болады.

Мысалы, болмыс пен бейболмыс категориялары әр түрлі мәдениеттің негізгі сипаттамасы ретінде қызмет атқарады. Егер бұл категорияларды антикалық мәдениет пен көне Қытай мәдениеті арқылы салыстырсақ, онда көптеген ерекшеліктерді кездестіреміз. Егер антикалық әлем ойлауы бойынша бейболмыс болмыстың жоқ болуы ретінде көрінсе, көнеқытай мәдени дәстүрінде басқаша – бейболмыс болмыстың қайнар көзі мен толықтығы. Бұл ойлау жүйесінде әлем болмыстан бейболмысқа және керісінше айналатын тұрақты айналым ретінде көрініс береді.

Бейболмыс көрінісі ретінде қызмет ететін бос кеңістік категориясы ерекше мәнге ие болады. Егер антикалық әлемде бос кеңістік категориясы заттың жоқ болу мәнін білдірсе (мысалы Демокрит), шығыс мәдениетінде оның табиғатын анықтайтын заттың басы ретінде мәнге ие болады. Бос кеңістік барлық форманың жоқ болу көрінісін береді. Бірақ сонымен бірге заттың формасы ретінде де қызмет етеді. Көне қытай мәдениетіндегі «Да дэ цзин» (б.э.д. IV-III ғғ.) ескерткішінде затты оның бөлімдерінің арасында ұстайтын бос кеңістіктің өзі заттың пайдалылығы мен қолданбалылығын анықтайды.

Философия адам мәдениеті негіздерінің, оның дүниетанымдық әмбебаптарының рефлексиясы болып табылады. Философия барлық адамдар үшін қажет емес, тек адам іс-әрекетін қалыптастыратын дүниетаным әмбебаптарына тән. Дәстүрлі, баяу дамитын мәдениеттерге философиялық емес формадағы философия тән. Бұл тәсіл орта ғасырларда пайда болған философияның университеттік түрі, рационалистік бағыттағы басқа да философиямен айналыспаған Шығысқа тән. Философия мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін зерттегенде жаңа мәндер ойлап тауып, әмбебаптарды бейсаналықтан алып шығып, «философемдерді», яғни философиялық ұғымдар мен категорияларды құрады. Ал Шығыста философиялық емес пайымдау болғандықтан, бұл ұғымдар көркем әдеби не діни түрдегі дәстүрлі мәтіндерде қарастырылады.

Қазақ қоғамына адам іс-әрекетін қалыптастыратын дүниетанымдық әмбебаптар деңгейіндегі философиялық емес формадағы философия тән. Мұнда дүниетанымдық сипаттағы мәтіндерді зерттеуге дәстүрлі көркем әдеби, діни мәтіндерді пайдалануға тура келеді. Бұл жерде «философиялық емес формадағы философия» дегенге біршама түсініктеме бере кеткен жөн болар. Мәдениетінде, ойлау жүйесінде ешқандай философиялық өзек болмайтын халық болмайды. Жеке адам да болуы мүмкін емес. Себебі, мәдениеттің бағыт-бағдарын анықтайтын құндылықтар философиялық ойлауда қалыптасады, әрі тарихи өзгеріп отырады. Бірақ белгілі бір тарихи кезеңдерге дейін философиялық ойлау сарыны рухани қызметтің басқа салаларынан әлі ажырап, дербес өзгеше сала құрып үлгере бермейді. Ондай дәуірлерде философия басқа да көптеген салалар сияқты әлі бір синтездік бірлікте өрістеуі мүмкін. Мысалы, ұзақ дәуір үдерісінде ертедегі грек философиялық ойы мифологияның аясында қалыптасты. Тек дамудың кейінгі бір кезеңінде ғана адамдар іс-әрекеттері іштей жіктеліп, дербес салаларға айнала бастайды. Философия да осылай бөлініп шықты. Яғни осындай қоғам іштей күрделеніп, әртүрлі салаларға ажырай бастағанға дейін философия да, рухани өмірдің басқа түрлері де өзіндік өзгешелігінде емес, басқа бір формада көрінуі заңды құбылыс.

Дүниетанымдық категориялардың ішіндегі мәдениеттік, яғни түркілік дүниетаным қабаттарына халықтың табиғи әрі тарихи тәжірибесімен анықталатын дүниетанымдық әмбебаптар жүйесі де кіреді. Барлық халықтың (ұлттық) мәдени тұтастығы мен табиғи ерекшелігіне сай әлемнің жаратылуы (космогония), ғарыштың құрылысы – әлемді елестету құбылысы (космология), кеңістік (отан, жер, су) пен уақыт, адам және оның әлемдегі орны, жақсылық пен жамандық, жан мен тән, өмір мен өлім және т.с.с. дүниетанымдық құбылыстарды кескіндейтін ұғымдары мен түсініктері бар [42, 33 б.]. Дәстүрлі дүниетаным – рулық қауымдасу, туыстық бірлікті көрсететін, адам өмірі түгел бір дәстүрмен, әдет-ғұрыппен реттелетін дүниетаным. Қазақ философиясының ерекшелігі мәдениет әмбебаптары мен философия әмбебаптарының бірлігінде. Осы жерде дәстүрлі дүниетаным әмбебаптарына, оның ішінде Қанағат, Тәуба, Құт, Сабыр, Ынсап, Несібе, Ықтиярлық, Ақыл, Төзімділік, Иман, Нәпсі, Тағдыр, Махаббат, Ерік-жігер, Еркіндік т. б. әмбебап категорияларға талдау жасау дүниетанымның өзектілігінен туып отыр.

Кез келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен, ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Мәселен, Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты. Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбаев зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»:

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы,

сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөздерін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман деген-неннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады [43, 114 б.]. Сондай-ақ Әл-Фарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды. Әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (42; 7, 17, 27, 38, 43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді [44, 289 б.]. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуіңнің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің дегенін тауып

беріп жүресің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай «Осы үшеуің басынды қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті деген қорытындыға келеді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам» [45, 137 б.], яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары Әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін зерттеулері де баршылық. Олар: «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» деп аталатын ғылыми еңбектері. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу объектісі – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады. Сондай-ақ ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды дегендей пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз

бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіре түсуге мүмкіндік алады. Әл-Фараби «қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керек» дей келіп, әзіл мен күлкі сияқты құбылыстарға моральдық-этикалық тұрғыдан баға береді.

«Құт» ұғымының дәстүрлі дүниетанымдағы алар орнына тоқталсақ. «Қазақтар дүниетанымында «Құт» ұғымының мағынасы терең, – дейді Т. Бурбаев. – Мәселен, «Құт-береке», «құтты қоныс», «құтты іс», «құтты қадам» немесе «Құты қашқан ел» деген сөз тіркестерін кездестіруге болады. Немесе, қазақ «қонақ келсе құт келер» дейді. Бұндағы «Құт» ұғымының басты ерекшелігі оның әмбебаптығы және адам болмысының белгілі бір қасиетін көрсетуі» [46, 46 б.]. «Құт» – адамшылық өлшемі, мысалы, имандылығы, кісілігі, тәубасы бар адам «құтты адам» болып есептеледі.

«Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының семантикалық діңгегі – «құт» ұғымы, – дейді Ә. Нысанбаев. – Оны «өмірлік күш», «өркендеу басы», «өмір потенциясы», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», «тағдыр» деген ұғымдармен сәйкестендіруге болады. Бұл ұғым онтологияны, антропологияны және әлеуметтік философияны біртұтас етіп біріктіреді» [47, 4-5 бб.]. Құт ұғымы өмірлік күшті алға ұмтылдырады. Бақыт негізінен құтпен байланыстырылады, құт – өмір, тіршілік, құнарлылық көзі, игіліктің, табыс пен бақыттың басы. «Бақыт – өз басың үшін көксейтін игілік, – дейді Әл-Фараби, – өйткені [бақыттың] ар жағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақытқа жетуге бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпайы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып – кемшілік, кесапат, пасықтық» [44, 308 б.]. Ақын-жыраулардың пікірінше адамгершілігі өте күшті, жомарт, ақкөңіл, парасатты, қарапайым, адал адам ғана бақытты бола алады, ал пасық, өркөкірек, сараң адамның бақытты болуы мүмкін емес. Ақын-жыраулар табиғат пен қоғамдағы жақсы-жаман құбылыстарға

тоқталып, терең философиялық ой туғызады. Мысалы, Шал ақынның:

Жамандар өзін-өзі зорға балар,
Бір өзінен басқаны төмен санар
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,
Жаймалап қайда жақсы орын алар [48, 12 б.] –

деген жырында жақсылықты мақтап, дәріптейді, жамандықты сөгіп, елге жиіркенішті етіп көрсетеді. Адамның аласы да, құласы да бар, жаманы да, жақсысы да бар, адалы да, арамы да бар. Жақсы өзін кең ұстайды. «Жаман адам кетсе, дүние кеңіп қалғандай болады. Жақсы адам кетсе дүние кеміп қалғандай болады. Қандай ауыр сөз! Сонымен бірге қандай әділ сөз!» – дейді Т. Рысқалиев [18, 197 б.]. Бірақ мұндай сөзді айтпау мүмкін емес, халқымыз осындай сөзбен жақсылықты сезіндіріп, жамандықтан безіндіріп отырған. «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да, олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қарау», – дейді Қ. Әбішев [49, 259 б.].

Тәуба – күллі мұсылман қауымы қолданатын арабша сөз. Мағынасы өткен күнәларына шын жүректен өкіну, күйіну дегенді білдіреді. Адам баласы күнәдан толық арылуы мүмкін емес. Себебі Алла тағала Адамды жаратқан кезде оның топырағына жамандық пен жақсылықты қоса илеген деген сөз бар. Енді бұл жамандықтан арылу тек қана екі оттың бірімен, яғни бұл дүниеде біліп-білмей істеген қателігіне иштей, шын жүректен қатты өкініп Аллаға жалбарынумен немесе ақіреттегі тозақ отымен ғана болады. Ал ақіреттегі тозақ отымен күйдіру, ол адами жаухарды шайтанның жамандығынан тазартудағы қажетті нәрсе. Тәуба ету, исламда әрбір мұсылман үшін уәжіп екендігі туралы аят – хадистер көп. Құран Кәрімде «Нұр» сүресінің 31-аятында: «Әй, мүміндер, түгел Аллаға тәуба етіңдер! Әрине құтыларсыңдар» – дейді [50, 353 б.]. Тәуба

ету, адам баласының барлық үлкен күнәларын жойып қана қоймайды. Жүрегінде иманы бар әрбір пенденің, Жаратқан иесінің рызалығын табудан үміті болса, ондай кісі тауба ету Алла тағаланың пендесіне болған сүйіспеншілігін оятады. Негізінде тәуба ету ол өзіміздің пайдамыз, әлемдегі адам заттың барлығы тәуба етпей өтсе де Аллаға титтей де кесірін тигізе алмайды. Бірақ Алла тағаланың мейірімді, рахымды деген сипаттары бар. Осы мейірім – рахымдылығынан пенделеріне жол көрсетіп, сол жолмен жүрген пендесіне разы болады. «Қазақ дүниетүсінігінде «тәубә» ұғымы қандайда болмасын іс-қимылдың шегін аңғартады. Барға разылық таныту, қанағатшыл болу, жоққа мойымау, астамшылдық жасамау тәубә ұғымының басты сипаттары. Тәубәшілдікте асығыстық, жанталас жоқ, онда ұстамдылық басым. Қазақтың «асығыстық шайтанның ісі» деуі де сондықтан. Тәубә ұғымы шыдамдылықпен де байланыста. Шыдамдылық көнбістік емес, керісінше әліптің артын бағу, асығыстық пен ағат қимылдар жасамау. Керек десеңіз ол даналықтың көрінісі» [46, 74 б.].

Қожа Ахмет Иасауи шығармашылығында тәуба ұғымы үлкен орын алады:

Тәуба қылып хақты тапқан ғашықтарға,
Ұжмақ ішінде төрт арықша шәрбәт бар.
Тәуба қылмай хақтан тайған ғапылдарға,
Тар лахатта қатты азап, қасіреті бар [51, 62 б.] .

Яғни, адамның ішкі жан дүниесінде болып жататын құбылыстардың негізі тәубашылыққа сүйенуі тиіс делінген. Тәуба – адамның бұл дүниеде барлығына қанағат етуі, одан кейін Алланың берген несібесіне разылық білдіру. Бұл үшін адамға сабырлылық, шыдамдылық, ізгілік, рақымдылық қасиеттері керек. Адал жүректі адам өз күнәсін мойындап, тоқтату үшін күрес жүргізеді. Осы жерде біз күнә ұғымына келіп тірелеміз, «... күнә – адам болмысының қажеттілігі. Адамның іс-әрекеттерінен күнәсіздік табудың өзі қиынға соғады. Тегі, көптеген ғұламалардың өмірден, тіршілік қарбаласынан қашып, тау-тасты аралап, оңаша жер іздеп таза тақуалыққа

түсуінің де себебі осы болса керек», – дейді Ғарифолла Есім [52, 121 б.] Яғни өз күнәсін мойындап, өз еркін өзі меңгере алған адам тәубасы бар адам. Сабыр ұғымының астарында терең мән жатыр. Ол шыдамдылық, төзімділік, адамның өз-өзін ұстай білуі, яғни сабыр түбі сары алтын. Сақтықта қорлық жоқ, көргеніңді, білгеніңді, жан-жағыңды байқап, есепке алсаң бәрі жақсы болады.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғаганнан! – дейді Шәкәрім [32, 129 б.].

Даналықтың жоғары үлгісі қандай қиын жағдайда болмасын сабырлылықтан айрылмау, қандай ауыртпалық заман келсе де артынан берекелі кезең де келетініне үміт пен сенімді жоғалтпау қажеттігін түсіну. «Сабырсыздық адамды парасаттылық істерден бұрмаланған жолдарға жетелейтіні халық ділінде терең орналасқанын «сабыр түбі сары алтын» деген мақалдан байқалады. ...Арман-тілегі, алға қойған мақсаты орындалмаған адамға көмекке келетін «Сабырлылық» деген құдіретті күш. Ол тұлғаның парасатты жай-күйі, даналығының белгісі, хақ дидарымен үйлесімді болуы», – дейді С.Е. Нұрмұратов [53, 91 б.]. Сабырсыздықты қазақ халқы арсыздық деп түсінген. Сабыр иманның тең жартысы. Сабырлылық таныту үшін ақыл керек, ес керек, мінез керек. Бойдағы сабырлылық ойыңа тұрақтылық, ісіңе береке, бойыңа қайрат әкеледі [46, 74 б.].

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері, –

дейді Шал ақын [48, 151 б]. Бұл жердегі Нәпсі деген ұғымды алсақ, нәпсі адамның болмысы, нәпсісіз адам да, ғұмыр да жоқ. Нәпсі – адамның тән және жан қуаты. Нәпсінің басты көріну жолдары: қоректену (дәм, ас), әсемдікке ынталану

(киім,сән), махаббат, ғашықтық (үйлену), билік-мансапқа ынталану және байлыққа ден қою. Осы мәселелерде мөлшер керек. Егер одан асса адам өзге жолға түседі. «Йасауи үшін нәпсі – ақиқатқа, мәнге барар жолдағы кедергі немесе асуды білдіретін символикалық ұғым. Оның ілімінде нәпсі, адамның адамдық санатын жоятын ішкі психикалық аурудың сыртқы, қоғамдық өмірдегі көріністері түрінде берілген. Йасауи ілімі – теориялық-философиялық доктриналар жиынтығы емес, ар түзейтін ғылым болғандықтан нәпсіні практикалық тұрғыдан танытады», – дейді Досай Кенжетай [42, 213 б]. Асан қайғы:

Адам әзіз айтар деп,
Көңіліңді салмағыл,
Нәпсі алдаушы дұспанның
Насихатын алмағыл, –

деп [48, 97 б.] нәпсінің алдауына ермеуге, рух пен нәпсіні ажырата білуге шақырады. «Адам нәпсі қалауымен кетсе хайуаннан да төмен болып азғындауы мүмкін. Оның зұлымдығы мен жыртқыштығы шектен шығып, маңайындағыларға зәбір-жападан басқа түк бере алмасы анық. Ал рухтың қалауымен жоғары ақиқатқа ұмтылса, онда періштеден де жоғары дәрежені иеленіп, инсанияттың кәмелеттігіне, адам жаратылысының түп мақсаты «халифалыққа» жетеді немесе Алланың сүйген құлы бола алады» [54, 227 б.].

Өлсем орным – қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат ғадауатпен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? –

деп жазады Абай [45, 168 б]. Мұндағы Махаббат – ғаламдық көлемдегі сүйіспеншілікті бейнелесе, Ғадауат сол махаббатқа қарама-қарсы – жек көру, мейірімсіздік, қаскүнемдік, дұшпандық деген ұғымдарды бейнелейді. Абайдың талқысына түсетін Нәпсі сөзінің мағынасы тіпті жан-жақты: адамның ішкі жан дүниесі, құштарлығы, құлқы-пейілі болып таралып кетеді. Махаббат. Ғадауат. Нәпсі. Саналы адамның өмірі осындай үш

таңанға тіреліп тұратын болса керек. Абайдың айтуынша, Алла тағала әуелде адам баласын махаббатпен жаратқан. Махаббат – адам өмірінің тұғыры мен тіреуіші. Махаббат – өзіңді ғана емес, ең алдымен өзгені сүю, қарапайым тілмен айтсақ, жақсы көру, ұнату. Жаны ашу, мейірбандық, жақсылық істеу, қамқорлық көрсету осыдан шығады. Көкірегін махаббат жайлаған адам – қашанда қайырымдылықпен, әділдікпен, адалдықпен ауылдас отыруға тырысады. Ондай адамның кейде сырты байсал, суықтау көрінуі мүмкін, бірақ іші – нәзік, сезімтал, сергек келеді. Ойынан бұрын сезімі бас көтеретін де кездері бар. «Мұның арты қалай болар екен» деп ойы тартпақтай бастаса, сезімі ілгері қарай сүйрелейді. Сөйтіп, бұлдыр ойды мөлдір сезім тазалап жуып тұрады. Махаббат – сүю болса, Ғадауат – жек көру. Бұл екеуі тіршілікте қатарласып өмір сүреді. Тіпті жұмыр басты тірі адамның тұла бойында осы екеуінің айқасы тынбай жүріп, әрқашан ит жығысқа түсіп жататыны да белгілі. Абай жазғандай, түптің түбінде әлсіз жүректерді мұзға айналдыратын – сол майдандасу. Өйткені, біз ет-жүректен жаралған пенде болғасын, нені жек көру керек екенін үнемі анық ажырата білмейміз. Жек көру сезімінің де ар жағында әділеттілік жату керектігін ескермейміз. Әдетте жек көрген адам бәрін ұмытып кетеді. Осыдан барып асқына бастаған жек көрушілік мейірімсіздікке, қаталдыққа, қаскүнемдікке ұласады. Мұндай жағдайда Махаббат жеңіліп, Ғадауат жеңіске жетеді. Қалайда дүниеде әділеттілік бар, әділеттің біржола үні өшіп, жоғалып кетпеуін жоғарыдан қадағалап отырған ғаламдық абсолюттік ақиқат бар. Жанды, жансыз тіршілікте есепсіз, себепсіз, салдарсыз ештеңе жоқ. Бүгіндері жазықсыз зәбір-жапа шеккендердің түбінде бір қуанатыны анық Адам баласы жақсы үмітпен өмір сүріп келеді. Ал сол жақсы үміттің иесі де – Ғадауат емес, Махаббат.

Ғадауат та, нәпсі құмарлық та – адамның ішінде, жүрегінде, жанында жатыр. Құдай адамға ерік-жігер, еркіндікті де аямай берген, ал таңдау – өзіміздің, бірақ сол таңдау оңай шаруа емес. Қиынның қиыны сол. Өйткені, адамды қоршаған айнала өмір «қызықтарға» тұнып тұр. Байлық, дәулет, мансап, атақ, билік – оның ең бастылары ғана. Бұлар әрі оңайлықпен қолға

түспейді. Соларды қолға түсіру үшін жұмыр басты пенде қай жолды таңдайды? Әрине, мұратына тезірек жеткізетін төте жолды іздей бастайды. Әділет жолы тым ұзақ. Бірақ ізгілікті басшылыққа алып, бақ-дәулеттің жолына жармасу үшін сабыр, тағат, берік шыдам, ұзақ өмір керек болады.

Дүниедегі бар жақсылық махаббатпен жасалады, махаббатпен нұрланады. Ең арғысы сәулетті үй салып, бітік егін өсірсеңіз, жер қойнауын қопарып кеніш көзін ашсаңыз, кітап жазып, ою-өрнек тоқысаңыз да қаншама ой қуатын, жан мейірімін жұмсайсыз. Өйткені, шын сүйіспендіктен туған дүние ғана құнды, сұлу болмақ. Ғаламдық биіктен қарасақ та, махаббаттың орны орасан екені көрінеді.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп – әділетті.

Адамзатты сүю, әділетті сүю – бұдан асқан асыл мұрат болушы ма еді? Өйткені, Абайша: «Ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят бұл ғадаләттан шығады» (Отыз сегізінші сөзден) [43, 144 б.]. «Адамшылықтың алды махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ... Бұл ғаделет, махаббат сезімі кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол ғақил» (Қырық бесінші сөзден) [43, 164 б.]. Демек, күллі адамгершілік қасиеттер, ізгілік, ар-ұят, қанағат-ынсап – махаббат анадан туады екен. Абай саналы адамзат өмірінде жиі ұшырасатын жамандықтарды махаббатпен емдеуге болады деп сенген. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны» (Отыз сегізінші сөзден) [43, 152 б.]. «Жер бетіндегі адамдарды біріктіруші күш ретінде қызмет атқаратын рухани құндылық

– махаббат деп аталады. Адамдар бір-бірінің тілін түсінбесе де, дінін, саяси жүйесін қабылдамаса да өзара жақындастырушы, біріктіруші күштің әрқайсымыздың ішімізде екенін сезеді. Сол махаббатты әрбір субъект Адам-Әлем қатынасының өзегі етіп алса, онда көптеген мәселелер өзінің жоғарғы деңгейінде шешімін табар еді, тұлға үнемі дамуға, жетілуге мүмкіндіктер алады» [51, 51 б.].

Шәкәрім өзінің ұждан концепциясында Ұждансыз адам адам атына сай емес деп есептейді.

Тегінде ұждансыз жан өлікке есеп,
Адамның кеселі жоқ мұнан кесек,
Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды
Қате қылған болмаспыз хайуан десек [32, 193 б.].

Ұждан адам бойындағы әділдік, мейірімділік, шыншылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттердің өлшемі деуге болады. Шәкәрім ұждан жанның азығы ретінде екі өмірде де керек деп ұғынады. Ол ұжданды ынсап, әділдік, мейірімнің бірлігі ретінде қарастырады. «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады» дейді Шәкәрім. Ұждан – тәңірі мен дүние, шексіз бен уақытшаның, объект пен субъектінің арасын жалғастырушы жан қажеті, сұранысы. Онтологиялық жағынан қарасақ, ұждан – жаннан, жан алғашқы себептен тараты-лады. Бірақ, әрбір адамнің міндетті түрде жаны болғанымен, бәрі бірдей ұжданды болмауы мүмкін. Кей адамдар «жанның неге ұмтылатынын», «ұжданды тілейтінін» надандықпен біле бермейді. Шәкәрім адамның негізгі қозғаушы күші де, оған қуат беруші де – жан екендігін, ал жанды жаратушы оған қозғау салушы жоғары күш, яғни, құдайдың бар екендігін бекіте түседі. Таза ақылдың арқасында адам абстрактылықты меңгереді, пайдалыны зияндыдан ажырата біледі. Жанның тірегі бар. Ол – ұждан. «Жанның екі өмірде де азығы – ұждан». Ұждан деген – ынсап, әділет, мейірім, «жан – тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе», – дейді Шәкәрім өз толғанымында. Сонымен, Шәкәрім адамның ішкі әлемін талдауға, қуаныш-реніш, тіршілік мәнін, тұрмыс машақаты, әділет пен зұлымдық туралы ой түйеді. Адам

өзінің жаратылысы жағынан қайырымсыз да ақылсыз, жасық та қызба, еріншек те болып келеді. Ал, жалпы адамгершілік, имандылық мұраттардың терең орнығып, адамдар рухани және жан әлемі жағынан байи түсуі үшін ерік-жігер, талант пен ақыл-ой, тапқырлық пен батырлық өте қажет. Адамға мейірім ар-ождан, сабырлылық пен байқампаздық керек-ақ. Дегенмен, осының бәрінен де адамда ынсап болмаса бәрі де бекершілік.

Мағжанның философиялық көзқарасы бойынша, жан дегеніміз әлемді тануға бейім, әрі адамның ерік күш-жігерін өзіне аудару, әдемі буын, тамаша дыбыс, ғажап түрмен (пішінмен) ләззаттану. Жан жамандыққа жиіркеніш сезіммен қарап, жақсылыққа, ізгілікке қарай талпынады. Философ-ақын адам үшін жанның қаншалықты мәнді екені жайында: «Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұрады, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болады, дұрысын айтқанда, адамға шын мағынасымен адам деген атты осы жанға береді» [33, 168 б.] деп жазады.

Мағжанның ойынша, жан дегеніміз оның көріну формаларының жиынтығы емес, ол құпия қалпында қалады. Тек тіл ғана жан құпиясына жақындай түсуге мүмкіндік береді. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы арнасында Мағжан жанды, көбінесе, жүрек бейнесінде жырлайды:

Жүректе мені де өрте, бір күл қалсын,
Жүректе, жоқ күл емес, мың күл қалсын...
...Шын адам сол – ылғи шаттық жырымен,
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ.

Өз жүрегінің қалауымен, жан-дүниесінің тілегімен ғұмыр кешкен адам ғана бақытты дейді ақын. Бірақ Мағжан ғұмыр кешкен заман ақынның өз жүрек қалауымен өмір сүруіне мүмкіндік бермеп еді. Содан да ол:

«Уланды жүрек, жан күйді,
Ішім толған қызыл шоқ.
Не себептен, тәңірі ие,
Денеге ем бар, жанға – жоқ», –

деп күңіренеді, бұл пәнидегі өз ғұмырының, жалпы адамзат тіршілігінің мәніне ой жібереді.

Платон өзінің идеалды мемлекет тұрғындарын үш әлеуметтік топқа бөлген: мемлекет басшысы, билеушілер – философтар, сақшылар – әскери адамдар, өндірушілер – қолөнершілер мен диқандар. Осы үш сословиеге тура келетін үш ізгі қасиет бар: даналық – философтардың ерекшелігі, батырлық – әскердің қасиеті, ал қанағат, ынсап – халықтық қасиет. Осылардың бәріне ортақ, бәрінен жоғары тұрған ізгі қасиет бар, ол – әділдік деген. Мұсылман философтары әділдікті жанға, ақыл-ойға сай және оған қажет ізгілік ретінде қарастырады. Ал мейірімді Шәкәрім ізгілік, қайырым-шапағат, махаббат мағынысында қолданады. Әділдік пен махаббат барлық дінде кездеседі, христиан, мұсылман, тағы басқаларында құдай жолы – құдайды мойындап қана қоймай, оған ғашық, ынтық болу, соның құдіретін сезіну деп түсіндіреді. Алла мен адам арасын жалғастырушы – махаббат дейді суфистер. Шәкәрім махаббатты аллаға деген махаббатпен шектемейді, сұлулық пен пәктік арқылы адам бойындағы зұлымдық, тәкаппарлық сияқты жағымсыз қасиеттерді жеңуге болады дейді.

Ынсап – қанағат пен қарапайымдылықтың көрінісі. Қазақ халқы ынсап пен ашкөздік, байлық пен дүниеқоңыздық, ұстамдылық пен қанағатсыздық мәселелеріне көп көңіл бөлген. Ынсап Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи ілімдерінде мол кездеседі. Құдатғу біліктің төрт қағидасы: әділ, дәулет, ақыл, қанағат болып келуі тегін емес. Дәулет қашан да байлық, ал байлық үнемі дәулет бола бермейді. Байлықты адал жолмен тапса, сараңдыққа салынбай, жинай, жұмсай білсе сонда дәулет болады. Білімді адам дәулетті байлықтан ажырата алады. Ақылсыз, ынсапсыз жан байлықтың құлы бомақ. Бұқар жырау Абылай ханға айтқан толғауында:

Бұл қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Көрерсің сонан теперіш, –

дейді [48, 105 б]. Өзіңде барға қанағат қыл, сонда жаның жай тауып, бақытқа кенелесің деген мәнді сөзді түсінуге болады.

«Қанағат – адамда қызғаншақтық, сараңдық, нәпсіқұмарлық, ысырапшылдық тәрізді жағымсыз әдеттердің дамуына қарсы тұру қажеттілігінен туған моральдық құбылыс екенін айта кету жөн. Қанағат – тек қана адамның материалдық тірліктерді пайдалануда өзіне-өзі шек қоя білуі емес, сондай-ақ құмарлық әсерінен туған әртүрлі жамандықтардан сақтаушы рухани күш. ...Бір қызығы, қанағат адамға шек қоя отырып, оны еркін етеді», – деп жазады Гауһар Барлыбаева [55, 108 б.]. «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады» деген мақал да ойшылдарымыздың пікірімен үндесіп жатыр.

Шәкәрім түсінігінде ынсап ішкі рухани дүниедегі қанағаттан туады. «Талап пен Ақыл» деген өлеңінде «Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды» дей келіп талапқа алты түрлі ноқта тақтым дейді. Олар ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық, осы алтауының ішіндегі ең әділі ынсап деп келтіреді. Ынсап асып та кетпейді, кем де қалмайды. Рахым аяй біледі, адамға қаттылықты емес, нәзіктікті үйретеді. Ар дегеніміз – адамшылық, намыс, адалдық, ал ұят – орынсыз істеген ісің үшін есеп беру, өлімнен ұят күшті деген сөз бекер айтылмаған. Шәкәрім толық ақылды көп айтқанмен, әңгіме түйінін жүрекке әкеліп тірейді. «Шын бақ қайсы?» деген әңгімесінде: «Шын бақ деген – шын таза жүрек екен» дейді. Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық бәрі ақ жүректен шығады дейді, қасиеттердің ішінен үшеуін бөліп алып ұждан деп ерекше сипаттайды.

Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Имандылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал-мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған.

Шешен жігіт дүрмен тең,
Имансыз көңіл кірмен тең, –

дейді Шал ақын [48, 187 б.]. Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын

өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы.

Иман – болмысты танудың мүмкіндігі. Шәкәрім иманды әрбір адамның жеке басына қатысты іс ретінде түсінген, яғни иман танымдық категория. Шәкәрімнің иман туралы ой-толғамы да назар аударарлық. Ақын «сау ақыл менің иманым, аламын соған сыйғанын» – деп ашық айтқан. Демек, оның сенері – имандылық. Оған жетудің жолы ақыл. Иманға нандыратын – ақыл. Әрине, имандылыққа тек ақыл арқылы жету деген мәселе талас тудырары сөзсіз. Бірақ мәселе онда емес, сөз ақынның иман туралы өзіндік концепциясында. Шәкәрім иманды жалпы халыққа ортақ мәнінде емес, әрбір адамның жеке басына қатысты іс ретінде түсінген. Бұл орайда біз Шәкәрім дүниетанымының ерекше қыры туралы сөз етеміз. Ол иманды жеке адамның қабылдауына қатысты мәселе деп түсінген. Яғни иман, имандылық деген дүниетаным деген сөз. Адамның өз иманын тануы – онын дүниетанымының қалыптасуы деген сөз. Көп адамда дүниетаным емес, дүниеге көзқарасы ғана болады. «Сау ақыл менің иманым» – дейтін Шәкәрімнің ақыл мен болмысты тануға мүмкіндік алдым дегені деп түсінуге болады. Шәкәрім сау ақыл арқылы сол рухымен тану мүмкіндігіне, яғни иманға жетіп отыр. Шәкәрім айтуында иман – гносеологиялық, яғни танымдық категория. Имандылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» дейтіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады.

Ал Ғұмар Қараштың ойынша адамға ең керек қасиет – руханилық. Адамның күші оның руханилығында, адамшылығында, ал адамшылықтың басы – дінде деп түсінеді. Ғұмар иман мен ұятты бір негізде қарастырады.

Тұрады ұят тұрған жерде иман
Әдебі пайғамбардың бұған илан [56, 125 б.].

Діннің тірегі иман, сондықтан халықты иман жолынан ауытқымауға шақырады. Себебі «иман өзгерсе – дінің өзгереді. Дінің өзгерсе – дүниетанымың өзгереді. Таныммен қоса сенім де, сенімге орай дәстүр де, дәстүрге сай тәрбие де өзгереді. Ғылым мен өнер де басқаша мұрат-мақсатты нысана етіп, жат арнаға түседі. Солардың ықпалымен адамдардың арасындағы қарым-қатынас, бауырмалдық сезім, тектік қасиет, сыйласым мен сыйластық та өзгеріске ұшырайды» [57, 183 б]. Дін адамның ұятында, арында яғни оның иманында. Ұят жоқ жерде иман жоқ. Сол сияқты арсыз адамда да иман болмақ емес. Ұят пен ар иманның негіздері. Ұяты, ары бар жан Жаратушысын танып, иман келтірмек. Иманы берік халықтың рухы да мықты болатынын, имансыздық, ұятсыздық дінсіздікке апаратынын Ғұмар баса айтады. Сондықтан қай қоғамда болмасын дінге мықтылық, иманға беріктік керек. Ғұмар жан мәселесіне де көңіл аударған. Ислам діні бойынша адам жаны о дүниеге барғанда жауапқа тартылады. Оның жер бетінде жасаған жақсы, жаман істері таразыға салынады. Себебі жердегі тіршіліктің иесі адам болғандықтан, оның жаны, рухы өзге тіршілік иелерінен жоғары тұр. Ғұмар екі дүниеде де адамға иманы жолдас деп түсінген. Иманды адам жан азығы арқылы жетілдіріп, шыңдап отыруы абзал. «Алла тағала рух арқылы адамның тәніне жан салғаннан кейін ғана адам өзінің өмірлік мақсаттарына келе алады немесе адам мақсатты – тіршіліктік жаратылыс қалпына ене алады. Адам материалдық өмірді жандандырады, іске қосады, оған рухани жылулық беріп, махаббат сәулесін шаша алады және өзі жасаған заттар мен құбылыстарға әдемілік бере алады. Олай болса, жан адамға берілген басқа қасиеттерге қарағанда маңыздырақ құбылыс болып тұр. Өйткені адам тек жанның қуаты арқылы ғана тіршілік етеді, өмір сүре алады. Жан арқылы ғана адам тәні шынайы тіршілікке ие болады. Ал жан тән арқылы ғана өзін көрсете алады, дами алады. Тән жанның даму құралы. Тән тозғанда жан өз тіршілігін тоқтатады. Жан адамның жердегі тіршілігі үшін жаратылған» [57, 41 б.]. Шәкәрім «ұждан» мәселесін жанның азығы ретінде қарастырған. Бұл көзқарас Ғұмар дүниетанымынан да орын алған.

Имандылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол, біріншіден, дін, яғни, ерте ғасырлардың өзінде ұланғайыр қазақ сахарасына кең тарап, жергілікті ұлттардың (оның ішінде түркі тектес тайпалардың) арасына сіңіп, олардың өмір – тіршілігімен қабысып кеткен ақиқат дін – Ислам діні. Пайғамбарымыз Мұхаммед жайған діннің ең тазасын қаймағын бұзбай, сол қалпында елдің санасына жеткізген әулие аталарымыз. Халқымыз имандылық нұрының бастауларын сондай жүрек көзі ашылған перзенттерінен алды деп толық сеніммен айта аламыз. Екінші тірегі – салт-дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет-ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым-зерттеушілерді тамсандырғанын білеміз. Имандылықтың үшінші тірегі – ана тілі. Ананың бал әлдиімен бойға дарып, жүрекке сіңген ана тілдің құдіреті байтақ даламызға береке дарытты, ұлттың ұлан – ғайыр жерде бытырап жоғалмай, бір шаңырақ астына бірігуіне күшті құрал болды.

Осындай басты-басты үш қасиетті берік ұстаған ата-бабалар біздерге, кейінгі ұрпақтарына «адастырмас айқын жолды» көрсетіп кетті. Данышпан Абай бір қара сөзінде: «ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен… Екіншісі намысқор келеді екен», – деп қапаланып жазады. Біз де Абай дана өкінішінің артын құшып жүрмейік. Иманымызды ту етіп, соған жету үшін бар күш-жігерімізді салып, аянбай еңбек етейік.

Қазақта имандылық адамгершілік, ізгілік қасиеттерді білдіреді. Имандылықтың мұндай мағынаны білдіруі қазақтың мұсылман болуынан туындаған. Имандылық сөзі иманнан шыққан. Иман – жүректегі нұр, имандылық соның сыртқы пішіні. Имандылық – Алла Тағалаға иман еткен адамнан туған көркем мінез. Имандылық көркем мінезі әрбір мұсылманның бойынан табыла бермейді, әрбір мұсылманның сипаты имандылық пен көркем мінезді болуы шарт емес. Атам қазақтың адамгершілік ұғымын имандылық сөзімен беруінде ерекше

мән бар. Өйткені, адамгершілік пен имандылық арасында үлкен айырмашылық бар. Адамгершілік – барлық адамның бойында бола алатын адамның адамдық болмысынан туған қасиет. Имандылық – әлемнің Жаратушысы, Ұлы Досына деген иман атты сүйіспеншілігінен туған аса ізгі қасиет. Яғни, әрбір имандылықта адамгершілік бар болса да әрбір адамгершілікте имандылық болмауы мүмкін. Сондықтан қазақта имандылық – ауқымы аса кең ой-толғамға ие, ерекше мәнді ұғым. Қазақ иманын – өз болмысының тірегі мен ар-ожданның асыл тас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған мына сөз куә: «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы». Бұл жерде «арым» деп отырғаны – иман. Қазақ иман мен имандылықты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) үйренген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Мен адамдарға көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім» деу арқылы әлемдегі имандылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсеткен. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с) имандылықты жаю жолында өзі бірінші үлгі болған. Ол имандылық пен көркем мінезділікте алдына жан салмайтын теңдессіз жан болатын. Ол бірде: «Мені Раббым тәрбиеледі. Әрі аса көркем түрде тәрбиеледі», – деген болатын. Негізінде, Аллаһ Тағаланың адамды жаратудағы негізгі мақсаты осы иман мен имандылық. Сондықтан адам баласы Ұлы Аллаһқа иман етіп, Оның мінезіне ұқсау керек. Жер бетіндегі адам баласының Аллаһтың мінезіне ұқсауы – осы имандылық.

Адал етсең, еңбектің жемісін жеп,
Шалқыған ел-жұртым, боларсың көңілің шат» –

дейді Шәкәрім [32, 186 б.].

Қазақ халқы рухани құндылықтарға өте бай, мысалға адал, адалдық деген ұғым, ол адам іс-әрекетінің өлшемі, яғни ардан аттамай, ешкімнің ақысын жемей, біреуге қиянат жасамайтын адам, сонымен бірге «таза» деген мағынада, ішіп-жеуге арналған таза азық дегенді білдіреді. Адалдық руханилық ретінде қалыптасқан құндылық. Ол өз-өзінен қалыптаспайды, оны болашақ ұрпақтың бойына сіңіру қажет. Адалдық – өмірдің

барлық жағдайларында адамның өз уәдесінде тұрып, қалыптасқан адамгершілік нормаларына сай әрекет ететін талап. Егер күнделікті тіршілікте адалдық пен арсыздықты шатастырып, рух тазалығын жаман мінездердің құрбаны қылсаң, онда ешқандай өнегелілік, ізгілік жолына түсе алмайсың дейді қазақ ойшылдары. Олардың шығармаларынан жақсы мінез қалыптастыратын кісілік, жомарттық, кішіпейілділік, төзімділік, әділдік, инабаттылық, шыншылдық, сабырлылық, қанағатшылдық сияқты көптеген категориялар көрініс береді. Қанағатшылдық, шүкіршілік, тәубашылдық қазақ жыраларының есептеуінше ұстамдылық, сабырлық, тоқтамдылық сияқты абзал қасиеттердің үлгісі.

1.3. Жыраулар дәстүріндегі рухани сабақтастықтың этно-мәдени негіздері

Руханилық – тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі. Руханилық бастауы әр адам бойында азды-көпті бар, бірақ ақылдың көмегімен, білім алу арқылы руханилыққа жетемін деуге болмайды. Өз бойында адами қасиеттерді дамытып, өз білімін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді. Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы жетеді. Ар-ұят, адалдық, еңбек махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады. «Руханилықтың арқасында адам мәдениет әлеміне енеді, оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді, – дейді М.С. Орынбеков. – Сонымен бірге руханилық дамыған адамды заттың, табиғаттың себептерінен ерекшелеп тұратын қыры болып табылады» [59, 196 б.].

Адамның рухани жаңаруы, оның адамгершілігінің күшеюі қазақ ойшылдарының шығармаларында кеңінен өріс алды. Қазақ ойшылдары адамның рухани жаңаруын адамның санасында, дүниетанымында қалыптасқан адамгершілік сезімінің қалыптасуы арқылы қарастырады. Адамның екі жағы – рухани және материалдық болмыстары бар. Рухани болмыс жан мен

рухтан құралады, ал материалдық болмыс – психикадан, яғни нәзік денеден және тәннен құралады. Әлемде өзін бақытты сезіну үшін адам рухани және материалды жағын тең ұстауы қажет.

Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адам-аралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы. Руханилық мәдениеттің құнарлана түсуіне, оның іргетасының бекуіне ықпал ететіндіктен, руханилықтан алшақ мәдениеттер мен өркениеттер іштей құрылымдық ыдырауға ұшырайды. Руханилық жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да, дінге де аса қажет. Ол – қоғамымыздың әлеуметтік дамуы, рухани жетілуі үшін нәр алатын асыл құндылықтар. Қазақ танымында үш түрлі білім қоры жинақталған. Олар – табиғат туралы, қоғам туралы және осы екеуінің қабысуында туындаған адам туралы ұғым. Бүгінгі ғылым дамыған дәуірде табиғат пен қоғам туралы ғылым-білімдердің шарықтап, сан-сапалы арнаған түскені баршамызға белгілі. Ал адам өрісі табиғат бөлшегі ретінде қарастырылады.

Қазақтың рухани жан дүниесін, ішкі құбылысын, рухын тануда зерттелетін мәселелер көп. Егер де рух туралы айтар болсақ, ол туралы нақты анықтама беру қиынға соғады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рух дегеніміз табиғи, материалдық бастамалардан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы, қуатты, батылдықты білдіретін ұғым ретінде қарастырылады. Рух әлемі көзге көрініп, қолмен ұстайтын нәрсе емес. А.Х. Қасымжанов тарихта халықтың рухани негізі түрлі қиындықтарға кездеседі, алайда, рух бар жерде халық та болатындығын айта келіп: «Рухани байлық дегеніміз – саналы да, санадан тыс, сезім мен ақыл біріктіретін халық тұрмысының әдептілік тетігі» [60, 4 б.], – деп өз ойын жалғастырады.

Философиялық мәнінде рух абстракция, ол айқындалған шындық, немістің классикалық философиясында рух туралы көптеген құнды пікірлер бар. Сократтың шәкірті Платонға адам тек рух пен дененің бірлігі ғана емес, сол рух дегеніміздің өзі адамды адам ететін субстанция деген идея жатады. Адамның жалпы сипаты рухтың сапасына байланысты. Оның пікірі бойынша бірінші орында философтың рухы, соңында рақымсыз, жауыздың рухы жүретін «рухтардың бағыныш-

тылығы» бар. Себебі, философтың рухы даналыққа жақын, білімге құштар болып келеді, бұл адамның жануардан басты айырмашылығы. Аристотельдің адамды философиялық түсінуінің маңызды жетістігі оның әлеуметтік сипатын негіздеуімен байланысты. Ойшылдың «Адам мемлекетте өмір сүруге арналған тірі жаратылыс иесі» деген сөзі сақталған. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттауға қабілетті, ол қоғамда өмір сүріп, заңдарды меңгереді.

Ұлы ойшыл Гегель «Рух феноменологиясы» деген еңбегінде рухтың көріну формаларын айта келіп, өзіндік санаға ерекше тоқталады. Расында, өзіндік сана мен адамның еркіндігі, бостандығы бір-бірімен байланысып жатқан диалектикалық құбылыс. Адам дүниеге келген уақыттан бастап еркіндік пен бостандық туралы идеямен өмір сүреді. Гегельдің пайымдауыша «Еркіндік өлім мен өмірдің арасындағы процесс», «Ақыл-ой дегеніміз – рух» деген пікірлер жатады. Әрине, рухты жалғыз ақыл-оймен жеткізу, сипаттау жеткіліксіз.

Гегель еркіндік ұғымын «рухтан» шығарады, бұл логика, табиғат философиясы және рух философиясынан тұратын гегельдік жүйенің үшінші сатысы. Мұнда абсолюттік идея табиғаттан бөлініп, жанданады және өзінің мәнін абсолюттік рухтан табады. Адам табиғаттың бір бөлігі. Бірақ адам рухы – табиғаттың жемісі емес, абсолюттік рухтың жемісі. Табиғаттың өзі де рухтан өсіп-өнген. Рухтың өзіндік дамуы үш сатыдан тұрады. Біріншісі – «субъектілі рух» – үш түрге бөлінетін жеке адамдық сана; екінші сатысы – «объективті рух» – адам қоғамы және оның басты үш формасы: құқық, адамгершілік, мемлекет; үшіншісі – «абсолютті рух» – өнер, дін және философиядан тұрады. Рух төменнен жоғарыға өтудің даму жағдайында болатын бүтін және тұтас нәрсе. Гегель рух дамуының қозғаушы күшін субъект мен объектінің диалектикалық қайшылығы деп есептеді. «Рух субстанциясы дегеніміз еркіндік, яғни, басқадан тәуелсіз болу, өзіңе деген қарым-қатынасың» [61, 207 б.], шындығында еркіндік қажеттілікті жок қылудан емес, нағыз мінезі бар оның санасындағы мазмұнын ашудан тұрады. Адамзат тарихы еркіндік санасындағы, яғни рухтың, ойдың алға дамуы болып табылады.

Руханилық өз мағынасында адам мен қоғам арасындағы қатынастың дәнекері болатындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Өйткені, адам оларды қоғамға тән барлық құндылықтар арқылы бойына сіңіріп отырады. Сол сияқты руханилықтың ата-текке де байланысты қасиеттерін де жоққа шығаруға болмайды. Осы жерде Бұқар жыраудың: «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге» деген жырын мысалға келтіруге болады. Біздің пікірімізше, адам рухы табиғаттан тыс құндылықтар ретінде сипатталуы қажет, яғни рух адамның дүниені түсіну нәтижесінде қалыптасатын, өз тіршілігі үшін адамның болуын қажет ететін ұғым ретінде қарастырылады. Адам рухы шектілікті заңдарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі және өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған руханилық тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады. Осы рухани тектіліктер арқылы қоғамдағы мағыналы құндылықтар мен қазыналар ұдайы өмір сүреді, олар салт-сана, әдеби, ғылым, өнер шығармашылығы арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да адамның руханилығы шексіз.

Адам бірегей және әмбебап, қабілетті, ешкімге тең келмес табиғат жаратылысы. Адам – ішкі және сыртқы арақатынаста болады. Адамның рухани әлемі – оның ішкі өмірі, бірақ ол іс-әрекеттің түрлі формаларында, еңбекте, ойында, көркем шығармашылықта көрінеді. Адам – қоғам мүшесі. Ол тұтас, бірақ бір текті, бірыңғай емес. Адам биологиялық, әрекет етуші, саналы, сезімді, рационалды, этикалық тұлға болып табылады. Адам өз рухани әлемін, ғылыми құндылықтар, өнер, мораль әлемін өзі жасайды. Адам тарихи тұлға, ол қиын да қауіпті жағдайлар күтіп тұрған болашақтан үміттеніп, ішіне енеді, оған жеке өзінің де, баса адамдардың алдында да жауапкершіліктен қашып кете алмайды. Мұндай кезде оған дамыған философиялық қор қажет. Көптеген адамдар табиғатына, тағдырына ренжиді, олар ойланады, пайымдайды, бағдарламалар жасайды, бірақ қордаланып тұрған философиялық байлықты көрмей өтіп кетеді. Философиясыз адам туралы көзқарас

әрекетсіз, жұтаң болып көрінеді. Бұл ақиқат. Адам мәні оның іс-әрекетінің негізгі нысандары – танымы, ой-санасы мен еңбегі арқылы көрінеді. Адамның маңызды қажеттілігі оның әлеуметтік өмірін жан-жақты дамытып, сақтау болып табылады.

Адам өзінің даму процесінде қажеттілік пен еркіндіктің бірлігі екендігін айқын көрсетеді. Бір жағынан ол табиғатпен тығыз байланысты, соған бағынышты, екінші жағынан ақыл-ойы, зердесі, парасаты бар. И. Канттың ойынша, адамның түпкі мәнінің өзі еркіндікке жатады, оны айқындап көрсететін – оның парасаты мен адамгершілігі. Адамгершілік адамның бақытқа ұмтылуымен тығыз байланысты, ал адамгершілік үшін форма қажет. Канттың ойынша ол категориалды форма – парыз. Егер адам істеген ісін парыз деп түсінсе, онда адамгершілігі бар, парасатты адам болғаны. Адам өзіне мақсат қоюы керек, өз іс-әрекетін де басқаға құрал емес, мақсат ретінде қарауы керек. Канттың ойынша ең жоғарғы және қасиетті – ол адам, яғни адам өмірдегі ең жоғарғы мақсат. Кант философия тарихында алғашқылардың бірі болып адамгершілік рухтағы этиканың негізін қалаған [62, 155 б.].

Адамның руханилығынан туындаған жеке тұлғалық болмысының толыққандылығы адамгершіліктің, тәрбиеліктің көзі, іске асырушысы болып табылады. Осындай жағдайда кешегі заманда ғы тоталитаризм жүйесі кезеңінде адамның жеке қасиеті мен шығармашылық қасиеттері арасындағы байланыстың үзіліп, адамның жеке тұлға ретіндегі кісілік қасиеттері қарастырылмай кеткендігін атап өтуіміз қажет. Себебі, адам, шамасы келгенше, өткен кезеңдер тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, оның рухын өз бойына сіңіруге тырысады. Сол себептен де адам бойында, оның кісілік болмысында, сана сезімінде қазіргі рухани мәдениетіміздің кейбір формалары мен өткен кезең мәдениетінің көріністері, бейнелері ұшырасады. Кей жағдайларда олардың арасында қайшылықтар болып қалуы мүмкін, мұндай кездерде ол кедергілерді адамның дүниетанымдық мүмкіндігіне, мұраттарына, кісілік қасиеттеріне байланысты жеңуге болады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғиығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани байытады. Өткен кезең

мәдениетінің інжу-маржанын өз бойына сіңіре алмаған, одан рухани нәр ала алмаған адам бүгінгі заман ағымына ілесіп, өзіне сай ерекшелік дәрежесіне еркін жете алмайды.

Қазақ халқында «жеті атасын білмеген жетесіз» деген дүниетанымдық мағынада айтылған керемет философиялық көзқарас бар. Бұл ұғымның мәні өте тереңде жатыр. Ата-баба аруағын сыйлау, кішірейтпеу – әрбір қазақ азаматы үшін қасиетті борыш саналады. Адамның рухани дүние болмысы томаға-тұйық бітім емес, ол шексіз. Сондықтан, оның даму және жетілу үдерістерінің мүмкіндігі жоғары дәрежеде болады. Адамның кісілік, тұлғалық рухтық көрсеткіштерінің бірі деп адамдардың бір-біріне деген сыйластығы, олардың әртүрлі сарындары, іс-әрекеттілігін бір сабырмен, салқындылықпен қабылдап алуын айтамыз.

Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну бар. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері анық. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, қазақ жыраулары ұлт болмысының тағдырына сын көзбен қарауда оның ұлттық рух пен үндескен тарихи-әлеуметтік кеңістігін өздерінің рухани кітапханаларында сақтап қалған. Сонымен қатар жырауларымыздың философиясының мазмұнын зерделеген сайын, сол дәуірде ел, жеке адам, жер тағдыры үшін қоғам шындығы тұрғысында ойланған зиялы адам бейнесі де көз алдымызға келіп отырады.

Жыраулықтың мәдени дәстүрі рухани адамның ақындығы мен сауаттылығында, сезімталдығы мен зерделілігінде, терең пайымдаушылығы мен нақты кісілік шешім қабылдауға дайын келетін табандылығында және ел болмысының мән жайын терең ұғынып, рухани тәжірибесін ұлттық рухтың интеллектуалдық қуатына айналдырып отыруында. Яғни жырау әрбір ұлт мүшесі жеке адамның ұлттық табиғатын, ұлттық көзқарасын қалыптастырып, ұлттық ойлауының өрісін кеңейтетін ана тілдің, ұлттық ділдің, ата баба дінінің, ата баба дәстүрінің қамқоршысы.

Жыраудың ханға айтқан тура сөзі кімге де болса зиялы кеңес. Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық

идеялық негізде қалыптасуына себеп болған – ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. Жекелеген адамдардың ұлттық өнерінің бойында бар идеялар, халықтың ішінен зиялылардың ел алдына шығуына, елге кәсіби білім бағытында қызмет етуіне жетекші болғандығы көпшілікке аян. Сол сияқты «жыр рухына» кездейсоқ қарау мүмкін емес, әсіресе қазақ елі үшін жыр ұлттық идеяның терең арнасы. Ел мүдесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, бірі өмір сүру үшін бірінің қажеттілігін сақтап, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырған осы жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы.

Қазақ жырауларының ұғымында әр адам өзінің кісілік рухына адал болса, өз ісінің зиялысы. Тұлғалық адамнан талап етілетін қасиет. Сол себептен зиялылық адам санасында не істеу керек деген сауалдан емес, бірлікке ұмтылыстан, елдікті ұғынудан, құрметтеуден туындайтын қасиет.

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа [48,28 б.].

Кейінгі ұрпаққа айтып кеткен Асанқайғы даналығының мазмұны осындай. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Осы бағытта қазақ жырауларының тағы бір бағыттағы ой толғамдары ұлттық мүддеге бағытталды:

Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт [48, 32 б.].

Ел дегеніміз ұлттың тамыры қалыптасып, халықтың бірлікте, еркіндікте өмір сүріп жатқан ортасы. Елдің бейнесі бейбіт, тынысы ұлттық кәсіп, рухани өмірі бірлік, елдік қарым-қатынасы. Ел сонымен қатар ердің ұясы, негізі, тірек ететін негізгі қуаты. Жұрт деген ұғымға келетін болсақ, қазақ халқы өзінің ата мекенін айналып көшіп жүре бермеген, қазақ отырықшы да халық. Оның себебін «жұрт» түсінігінен байқауға болады. Адамның өрісі ел дейтін болсақ, оның дүниеге келіп, өсіп-өнген шағы, аяқтанған кезі мұның барлығы елдің рухымен де тығыз байланысты. Ата мекен жердің аумағы тарылып, ел азайған шақта ұлттың жойылмауына оң ықпалын тигізетін нәрсе, бұл әрине туған жерге теген түсінік. Қазтуған жыраудың «ел-жұрт» толғауының экзистенциалдық идеяға айналып отырған себебі осында. Яғни «жұрт» елдің, ердің тарихи ізі, санада сақталатын бейне, адамды елдікке бастайтын білім.

Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз

ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Асанқайғы дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады. Асанқайғы адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оның өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті.

Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама,
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама [48, 28 б.].

Асанқайғы азаматтық міндеттің жүгіне, күнделікті нақты түріне көңіл бөледі. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асанқайғының ұғымында, жұртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара оңды қарым-қатынас жасауы орынды. Оның пайымдағаны:

«Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады» [48, 25 б.].

Асанқайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кімнен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сүрудің

негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа» немесе «Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа –

деген өсиетті ұстайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» дейді. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады.

«Есеніңде, тіріңде, бір болыңыз бәріңіз» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлыңғырлық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным – борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық – ойшыл үшін жат құбылыс. Жырау әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

Есті көрсең кем деме,
Бәрі тұйғын табылмас;

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желке құрыстырып ұрыспайды. Әдептіліктің әр қыры мен сыры – бақыт көрінісіне

лайық. Дегенмен бақыт – адамға деген ерекше сыйласу мен махаббат сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақытты жандар ғана өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады. Бақытқа кедергі – ағайын мен ел арасындары бітімсіздік, ондағы мүдде алшақтығы, қасиет кенжелігі, сөйлесу қағидасының бұзылуы. Сөйлесуде өзара түсінік жетіспесе, онда үйлесімділіктің, ынтымақтың болмауы.

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл, шығын сөз ғаріп...

Ата жұрты бұқара
Өз қолыңда болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп [48, 27 б.]

Адамның ішкі дерті азғындаған уақытта, замандағы ғаріптің түрі де, зардабы да көбеймек. Ғаріптік – заман ағысы адамзат тіршілігіне ыңғайсыз жағдайда дерт болып асқындамақ. Бірақ ақын заманды құрастырушы мен билеушілердің мінез-құлқын, іс-әрекетін сынап, мінеді. Адамын тану арқылы ақын заманды тануға, заманның ағымын пайымдауға талпынды. Мұраты биік адам мен ұрпақ қана заманды өз талаптарына сай дұрыстауға ықылас-ынта білдіреді.

Жорықтың алдыңғы шебінде, айтыс-тартыстың басы-қасында, елдің бел ортасында жүрген Шалкиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көңіл аударған, кісілік қасиеттерге қайта-қайта оралған. Шалкиіздің өзі көп оқыған, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен. Жорықта, соғыста, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жұрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны»,

«арғымақтан игі малы болар ма» – дейді Шалкиіз жырау. Шалкиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малыңды тәрік етер, ат-тоныңды бұлды етер, өз басыңды олжа етер». Хан Темірдің осындай қиқарлығын көрген Шалкиіз одан алшақтайды. Шалкиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман айғақ болар басыңа [48, 44 б.]

Жемсаудан арылып, дұспан жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу – қажетті үндер және керекті күндер еді. Сондай сындарлы кезеңде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәңірімен ниеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы – тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Еріккеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қисынсыз қылығымен көрінгенді қинайды. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен күле кіріп, күңірене шығады. Теріс пиғылды іштегі дұшпан. Жамандар қоңқалап, бір жақсыны көре алмайды. Жаман ұшқан жапалақтай аяқ астынан табылады, жағасы оның тайғақ,

әркімге ұрынады. Өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ. Сөз ұқпай, ұлағат тұтпай, сырт айналып кетеді. Іштей менмен ел арасынан табылмайды, кісіден тартып алғанымен жарымайды. Туырлығы жоқтың, туғаны жоқ, тыраңдап түзге де кетеді. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдің, әйелдің, сәбидің қанша көз жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басыңа».

Жақсы мен жаманды адамдық пен күрес өлшемімен салыстырған Шалкиіз жырау тағлымы мол өсиеттер қалдырды. Солардың бірі:

Атаның ұлы ерлерге,
Малыңды бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма! [48, 53 б.]

Сырты құрыш, жүзі болат, ақыл-айласы көпке танымал, жанкешті ерлігімен көзге түскен жырау Ақтамберді Сарыұлы тұлғалық пен жорық тақырыбын жалғастырады. Адам бақытына жетсе, басына қондырса, жақсылармен тең өсер. «Білімді туған жақсылар, аз да болса көппен тең», ақ пейілмен сыйласар жолдаспен тең. Жақсылар елі үшін батырларша жорықтайды, қыңыр-қисықтан қорықпады. Жақсылардың жетегінде кетерін Ақтамберді жырау былайша жеткізеді:

Әділ туған жақсыға,
Екі даугер жүгінсе,
Тізесін қисық бұрмаса,
Асылдығы білінер. Енді бірде:
Орын тапқан ер жігіт
Жерсіз болар деймісің,
Орда тігіп орнаса
Төрсіз болар деймісің! [48,76 б.]

Ақтамберді жырау өмір ережесін жақсыларды марапаттау арқылы ғана емес, жамандықтың бастауын іреп, салдарын

саралайды. Жамандық адамдардың бірін-бірі қорлаудан, зорлаудан басталады. Қорлау да, зорлау да – жендеттік, пенденің бағын аштырмайтын жексұрындық. «Жаман болса жолдасың, астыңнан өткен сызбен тең», «Жаман туған жігітке, рақатты күн бар ма». Жамандық – жауың. Екеуінің де түрі көп. Сонда кім жаман? Дәулетін көтере алмай желіккен, өз мінін білмеген, ата мен ананы сыйламаған, ертең не болатынын білгісі келмеген, күнде жанжалдың делебесін қоздырған, жетім мен жесірге қол ұшін бермеген, жалаулы найзаны қолға алып, Жаманның көрінісі күңгірт, салмағы сұмдық, әсіресе қашқанда ақыл, асқанда дегбір қалдырмайды.

Себебі: ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келінің жау.
Үйіңдегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойыңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең [48,83 б.], – дейді Үмбетей жырау.

Ел амандығы, жұрт жарасымдылығы жамандықта емес, тыныстың тұнығында, бірліктің беделінде еді. Есейгендер адамдық қасиеттің құнын ертерек ұқты, елдіктің күретамырына ту тікті. Жырау: «Сары аязда қата ма, қайнардың аққан тұнығы. Қап түбінде жата ма, болаттың асыл сынығы» немесе «татулықта береке», «бірлікте қасиет» деуі жаңа дәуірдің, жаңа қатынастардың талабына меңзегендей. Ойы сезімталдар мұны ұғар, онсыз адам үмітінен де, жақынынан да ақсайды – деп көрегендік танытады.

Бұқар жыраудың бас тақырыбы: дүние көркі – адам, адам көркі – оның жасар игілігі, белді қасиеттері; дүние – бай мен жарлы-жақыбайға ортақ, алма-кезек, мұнда мәңгі байлық та, жарлық та, көптік те, жалғыздық та жоқ. Адамның табиғатынан белсенді тұлға екендігіне жырау айрықша мән береді.

Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па
Атадан алтау туғанмен,

Оның ішінде бірі арыстан болмас па!
Арыстанының барында
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толғай да толғай дәурен сүрмес пе [48,116 б.] –

деген толғауы осы ойдың айғағындай. Абылай ханға арнаған: «Жұлдызың туды-ау оңыңнан, жан біткен еріп соңыңнан. Он сан Алаш баласын, аузыңа құдай қаратып...» – деген толғауында ханның мәртебесі, біріншіден, халықтың өзара бірлігін сақтай білуінде, екіншіден, халыққа өз саясатын қолдатқыза алатынептілігінде екенін алға тартады. Осыдан: адамды адам ететін – оның ортасы, нақты тәлім-тәрбиесі деген ұстанымды бекем ұстайды.

Рухани кемелдену мәселесі қашанда адамның өзіне-өзі үңілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады, өйткені барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Мәселе – тек өмірлік ұстанымда, дұрыс таңдау жасай білуінде. «Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпынысы, – дейді С. Нұрмұратов. – Ал кез-келген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес. өйткені, «мақсат – оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды. Бұл рухани әлемнің заңдылығына қайшы келетін іс-әрекеттер. Тек адамға біткен ішкі нұрдың күшімен, шыдамдылық пен мойынсұнушылық арқылы барлық қайшылықты жеңіп шыққанда ғана руханилықтың есігі ашылады» [53, 37 б].

Руханилықтың өлшемдерінің бірі ретінде адамның жақсылыққа ұмтылуын айта аламыз. Ненің жаман, ненің жақсы екендігін білу адамның алдынан шығып отыратын үлкен мәселе, ол таңдау еркіндігін туындатады. Жасаған жақсылығыңды айтып, міндетсінуге болмайды, онда ол руханилыққа жатпайды. Бұл жерде шынайы жақсылықты көрсете білу

керек. Шал ақын шығармашылығын қарастырсақ, ол барлық нәрсе адамға байланысты дейді:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің хақын жеме…

яғни, зұлымдыққа жол бермеу, жамандықты бетке қағу әр жанның парызы дейді. Жақсылықтың отын маздататын да, жамандықтың түйінін бықсытатын да адам деген ой айтылады. Сондықтан ол жақсылық қайдан шығады, жақсы адам дегеніміз кімдер, жамандық неден туады, жаман адамдар қандай деген мәселені сөз қылады. Жақсылық жасау адамның шынайылығынан туған нұрлы қадам, ол адамды бақытқа әкеледі.

Шалкиіз жыраудың пайымдауынша адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орнында ғана емес, жеке басының жақсы не жамандығында. Туған еліне қайырлы, ағайынына мейірлі, досына адал, дұшпанына қатал азамат адам атына лайық болады.

Жауға кисең берен ки
Егеулеген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе
Дұспанның қолы жете алмас, – [48, 44 б.]

деп жырлаған Шалкиіз жырау досқа адал, дұшпанға мейірімсіз болуға шақырады.

Дұспанға беліңді шешіп инанба,
Инантып тұрып өлтірер [48, 50 б.]

Бұқар жырау халықты қоғамға пайдалы мінез-құлыққа шақырады. Адамның жақсы болуы – елдің, көптің қамын ойлауда екенін Бұқар жақсы біледі және жақсы туған жігітті ел қамын ойлауға үндейді.

Ақсұңқар құстың баласы
Ұяда алтау тумас па?
Ұяда алтау туғанмен,
Оның біреу-ақ алғыр болмас па?
Алғырының белгісі
Ұзақтан жемді ілмес пе,
Бірге туған ұялас
Бізге сауға демес пе,
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе [48, 116 б.].

Ал, Ақтамберді жырау шығармалары гуманистік, адамгершілік идеяларды көтеріп, пендешілікті, өзімшілдікті сынайды.

Мал-басы өскен адамның,
Алды-арты бұрқан бу болар
Көтере алмай дәулетін
Көрінгенге қыр қылар… [48, 75 б.]

Өмірдегі қиыншылықтармен күресіп, ерінбей еңбек етсе, сол еңбектің жемісін жеп, бақ-дәулет орнайды. Өмірдің қызығы, елдің тыныштығы тату-тәтті бірлікте.

Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет, – дейді.

Өмірдің мәні туралы философтар пікірлерінің жалпы адамзатқа ортақ, әлдеқалай бір жиынтық тұжырым болып шығып жатуының да өзіндік жөні бар. Адам өмірінің мәні оның әлеуметтік жағдайларымен айқындалады. Адам – белсенді әрекет иесі. Ол әлеуметтік дамуды жеделдетіп немесе тежеп, оған тура ықпал ете алады. Тарихтың түрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратын адам өмірінің мәнін, құндылығын айқындаушы – сол адамның өзі және ол жеке адамнан, қоғамнан тыс ұғым емес, адамның мақсатты мен қоғамды диалектикалық тұрғыдан біріктіретін ұғым.

Өмірдің мәні туралы айтқанда, біз оралмай кете алмайтын бір ұғым бар. Ол – бақыт туралы ұғым. «Өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде» деген тұжырымның кез келген адамға түсінікті әрі жылы естілетіні содан болса керек. Бақыт дегеніміз – өз болмысының шарттары мен адамның кең ауқымды ішкі қанағаттанушылығына сәйкес келетін, өмірінің толыққандылығы мен маңыздылығын, өзінің адамдық мұратына жету күйін көрсететін моральдық сана ұғымы. Бақыт мұраттың сезімдік-эмоциялық формасы болып табылады. Бақыт ұғымы белгілі бір нақты объективті жағдайды немесе адамның субъективті күйін сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге адам өмірінің қалай болуы керек екендігі, ол үшін ненің игілікті бола алатыны туралы түсініктерді де саралайды. Осыған байланысты бақыт ұғымы нормативті-бағалық сипат алады. Бақыттың мазмұны әр адамның өз өмірінің мұраты мен мағынасын қалай түсінуіне байланысты.

Бақыт сондай-ақ тарихи және ұлттық шарттылық сипатта көрініс береді. Моральдық сана тарихында бақыт адамның тумысынан иелік ететін құқығы деп есептелген мезеттер болса да, іс жүзінде қоғамда езілген елдердің бақытты өмір сүруге тырысу әрекеттері аяусыз жаныштalып тасталатын жағдайлар, жеке адамның бақытына тосқауыл болатын тарихи оқиғалар да аз болмайды. Бақыт дегеніміз өз болмысыңа, жеткен табыстарың мен өз мақсаттарыңның іске асуы жолындағы күресіне қанағаттану, ал өмір мәні адамның өз ұмтылысын ұғынуы, алға қойған мақсаттарына деген сенімі. Бақыт пен мұрат ұғымдары адамның іс-әрекеттерімен тығыз байланыста айтылып, көркемдік бейнелермен көмкеріліп, көшпелі қоғамның далалық болмысымен шынайы ыңғайласып, бірлікте тұрады. Бақыт ұғымының өзі адамдардың достығына, сүйіспеншілігіне, қайырымдылығына негізделеді. Асан Қайғы:

Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнде артылып,
Не қылса да мол болар, –

деп бақ-дәулеттің келуі мен кетуі құбылмалы екенін ескертеді. Асан бақытты дегенде оның жиған байлығын айтпайды, адамның бақыттылығы оның ақылдылығында, елге қайырлылығында, сол қасиеттерімен жұртқа танылғанда ғана бақытқа жету мүмкіндігі болатынын айтады. Ақын-жыраулардың пікірінше адамгершілігі өте күшті, жомарт, аққөңіл, парасатты, қарапайым, адал адам ғана бақытты бола алады, ал пасық, өркөкірек, сараң адамның бақытты болуы мүмкін емес.

Қазір бүкіл прогресшіл адамзат қауымы қабылдаған демократиялық қағидалар біздің өмірімізге де мықтап ене бастады. Тұлғаның мүддесі қоғам мүддесінің астында тапталып қалмайтын болды. Бірақ бұл жағдай жекенің мүддесі үшін қоғам зардап шеге берсін дегенге апарып саймаса керек. Ол екеуінің арасындағы байланыстар табиғи, бірін-бірі толықтырып отыратын болуы керек. Қоғам бақытты болса ғана адам бақытты. Ал қоғамның бақыты оның әр мүшесінің бақытынан құралады. Қатардағы адамның түсінігіне салсақ, бақыттың белгісі жанына жайлылық, тәніңе ләззат беру болып шығар еді. Бұл да өмірлік тәжірибеден алынған, сонысымен көпшіліктің санасына орныққан жағдай болар. Солай болғанның өзінде оған жетер жол біреу-ақ. Ол – табиғи жол, еңбек жолы. Бұл жолмен көңілдің хошын табу – әр адамның өмірлік нысанасы болуға тиіс.

Өмір және оның мәні туралы ой қозғаған ұлылардың бәрі бақытты еңбекпен байланыстырады. Осы ұстанымды қуаттайтын ойшылдарды, ғұламаларды, көркем-өнер қайраткерлерін көптеп кездестіруге болады. Көпке танымал болмаса да, қатардағы салауатты адамдар да осыны мақұлдайды. «Бақыт тек еңбекпен келеді» деген тұжырым ертеден келе жатқан ақиқат, белгілі аксиома ретінде әлі күшін жойған жоқ. Адамның өзі таңдаған кәсіппен айналысуы, ұзақ және қызықты еңбек жолынан өтіп, мол тәжірибе жинап, кәсіпқойлықтың шыңына шығуы, шабытпен еңбек етіп, оның нәтижесін көруі – міне, адамды бақытқа бастап апарар баспалдақтар осы болса керек. Еңбек еткеннен кейін, оның зейнеті болады. Адал еңбек еш кетпейді. Қатардағы қарапайым адамдардың арасында өзі қалаған мамандығы бойынша еңбек етіп, көпшілік алып жүрген жалақысымен орташа күн кешіп жүрсе де, Отанының

аясында, достары мен туыстарының арасында, тату-тәтті өмір сүріп жүргенін бақыт санайтындар толып жатыр.

Ал шығармашылық жұмыстармен айналысатын адамдардың өз бақытын ерінбей, жалықпай, маңдай терін сыпыра еткен еңбегінен табуының мысалдары айшықтырақ көрінеді. Олар үшін еңбек үрдісінің өзі – құлшынысқа, ләззатқа толы аса жоғары эмоциялық күй. Олар еңбекті ешқашан «ауыртпалық» деп санамайды, «қиындық» немесе «азап» деп есептемейді. Шығармашылық жұмыспен айналысатын адам үшін әр жаңа туынды жасаудың өзі бір ғажайып сырлы дүниеге, нұрлы әлемге сапар шегіп келгенмен бірдей болып көрінеді. Әрине, шығармашылық еңбек ететіндердің халыққа танымал болатыны, олардың құрметке тезірек бөленетіні рас. Дегенмен барлық адам шығармашылық жұмыспен айналыса алмайды десек те, жұмыстың барлық түрін шығармашылықпен, шабытпен істеуге болатынын да жоққа шығаруға болмайды. Фабрика станогында, егінжайда, қызмет көрсету саласында немесе қатардағы көп мекеменің бірінде өз міндетін құлшыныспен атқарып жүрген адамдар баршылық.

Еңбек еткісі келген адамға еңбектің кез келген түрі құлшыныс тудырады. Мұны саудасы жүріп тұрған кәсіпкер де, машинасы жүріп тұрған жүргізуші де, егіні жайқалып өсіп келе жатқан диқан да, бір жерден кен қорын тапқан геолог та жақсы біледі. Еңбектен бақыт табу үшін әркімнің кәсіпті дұрыс таңдауы, оны сүйе білуі керек. Сондай-ақ еңбек мотивпен істеледі, оның ынтасы болуы керек. Түпкілікті мақсат пен нәтиже айқын болса, адам еңбегінің болашақ жемісін көре алса, кез келген әрекет шығармашылық үрдіске айналады, кез келген адам құлшына еңбек ететін болады.

Көптеген адамдар бақытты махаббатпен байланыстырады. Махаббат жолында бүкіл өмірін, байлығын, мансабын сарп еткендер де аз емес. Махаббат үшін аңызға татитын ерліктер мен адамды таңғалдыратын әрекеттерге баратындар барлық кезеңдерде де, барлық елдерде де аз болмаған. Шын ғашық адамдар үшін құйылып жатқан байлығың да, асып тұрған мансабың да қажетсіз болып қалуы әбден мүмкін. Қарсы жыныс өкіліне деген алабұртқан құлшыныс, жұптасып өмір сүруге

ұмтылу құбылыстары о бастан тек адамдарға ғана тән, табиғи, сонысымен де заңды құбылыс. Сондықтан да махаббатпен өмір сүру бақыттылықтың басты белгілерінің бірі болып келді және бұдан былай да бола береді. Шын махаббат екі жақтың психологиялық және тәни үйлесуінен, олардың бірін-бірі үнемі аңсап тұруынан, түптеп келгенде, өмірге ұрпақ келтіруге бастап апаратын жұптасқан тұрмыс құруынан көрініс береді. Махаббат – адам өмірінің аса нәзік, оның бақытына тура қатысы бар маңызды қыры.

Адамдарды біріктіруші күш ретінде қызмет ететін рухани құндылық – бұл махаббат. Махаббатты Адам-Әлем қатынасының өзегі етіп алған адам үнемі дамуға, жетілуге мүмкіндік алады. Дүниедегі бар жақсылық махаббатпен жасалады, махаббатпен нұрланады. Ең арғысы сәулетті үй салып, бітік егін өсірсеңіз, жер қойнауын қопарып кеніш көзін ашсаңыз, кітап жазып, ою-өрнек тоқысаңыз да қаншама ой қуатын, жан мейірімін жұмсайсыз. Өйткені, шын сүйіспеншілдіктен туған дүние ғана құнды, сұлу болмақ. Ғаламдық биіктен қарасақ та, махаббаттың орны орасан екені көрінеді.

Адам баласы бір жағынан табиғи сұраныстың негізінде нәпсілік әлсіздікке ұшырап отырса, екінші жағынан рухани дамудың принциптерімен де өмір сүруге талпынады. Мұсылман дінінде рухани қалыптасудың үйлестіруші құбылыстары қанағат, тәубә, нәпсі, иман ұғымдары арқылы көрініс береді. Тәуба ету, адам баласының барлық үлкен күнәларын жойып қана қоймайды. Жүрегінде иманы бар әрбір пенденің, Жаратқан иесінің рызалығын табудан үміті болса, ондай кісі тауба ету Алла тағаланың пендесіне болған сүйіспеншілігін оятады. Негізінде тәуба ету ол өзіміздің пайдамыз, әлемдегі адам заттың барлығы тәуба етпей өтсе де Аллаға титтей де кесірін тигізе алмайды. Бірақ Алла тағаланың мейірімді, рахымды деген сипаттары бар. Осы мейірім – рахымдылығынан пенделеріне жол көрсетіп, сол жолмен жүрген пендесіне разы болады. «Қазақ дүниетүсінігінде «тәубә» ұғымы қандайда болмасын іс-қимылдың шегін аңғартады. Барға разылық таныту, қанағатшыл болу, жоққа мойымау, астамшылдық жасамау тәубә ұғымының басты сипаттары. Тәубәшілдікте

асығыстық, жанталас жоқ, онда ұстамдылық басым. Қазақтың «асығыстық шайтанның ісі» деуі де сондықтан. Тәубә ұғымы шыдамдылықпен де байланыста. Шыдамдылық көнбістік емес, керісінше әліптің артын бағу, асығыстық пен ағат қимылдар жасамау. Керек десеңіз ол даналықтың көрінісі» [46,74 б.].

Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы. Өмірдің әртүрлі қиын жағдайларында мойымай, рухани даму жолында болу керектігін жыраулар пайымдап отырған және осы рухани дәстүр қазақ қоғамында қазіргі кезеңге дейін сабақтастығын көрсетеді. Имандылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» дейтіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады. Имандылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол, біріншіден, дін, яғни, ерте ғасырлардың өзінде ұлан-ғайыр қазақ сахарасына кең тарап, жергілікті ұлттардың (оның ішінде түркі тектес тайпалардың) арасына сіңіп, олардың өмір-тіршілігімен қабысып кеткен ақиқат дін – Ислам діні. Пайғамбарымыз Мұхаммед жайған діннің ең тазасын қаймағын бұзбай, сол қалпында елдің санасына жеткізген әулие аталарымыз. Халқымыз имандылық нұрының бастауларын сондай жүрек көзі ашылған перзенттерінен алды деп толық сеніммен айта аламыз. Екінші тірегі – салт-дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет-ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым-зерттеушілерді тамсандырғанын біліміз. Имандылықтың үшінші тірегі – ана тілі. Ананың бал әлдиімен бойға дарып, жүрекке сіңген ана тілдің құдіреті байтақ даламызға береке дарытты, ұлттың ұлан-ғайыр жерде бытырап жоғалмай, бір шаңырақ астына бірігуіне күшті құрал болды.

Рухани даму күнделікті өмірде адам деген атқа ие болу, бұл жолда құлдырау да бар, асқақтау да бар. Осы қалыптасудың негізі адамның әлеммен қарым-қатынасы. Өз бойындағы Махаббатын сыйлай білген адам нағыз рухани даму жолына түскен адам. Өзімшілдіктің, менменшілдіктің қақпанына түскен адам рухани дамудан алшақтай береді. Ар-ұяттан тыс өмір сүре бастайды, өзінің рухани қасиеттерінен айрыла бастағанын сезбей де қалады. Адам өзіне сын көзбен қарай бастаса ғана, ішіндегі ар-ұят сотының әсерімен ғана өзін жетілдіре, күшейте түседі. Өзінің пендешілік әлсіздіктерін жеңе білген адамдарды әулие, кемеңгер деп атаймыз. Олар нағыз Ақиқатқа барар рухани даму жолына түскен адамдар болып тарихта қалады. Әркім өз ішкі «Меніне» үңілуі керек. Бұл рухани дамудың алғашқы баспалдағы.

Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Имандылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал-мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған.

«Көшпенділік өркениет ақын-жырауларға даланың түпкі еркіндік принципін, адамның табиғи құқығын, аңғал демократияны бағалауға мүмкіндік берді. Теңдік пен еркіндік көшпенділердің рухани негізінде болған, біз біртіндеп осы құндылықтарға қайта оралудамыз. Өткенге көз жүгіртсек, түпкі еркіндік пен табиғи құқық ұзақ уақыттар бойы сақталған, өйткені көшпелі өркениет Еуразия кеңістігінде тіршілік еткен, ал Қазақстанда XX ғасырдың басына дейін созылған, ал кей белгілері қазіргі уақытта да кездеседі», – дейді белгілі философ М.С. Орынбеков [59, 157 б.].

Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмақ. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау

ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

1.4 Еркіндік мәселесінің қазақ жыраулары шығармашылығындағы өзектіленуі

Еркіндік мәселесіндей бір де бір философиялық мәселелер қоғам тарихында әлеуметтік және саяси мәнге ие болмаған шығар. Әсіресе оны қазіргі кезеңде халықтың тәжірибе жүзінде іске асыруға тырысушылығы қатты байқалады. Еркіндік – өз түсінігі мен қалауына сай ойлау мүмкіндігі бар адам өмірінің мәнін бейнелейтін негізгі философиялық категориялардың бірі. Еркіндік адамның өз ойы мен ісі үшін жауапкершілікте екенін білдіреді. Жауапкершілік сезімі адамның басқалармен бірге өмір сүру қажеттілігінен туындайды. Адамның ақылы мен ойы неғұрлым терең болса, соғұрлым оның жауапкершілік сезімі де жоғары.

Жеке тұлға үшін еркіндікті меңгеру – бұл тарихи, әлеуметтік және адамгершіліктік императив (тегеурінді талап), оның жекелік және қоғамды дамыту деңгейінің өлшемі. Тұлғаның еркіндігін шектеу оның санасы мен мінез-құлқына қатал талап қою қоғам үшін де, жеке тұлға үшін де зияны тиеді.

Жеке тұлғаның еркіндігі арқасында қоғам қоршаған әлеуметтік жағдайларға бейімделіп қана қоймайды, сонымен бірге өз мақсаттарына сай қайта құрады. Әрине, табиғаттан не қоғамнан күтіп отыратын абстрактілі еркіндік жоқ, бірақ еркіндікті таратушы, оның субъектісі жеке адам, ал соған сай ұлттар, таптар мен мемлекеті бар қауымдастық бар. Философиялық ойлау тарихында еркіндік қажеттілікпен бірге қарастырылады. Қажеттіліктің өзі адам қылықтарын басқарып, оның еркіне қарсы шығатын алдын ала болжау, тағдыр ретінде қабылданады. Еркіндік пен қажеттілік мәселелерін философия бойынша шешу, жеке тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы олардың өзара қатынасы халықтың барлық іс-қимылын бағалауда үлкен мәні бар. Егер адамдардың еркіндігі болмай тек қажеттілікпен іс жасаса, онда олардың өз ісіне деген жауапкершілігінің мәні болмайды.

Еркіндік мәселесіне байланысты адам мен қоғамның өзара қатынасының бірнеше түрі бар. Біріншіден еркіндік үшін күреске адамдар ашық түрде, қоғаммен келіспес жанжал арқылы шығады. Бұл қиын да қауіпті жол, еркіндік үшін күресте адам басқа барлық қасиеттерінен айрылып, бұрынғыдан да жаман күйге түсуі мүмкін. Екіншіден, әлемнен өзін бөлек ұстап, қашу арқылы, монастырға, өз әлеміне еніп, оқшаулану арқылы өз еркіндігін тапқысы келеді. Үшіншіден, көбінесе, өзі өмір сүрген ортаға бейімделіп, еркіндікті ұмытып, мойынсұнып кетеді. Еркіндік – жеке тұлғаның ішкі немесе сыртқы зорлықтың салдарынан емес өз пікіріне сай ойлап, іске асыра алатын мүмкіндігі бар, адам мен оның тіршілік етуінің мәнін сипаттайтын негізгі философиялық категориялардың бірі.

Әрбір қоғамның алдына қойған мақсат, міндеті болады. Соған сәйкес адамдарды тәрбиелеу өркениетке жету жолында белгілі бір мақсатқа жұмылдыру қажеттіліктері орындалады. Осы орайда материалдық қатынастар да үлкен үлес қоса отырып материалдық экономикалық құрылымының негізі болып табылады. Сондай-ақ идеологиялық қатынастарды қалыптастырушы әр халықтың әдеби өлең-жырлары, мақалмәтелдері, ұлттық, патриоттық нақыл сөздері өзгеше орын алады. Мұндай идеологиялық қатынастар арқылы жалпы

халықты бір қоғам болып бірігуге гуманистік, адамгершілік сезімдерге және ұлтаралық достық, бірлікке шақырған. Адамзатты тәрбиелеу әртүрлі жолдармен іске асады. Тарихтың әртүрлі белестерінде адам баласын тоталитарлық жүйемен, яғни зорлықпен, қысыммен тәрбиелеуде адамдардың еркіндік бостандықтарына шектеу қойылды. Адамдар өздерінің тәуелсіздік еркіндігіне жету мақсатында саяси философиялық ойлары мен әдеби шығармаларымен, өлең-жырларымен құрбан болды. Ал демократиялық қоғам адамдардың бостандығынан көрінеді. Осыған байланысты идеологиялық қатынастардың негізінде адамның ерік-жігері, ой бостандығы, сөз бостандығы қоғамдық қатынастардың нығаюына түрткі болады. Сонымен рухани бағытта болсын, материалдық бағытта болсын қоғамның қалыптасуы мен дамуында қоғамдық қатынастардың маңызы зор. Халық еркіндігі, сөз бостандығы мен ой бостандығы ұлт болмысының басты негізі ретінде қаралады. Бүгінгі күні еркіндік, тәуелсіздік, ұлттар арасындағы келісім, азаматтық қоғам т. б. құндылықтар қажеттіліктен туып отыр, бірақ оларды іске асыруда қайшылықтар бар. «Қалау шексіз болғанмен мүмкіндік шектеулі, – дейді Т.К. Бурбаев, – Қайшылықтар көзі осында. Олай болса, қалаудың өзі ұлт менталитетінен туындауы керек. Қалау адамды өмір сүруге құлшындыратын күш болғанмен, ұлт менталитетінен туындамаса, оған негізделмесе психикалық ауытқушылыққа әкеліп тірейді. Ұлт менталитетіндегі қалаудың шынайылығы еркіндікке байланысты. Рухани еркіндік шектеулі болса, қалау жалған. Ондайда көп құндылықтар сырттан еріксіз тағылады. Еріксіз адам сырттан танылған құндылықтардың ақ-қарасын, пайдасы мен зиянын да бағдарламай қалай береді. Тек еркіндік барда таңдау, сұрыптау, талдау, сосын барып қалау бар» [46, 77 б.].

Жеке тұлға үшін еркіндікті игеру – бұл тарихи, әлеуметтік және адамгершіліктік императив, қоғам дамуының жекелігі мен даму деңгейінің критериі. Философиялық ой тарихында еркіндік дәстүрлі түрде қажеттілікпен қатынаста қарастырылады. Қажеттіліктің өзі адамның тағдыр, жазмыш, болжау түрінде бұйрық берілетін іс-әрекеттері мен оның еркіндігін жоққа шығарушы түрінде қабылданады.

Таным мен еркіндік шығармашылық процестің өте қажетті, өзара жанама алғышарттары. Олар бұл жерде диалектикалық бірлікте болады. Таным шығармашылық болғандықтан еркіндікті, ал еркіндік іске асқан мүмкіндіктерді таңдаумен шектелетіндіктен танымды қалайды. Практикалық әрекеттегі ақиқат еркіндік диапазоны танымнен анықталады. Еркіндік тек қана қажеттілік танымы емес, сонымен бірге мүмкіндіктердің ашылуы және осы қажеттіліктің адамның өмірлік мақсаттарына бағындыру құралы. Шығармашылық процесс мүмкіндікті іздеумен байланысты болғандықтан, оның объектісіне тек қажеттілік қана емес, кездейсоқтық та жатады және бұл мәнді.

Еркіндік мәселесі тарихта ұзақ даму жолынан өтті. Еркіндік Кант пен Гегельдің, Шопенгауэр мен Ницшенің, Сартр мен Ясперстің, Бердяев пен Соловьевтің ой-толғауларының негізгі тақырыбы болды. Еркіндік қажеттілікпен, теңдікпен, әділеттілікпен қатар қарастырылды.

Еркіндік категориясы адамның мәні мен тіршілігін сипаттайды. Тарихта еркіндік ұғымы қажеттілік ұғымымен өзара қатынаста қарастырылады. Спиноза еркіндік пен қажеттіліктің өзара байланысын ашып, олардың таным процесінде маңызды рөл атқаратынын айқындаған. Еркіндік дегеніміз танылған қажеттілік дейді Спиноза. Сондықтан еркіндік адамның өз өміріне, қоршаған ортасына тығыз байланысты. Адам өз ортасын жете түсіну арқылы еркіндікке жетеді. Еркіндікті диалектикалық тұрғыдан түсіну XVII-XIX ғасырлардан басталады. «XIX ғасыр мен XX ғасырдың саяси-қоғамдық оқиғалары еркіндікті қажеттілік арқылы ғана ұғыну негізінде анықтаудың тар өрістілігін көрсетті. Сонымен, еркіндік адам өмір сүрген ортаны практикалық жолмен өзгерту болып табылады. Олай болса, еркіндік туралы анықтаманың ішкі диалектикалық байланысының екі жағы бар. Бірі – адамдардың өзін айнала қоршаған дүниені, қоғамды, қажеттілікті біліп, түсініп тануы. Бұл ғылымның және дүниетанымның ағартушылық бағытымен тығыз байланысты. Бірақ, мұнымен шектеліп қалуға болмайды. Еркіндіктің екінші жағы қажеттілікті, яғни, айнала қоршаған дүниені толығынан адамдандырып, өзгертуде

жатыр. Бірақ, еркіндіктің бұл жақтарын бір-бірінен бөліп алып, әрқайсысын тым асыра бағалауға болмайды. Егер оның бірінші жағы қарапайым ағартушылыққа алып келсе, екінші жағы дүниені жалаң түрде адамнан қол үзіп өзгертуге, яғни, қайта құруға бағытталса, мұндай процесс өте қауіпті болады. Ол адамдардың сыңаржақ іс-әрекетін тудырады» [63,163 б.].

Экзистенциализм (лат. – өмір сүру) немесе өмір сүру философиясы қазіргі философиядағы кең тараған бағыттардың бірі. Бұл философиялық бағыттың бастаушылары Мартин Хайдеггер, Ясперс, Жан Поль Сартр, Габриэль Марсель, Альбер Камю болды. Экзистенциалистерге көп әсер еткен Кьеркегор мен Ницше болды. Діни (К. Ясперс, Г. Марсель, Н.А. Бердяев, Л. Шестов) және атеистік (М. Хайдеггер, Ж.П. Сартр, А. Камю) экзистенциализм деп екіге бөлінді. Бұл ілімнің негізгі ұғымы экзистенция – объект мен субъектінің бөлінбес біртұтастығы ретіндегі адамзат тіршілігі. Өзіне, өз мәнін таңдау мүмкіндігі бар жеке тұлға еркіндікке ие болады. Еркіндікті таңдау индивидке әлемдегі болып жатқанның бәріне жауапкершілікті сезіндіреді.

Экзистенциализмдегі философиялық пайымдау негізі тұлғаның «өмір әлемін» құратын жекедаралылық болмысы, мәні, білімі, құндылықтары арқылы іске асады. Өмір әлемі – материалдық әлем нысаны емес, руханилық әлемі. Экзистенциалистердің негізгі ұстанымы тіршілік мәнге жол береді, яғни адам алдымен тіршілік етеді, содан кейін тұлға ретінде анықталады. Олардың ойынша, адам – өлімге бой ұсынған, уақытша, соңғы жаратылыс иесі. Экзистенциализмнің негізгі мәселелерінің бірі еркіндік мәселесі француз ойшылы Жан Поль Сартр еңбектерінде айтылған. Өзінің еркіндікті түсінуін «Бытие и ничто» деген басты еңбегінде ашып көрсеткен. Сартрдың ойынша адам өмірінің басталу шағында ешкім емес, кім болу, қандай болу керектігін ол анықтаған жоқ. Әр адамның өзінің мәні бар, адам өз мәнін өзі қалыптастырады.

Өзінің ішкі әлемінде адам қоғамға да, басқаларға да, моральдық не діни ұстанымдарға да, тіпті өзінің өткеніне де бағынбайды дейді Сартр. Еркін таңдау – әр адамның қалауы. Сартрдың ойынша, адам еркіндікке бағынышты, ол қаламаса

да таңдауға мәжбүр. Адамгершілікті таңдауға адамның санасы емес ішкі әлемі қатысады, ол ақылымен емес, ішкі «мені» арқылы таңдап, соны іске асырады. Адам таңдауда ерікті, бірақ өз таңдауына толық жауап беруі тиіс. Бірақ ол қоғамның да, жоғарғы күштердің де алдында жауап бермейді, тек өзінің ісі үшін өзі ғана жауапты. Ал өз қылығы үшін біреуді кінәлап, біреу сол жолға итермеледі деп есептейтіндерді ең төмен адамдар деп Сартр жек көреді [64, 442 б.].

Адамның өзін, әрі өз әлемін жасауы, болашақ әлем бейнесін таңдаудағы қабілеті адам тіршілігінің терең сипаттамасы болып табылады. Экзистенциалистер адам алдына қойған мақсаттарын іске асыруда ерікті екендігін баса көрсетеді. Адам еркіндігі қандай жағдайда болмасын таңдау мүмкіндігін сақтайды. Сонымен экзистенциализмдегі еркіндік – бұл ең алдымен, сана еркіндігі, тұлғаның рухани-адамгершіліктік көзқарасын таңдау еркіндігі. «Еркіндікке байланысты адамның бүкіл хайуанаттар дүниесінен өзгеше белгісі – универсалдық, – дейді Қ. Әбішев. – Универсалдық адам болмысының жеке бір заңдылығында емес. Ол адамға, керісінше, ешбір жеке дербес заңдылық тән емес деген сөз. Адам жасаған дүние оның игере, түсіне алатын барлық әлем заңдылықтарына ашық. Ол бүкіл әлемді бойына сіңіре алады, бүкіл әлемнен, соның мұқтажымен, тағдырымен, тынысымен өмір сүре алады. Дамыған адамның жан-дүниесі бүкіл әлемге барабар. Осыны универсалдық деуге болады. Бұл, әрине, әрбір адам тап осылай деген сөз емес, оның мазмұны – еркіндік осындай болуға жол ашады деген сөз. Өзінің бүкіл әлемге ашықтығын тек адамның өзі ғана жаба алады. Ол да еркіндіктің белгісі, өйткені еркін болу – сол еркіндіктен бас тартуға да мүмкіндіктің барлығын көрсетеді. Яғни, еркіндік өзіне қарама-қарсы қалыпты – құлшылықты да (тәуелділікті) өзінің құрамды бөлігі етіп тұр» [49, 34-35 бб.].

Табиғат заңдылықтарын тану негізінде оны өзінің мақсатына сәйкес қайта өзгертуден басқа адамда еркіндікке жетудің жолы жоқ. Ол бұл дүниеге еркін күйінде келген жоқ, еркіндікті өзі жеңіп алуы керек. Табиғатты өз әлеміне айналдырудағы адамның жетістігі адамның, адами қоғамның қандай екендігіне байланысты, себебі адам табиғатты өзінің образына сай өз-

гертеді. Адамның табиғатты тануы мен өзгертудегі мақсаттары қоғамнан, ондағы қоғамдық қатынастардан шығады. Адамның табиғатқа үстемдігі жердің, жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің, тіпті адамның да өзгеруіне алып келді. Жер аз болғандай адам өзінің назарын шексіз Әлемге аудара бастады. Бұл жағдай көптеген қиындықтарға әкеліп соқтырды, тіпті адамның жер бетіндегі өмір сүруіне қауіп төне бастады. Сондықтан адам табиғатты түсіну үшін тек табиғатты ғана өзгертпей, өзін, қоғамдық қатынастарды өзгертуі керек. Бұл туралы П.В. Копнин: «Егер адамдар бірін-бірі қанауын қойса, онда олар табиғат құбылыстарын ақиқатты адами әлемге айналдыра отырып, оған адамгершілікпен қарайтын болады», – дейді [65, 125 б.].

Сөз өнерінің өсіп-жетілуі үшін еркіндік қажет. Қазақ халқының өмірінде сөзге тыйым салынбаған, өзара сын-пікірге шек қойылмаған. Көшпенді халық үшін еркіндік қандарына сіңген қасиет болу керек. Ақын-жырауларымыздың, шешендеріміздің сөздері осы халық еркіндігінің көрінісі болып табылады. Еркіндіктің қадірін білген адам ғана халқын оның мақсат, мұраттарына жетелейді. Ақындардың, шешендердің сөз саптау дәстүрінен ой еркіндігі мен сөз еркіндігінің тең келуін көреміз. «Еркіндік адамның тек субъективтік күйі ғана емес, оның белгілі дәрежеде өзіне тәуелсіз объективтік еркіндігінде» [49, 31 б.]. Адамдар көп нәрсеге тәуелді: табиғатқа да, қоғамға да, басқа адамдарға да т. б., бірақ еркіндік адамның еш нәрсеге тәуелсіздігі емес, ол сол тәуелсіздікті мойындау, не мойындамау, оған қарсы әрекет ету немесе оның алдында тізе бүгу. Бұл адамның өзі шешетін нәрсесі. Осы идеяны біз ақын-жыраулардың шығармаларынан көреміз. Олар «еркіндік – адамды өзіне қалайда бағындыруға тырысатын сыртқы құбылыстарды жеңу дейтін идея тастайды» [58, 10 б.]. Осы идеялары арқылы ақын-жырауларымыз біздің бүгінгі өмірімізге, тәуелсіз, егеменді ел болуымызға рухани негіз болды деп айта аламыз.

Қоғамның құқығы жеке адамдардың құқықтарынан құралады. Жеке адамның еркіндігі – қоғам еркіндігі. Сондықтан, жәбір көрген қандастың құқықтары қорғалып қана

қоймай, толық мөлшерде ұшыраған шығындар қалпына келуі керек. Қазыбек би үш жүздің басын біріктіру ісін, күш қолданбастан, әділдік принциптеріне негізделе отырып, жүзеге асыруды қолдайды. Үш жүздің ішінде шешілуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай-ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген.

Жастайынан саяси, билік істеріне араласқан Әйтеке қазақ қоғамында құқықтың негізгі принциптерін айқындаған «Жеті жарғыны» жазуға ат салысып, адамдардың заң, сот алдындағы теңдік принциптеріне жол ашқан белді саяси қайраткер. Руаралық қатынастарда ежелден маңызды болып саналатыны – жер дауы мен жесір дауы. Мұндағы Әйтекенің көзқарасы ұлттық бірлік идеясы тұрғанда, жеке адамның еркі ештеңе де тұрмайтындығын байқатады. Халық бірлігі үшін жеке адамның құқықтары бұзылуы мүмкін. Әйтеке үшін ең маңыздысы жүзаралық ауызбіршілікті сақтау. Әйтеке – дәстүршіл би. Дәстүр мен әдет-ғұрып нормалары Әйтеке үшін негізгі қайнар көз.

Адам дүниедегі барлық нәрселерді шеше алатындай құдіретті емес. Олардың шешетіні – адам болып қалу не қалмау, шын мәнділікті іздеу не ауытқу, құндылықтарды қастерлеу, қорғау не айрылу. Яғни әрбір адам өз өмірінде еркіндікке талпыныс жасауы керек. Еркіндіктің өзі – мәндердің мәні. Адам өмірінің ақырғы мәні – еркін өмір. Еркіндік қана адамды адам етеді. Еркіндіктен бас тарту, одан ауытқу адам үшін адамшылығын, түпкі табиғатын, болмысын жоғалту деген сөз. Қазақ халқының рухани дамуындағы жетістігі тарихи кезеңдегі өзіндік санасы мен мәдениетінің өсуі, халықтың әлеуметтік өсуі мен еркіндік үшін күресінің нәтижесі.

Қазақ жыраулары хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан жыршылары. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің

бірлігі, еркіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған. Мысалы, Тәтіқара ақын:

Бөкейді айт, Сағырменен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сарыменен аянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт [48,79 б.], – деп дәріптеген.

Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен. Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» – Шалкиіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық. Жыраулар поэзиясы өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды.

Жиембет жыраудың саяси-құқықтық тұжырымдамасының негізі – халық қамының қарастырылуы мен әдет-ғұрып

нормаларының сақталуына ықпал ету болды. Қазақ хандарының негізгі мақсаты ел бірлігін сақтау екендігін, ол үшін халқымен тату тұруы керектігін еске салады. Халықты құл деп қарастыру халық тарапынан наразылық тудыруы мүмкін. Еркін адамды құл деп қарастыру ішкі саясаттағы үлкен қателік. Себебі, кең даланы иемденіп отырған халыққа жеке бас бостандығынан қымбат ештеңе жоқ. Мемлекет өз халқына құл деп қараса, ол мемлекеттің кемелденуіне бұғау болады.

Есім ханның тұсындағы саяси процестердің күрделенуі бір топ жыраларды тарих сахнасына шығарды. Солардың бірі – Марқасқа жырау. Есімді Қазақ хандығын нығайтушы деп қарастырып, қолы келгенше осы ханның жеке билігін нығайтуға үлес қосқандығын ескерсек, жыраудың монархиялық бағытты қолдайтындығын айқындау аса қиынға соқпас. Есім хан партиясының белді өкілі:

«Ей, Қатағанның хан Тұрсын
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңрісіп жатырсың» [24, 43 б.] –

деп саяси көзқарастарын жеке адамға байланыстырып емес, қайта еркіндік пен бейбітшілік идеяларына басымдық беретіндігін білдіреді.

Асан қайғы ел тыныштығын армандаған. Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ, ол кезде жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып тұрған.

Олар ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Жырау халық басына төнген осы ауыртпалықты көре білген. Асан қайғы «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» деген Жәнібек ханға айтқан толғауында «шабылып жатқан халқың бар, аймағын көздеп көрмейсің» – деп күйзелген халқының қамын ойлау орнына «қымыз ішіп қызарып, масаттанып, қызып, өзінен басқа хан жоқтай елеуреп, бақ-дәрежесіне, мансабына масаттанған» ханға батыл үн қатады. Жырау бұл жерде ханның мақтаншақ, парықсыз, ұшқалақ мінезін тамаша бейнелеген. Елінің қамын,

ертеңін ойламаған ханға жырау «Ойыл көздің жасы еді... Ойылдан елді көшірдің, Жемде кеңес қылмадың, Жемнен де елді көшірдің... Еділ деген қиянға, еңкейіп келдің тар жерге», – деп нали тіл қатады. Асан қайғы ел, халық тағдырына, болашағына терең көз жібереді, қабырғасы қайыса жыр төгеді, болжам жасайды.

Жырау ханға:

Тіл алсаң іздеп,қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір, – деп ақыл-кеңес береді.

Онан әрі ханға:

Аңдып жүрген көп дұшпан,
Өз басына келеді.
Елге жау боп келеді.
Құлың кеп сені өлтірер.
Құладан құды өлтірсе,
Осыны Асан біледі, – [48,26 б.]

деп, жырау халық көтерілсе, хан басына ауыр күн туарын ескертеді.

Ақылгөй жырау «ата жұрты – бұқара» күшін жоғары бағалайды. «Еділ бол да, Жайық бол, ешкімменен ұрыспа» – деп, елді бірлік-ынтымаққа шақырады. Жырда ғибрат, өнеге алармлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз тұсындағыларға да, келешек ұрпаққа да биік адамгершілікті уағыздаған.

Жырау:

Ашу–дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің,
Түбі терең қуысқа, –

деп, теріс мінездерден сақтандырады. Сол сияқты «Ердің құны болса да, қол қусырып барған соң, аса кеш те қоя бер, бұрынғыны қуыспа» – деп, қайырымдылық, ерлік істерге жетектейді. Асан қайғының:

Арғымаққа міндім деп,
Достарыңмен санаспа.
Артқы топтан адаспа!
Ғылымым жұрттан асты деп,
Күніңде өзім болдым деп,
Кеңессіз сөз бастама!
Кең пейілге таласпа!
Жеңемін деп біреуді,
Артық үшін айтысып,
Өтірік сөзбен қостама! – [48, 48 б.]

деген жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғам-танымы, философиялық терең ойлары бүгінгілерге де үлгі-өнеге. Жыраулар жай толғау айтып, ханның саясатын сынап, оған ақыл айтып, кеңес беріп қана қойған жоқ. Қазақ хандығының жай-күйін, көрші халықтармен қарым-қатынасын, болашағын, елдің еркіндігін ойлап, болашақта не күтіп тұрғанын болжай да білді. Мысалы, Асан қайғы келешекте қазақ хандығының қиыншылықты көп көретінін, күшті бір патшалықтардың біріне бағынатынын түсінген:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмам болар... [48, 49 б.]

Бірақ Асан қайғы үмітін үзбейді, халқына тыныш, тату, еркін, бақытты өмір сыйлайтын жері де бай, елі де бай Жер-ұйық деген жерді іздейді. Ал Бұқар жырау Асан қайғының бұл толғауының мәнін шешеді:

Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарақ.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп, –

дейді. Бұқар жырау өз заманының мәң-жайын дұрыс аңғарған, оған өте дұрыс баға берген. Бұқар – гуманист тұлға. Ол дағдарыс пен халықаралық жанжалдардың негізгі себепкері билеушілердің арасындағы қақтығыс екендігін, бұл үшін қарапайым халық жазасын тартпауы керектігін айтады. Бейбіт өмір халықтар арасында өзара достық орнағанда ғана болуы мүмкін, бейбіт өмір бағасыз сыйлы нәрсе. Өз заманының көреген тұлғасы Қазақ хандығының үстінен төніп тұрған отарлау қаупін сезді. Қауіп жырау үшін екі жақтан келіп отыр. Бұқар отырықшылық мәдениетті халық бірлігі үшін маңызды деп санайды. Халықаралық саясатта бейбітшілік принциптерін ұстанатын жырау, мемлекеттердің өзара бейбіт өмірін армандағандығы белгілі. Халықшыл Бұқар, тек халық мүддесі қорғалатын мемлекет қана күшті бола алады дегенге саяды.

Қазақ жырауларының пікірінше еркіндік руханилыққа нұқсан келтірмеуі керек, еркіндік жеке тұлғалардың менмендік, пендешілік әрекеттерін шектеп, кісілік қасиеттерден ажырамауын қарастыру керек. Халық арасында достық пен қастықтың, шындық пен жалғанның, әділеттілік пен әділетсіздіктің, жақсылық пен жамандықтың тарих сахнасында қатарласа жүріп отырғандығы жыраулар шығармашылығында айқын көрініс тапқан. Олардың салыстырмалы, диалектикалық үздіксіз процесс екендігіне жыраулардың, би-шешендердің шығармашылығы куә. Мысалы, Үмбетей жырау: «сырт тазасы не керек, тазарт әуелі ішіңді» – десе, Бұқар жырау: «Өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін, қылмаңдар жанжал ерегес», – дейді.

Қазтуған жыраудың саяси-құқықтық ойлары туған жер, атамекенді қорғау, ата жұртты мадақтау, елдің тыныш өмірін жақтау екендігі айқын. Ол Еділ мен Жайыққа жетер жер жоқ екендігін, Ноғайлы қазаққа жететін халық жоқ екендігін, бірақ халықтың бұрынғыдай дәстүрлі өмір кешуіне қауіп төніп келе жатқандығын баса айтады. Заманның өзгерісін ескеріп, жаңа заман талаптарына сай өмір сүру керек. Халық бірлігі – басты құндылық. Саяси және құқықтық ойлардың ішінде Қазтуған ойларының ерекшелігі сонда, көп жылдар алдын ала болатын жәйларды болжаған жырау, халық тағдырын дәл табады.

Дәл тауып қана қоймайды, осы жағдайлардың орын алуына ықпал еткен себеп, салдарды қарастырады. Бодандықтан аман қалудың жалғыз жолы – рухы тәуелсіз, күшті келешек буын, ұрпақ қалыптастыруда. Алайда, түрлі тарихи процестер нәтижесінде бодандыққа түскен қазақ халқының өзі де бұл проблемалардан алшақ қала алмады. Жастарды тәрбиелеуде ұлттық нышандарды ескермеу, ұлттық ділдің, діннің, тілдің қолдану аясынан шығып кетуі ұлттың аман қалуына қауіп төндірді.

Бұл қауіп еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де жойылған жоқ. Жыраулар шығармалары мен саяси-құқықтық көзқарастары бүгінгі күні де өте маңызды. Жыраулардың ұлттық мемлекетке деген көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін ғана емес, саяси тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізген барлық мемлекеттер үшін де ерекше.

2 ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӘМБЕБАПТАРДЫҢ БОЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

2.1. Әлемдегі Адам болмысын зерделеу – жыраулардың дүниеге көзқарасындағы басты дүниетанымдық бағдар

Дүниетанымның ерекшелігі оның тұтас әлемді емес, әлемді біртұтас күйінде көрсетуі. Бұл туралы В.Г. Афанасьев: «Әлем біртұтас күйінде ешнәрсемен шектелмеген, ештеңемен қабыспайтын, белгілі бір шегі бар, ұзақтық пен ұзындыққа ие кеңістік пен уақытта шектелген шексіз компоненттерден құралған жүйе. Сонымен бірге әлем оның компоненттерін құрайтын ұзақтық пен ұзындықтың жәй ғана қосындысы емес, олардың сапалық ерекшеліктеріне қосылмайтын жаңа сапа», – дейді [66, 161 б.]. Әлемнің біртұтас күйіндегі өзіндік сапасы оның бірлігі мен тұтастығы табиғатын ашу негізінде өзгеше шектеулі негіз бен шындықтың барынша жалпы қасиеттері мен заңдарын табу арқылы ұйғарылады. Дүниетанымда әлемнің біртұтас күйінде сапалық ерекшелігін ашатын шындықтың барынша жалпы қасиеттері мен заңдары бейнеленіп, әлемнің бірлігі, тұтастығы, сапалық анықтамасы оның адаммен қатынасы арқылы ашылады.

Адам ғұмыр жердің бір жұдырықтай жүрегі тәрізді. Әлем ұғымы – туған жер, атамекеннен басталады. Әлем дегеніміз – орасан зор, біртұтас, бірегей хақ дүние. Дүниетаным әлемді ұғыну мен адамды ұғынуды бір уақытта бөлінбес бірлікте көрсетеді. Адамның әлемді біртұтас күйінде тануға ұмтылу себебі, оның өзі де кейбір жалпы қасиеттері мен заңдары таралатын осы тұтастықтың бір бөлігі. Бұл заттар мен қасиеттердің арқасында адам әлемнің тұтастығы мен бірлігін ғана біліп қоймай, өзінің де

осы әлеммен бірлігін, бөлінбес байланысын біледі. Сондықтан әлемді тани отырып адам өзін таныса, өзін тани отырып әлемді таниды. Әлемнің сапалық ерекшелігі мен бірлігін ұғыну негізінде ғана, өзінің әлеммен қауымдастығын ұғынған адам өзіндік сапалық ерекшелігін анықтап, өз болмысын әлемнің басқа болмыстарынан ажырата алады. Бұдан шығатын қорытынды – дүниетанымның негізі болып адам да, әлем де жеке күйінде емес, екеуі біріккен күйіндегі адамның әлемге қатынасы екендігін көреміз. Дүниетаным ұғымына адам мен әлем арасындағы онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық, нақтырақ қарастырсақ, этикалық, эстетикалық қатынастар да жатады. Дүниетанымда тұтас адамзат әлемі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс тапқан.

Дүниетанымдық әмбебаптар тек мәдениеттің тірегін біріктіретін категориялардың бейнесі емес, онда тек әлеуметтік-мәдени категориялардың ғана емес, Универсумның барлық формасы мен деңгейінің категориялық мәні түйінделеді. Дүниетанымдық әмбебаптарда адам-субъектіге түсінікті категориялардың түрлі деңгейінің атрибуты жинақталған. Дүниетанымдық әмбебаптар тек түсінікті-ойлау формасында ғана емес, адамның әлемді рухани және практикалық игеру формасында да дамиды. Сондықтан категориялық құрылым өзін қоғамның материалдық және рухани көрінісінде де анықтайды. Дүниетанымдық әмбебаптар ретінде «кеңістік» категориясы өнер шығармаларында, адамның өзін қоршаған ортадағы заттары жайлы түсініктерінде қалыптасады.

Әлем, Универсум көпөлшемді және көпдеңгейлі. Бұл көпдеңгейлілік аксиологиялық бағыныштылыққа тәуелді. Әрбір деңгей өз ішінде нақты және көптеген анықтамалардың бірлігі ретінде көрінеді. Басқаша айтқанда, Әлем дегеніміз тіршіліктің түрлі әдістерінің ұйымдасқан бағыныштылығы. «Адам – Әлем» қатынасы жалпы нысанынан алғанда тең дәрежеде, эквивалентті. «Адам өзіне тұтас Әлемді қосады, яғни, Адам әрі микроәлем (микрокосм), әрі микротеос, – деп көрсетеді А. Қапышев пен С. Колчигин. – Бұл философиялық көзқарас адамның белсенділігін (ол универсумның шығармашылық күшінен пайда болады), яғни, адамдық әмбебаптылықты

көрсетеді; ол өзіне шығыстық және батыстық дүниеге қатынасты кіргізеді; ол адам тек қана іс-әрекеттік қана емес, сонымен бірге байқаушы тіршілік иесі екендігін де түсіндіреді» [67, 4-5 бб.].

Әрине, Универсумның орны мен біртұтас бастамасы, философиялық тілмен айтқанда, әрбір ерекше нысанды құрылымда, оның ішінде әрбір бағынышты байланысқан деңгейлерінде жалпыға бірдей, *дәл*, әмбебап-ортақ қатыстылық орын алатын, субстанция бар. Бірақ ол батысеуропалық руханилық тудырған материалистік те, идеалистік те мәнерде қарапайым тұрғыда талқыланбауы керек. «Руханилық пен материалдық бастаулардың үйлесімділігі Универсумның түрлі бағынышты арақатынастағы деңгейінде әртүрлі. Бірақ субстнция да көпдеңгейліктен шет қалмауы керек. Егер ол басынан шет қалса әлемнің, Универсумның көпдеңгейлігін түсіндіру мүмкін болмас еді. Яғни, бағыныштылық деңгейі субстанцияның өзіне де тән», – дейді А. Хамидов [68, 21 б.].

Диалектика зерде ретіндегі тұтастық, категориялар ансамблі. Категориялар бір-бірінен алшақ болмайды, тек объективті зерделі бірлікте болады (Соловьевтің пікірінше). Осы бірлікте ғана әрекет етіп, Гегельдің айтуынша «диалектика үлгісі» ретінде қарастырылады. *Диалектика* тек деңгейлер арасындағы байланыс емес, деңгейдің өзінің байланыс бірлігі, *бұл* деңгейлердің анықтамаларының өзарабайланысы емес, өзара байланыс пен анықтамалардың бірлігі. *Диалектика* барлық аспектілері мен бағыттарында көпдеңгейлі.

Кеңістік, уақыт, себептілік, заң, қайшылық және т. б. әмбебап категориялық формалар өзінің әмбебап мәнін сақтай отырып, шындықтың объективті деңгейлерінің әрқайсысына қарапайым өзгеше түр береді. Категорияларлар да субстанция атрибуты ретінде көпдеңгейлі, субстанцияның әмбебап-ортақ атрибуты ретінде деңгейлері мен аспектілері көрінеді. Бірақ көпөлшемділік пен көпдеңгейлілік тек Универсум ауқымында ғана шектелмейді, Адамға да таралады. Адам да көпөлшемді, көпдеңгейлі, сондықтан Универсум секілді шексіз. *Бұл* деңгейлер тек оны іске асыру үшін ғана емес, адамның мәніне де байланысты және бағаныштылық принципі арқылы да

қатынаста болады. «Адам, – дейді Н.А. Бердяев, – көпқабатты жаратылыс...» [69, 11 б.]. Бұл деңгейлер тек оның іске асырылуына ғана емес, адамның негізгі мәніне қатысты болады. Ертеректе адамды микрокосм, яғни кіші Космос деп атаған. Микрокосм идеясы тұтас Әлемнің біртұтастығына Адамның да барабар екендігін көрсетеді. Адам көпдеңгейлігінің негізгісі іс-әрекет деңгейі болып табылады, бірақ онда іс-әрекетке дейінгі және іс-әрекет кезіндегі деңгейлер бір-бірімен байланыста болады. Біріншісіне түпкі сана мен бейсаналық аумағын, екіншісіне – аңдау (байқау) мен шығармашылықты жатқызамыз. Бұлардың бәрі адамның іс-әрекеттік деңгейіне де әсер етеді. Өз кезегінде іс-әрекеттің өзі де онтологиялық көпдеңгейлі. Адам осы барлық деңгейлерімен көпдеңгейлі әлеммен байланыста, біз тек іс-әрекет, шығармашылық, аңдау арқылы бір жағын ғана көрсетеміз. Маркс әлемдегі адам болмысының ерекшелігін әмбебаптылық арқылы қарастырған. Бірақ әмбебаптылық адамға дайын беріле салмаған, өзінің үздіксіз қалыптасу қозғалысында біртіндеп өсіп, әмбебап «тіршілік иесі» болып қалыптасады. Тарихи алғашқы, сондықтан адам әмбебаптығының әлеуеті артығырақ, осы әмбебаптық оны жоғары дамыған жануардан ерекшелеп тұр. Ол адамның барлық деңгейінде көрініс береді, бұл жерде заттық іс-әрекет те үлкен рөл атқарады. Іс-әрекет аясындағы адам-субъектінің бір деңгейі ретінде әмбебаптық дегеніміз шындыққа адамның заттық қатынасының көрінісі болып табылады. Адам субъект ретінде шындықтың әмбебап-жалпылық, субстанциалды анықтамасын иемдену деңгейінде дамып, тіршілік етеді. Сонымен бірге субъектінің пайда болуы мен дамуы субстанцияның да дамуы болып табылады. Бірақ заттық іс-әрекет адам болмысының тек бір деңгейі ғана. Тағы бір деңгейі байқау, оны іс-әрекеттен туындаған деп қарастырған. С.Л. Рубинштейн айтқандай, іс-әрекетпен қатар «адамның әлемге, болмысқа қатынасының басқа тәсілі бар... Адамның ұлылығы, белсенділігі тек іс-әрекетте ғана емес, байқауда – әлемге, болмысқа дұрыс қарай білуде» [70, 340 б.]. Бұл адамның әлемге деген жоғарғы іс-әрекеттік қатынасы деп көрсетеді Г.С. Батищев. Байқау бұл заттық іс-әрекеттің шектеулілігін өтеуге мүмкіндік береді. Адамдар ерте

кезден өз іс-әрекеті мен әлеуметтік тәжірибесінде қоршаған әлемді түсінуге, оны тануға және ондағы жағдайға бейімделуге тырысты. Әлемді тану мен зерденің рөлі мәселелеріне қызығушылықтың тууына байланысты бұл процесте жалпы, көңіл аударарлық ұғымдар – категориялар пайда бола бастайды. Категорияларда шындықты тану тәжірибесі, адамдардың практикалық іс-әрекеті мен мәдениеті жинақталады. Категориялардың логикалық ұғым, әлемді тану деңгейі, желідегі оны тануға және игеруге көмектесетін түйінді орындар ретінде адамдар дүниетанымының маңызды мәселесі болып табылатыны жалпыға танылған. Шығармашылық іс-әрекеттен онтологиялық жоғары. «Әрине, шығармашылық сонымен бірге – іскерлік – дейді Г.С. Батищев, – ол креативті іскерлік. Бірақ іскерлік шығармашылық болу үшін ең алдымен субъектінің әлемге, өз-өзіне, құдіретті баршылыққа деген ерекше іс-әрекеттік қатынасы болуы керек» [71, 29 б.]

Адам әлемі – табиғат әлемінен құрылған мәдениет әлемі және субъектаралық байланыстар мен қатынастар, әлеуметтік әлем. Олар әртүрлі әлем емес, бір әлемнің әр түрлі жақтары. Адам әлемі Универсумнан алынбаған, деңгейлерінің біреуінен құрылған. Микрокосмос пен Макрокосмос – тұтас Космостың бөлшектері. Яғни Универсумның әмбебап-жалпылай атрибуттары, ішінде логика-диалектикасы бар, адам әлемінен тыс болуы мүмкін емес. Бірлігі мен өзара кірігуі арқылы олар осы әлемнің категориялық каркасын – мәдениет пен әлеумет әлемін құрады. Бірінші бөлімдегі категориялар (кеңістік, уақыт, қайшылық, заң т. б.) адам әлемін адамнан тыс шындықпен, Универсуммен жақындастырады, екінші бөлімдегі категориялар (өндіргіш күш, өндірістік қатынастар) адам әлемін адамнан тыс шындыққа қарама-қарсы қояды. Екі бөлімдегі категориялар да адам әлемі барда өзінің жалпы табиғатын сақтайды, сонымен бірге бұл әлемнің әртүрлі даму кезеңдерінде өзінің ерекше нысанында қалады. Әр категория өз ішінде біртұтас. Бұл субстанцияның әмбебап-жалпы атрибуты ретіндегі категорияның өзгермейтіндігін, жойылмайтындығын көрсетеді. Бұл категориялар басқасымен бірге оларды біріктіруші Диалектиканың құрамында болады. Әр категория өзінің

өзгермейтін қажетті орнында категориялар республикасына кіреді. Әлеуметтік пен мәдениеттің бірлігі бар адам әлемінде әлеуметтік-мәдениет категориалдық анықтамасы мен осы әлем материясынан бөлінбес олардың диалектикасы бар.

Өз диалектикасында мәдениет пен әлеуметтік негізін құра отырып категориалдық анықтамалар Универсумның жоғары деңгейіндегі басқа категорияларға қатысты ерекшеліктерге ие болады, сонымен бірге өз ерекшелігін сақтай отырып, бір дәуірден екінші дәуірге өткенде өзгереді, яғни олар тарихи, мәдени-тарихи қалыпта болады деген сөз. Әлеуметтік-мәдени категориялар субъектінің өмірлік іс-әрекетіне тікелей қатысты, тіпті адам өмірі мен адамаралық қатынастардан тұрады десек те болады. Адам әлемі ауыспалы екі негізгі модустан тұрады: адамның сыртқы қатынасы ретінде және адамның ішкі әлемі ретінде. Осыған байланысты категориялық нысандар екі түрге бөлінеді: 1. Сыртқы әлеуметтік-мәдени шындықтың имманенттілігі, 2. Субъектілік болмыстың экзистенциалдық имманентті құрылымы. Мәдениет пен субъектіліктің категориалдық негізін құратын категориялар реалды-идеалды болып келеді. Идеалдылықтың бір нысаны сана мен ойлау болып табылады. Сананың қатысынсыз, ойлаусыз бірде бір адамның іс-әрекеті жүзеге аспайды. *Л.С.* Рубинштейн «қоғамдық санасыз қоғамдық болмыс болмайды» дейді. Мәдениет пен субъектіліктің ішіне кірген бір де бір категория өзінің идеалды жоспарынсыз, сана мен ойлаусыз әрекет етпейді.

Дүниетаным қоғамдық және жекелік сананың жоғарғы деңгейі болып табылады. Ол субъектінің әлемге қатынасын, яғни оның Әлемге біртұтас ретіндегі және оның «бөліктеріне» қатынасын түйіндейді. Ол Әлемге біртұтас ретінде қарауына және адамның осы Әлемдегі орнына, адам мен Әлемнің жалпыға ортақ әмбебаптық деңгейіне бағытталғандықтан да дүниетаным болып табылады. Дүниетаным өзегін категориялар мен әмбебаптық ұстанымдар құрайды. Дүниетанымдық әмбебаптар тек мәдениет негізін құрайтын категориялардың ғана бейнесі емес. Онда әлеуметтік-мәдени категориялардан басқа да Универсумның барлық деңгейлерінің категориалдық анықтамасы бар. Дүниетанымдық әмбебаптарда адам-

субъектіге түсінікті түрлі деңгейдегі категориялардың атрибуты жинақталған.

Адамның әлемге тамырын жайып, сіңіп кетуі, оның әлем мен болмыстың қайнар көздерімен әр мәдениеттегі байланысы өзінше көрініс береді. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде «адам-жер-әлем» қатынасы арқылы адам мен табиғат, адам мен әлем, адам мен өмір арасындағы қатынас деңгейі тұтастай алынады, олар рухани өмірдің негізі болып есептеледі. Қазақтардың жерге деген өзара қатынасы олардың өмірлік болмысын анықтап берді.

Қазақ дүниетанымында адам мен дүние әуелден-ақ біртұтас деген ұғым қалыптасқан, яғни екеуі бір-бірімен тығыз байланыста. Дүние – дүниетанымның негізгі ұғымы, ол көптеген мағынаны білдіреді. Бүкіл дүние немесе болмыс, дүниені өмір, тіршілік ретінде тану, жарық дүние; «дүниеге келу де бар, кету де бар» – дүние түгел ұғымымен білінеді. Дүниенің тұтқасы деген ұғым бар, ол дүниенің ретін тапқан адамға қатысты. Сонымен қатар дүниені екіге бөлу бар: о дүние мен бұл дүние. Тағы бір сатысы – әлем, жер жүзі, жаһан. Философияда әлем адам ұғымымен қатар дүние ұғымының синонимі ретінде қолданылады [72, 35 б.]. «Түркілік, одан мұсылмандық дүниетанымда «дүние» деген субъект пен объектінің бірлігін білдіреді, – дейді Ғ. Есім. – Бұл бірлік халық санасында «тағдыр» деген түсінікке ие болған. Мұндай ерекшелік, әсіресе жыраулар шығармашылығында айқын аңғарылады. «Жыраулар «әлем» емес «дүние» деген ұғымды қолданған. «Әлем» деген негізінен ғылыми әдебиеттер арқылы сіңісті болған түсінік, қазақтың ежелгі ұғымы – дүние» [73, 54 б.].

Махмұд Қашқари түсінігінде дүние, жаһан және әлем ұғымдары өзара жақын категориялар болып табылады. Әлем немесе дүние ұғымын ғалым халықтың әлемді түсінуі арқылы екі мәнде түсіндіреді. Ең бірінші, әлем – адамдарды қоршаған шындық: Жер мен басқа планеталар, Күн және алыс жұлдызды әлем. Түркілер әлем уақыт бойында мәңгілік деп есептеген. Бір өлең жолында ақын әлем жағдайын суреттей келе, адам туған соң мәңгілік өмір сүрмейді, тіпті Күн мен жұлдыздар да әрқашан туып, құлап жатады деп көрсеткен [74,

146 б.]. Екіншіден, жаһан (әлем) жердегі өмір деп түсіндіреді. Ауыр жағдайда өмір сүрген кедей адамдар жерде қиналу мен қайғырусыз өмір сүру мүмкін емес деп есептеген. Сондықтан олардың өмірі өтіп кетеді, ал олар өмір рахатын көре алмайды.

Қазақ жырауларының дүниетанымында әлем біртұтас ретінде тек заттық және материалдық қатынастармен шектелмейді. Олардың түсінігінше әлем болмыстың соңғы инстанциясы емес, бірақ космосты, Тәңірді, Алланы Жасаушы ретінде синтетикалық мазмұнға ие. Сондықтан, «қазақ жырауларының идеясына сәйкес әлем аяқталмаған бірлік, тұтастық. Адамға қоршаған ғалам, аспан, табиғи және әлеуметтік құбылыстар ретіндегі сезімдік тәжірибе арқылы берілген заттық, материалдық феномендер өз жиынтығында аяқталған, өзіндік біртұтастықты құрамайды. Осы әлемде оның ақиқаты ретіндегі рухани мәндердің, мәңгілік шындықтың әлемі құрылады», – дейді Қуаныш Әлжан [75, 10 б.]. Жыраулардың космологиялық көзқарастары жүйесінде әлем адам тәжірибесі мен заттық негізді сезінуіне толық қол жеткізе алады. Бірақ бұл әлем кей жағдайларда ерекше эзотериялық тәжірибенің пәніне айналуы мүмкін. Бұл тәжірибеде адамның ата-бабаларының рухымен және Жоғарғы Зердемен мистикалық байланысы жүзеге асатын долбарлы кеңістік, рухани өрісі ашылады. «Демек, «Әлем мен адам» қатынасы жыраулар дүниетанымында жетіліп болмаған бүтін мен оның бөлшегінің арасындағы байланысты білдіреді, – дейді Қ. Әлжан. – Ал бұл объектілердің жиынтығы, қоса алынғанда, олардың әлемдік бейнесінде, сол тарихи кезең дүниетанымында барлық әлемнің бүтін ретіндегі толықтығын алдын ала тағдырға жазып қоятын Жоғарғы Тіршілік иесінің туындысы болып табылады. Жоғарғы Тіршілік иесі өзінің өмір сүруінің және тәңірлік іс-әрекеттерінің өздерімен-ақ бұл бүтінге үйлесімділік және аяқталғандық, жандылық және жетілуге бағытталған қозғалыс береді» [75, 12 б.]. Жыраулар шығармашылығында жалпыға ортақтық, ерекшелік және жалқылық диалектикасы айқын көрінеді. Олар әлемді Ғалам ретінде, «сонымен бірге эзотериялық негіз ретінде де қарастырды».

Көк аспандағы сансыз жарық, нұр ерте кезден-ақ адамдардың көңілін аударған. Біздің ата-бабаларымыз көп

ғасырлық бақылауды жинақтап, аспан жұлдыздарының қозғалысын қарастырып, толықтырып, түрлі астрономиялық ұғымдар құрастырған. Нақты жағдайдан шыға отырып, олар қызық та таңқаларлық идеялар, ұсыныстар ұсынып, аңыздар құрастырған. Басқа халықтар сияқты түркілер де күн, түн, ай, жыл мезгілдерінің өзгеруін аспан жарық жұлдыздары: күн, ай, планеталар, алыс жұлдыздармен байланыстырған. Космостағы аспан денелерінің қозғалысы мен сыртқы өзгерісін бақылай отырып, олар жұлдыздар мен планеталардың жылдық, қайталанып отыратын қозғалысын санауды үйреніп, нәтижесінде күнтізбе құрастырған. Малшылар мен диқандар көп ғасырлық тәжірибені жинақтай отырып, осы күнтізбемен жұмыс істеді. Жоғарыда айтылғандай, осындай көне күнтізбенің бірі 12-жылдық циклдан тұратын – ауылшаруашылық күнтізбесі болып табылады. Түркі халықтары ауа-райының өзгеруін күн жүйесі мен жұлдыздар планетасының қозғалысымен байланыстырады. Күнделікті жағдайда түркілер Үркер-Плеяда шоқжұлдызын пайдаланды: Плеяданың орналасуы бойынша адамдар жыл мезгілін анықтаған, ал ол жолға шыққанда түнгі жағдайға бейімделуге мүмкіндік беретін комплекс ретінде пайдаланды. Ең жарық және сұлу планета – Венераны – түркілер қуаныш пен бақыт жұлдызы ретінде сипаттаған. Ең жарық шоқжұлдыз Возничий-Капелланы – түркілер Сүмбіле деп атаған. Олар Сүмбіле пайда болысымен жаз бітіп, егін жинау аяқталып, халық қысқа дайындалады деп есептеген. Түркілер күнге ерекше мән берген, күнделікті өмірге қарап, ол жылу мен жарықтың қайнар көзі, онсыз жерде өмірдің болуы мүмкін емес деген [74, 150 б.].

«Уақыт пен кеңістік – әлем тіршілігі мен адам тәжірибесінің негізін құрайтын нысандарын анықтайтын мөлшер, – деп көрсетеді А.Я. Гуревич өзінің «Категории средневековой культуры» деген еңбегінде, – Қазіргі кезеңдегі зерде өзінің практикалық іс-әрекетінде «уақыт» және «кеңістік» абстракциялары арқылы басшылық етеді» [76, 43 б]. Кеңістік өлшеуге келетін кесінділерге бөлуге болатын үшөлшемді, геометриялық тең тартылыстағы нысан ретінде түсіндіріледі. Уақыт өткен кезден қазіргі уақыт арқылы болашаққа ұмтылу жағдайына

біртіндеп өтудің таза ұзақтығы санатында ойластырылады. Уақыт пен Кеңістік объективті, сапасы оларды толықтырып отыратын материядан тәуелсіз. Адам «уақыт сезімімен» өмірге келмейді, оның уақыттық және кеңістіктік түсініктері өзі қай мәдениетке жатса, сол мәдениет арқылы анықталады. Дамыған қоғамға уақытқа деген саналы қатынас тән. Қазіргі заманның адамы уақыт ұғымын еш қиындықсыз түсінеді. Ол болашақты көре алады, өз іс-әрекетін жоспарлап, ғылымның, техниканың, өндірістің, қоғамның дамуын алдын ала болжай алады. Бұл мүмкіншілік біз пайдаланатын уақыт жүйесінің жоғарғы сатыда тәртіпке келуімен түсіндіріледі. Уақыт пен кеңістік Космостың бірегейленген бейнесінің құрылуы, Ғаламның заңды тәртіпке келтірілуі мүмкін болған кезде абстракция ретінде ұғынылады. Ерте кезеңдерде де, орта ғасырларда да, Қайта өрлеу дәуірінде де адамдар зымыраған уақыттың қайтып келмейтіндігін ойланған. Егер қоғамды тұтас алсақ, осы кезеңдердегідей уақыт мұнша жоғары құрметтеліп, адам санасынан мұнша орын алмаған болар дейді А.Я. Гуревич. Қазіргі заман адамы – «асыққан адам», оның санасы уақытқа қатысты анықталады. Уақыт адамды құлға айналдырады. Кеңістік ұғымы да қазіргі кезде дәл осылай өзгерген, ол тарыла түскен. Жаңа ақпарат құралдары мен қозғалыстар аз ғана уақыттың ішінде үлкен қашықтықты жүріп өтетін болды. Нәтижесінде Әлем кішірейе бастады. Адам іс-әрекетінде уақыт пен кеңістікті біріктіретін жылдамдық категориясы үлкен мағынаға ие болды. Өмір ағымы түбірімен өзгеріп кетті. Бұл бұл бізге үйреншікті жағдай, бірақ адамзат өз тарихында мұндай нәрсені білмеген еді [76, 45 б.].

Әлемнің Уақыт пен Кеңістік белгісі негізгі космологиялық нысаны арқылы ашылады. Әлемнің бір-біріне тәуелді жоғары, орта, төменгі қабаттары әлемдік бәйтерек бейнесінде көрініс табады. Бәйтеректің жапырақтары – аспан, діңгегі – жер, тамыры – жер асты әлемі болса, осы үш әлем бәйтерек арқылы байланысып тұр. Бұл әлемдік бәйтерек көп халықтарға ортақ. Мысалы, ертедегі гректер емен ағашына сиынған. Саян-алтай түркілерінде қайың (бай қайың, қасиетті қайың) бейнесінде беріледі. Ағаш – әлемнің белдеуі, орталығы қызметін атқарады. Әлем үлгісінде оның орталығы үлкен рөл атқарады. Ол

адамды өмірге әкелетін Кеңістік пен уақытты біріктіреді. Әлем үлгісінде маңызды орын алатын оның орталығы. Орталық – бұл Кеңістік пен Уақытты біріктіретін орын. Әлем іс-әрекет арқылы танылады, бұл жерде өмірге келеді, өсіп-өнеді, өмірден кетеді, қайтадан өмірге келеді. Сонда әлемнің негізгі қызметі – өмірдің үздіксіз дамуы, оның жаңарып отыруы. Адам осы әлемнің бір бөлігі ретінде өмірдегі орнын жалғастырады. «Әлемдік кеңістіктің үш қабаты бір-біріне тәуелді: жоғарғы қабат, яки алты қат аспан – тәңірінің тұрағы, рух пен иенің мекені; орта бөлік – саналы тіршілік дүниесі; төменгі қабат, яғни жеті қат жер асты – өлілердің баратын орны», – дейді С. Ақатай [12, 37 б.].

Кант кеңістік пен уақыт болмыстың ақиқат пішімі емес, адам өз бойынан шығарып, табиғатқа көшіре салған туынды дейді. Оның пікірінше, уақыт – ішкі сезім, көңіл-күй, яғни аңдау, аңғару түрі, ал кеңістік – сыртқы сезімдер көрінісі [77, 325 б.]. Адамзаттың мыңдаған жылдық рухани даму тарихында Адам мен Әлемнің жан-жақтылығы, көп салалығы өмір сүріп, даму үстінде. Әлем бәріне ортақ, әлем – тұтас жаратылыс, сондықтан Адам мен Әлем бір бүтін дейтін дүниенің тұтастық принципі жыраулар дүниетанымында басты ұстаным етіп алынады. Дүниетанымның басты категориясы Адам мен Әлем болса, оған түсіну, адамдардың өзара қатынасы, ұғындыру, мәдени-тарихи жағдай және басқа ақиқатты тарихи-тәжірибелік тұрғыда танып-білу формалары енеді. Әлемнің тұтастығын адамдар өздері құрған мәдени-әлеуметтік тұтастықтың үлгісі арқылы көретіні белгілі. Оңтүстік Сібір түріктерінің дүниеге дәстүрлі көзқарастарын этнографиялық тұрғыда зерттеген Новосибирлік ғалымдар бұл жөнінде көптеген қызықты материалдар жинаған. Олар байырғы түріктердің дүниеге тәңірлік көзқарастары Сібірдегі түрік тілдес ұсақ халықтарда соңғы кездерге дейін сол күйінде сақталған деуге болады дейді [78, 124 б.]. Қазақ жырауларының толғауларында осы түріктік әлем сипатталып, оның күйрей бастауы көрінеді. Жыраулардың толғаулары өздеріне шексіз қымбат дүниенің жоғала бастауының алғашқы нышандарын байқап үлгерген, соны басқалардан бұрын сезінген халықтың көреген ұлдарының жан тебіренісі. Олардың жырларындағы трагедиялық са-

рынды, тіпті кейде жоғалтып алғандай күңіреністі осындай жан күйінің туындысы десе болады.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер?! –

деп [48, 26 б] Асан қайғы жырласа, Доспамбет:

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңсесі биік ақ орда,
Еңеке кірер күн қайда! [48, 37 б.] – деп жырлаған.

Ежелгі түріктердің тастарға жазылған жазулары, соның ішінде Күлтегін жазбалары түріктердің әлемге көзқарастары мен құндылықтарының бізге жеткен толық нұсқасы деп айта аламыз. Білге қағанның сөздерінде Аспан мен Жер, жер бетіндегі Адам – бір тектес. Тәңірі қара жерді де, адамды да туғызушы. Ежелгі грек мифологияларында да аспанды – әке, жерді – ана деуі тегін емес. Олар бүкіл әлемге қауымдық-туысқандық көзімен қарайды. Адам мен әлемнің тұтастығының нақты мазмұны – туыстық біртектілікте, олардың шығу негізі де, дүниеде болу негізі де бір. Осындай мәңгі құрылымның, дүниеде болудың бірден-бір адам үшін лайық жолы ыдырай бастаса, онда Жарық дүниенің шайқалуымен бірдей. Жыраулардың поэзиясы да осы дүниенің аралығында шарқ ұрудың әлемдік сезімі. Сырттан келетін қауіп басым, қазақтардың тіршілігі үшін кең байтақ жер керек, аспаннан, жоғарыдан келетін шапағат керек. Адам мен Әлемнің тұтастығын мәдениет адамы әртүрлі жолмен көруі заңды нәрсе, ал ол жол әр халықтың ұстанатын құндылықтарының жолы. Көшпенділік тіршілік табиғат күштерінің сырына ену арқылы оған үстемдігін орнату емес, қайта сол табиғат-ананың берген ырзығымен шектелуді, оны қастерлеуді жоғары қояды. Ол өзін табиғатқа, әлемге қарсы қоймайды, өзін сол дүниенің ажырамас бөлігі деп сезінеді. Ал, сол ананың тәніне жара түсірмеу, оны сақтай білу – көшпенді қазақ халқының үрдістерінің ішкі мәні.

Шын мәнісінде, кеңістік те, уақыт та – адам жанарымен толып, жанымен сезіне алатын алуан сырлы жаратылысы бар өзгеріс, құбылысымен өзара сабақтастырып жатқан ұшы-қиырсыз шексіздік. Әлем бәріне ортақ, әлем – тұтас жаратылыс, сондықтан Адам мен Әлем бір бүтін дейтін дүниенің тұтастық принципі жыраулар дүниетанымында басты ұстаным етіп алынады. Дүниетанымның басты категориясы Адам мен Әлем болса, оған түсіну, адамдардың өзара қатынасы, ұғындыру, мәдени-тарихи жағдай және басқа ақиқатты тарихи-тәжірибелік тұрғыда танып-білу формалары енеді. Қазақтардың әлемді қабылдауы, уақыт пен кеңістік, адамның ішкі әлемі, тұрмыс мәні, адамгершілік мұраттары әлемнің ұлттық бейнесі арқылы көрініс береді. Көшпенділер болмысы кеңістік көрінісі мен қуатын көбейтті. Қазақ үшін кеңістік – адам мен әлем аралығын жалғастыратын көпір. Адам өмір сүру кеңістігінің тұтастығына үш тұрғыдан көңіл бөлді: байлық көзі – табиғат, мал-жанның амандығы, төрт түліктің саулығы. Ақтамберді:

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың арасы
Жасыл байтақ ну болар, – десе [48, 65 б.],

Қазтуған жырау:

Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған, – дейді [48, 66 б.].

Табиғат әсемдігін көрсетіп, табиғат – тіршілік ортасы, адам анасы екендігін көрсетеді. Табиғат – бүкіл организмге ортақ, үйлесімді байланыстардың кеңістігі.

Философиялық ойлау тарихындағы табиғат ұғымы мен «материя» ұғымының ерекшелігі мен арақатынасына келсек, табиғат материалдық бастаудың таратушысы, онда материя табиғаттың мәнін анықтайды. Табиғат бұл құбылыс, материя оның мәні. Мән құбылыспен толық сәйкес келмейді. Құбылыс мәнге қарағанда бай. Табиғат ұғымының құбылыс секілді мәнге қарағанда бай анықтамасы бар. «Табиғат ұғымында заттық және адамнан тыс ақиқат туралы ой айтылады; ал материя

санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретін ақиқатты бейнелейтін гносеологиялық мәнге ие болады. Сондықтан, табиғат пен материя ұғымдарының әртүрлі жақтары бейнеленеді: «табиғат» – феноменді және онтологиялық; «материя» – гносеологиялық, бірақ бұлар бір-бірімен байланыста өмір сүреді» [79, 8 б.]. Табиғат дегеніміз кеңістік пен уақыт арқылы өтетін болмыс. Олар бір мезгілде сезімтал да, сезімтал емес те. Кеңістіктің табиғат секілді шегі жоқ, шексіз, ал басқа жағынан қарасақ, қай зат болмасын кеңістікті шекарасы бар. Уақыттың да қызық ерекшеліктері бар: бір өлшемді, бір бағытты, бір қалыпты, үздіксіз. Уақыттың өткеннен болашаққа өтетінін пайымдай отырып, уақыттың болашақтан бүгінге өткен арқылы қозғалатынын сеземіз. Табиғат – Ана, ол адамдарды өмірге әкеле отырып, оның мүмкіндігін дамыта түсті. Адам мен табиғаттың бірлігін біз адамның тек табиғат ортасында өмір сүруімен шектемейміз, оның терең мәні бар, яғни адамның тәні мен жаны табиғатпен бірге, табиғат одан өзін көреді. Табиғат қасиетті. Біз отанымызды, жерімізді қасиетті деп есептейміз, себебі отанымыз, жеріміз осы табиғаттың бір бөлігі. Ал қасиетті сөзінің мәні зор, қасиетті нәрсені былғамайды, сындырмайды, қиратпайды, өртемейді, уламайды емес пе?

Адам табиғатпен санасып, өзіндік адамдығын пайымдайды, өзіндік орнын табуға тырысады. Ал табиғаттағы өзіндік орынды табу – адамға қастерлі қасиет. Оны өмір құндылығына айналдыру өте маңызды мәселе. Адам ізденіп, әрекет ету нәтижесінде табиғатқа дұрыс ықпал етуге үйренеді, ол табиғи ортаға еркін бейімделеді. Қазақ үнемі табиғатпен араласып жүрген, алдындағы малын, аспандағы жұлдызды баққан. Аспанға қарап ауа-райын біліп отырған, аспанның көз алғысыз көркемдігін сипаттаған. «Адам мен Әлем біртұтас» деген философиялық ұғымды ғаламды көзбен көріп, қиял қанатымен жетіп, ой көзіне сала отырып білген. «Адам атамекеніндегі ел-жұртын, өзін және Жер-Ананы үш қуатымен – ақыл қуатымен, жүрек қуатымен, тіл қуатымен жарылқауға тырысқан; үш жамандықтан – нақақ қан төгуден, кісі малын нақақ алудан, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзудан сақтаған», – дейді Ж.Молдабеков [80, 77 б.].

Адамның ұлылығы сол әлемді, табиғатты көре білуінде, сезіне білуінде, әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасай білуінде. Әлем мен адамның ортақ қасиеті олардың жан-жақты біртұтастығында. Әлемнің төменгі, орта, биік деңгейлері бар және олар бір-бірімен байланыста дамиды, ал адам өзінің біртұтастық қасиеті арқасында әлем деңгейлерін сезіне, байқай, қабылдай біледі. Осы арқылы адам мен әлем іштей қарым-қатынас құрады, екі жақты байланыста болады және екеуінің бір-біріне қажеттілігі көрінеді.

Уақыт та тәуелсіз үш бөліктен тұрады: өткен, бүгін, болашақ. Сонымен үш бөліктен тұратын кеңістік пен уақыт – дүниенің іргетасы болып табылады. Адам баласы күнделікті өмірді түсініп, тіршіліктің қиындығын мойындап, оның қызығына мән береді. Бұл өмір философиясы адамдардың жер бетіндегі болу уақыты делінеді, мәселе соны сезіне білуде. Адамдардың өмір сүру уақыты өткен шақ, осы шақ, болашақпен белгіленсе, онда адамдардың өзін-өзі танытатын кезі – өмір сүріп отырған уақыты. Қазақ ойшылдарының көпшілігі осы шақты сөз еткен. Ақын-жыраулар адам өмірінің әр белесіне мән берген. Мысалы, Бұхар жырау:

Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай, –

деп [48, 102 б.], әр кезеңнің ерекшеліктерін айтып, жырласа, енді бірде:

Қызықты күндер қыздырған,
Асау толқын бұздырған,
Қызды ауылды көргенде,
Бұланғатқан жиырма бес, – [48, 107 б.],

деп адамның жиырма бес жастағы қажырлы кезіне лайық әсерлі сөз, өткір тіл тауып, айқын образ жасай отырып, кәрілікпен салыстырады. Кәріліктің өңсіз, сүреңсіз сипаты көрсетіледі:

Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең қарбанып,
Екі жағы ор екен [48, 164 б.].

Бірақ олар еш уақытта өмірден түңілмейді. Адамның қартайып өлуін заңдылық деп санап, дүние-табиғат өлген адаммен бірге құрымайды, мәңгі жасайды дейді. Адам уақытты терең сезінеді, сол арқылы өз өмірін рухани байыта біледі, тіпті өмірін ұзарта біледі. Жарық дүниенің әр таңын қуана қарсы алып, кешке батқан күнмен қимай қоштасады. Әлем үнемі қозғалыста, өзгерісте өмір сүреді, қозғалыс арқылы ұғынылады. Әлемнің негізгі қызметі – өмірдің үздіксіз дамуы және үнемі жаңарып отыруы, ал адам сол әлемнің бір бөлігі. Әлем үлгісінде негізгі орынды оның орталығы алып, ол әлемді, кеңістікті, уақытты бір-бірімен біріктіреді. Қазақ халқы үшін ол орталық – Жер, туған жер, Отан. Жыраулар дүниетанымы осы жермен, табиғатпен бөлінбес бірлікте көрінеді.

Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.

Жыраудың туған жерге деген махаббатында шек жоқ. Оның өзін қоршаған, адам қолы бүлдірмеген табиғат туралы түсінігі, өмірге көзқарасы көрінеді. Табиғат аясындағы ақын қиялы өзінің ұшқырлығымен, кеңдігімен таң қалдырады.

Қазақ дүниетанымында ел мен жер егіз деген ұғым бар, – дейді Қ.Ш. Нұрланова. – бұл принципті түсінік қазақтың табиғат – Ана деген рухани ойын жеткізсе, сонымен қатар табиғатқа деген ерекше қарым-қатынас, оны ерекше сезіну бар [81, 3 б.]. Ел мен Жер егіз деп білген халық табиғаттың адаммен байланыс жақындығын аса бір даналықпен, көрегендікпен тұжырымдаған. Табиғат пен адамның егіз сынды байланысын көркем түрде жеткізе білген. Қазтуған жырау ең алдымен адам баласы жерге борышты, осы жерде Ол дүниеге келді,

өзінің адамдық кейпіне ие болды дейді. Жер – Ана, жер – сенің асыраушың, оны тек пайдаланып қана қоймай, гүлдендіріп, өсіру керек. Жер адам өмірімен байланыста қаралады.

Адам басқа тіршілік иелерімен салыстырғанда екі әлемде – табиғат және қоғам әлемінде өмір сүреді. Оның табиғаты да осымен анықталады, ол екі жақты: адам биоәлеуметтік жаратылыс иесі. Ол табиғаттың да, қоғамның да жағдайына бейімделе отырып, жағымсыз нәрселерімен күресе де біледі. Сонда адам тек табиғаттың ғана емес, қоғамның да жағдайымен күреседі. Адам табиғаты табиғат пен қоғамдық ортада өмір сүруге дағдыланған, яғни ол табиғат жаратқан тірі дене және қоғам жаратқан қоғам мүшесі. Сол себепті де ол табиғат заңына да, қоғамдық даму заңына да бағынады. Сондықтан адам материя қозғалысының екі формасына, екі әлемге, басқа тіршілік иелері сияқты табиғатқа және адамдар арасындағы өзарақатынастар жүйесі ретіндегі қоғамға жатады. Қоғам адамдардан тұрса да биологиялық емес. Себебі, қоғамға адамдардың өзарақатынастарын көрсететін экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани жағдайлар тән. Өткенді түсіну белгілі бір даму кезеңіндегі жеке адамның да, нақты бір қоғамның да жалпы мәдени көрсеткіші болып табылады. Табиғат табиғи қажеттілік әлемі мен адамдық ақиқат әлеміне көбейеді. Егер табиғат әлемінің бірлігі адамға тән және адамдық болмыстың шынайы себебі ретінде жүретін оның материалдық құрылымымен анықталса, онда адам ақиқатының әлемі жанама түрде болады. «Қоғамдық өмірлік іс-әрекет адамның табиғатпен өзара әрекетін адам мен адамның қатынасы арқылы іске асырады. Адамның табиғатқа қатынасы адамның әлеуметтік болмысының көрінісі болып табылады, қоғамдық практика аясында «адам – іс-әрекет – адам әлемі» қатынасы ретінде көрінеді» [39, 147 б.].

Адамның маңызды ерекшелігі – оның қиялдауды шындық ретінде, өткен уақыт пен болашақты – қазіргі кезең ретінде бастан кешіру қабілеті болып табылады. Барлық өткен уақыт біздің өмірімізде жоғалып кетпейді, ол санамызда қалады, жадымызда сақталып, қиялымызда жаңғырады. Сонымен дүниетаным адамның әлемге деген рухани қатынастарының

негізі болатын және солардың бәрін жалпылама қамтитын адам мен әлемнің алуан қатынастарын білдіретін ұғым дедік. Әлем іс-әрекет арқылы танылады. Әлемнің негізгі қызметі – өмірдің үзілмей дамуы, үнемі жаңарып отыруы, адам осы әлемнің үзілмес бір бөлігі. Адам мен әлемнің тұтастығын әр мәдениет адамы әртүрлі жолмен көруі заңды нәрсе, ал ол жол әр халықтың ұстанатын құндылықтарының жолы. Көшпенділік тіршілік табиғат күштерінің сырына ену арқылы оған үстемдігін орнату емес, қайта сол табиғат-ананың берген ырзығымен шектелуді, оны қастерлеуді жоғары қояды. Ол өзін табиғатқа, әлемге қарсы қоймайды, өзін сол дүниенің ажырамас бөлігі деп сезінеді. Ал, сол ананның тәніне жара түсірмеу, оны сақтай білу – көшпенді қазақ халқының үрдістерінің ішкі мәні. Адам – биологиялық қажеттіліктері, құрылымдары, психиканың жоғары инстинктік және басқа да нысандары бар биологиялық жаратылыс иесі және тірі ағза, күрделі табиғат иесі. Адамның биологиялық табиғаты адам мәнінің қажетті деңгейін құрайды.

Өмір – адам тіршілігінің негізі, онсыз адамның өзі де, өмір туралы ойлары да болмайды. Өмір мәні категориясы әлеуметтік қатынастарды анықтайды. Бұл жағдайда өмір мәні дүниетанымның элементі ретінде әлеуметтік белсенділіктің нысандық факторы болып табылады. Бұл түсініктер ең алдымен адамның құндылықтық бағдарларына, оның өмірге және оның көріністеріне деген қатынасына әсер етеді. Олар адамның тек ой шабытына, мақсаты мен іс-әрекетінің өзара қатынасына ғана әсер етпей, олардың мінез-құлқына да әсерін тигізеді. Өмірдің маңыздылығын оның мәнінен ажыратуға болмайды, бірақ бұл екі түсінік теңбе-тең емес. Өмірдің маңыздылығы – адамның іс-әрекетінің объективті құндылығының сипаттамасы, оның қоғамның дамуына тигізген пайдасы. П.М. Егидес өмір мәнін оның бағыттылығымен теңдестіреді [82, 27 б.]. Бағыттылық ұғынуға, өмір мәні түсінігіне әсер етуге тырысады, бірақ барлық уақытта сәйкес келе бермейді. Өмір бағыттылығы өмір мәнінің бір жағы ғана.

Өмір мәні – дүниетанымдық категория, онда адамның қоршаған ортаға, өзінің өміріне қатынасы, құндылықтар жүйесі бейнеленеді, әлемдегі оның орны анықталады. Адам өмірі

дегенде біз оның екі жағын анықтаймыз: өз өмірің, тіршілігің (ішкі рухани дүниең, күйзелісің); өмірдің көрінісі (мақсаттылық, амал, мінез-құлық). Бұл екі жағы біртұтас, бір-бірімен тығыз байланысты. Өмірдің екі жағын да ұғынуға болады, бірақ өмір мәні түсінігі оның көрінісі арқылы, шындыққа практикалық қатынасы арқылы іске асады. Яғни, адам өз өмірін, оның мақсаттары мен көрінісін ұғынуы керек, сосын бұл көзқарастарды практикалық іске асыру керек. Бұл екеуі бір-бірімен қарама-қарсы қатынаста болуы мүмкін. Адамның қоғамдық мәнділігі оның әлеуметтік көрінісімен анықталады.

Өмір мәні категориясы «мақсат» түсінігінде де толық ашылады. Адамның өмірі мен іс-әрекетін оның үздіксіз мақсаттары мен сол жолдағы жетістіктерге ұмтылуынан көреміз. Өмір орынды іс-әрекеттің жиынтығы, оның мәні, сондықтан оны мақсаттарынан ажыратуға болмайды. «Егер адамның барлық арманын орындап, бірақ өміріндегі мақсатын болдырмаса, онда адам ең бақытсыз, сорлы жанға айналады», – дейді К.Д. Ушинский [83, 127 б.]. Барлық мақсаттарыңа қол жеткізе алмайсың және адамда бір ғана мақсат болмайды. Бірақ қандай жағдайда болса да өмір мәнін оның мақсатынсыз көре алмайсың. Адам өмірінің мәні – адамның өмірден өз орнын табуы, өмірдің жоғарғы құндылықтарын, өзінің түпкі мақсатын анықтауы. Яғни, адам өмірі өмірлік мақсаттарға негізделсе ғана мәнді болады. Ал, мақсатсыз адамның өмірі – мазмұнсыз жалған өмір. Мәнді, мақсатты өмір сүру үшін адам адамгершілік қасиеттерді – ар, ұят, ізгілік, қанағат, әділдікті бойына жиюы қажет. Осы қасиеттер адамға адам болып қалуға, өз өмірін өзгертуге көмектесіп, мәнді өмірге жеткізеді. Руханилыққа ұмтылу – мәнді өмір сүруге ұмтылған адамға тән.

М. Қашқари адам өмірінің мәні – еңбекте, жақсылық пен жоғары адамгершіліктік әрекетте деген тұғырнамасын ұсынған. Тек осындай адамдар ғана қоғамға пайдалы, өз замандастарының арасында қадірлі, мұндай адамдар халықтың есінде мәңгі қалады. «Адам баласы жоқ болар, ал артында жақсы ісі қалар» деген мақалды келтіре отырып, өзінің түсініктемесін береді: «адам қайтыс болады, бірақ оның аты мәңгілік сақталады, себебі ол өмірінде тек жақсы істерімен көрінді» [84, 204 б.].

Махмұд Қашқари өмірін қалай болса солай өткізіп, масыл болуды, пайдалы іспен айналысқысы келмейтіндерді сынайды. Әлеуметтік теңсіздігі басым феодалдық қоғамда дәулетті таптар кедейлердің еңбегінің жемісін өздері сіңіріп кетеді. Түркі халықтарының арасында кең танымал «Боринин ортақ, кузгуннин дарах бешида» (Қарғалар қасқырлармен бірге де жейді, бөлек те – ағаш басында жейді) деген мақалды келтіре отырып, ол қарғаға елдің еңбегін аяусыз қанап отырған дәулетті таптарды жатқызып, оларды айыптайды [84, 219 б.].

Өмірдің мағынасы қандай, мақсаты не, шын мәні неден тұрады деген сұрақтарға барлық ойшылдарымыз баса назар аударған. Жыраулар өз толғауларында өмір туралы, адамдардың өмірдегі орны, өмірлік мақсаттары жайлы терең ойларға беріледі. Мәнді өмірге жетуі, өз тағдырын өзі анықтауы адамның өз қолында, сол үшін белсенді іс-әрекетке көшуі керек дейді. Олар өз халқын өмір, дүние төңірегінде ойлануға жетелейді, сондықтан да қазақ халқы өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, басына түскен қиындықтың бәрін жеңіп шығып отырды. Жыраларды өз заманы, елдің ішкі жағдайы, сыртқы саясат толғандырды. Ел мен жердің амандығын ойлаған олар ел басшыларының қапысыз отырмай, сақ болуын еске салып отырады.

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!..
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін! [48, 28 б.]

Өскен жеріңнің қадірін білу үшін, сол ортаның тыныстіршілігін білуің керек, сонда ғана өскен жеріңнің қадірін білесің. Асан қайғының толғауынан осыны көреміз. Жыраулардың алғашқы тобының шығармашылығының түпкі түйіні – жекежеке туыстас тайпалардың халық болып қалыптасқан кезеңіне сәйкес келеді, яғни рулық дербестіктің санасы мен дәстүрлері әлі де болса мығым кез. Жыраулар – халықтық, тек мемлекеттік

бірлік қана бола алады деген ұлы мақсатты басқалардан бұрын сезіп, түсініп, барлық креативтік қуатын соны уағыздауға жұмсағандар, халықтың ең көреген ұлдары. Осы ұлы мақсатты түсіне алмаған хандарға да олар ащы шындықты айта алған. Олар жалғыз емес, олар батырлар, артында арқа сүйейтін халқы бар. И.Канттың, одан да бұрын Ж.Ж. Руссоның айтуынша халықтың құрылуы мен мемлекеттің түзілуі бір нәрсе. Мемлекет халықтың қалыптасуына қажетті оның саяси формасы.

Қазақ халқы үшін өмір сүру, мәнді өмір сүру ең басты құндылықтардың бірі. Халық өмірді, жарық дүниені жоғары бағалайды. Жарық дүниені түсіну, білу – адамның рухани тәжірибесінің негізі. Қазақ философиясында, дүниетанымында Жарық дүниеге көзқарас, онымен қарым-қатынас негізгі орын алады. Қазақ Жарық дүниенің шексіз шалқарын көзбен де, қиялмен де көріп, ой көзіне салады. Қазақ философиясының Жарық дүниеге көзқарасының биіктігі мынадай ой-тұжырымда: бір жағынан «бұл дүние – біртұтас десе, екінші жағынан «адам мен әлем біртұтас» деп түйеді» [81, 3 б.]. Осы біртұтас дүниеде адамның өз орнын сезіне білуі, ол орнының Жарық дүниенің үзілмес өмірінің керегі екендігін білу – өз алдына бір шоқы. Жарық дүние бүкіл Әлемді бейнелейді, сонымен бірге адам әлемін, адамдардың тіршілігін аңғартады. Осыған қарама-қарсы Жалған дүние деген ұғым бар. Өмір бар жерде өлімнің де бар екенін халық естен шығармайды, олар өлімді мәнді өмір жеңеді деп пайымдайды. Дүние бір күйде тұрмайды, бәрі алдамшы, өмір өзгеріп, ауытқи береді.

Шал ақын:

Дүние деген шолақ дептi,
Жан кеудеге қонақ дептi,
Ахирет деген бір киім
Алып қайтар сол-ақ дептi, – деп жырласа, [48,167 б.]

Шалкиіз жырау:

Күлелік те ойналық,
Киелік те ішелік

Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған, – дейді [48, 48 б.]

Бұхар жырау да табиғат бір қалыпта тұрмайды, ол өзгеріп, жаңарып отырады. Айдын көлдер суалып шөлге айналса, қу медиен дала көкорай шалғынға айналуы мүмкін, адам табиғаты да осылай дейді:

Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас демеңіз,
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз… [48, 118 б.]

Өмір мәні мен өмір құндылықтары категорияларының айырмашылықтары көп. Өмір құндылығы адамның мүддесі, оның позитивті қоғамдық мәнділігі бар үйлесімді дамуы мен бай көріністері арқылы ашылады. Өмірдің объективті құндылығы оның қоғамға деген мағынасында. Субъективтік жағы адам түсінігінің сәйкестілігімен анықталады. Құндылықтарды жасайтын да, оны әлеуметтік өмірде дамытатын да адам. Жыраулар шығармаларынан сол замандағы құндылықтарды көреміз. Заман өзгерсе де рухани құндылықтар: ар-ұят, адамгершілік, жан тазалығы, шынайылық сияқты ұғымдар өз құндылығын жоймайды. Доспамбет жырау жырларында адамдар туғаннан-ақ бір-бірімен тең болуға тиіс деген ой жинақталып, тұжырымдалады. «Азаулының Стамбулдан несі кем» дейді де адамдардың өздері салған қалалары бір-бірінен кем болмайтыны сияқты адамдар да табиғатында бір-бірінен артық я кем жаратылмайды деген пікірге келеді. Ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж емес, ешкімге тәуелді емес Көк Тәңірі үшін адамдар барлығы бірдей, біреуді артық, біреуді кем жаратпайды. Тәңірі алдында адамдар бірдей деген ойды қиындықтар кез-келген адамның басына түседі деген оймен толықтырады.

Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем! [48, 36 б.] –

деп, Тәңірі бірдей жаратқанмен, әркімнің өз несібесі болады дейді. Бұл жайында Ғ. Есім: «Несібе – тек адамның өзінің қарекетіне байланысты емес, оны адамға Тәңірі береді. Міне сол үшін де бес ғасыр өткенімен бізге хан ұлдары емес, Доспамбет ағаның есімі жетіп отыр. Тағдыр берген несібе дегеннің мәнісі міне осында. Осы сананы көзі тірісінде Доспамбеттің өзі айтуы оның ғұламалығы» [85,78 б.]. Бұл жерде біз адамдық қарым-қатынас деген мәселеге кезігеміз. Қарым-қатынас – адам дүниетанымының негізі, оның дүниедегі орны айқындалатын, сана-сезімі қалыптасатын саласы. Шал ақын шығармашылығын қарастырсақ, ол барлық нәрсе адамға байланысты дейді:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің хақын жеме…

яғни, зұлымдыққа жол бермеу, жамандықты бетке қағу әр жанның парызы дейді. Жақсылықтың отын маздататын да, жамандықтың түйінін бықсытатын да адам деген ой айтылады. Сондықтан ол жақсылық қайдан шығады, жақсы адам дегеніміз кімдер, жамандық неден туады, жаман адамдар қандай деген мәселені сөз қылады.

Өмір мәні – адамның әлемдегі орны мен адамның өмірлік іс-әрекетінің әлеуметтік мәнділігін бейнелейтін, адамның әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтайтын, өзінің өмірлік көрініс-тері мен қоғамдық жағдайларын бағалайтын, өз өмірін ұғынықты мақсаттарға сай құратын, қоғамдық және жеке құндылықтары бар философиялық категория. Өмір мәні категориясы адам іс-әрекеті мен қоршаған ортаның, құндылықтық бағдарлары мен мінез-құндылықтың, жеке қажеттілік және әлеуметтік бағалаудың арасындағы қарым-қатынас мәнін анықтайды.

Моральдық мақсат, моральдық құндылық, өмір мәні ұғымдарының өзара қатысы бар. Оны этиканың бақыт, мұрат, парыз сияқты ұғымдарымен бір мағынада да қолданады. Бірақ ол этиканың категорияларымен шектеліп қана қоймайды, ол адамның әлемдегі орнын, оған деген қатынасын, яғни жалпы философиялық мәселелерді де қамтиды. Өмір мәні адам табиғаты мен оның сезімін, көңіл-күйін, күйзелісін, яғни психологияны да қамтып өтеді, эстетиканы да қамтып, өнер мәселесіне тоқтайды. Сондықтан өмір мәні категориясының зерттелу қырын былай жіктеп көрсетуге болады: 1) өмір мәнінің философиясы; 2) өмір мәнінің социологиясы; 3) өмір мәнінің этикасы; 4) өмір мәнінің эстетикасы; 5) өмір мәнінің әлеуметтік психологиясы. Осы айтылған ғылымдардың әрқайсысы адам өмірі мен іс-әрекетінің әр қырын өз пәніне байланысты жалпы философиялық негізге сүйене отырып қарастырады [86,132 б.].

Бұл мәселенің жалпы философиялық негізі адам іс-әрекетінің гносеологиялық жағын, бұл категорияның дүниетаным жүйесіндегі орнын және оның объективтік негіздерін айқындайды. Өмір мәні категориясына жалпы философиялық маңыз бере отырып оның этикадағы орнын қарастыра аламыз. Жақсылық – өте кең этикалық категория. Қоғамдық өмірдің шын дерегі адамгершілік негізінде жақсылық пен жамандық категориясы жатыр. Жақсы адам мен жаман адам жайлы ақын-жыраулар көп жырлаған. Мысалы, Шалкиіз жырау «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауында жұртты әділдік пен жақсылыққа үндеп, жамандықтан аулақ болуды нақыл сөздермен жырлайды:

Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлк етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда
Жұмыла ғаламға күлкі етер [48, 50 б.].

Шал ақын жақсы жомарт, ізгі адам мен қайырымсыз, жаман адамды салыстырып сипаттайды:

Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең.
Шешен жігіт дүрмен тең,
Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар
Жүз болса да бірмен тең [48, 56 б.].

Өмір мәні жалпыдүниетанымдық категория ретінде жалпы бағытты ұстайды. Өмір мәнін моральдық парызбен байланыстырмыз, бірақ теңдестіре алмаймыз. Парыз негізінен адамның қоғамға деген қатысы мен байланысын көрсетеді. Адам өз мақсатын таңдаған соң ол парызға айналады да, парызды орындау мақсатқа айналады, екеуі диалектикалық бірлікте болады. Өмір мәні ұғымы адамның ұжданымен байланыста болады. Бақыт категориясын да өмір мәнімен қатыста қараймыз. Бақыт дегеніміз өз болмысыңа, жеткен табыстарың мен өз мақсаттарыңның іске асуы жолындағы күресіңе қанағаттану, ал өмір мәні адамның өз ұмтылысын ұғынуы, алға қойған мақсаттарына деген сенімі. Бақыт пен мұрат ұғымдары адамның іс-әрекеттерімен тығыз байланыста айтылып, көркемдік бейнелермен көмкеріліп, көшпелі қоғамның далалық болмысымен шынайы ыңғайласып, бірлікте тұрады. Бақыт ұғымының өзі адамдардың достығына, сүйіспеншілігіне, қайырымдылығына негізделеді. Асан Қайғы:

Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнде артылып,
Не қылса да мол болар, –

деп бақ-дәулеттің келуі мен кетуі құбылмалы екенін ескертеді. Асан бақытты дегенде оның жиған байлығын айтпайды, адамның бақыттылығы оның ақылдылығында, елге қайырлылығында, сол қасиеттерімен жұртқа танылғанда ғана бақытқа жету мүмкіндігі болатынын айтады.

Ақын-жыраулар өмірді қадірлеп, оны мәнді өткізуге шақырды. Адамның өмірлік мұраты не, соған ұмтылуы керек. Дәулет, байлық адамға жолдас болмайды, олардың

соңына түскен адам өкінумен өтеді. Ондай адамда дос болмайды. Өздерінің адамға, олардың тағдырына қатынасын өз жырларымен ақыл-кеңес, өсиет айта отырып білдіреді. Өмір қысқа, сондықтан алға ұмтылып, елге жақсы істеріңмен көрінуің керек. Тіпті қандай қиын жағдайда болсаң да мойыма, жаман іске ұрынба дейді. Бұхар жырау «Сәлем бір сөздің анасы» деген толғауында:

Сәлем бір сөздің анасы,
Ғалек болған данасы...
Өтірікті шын қылған
Ол Алланың қызыл көзді пәлесі, –

деп өз кезіндегі алаяқ, қызыл көз сұмдардың тұлғасын жасауға тырысқан. Мұндай адам бейнесін Ақтамберді жыраудың толғауынан да көреміз:

Мал-басы өскен адамның,
Алды-арты бұрқан бу болар,
Көтере алмай дәулетін,
Көрінгенге қыр қылар…
Жетім менен жесірге
Қазары ылғи ор болар – деп [48, 75 б.].

Кейбір дәулетті адамдардың тұмсығын аспанға көтеріп, кеудесіне нан пісіп, құр кеуде тәкаппарлыққа салынуын ашып көрсетеді және ондайлардың сазайын тартатынынан да үміттенеді.

Өзің үшін, ұрпағыңның қамы үшін еңбектену керек екенін Ақтамберді жырау жақсы айтқан. Тірі жан-жануардың бәрі тіршілік үшін еңбектенбекші. Тең құрбыңнан кем қалмай, дәулетке ие болу әр адамның мақсаты. Бірақ оны қол жайып, сұрап ала алмайсың, өз күшіңе, өз талабыңа сенім артуың қажет, сол жолда ерінбей еңбек етсең, сол еңбегіңнің жемісін жейсің деген ойды мына жырында әдемі бейнелеген:

Көк көгершін, көгершін,
Көкқұтан ұшар жем үшін.

Тем, тем үшін, тем үшін.
Тең құрбыдан кем үшін.
Көк шекпенін бөктеріп,
Ерлер жортар мал үшін
Қатын-бала қамы үшін
Әркім өзі талпынбақ,
Басына бітер бағы үшін [48, 67 б.].

Бақ-дәулет, өмірдің бар қызығы еңбекте, ел-жұрт тыныштығы бірлікте екенін «Балаларыма өсиет» деп басталатын өлеңінде нақыл сөздермен берген:

Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке…

Ақтамберді туған жер, Отан тілегін бірінші орынға қояды. Татулықты, мейірімділікті, батырлықты көксейді. Адамның артықшылығы жомарт, жайдары мінезінде, ақылы мен білімінде деп көрсетеді. Ер-азамат, сұлтандар, байлар мен жарлылар бәрі бір мақсатта болса деп армандайды. Халық арасындағы қайшылықты ағайыншылықпен шешуге үндейді. Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуі де осы әділеттілікті, халықты бақытқа апаратын жолды іздеу еді. Ол әділетті болу адамның өзіне байланысты екендігін әсерлі жеткізе білді. Әділеттілік орнатудың негізі әлеуметтік келелі тіршілік мүдделеріне қарай иландыру, икемдеу, оның өрісін кеңейту, кеңістікті пайдалану, уақытты бос өткізбеу болып саналады. Асан Қайғы хан мен халықты бірігіп қимылдауға, бірігіп әрекеттенуге шақырды. Ол халық тілегін ханға жеткізуші ғана емес, оның орындалуына жол ашқан саяси тұлға еді. Ал Канттың «Мәңгі бейбіт өмірге» трактатын қарастырсақ, ол үшін ең қымбат нәрсе – адам өмірі. Адам өмірін сақтау үшін бейбітшілік орнату керек, адамдар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруі керек дейді. Бұл саяси мәселенің негізі – жер бетіндегі тіршілікті, адам өмірін сақтау. Сондықтан адам мәнді өмір сүру үшін күресуі, еңбектенуі, тығырықтан

шығатын жолды іздеуі керек. «Өмір, дүние туралы толғанысқа түскен адамның тиянақты тұжырымға келуі екіталай іс. Дүние болмысы туралы мінсіз ой қалдырған данышпан жоқ. Олардың бәрі терең сөздер айтқан, бірақ ешқайсысы өмір мәнін ашып бере алмаған» [62, 477 б.]. Жыраулар адамның өмір туралы, өмірдегі оның орны туралы ойлануға, рухани жетілуге шақырады, өз өмірін анықтау, мәнді өмірге жету әр адамның өз қолында деп түсіндіреді. Өмірге адам болып келдің бе, адам болып өмір сүр, адамгершілік қасиеттерді бойыңа жина, сонда мәнді өмірге жетесің деп бізді үйретеді.

Философия тарихындағы ұлы ғұламалардың бірі Сократ философия адамды өмір сүруге үйретеді деген екен (Платонның деректері бойынша). Өмір сүру деген ұғымды әр заман өзінше түсінсе де, оның жалпыға ортақ сипаты бар. Яғни, әр заманның талабына сай болу, өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерді шеше білу. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» – дейді қазақ мақалы. Қазақ халқына әр заман өз жетістіктері мен қиындықтарын жіберіп отырды, мәселе сол қиындықтарды шешіп, өмірдің мәнін түсініп, заманға бейімделе білуде.

Адам өмірінің мәні, өмір мен өлім проблемасы – философиядағы мәңгілік тақырыптардың бірі. Әсіресе, қазақ философиясында бұл тақырып терең зерделенген. Мысалы, өлімді өнердің күшімен кідірткен Қорқыт Ата ұлағатының өзі әлемдік философиядағы мәңгілік проблеманың өзгеше шешімі болып табылады. Мағжан Жұмабаев өлімді – адамның жер бетіндегі ғұмырының аяқталуы деп қана емес, мәңгілік мекеніне аттануы деп бағалайды. Ажал адамның:

«Өлгені емес, жерді тастап кеткені,
Шын бақытқа ерте бастан жеткені», [33, 130 б.] – дейді.

Қазақ философиясында адам баласының ертеңгі «бір өлім» туралы ойлануы оның имандылыққа, ізгілікке бет бұруының өлшемі ретінде қарастырылады. Өлім туралы ойланған адам сатқындық пен арамдық жасамайды, бұл пәнидегі ғұмырын мәнді өткізуге ұмтылады. Шал ақынның ерекше қызығып жырлайтыны – бұл дүниенің күйкі тірлігінен аулақ сәт – сәби кез.

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста Тәңірі берген несіптемін...
Он жасымда сүт емген қозыдаймын... –

десе, одан соң бозбалалық, жігіттік дәурен туралы толғанады:

Жиырма деген жасым-ай,
Көлге біткен құрақтай...

Бұдан соң жастық дәурен өтіп, кәрілік жетеді:

Қартайғанда мүкістеу болар құлақ,
Жас ағып, екі көзден тұрар жылап... [48, 164 б.]

Бұл өмірдің өткендігінің белгісі, ақын тек өз басының күйін жырламайды, бұл – барлық пенденің көретін күні. Адам туды, жиырма мен елудің арасында қамсыз тірлік кешті. Ажал жеткен күні өлді. Өйткені, жарық дүние – фәни, өткінші.

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып, ассаң-дағы,
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы [48, 169 б.].

Ойшылдарымыз жалған дүние туралы көп жырлаған. Доспамбет жырау бұл дүние бір күн бетін, бір күн сыртын береді, еш нәрсе мәңгілік емес, бүгін бақ құсы басыңа қонып тұрса, ертең ұшып кетеді немесе бүгін өмірде қиыншылық көріп жүрсең, ертең жақсы болып кетуі мүмкін, сондықтан өткен іске өкінбеу керек деген ой айтады.

Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кеттім өкінбен [48, 38 б.], –

деп өзінің өткен өміріне риза екенін білдіреді. Жарық дүниеден озарында соңғы сөзін айтып қалуға мүмкіндігі болған адам Жаратушы иеміздің аса зор рахымшылығы түскен адам шығар.

Егер солай болса, мұндай рахымшылыққа бөленген жанның бірі – Доспамбет жырау.

Озушылар, озмаңыз,
Озсаңыз бізім бетке бармаңыз»! [48, 39 б.]

деп басталатын жолдар жыраудың отызға да тола алмай, бар мен жоқтың арасында жатқан сәтінің куәгері. Бұл ақынның қайғылы қазаны естірткелі оза шауып бара жатқандарға қарата айтқаны.

Доспамбет өзінің дәл сол сәттегі күйін адам баласының мәңгілік мекеніне кетер жолы ретінде көрсетуі – өмірге келу мен кетудің ғаламдық қажеттілік және заңдылық екендігін баяндауы болып табылады. Бұл – өзінің кетіп бара жатқан жағын үрей шақыратындай етіп айтуға болмайтындығын ұламалықпен жеткізуі. Әрине, ақын өзі үшін емес, бұл дүниеліктерге үрейлі болмауы үшін айтудың өзіндік психологиялық тәсілін қолданады.

Бұрынғылар түскен жүрі жол
Бұрылып соған түсті дегейсіз!..

деп сол жолға түсуін субъектілік кеңістік ішіндегі ерекше бір іс-қимыл ретінде баяндауында мән бар. Осы өлең жолының кеңістігінде тұрған ақын өзінің аяқ асты опат болғандығын мойындай алмайды. Ол, өзінің түсіндіруі бойынша айтсақ, әлдеқандай бір ғарыштық себептермен, ғарыштық қажеттіліктерге байланысты келе жатқан бағытын өзгертуге мәжбүр болды да «бұрынғылар түскен жүре жолға» қарай «бұрылды». Бұл Доспамбет ойшылдың өмір туралы және өлім туралы философиялық ой-тұжырым теориясы.

Доспамбет шығармаларының дүниетанымы кең, өмір өткелдерінен өткен тәжірибелі, зерделі зергерді көреміз. Ол дүниенің өткіншілігін термелеп, адам өмірінің өсу жолдарын өзінше топшылайды. Қызығы, сайраны мол жастық шақтың аяғы қарттық кеселіне кезігіп, өмір соңы опатпен тынатынын ескертеді. Одан жыраудың өзі де құтылмайды.

Дүниенің басы сайран, түбі ойран,
Озар сойды бұ дүние
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағадан [48, 36 б.].

Адамның өмірі мен өлімі Шалкиіз жырау шығармаларына арқау болған, дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе жоқ, әлем бір қалыпта тұрмайды, бәрі фәнилік, бәрі өткінші. Осы қысқа өмірде, бұл жалған бәрінің басынан өткендіктен, дүниедегі бар қызықты көріп, думандатып өтейік деген ой айтады. Бірақ бұл өлім өзі келмейді, ол тәңірінің қолында, сондықтан бұқпаламай ұрысқа қатыс дейді:

Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр!

Біреудің ажалы – оттан, біреудің ажалы – судан, ажалсыз адам өлмейді. Пешенеңе не жазсаң соны көресің деп тұжырым жасайды. «Шалкиіз шығармаларынан Тәңірі, құдай, Алла жайлы көп кездестіреміз, – дейді О.Сегізбаев, – ол мұсылман діні, Ибраһим Халил, Әзірейіл жайлы көп білген және өзінің «Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға» айтқан жырында Темірді би, әмір қылған құдай, соның ісі деп көрсеткен» [87, 129 б.]. Бірақ оның дінге сенімі берік болмағанға ұқсайды. Бұған Қ.Бейсенов былай жауап береді: «Шалкиіз шығармашылығына баға берген кезде оған нақтылы тарихи тұрғыда қарау керек. Барын бардай, жоғын жоқтай бағалау керек. Оның көзқарасында тәңіриялық сенім-наным да, дін Исламның негізгі қағидалары да, риясыз шынайылыққа негізделген аңғал материализм де тоғысып жатыр» [88, 132 б.].

Доспамбет пен Шалкиіз адам өлімі Тәңірінің ісі десе, Бұқар адамның өліміне уақыт пен жағдай әсер етеді дейді. Адам мәңгілік өмір сүрмейді, ол туады, әртүрлі кезеңдер өтеді, қартаяды, соңында өледі. Осының бәрі заңды құбылыс, бірақ әртүрлі ауру, соғыс т. б. жағдайлар оны тездетуі мүмкін, сондықтан бұл табиғаттың заңына байланысты дейді. Бұл үрдіс сонау Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап орын алған.

Мысалы, Білге қаған:

Тағдырды Тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған [89, 70 б.], –

десе, Қорқыт Ата:

Келімді кетімді дүние,
Аяғы өлімді дүние [90, 58 б.], – дейді.

Жүсіп Баласағұнда: «Тірілердің өлуге жаратылғанын білесің, Өз уақытын бағып, әне, өлім күтіп тұр. Дүние қақпасын ашты. Тағы бір қақпа. Өлім қақпасы ашылды»[91, 38 б.], – делінсе, Абайда: «... жаратушыдан басқаның бәрі бұл жалғанда дамиды, өзгеріске ұшырайды, ал қоғам – ұрпақтардың үнемі жаңарып отыратын мекені деп біледі», – делінген. Бұл көзқарастарды XX ғасырда дамыған экзистенциалистер көзқарасымен салыстырсақ, олар да «...жеке бастылық өмір сүру – уақытша болатын құбылыс, оның арты – өлім. Оның уақыты тағдыр, тағдырдың ішіне кіретіндер: туу, өлім, махаббат, торығу, өкіну т. б. Сонымен бірге өмір сүруге батылдық, жоспар, үміт, дәме кіреді» [92, 69 б.], – дей келіп, уақыттың тарихпен және адаммен байланысын, оның өмір сүруін ізденушілігімен, қарекетімен, үмітімен астастыра қарайды.

2.2. Қоғам мен адамның өзара байланысы мәселесінің құндылықтық-мағыналық қырларының айшықталуы

Қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер алғашқы қауымдық қоғам дәуірлерінде қалыптаса бастаған. Осыған орай адамзаттың сана-сезімінде қоғам деген не? ол қалай пайда болады? қоғамның даму жолдары қандай? қоғамдағы процестердің өзара байланыстары бар ма? деген сұрақтар туындаған. Осындай сұрақтардың негізінде адамдар бірлесе отырып бір қоғамға бірігіп өздерінің тұрмыс тіршіліктерін қалыптастыруға бет бұрып, қоғамның даму жолдарын өздері-

нің практикалық өмірлерімен байланыстырған. Сондықтан да қоғам дегеніміз адамдардың өзара бірлесе отырып, саяси әлеуметтік, экономикалық және рухани іс-әрекеттерін атқаратын ортасы болып табылады. Қоғамдағы әр түрлі жағдайларды зерттеуде философия тарихында материализм мен идеализм бағыттарының арасында үздіксіз күрес жүріп келе жатыр. Материалистер қоғамды және оның даму жолдарын объективті құбылыстарға байланыстырып түсіндірсе, ал идеалистер санасезімге рухани әлемге байланысты мәселелермен түсіндіреді. Бұл жолда материалистік қоғам өмірін ғылыми тәжірибелер айқындаса, идеалистік бағыттағы қоғам мәселелерін дін тұрғысынан шешеді. Қалай болса да қоғамның дамуы ой еңбегі мен дене еңбегінің дамуына немесе еңбекші халықтың қоғам туралы ой-пікірлерінің, іс-әрекеттерінің дамуына себеп болды, яғни қоғамдағы өндірістік қатынастарды дамыта отырып, қоғамның адамзат өміріндегі мәңгі құбылыс екендігі дәлелденді. Қоғамның пайда болу жолында негізгі рөл адамзат қауымымен тығыз байланысты. Өйткені адамзат өзінің отбасынан бастап, белгілі бір ортада қоғамның пайда болуына түрткі болатын, жоғары рухани құндылығы басым тұлға болып табылады. Сондықтан да адамзат қоғамда өмір сүріп, қызмет ете отырып қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады.

Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің басты ерекшелігі қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар негізінен екі түрге, яғни материалдық және идеологиялық қатынастар болып бөлінеді. Материалдық қатынастарға табиғат және оның қазына байлықтарын адам арқылы өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдары жатады. Ал идеологиялық қатынастың негізгі мәселесі адамды адам арқылы тәрбиелеу, жетілдіру іс-әрекеттері болып табылады. Осыған сәйкес идеологиялық қатынастар өз ішінде саяси, құқықтық, моральдық, діни, этикалық және философиялық қатынастар болып бөлінеді. Қоғамның табиғаттан айырмашылығы бар екенін бәріміз білеміз. Қандай айырмашылығы бар? Қоғамның табиғат жүйесінен айырмашылығы ол идеядан, түсініктен, құндылықтардан, адамдардың түсініктемелерінен тұр-майды. Адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің мәні олардың құнды-

лықтарымен анықталады. Табиғи нысандар бір нәрсе үшін емес өзара әрекет етеді. Жануарлар қоректенеді, көбейеді, өз инстинктерімен жүреді, олардың санасы жоқ (психикасы бар, оны зоопсихология зерттейді).

Тарихи тұрғыдан немесе философиялық тұрғыдан болсын қоғамның қозғаушы күштері туралы мәселенің орны ерекше. Өйткені бұл мәселені зерттей отырып, қоғамның дамуына себеп болатын қозғаушы күштер анықталады. Ғылым мен философиялық ізденістерде қарапайым халық қоғамның бірден-бір қозғаушы күші болып табылады. Себебі бұқара халық қоғамның шикізат көздерін өндіруші материалдық және рухани игіліктерді жасаушы әлеуметтік процестерді тудырушы жалпы қоғамның дамуы мен өзгеруін қамтамасыз ететін күш болып саналады. Яғни қоғамның даму жолы қозғаушы күштер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда қарапайым халық өзінің ой белсенділігі және еңбек процесі арқылы қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Мысалы: қоғамдағы ғылыми жаңалықтар, экономикалық даму жолдары, мәдениет, спорт, қолөнер мен сауда-саттық жетістіктері, рухани әлем өмірі осы халықтың арқасында орындалады. Сонымен бірге қоғамның қозғаушы күші ретінде материалдық, экономикалық қажеттіліктер негізгі рөл атқарады. Бұл қажеттіліктер қоғамның өндіріс көздерінің дамуына, жұмысшылар мен жеке кәсіпкерлердің белсенді іс-әрекеттер атқаруына, қоғамның әлеуметтік жағдайының түзелуіне себеп болады. Сонымен қатар қоғамның бірден-бір қозғаушы күші рухани қажеттіліктер болып табылады. Рухани қажеттіліктер қоғамның этикалық, мәдени, діни өмірлерінің қалыптасып, адам баласының ұлылық деңгейлерге жетуіне жол ашады. Сондықтан да материалдық, экономикалық қажеттіліктер мен рухани қажеттіліктер бір-бірімен байланыса отырып қоғамның дамуында негізгі рөл атқарады.

Антикалық кезеңде қоғамды Платонның идеяларының не Аристотельдің формаларының негізінде түсінген. Платон қоғамды әділдік идеясын іске асыру арқылы қарастырды. Аристотель де әділ қоғам құру қажеттілігін айтып кетті. Платон мен Аристотельдің арасындағы айырмашылық – Платон әділдік идеясын адамдық бастау емес, ғарыштық идея дейді. Аристотель

әділдікті адамгершілікпен үндестікте қарайды. Ол әділдік мұрат не форма емес, адамға тән дейді.

Адам мәселесіне өз философиялық көзқарастарын алғаш білдірген көне Шығыс философиясы болды. Көне Египетте философиялық дүниетаным жай білімнен ажыратылмаған кезде, Көне Индияда философия діни дүниетаныммен бірге дамыды. Ал Көне Қытайда қоғамдық сананың адамгершілік формасымен бірге сіңісіп кетті. Көне Шығыс философиясы адам мен табиғат жағдайларын теңдестіріп, біріктіреді. Әр адам өз бетімен емес, осы бірігудің бір бөлігі ретінде бағаланды. Өмірдің мақсаты мен мәні Ұлылықтың ақиқатымен біріккен жоғары даналыққа жету болды.

Сократ тек батысевропалық философияның ғана емес, этиканың да негізін салушы. Оны ең алдымен адамның ішкі әлемі, оның жаны мен ізгілігі қызықтырды. Сократ «ізгілік дегеніміз – білім», сондықтан адамға жақсылық пен әділдіктің мәнін тани білуі керек, сонда жаман қылықтар жасамайды деген қорытынды жасаған дейді Платон. Адам жаны, рухы және зерде туралы ғылым Сократ философиясында негізгі орынды алады, ал адамның өзін-өзі тануы оның философиясының басты мақсаты.

Сократтың шәкірті Платонға адам тек рух пен дененің бірлігі ғана емес, сол рух дегеніміздің өзі адамды адам ететін субстанция деген идея жатады. Адамның жалпы сипаты рухтың сапасына байланысты. Оның пікірі бойынша бірінші орында философтың рухы, соңында рақымсыз, жауыздың рухы жүретін «рухтардың бағыныштылығы» бар. Себебі, философтың рухы даналыққа жақын, білімге құштар болып келеді, бұл адамның жануардан басты айырмашылығы. Аристотельдің адамды философиялық түсінуінің маңызды жетістігі оның әлеуметтік сипатын негіздеуімен байланысты. Ойшылдың «Адам мемлекетте өмір сүруге арналған тірі жаратылыс иесі» деген сөзі сақталған. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттауға қабілетті, ол қоғамда өмір сүріп, заңдарды меңгереді.

Адам қоғамда өмір сүреді, ал қоғам дегеніміз бүкіл адамзат үшін де, жеке адам үшін де өзі өмір сүріп отырған, онымен өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастар арқылы байланысқан ұжым. Қоғамдық өмірдің алға жылжуы сол

адамның өзі тұрақты өмірлік байланыста болған қоғамдық ұжымның өсуіне байланысты. Тарихтың алғашқы кезеңінде адам қоғамы ру-тайпалық болды. Жеке адамның, тұлғаның және қоғамдық ұжымның өзара қатынас мәселесі адамдарды тарихтың барлық кезеңдерінде толғандырды. Себебі, тарихты адамдар жасаған. Адамзат тұлғалардан, нағыз қоғамдық біртұтастықтан құрылған тығыз байланыстағы қауымдастық. Тарих әр адамның жекелеп алғандағы өмірлік іс-әрекетінің жиынтығы. Адамзат тарихы – тірі жандылардың сансыз ұрпақтарынан құрылған маржанды арал тәрізді. Бірақ адам жеке тұлға. Ол қоғамнан өз орнын алғысы келеді, сонымен бірге ғылым тек тұтас қоғаммен ғана айналысып қоймай, жеке адаммен де айналысқанын қалайды. Бірақ ғылым тек жалпының көрініс беру негізінде ғана жекені зерттейді. Ғылымнан жеке адам да өз орнын табуы керек. Себебі адамдар тек тарихты талдап қоймай, табиғат пен адамның тағдыры туралы да ойланады. Қоршаған өмірді ол өзінің таптық жағдайына, тәрбиесіне, жасына байланысты қабылдайды.

Қоғам мен жеке адамның, тұлғаның қатынасы бүтіннің қосарлану формаларының бірі. Қоғам мен жеке адам ажырамас бірлікте. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланыс сипатында болады. Әрбір жеке адам жалпының, ерекшенің және жекеліктің бірлігі болып табылады. «Жеке адамның ішкі өмірі – ішкі әлемінің көрінісі және ондағы жағдайларға қарсы жауабы. Адам өмірі мен іс-әрекеті оны қоршаған шындықтан бастау алады. Оның әрекеті санасында бар сыртқы әлем бейнесінде ұғынықты болады. Адамның ішкі әлемі бай болған сайын оның өмірі де мәнді болады. Адамның шынайы байлығы оның бір заттарға ие болуында емес, оның ой байлығында, мәдениет байлықтарын иемденуінде. Сыртқы орта – қоғам – жеке адамның, оның санасының ішкі әлемін анықтап, қалыптастырады. Сыртқы әлем бейнесі, жеке адам санасында пайда болған қоғам түсінігі өз кезегінде адам әрекетінің негізі болып табылады. Адамның ішкі әлемі сыртқы әлемнің – табиғат пен қоғам құбылыстарының санасында бейнеленуінің нәтижесі. Сондықтан ішкі әлем объективтіліктің негізінде субъективтілік пен объективтіліктің бірлігі ретінде

жүреді» [93, 19 б.]. Объективті деп адамның еркі мен санасына байланысты емес нәрсені, ал субъективті деп сыртқы әлемге емес адамға тән, бұл сыртқы әлемге адам не береді дегенді атайды. Субъект термині философияда қасиеттер мен жағдайдың заттық таратушысы мәнін береді. Субъект ол әрбір жеке адам, адамдар қоғамдасқан күйінде тарихи-әлеуметтік дүниенің иесі, ал адам өз қызметінде нені өзгертеді, сол объект. Адам тарихты өз мақсаттарын іске асыру үшін жасайды.

Мысалы, менің өмірім мені қоршаған ортада – белгілі бір дәуірде, белгілі бір қоғамдық құрылымда өтіп жатыр. Бұл құрылымдар менен тәуелсіз, себебі оларды құрған мен емес, сондықтан да мен табиғаттың өмір сүру ақиқатына қалай сенсем, өз өмірімде олармен де санасуым керек. Менің алдымда бұл жағдайда өз орнымды табу, өз өмірімді қамтамасыз ету және мүмкіндігім болғанша, өз ортамды жақсы жағынан өзгерту қажеттілігі тұр. Сондықтан бұл менен тәуелсіз объективті қоғамдық жағдайлар кейде менің де қызметімді қажет етеді. Ұлы адамдар да, қарапайым халық та әркім шамасы келгенше қоғам дамуына өз үлестерін қосады. Міне, осы хандық кезеңдегі ұлы тұлғалар, хандар мен би-шешендер, жыраулар мен ақындар қоғамға пайдасын тигізсе, қарапайым халық та бірі аз, бірі көп көлемде өз үлестерін қоса білді.

Қоғам үздіксіз даму үстіндегі әлеуметтік тірі дене іспеттес. Оның өмірлік іс-әрекеті адамдардың рухани дамуын анықтайтын өндіріс тәсілдерінің дамуымен белгіленеді. Адамдар басқаларының көмегі арқылы еңбек етеді, басқа адамдардың өндірістік іс-әрекетімен байланысты болады. Адам өмір үшін еңбек етіп, сол үшін күреседі, егер осыны ұғына білсе қоғамға деген сенімі осы әлеуметтік ортаны, ұжымдық өмірді, адамның тек жеке басының қамын ғана емес, басқа адамдардың да өмірлік болмысын түсіндіреді. Жеке адам өліп, жоғалып кетеді, ал қоғам объективті заңдардың негізінде өз өмірін жалғастырады. Адам қоғамдық дамудың жемісі, сондықтан қоғам дамуына өз үлесін қосуы керек. Жеке адамның дамуы, оның өмірінің толықтығы өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйеге байланысты.

Адам екі әлемде: табиғат пен қоғам әлемінде өмір сүреді. Дегенмен оның табиғаты, мәні және өмірінің мазмұны

онымен шектелмейді. Оған рухани жетілу сатылары қажет. Лев Толстой әлеуметтік мәселелерді шешу үшін мылтықтың керегі жоқ, адамның адамгершілік тәрбиесін күшейтіп, өзін-өзі рухани жетілдіру жағына көңіл бөлу керектігін айтқан. Рухани кемелдену мәселесі қашанда адамның өзіне-өзі үңілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады, өйткені барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Мәселе – тек өмірлік ұстанымда, дұрыс таңдау жасай білуінде. «Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпынысы, – дейді С. Нұрмұратов. – Ал кез-келген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес. өйткені, «мақсат – оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды. Бұл рухани әлемнің заңдылығына қайшы келетін іс-әрекеттер. Тек адамға біткен ішкі нұрдың күшімен, шыдамдылық пен мойынсұнушылық арқылы барлық қайшылықты жеңіп шыққанда ғана руханилықтың есігі ашылады» [53, 37 б.]. Адам табиғаттың да, қоғамның да жағдайларына бейімделе алады, тек бейімделіп қоймайды, онда кездесетін қиындықтармен күресе де біледі. Адам табиғат заңына да, қоғамның даму заңына да бағынады.

Ерте заманнан бастап халық мәдениетінің өзіндік ерекшелігінің негізі осы мәдениеттің мәні болып табылатын руханилықтың имманентті формасы болды. Қазақтың өзіндік санасының ішкі логикасын іздеу жалпы мәселелерді шешуге, оларға танымдық көзқарас қалыптастыруға әкеледі. Қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшелігін түсіну халықтың қауымдасуы мен өмірлік идеяларының өзгешелігіне негізделген қоғамның дербестігі мен сапалы нақтылығын білдіреді. Мұнда қоғамдық болмыстың түрлі жақтары, қоғамдық сананың онтологиялық және гносеологиялық аспектілері, тіршіліктің өтуге болмайтын белгілері мен дамудың ішкі қайнар көздері біте қайнасып кеткен. Өзіндік ерекшелік тарихтың қозаушы күштерінің бірі, мәдениеттің өмірлік көзі, қоғам дамуының өзегі және динамикалық принципі болып табылады.

Қоғамның өзіндік ерекшелік ұғымы оның өзгешелігін, әртүрлілігін түсінумен, яғни салт-дәстүр нормалары, мінез-құлықтың формалары арқылы сипатталады. Мұнда тәуелсіз табиғатты, дамудың өзіндік қайнаркөздерін бейнелейтін адамдар өмірінің біртұтас-рухани аспектілері келтірілген. Бұл шығыс әмбебаптығының өркениеттік тұғырнамасына, қоғамның алыс және жақын шығу тегін зерттеуге, өткен мен бүгінгінің арасындағы сабақтастықты бағалауға, әртүрлі уақыт пен кеңістіктегі мәдениеттер сұхбатына негізделген. Бұл жолда түрлі уақыттағы халық мәдениетіндегі тарихи және мәндік теңдіктер, шығармашылық пен патриотизм идеялары негізінде тұтас мәдениеттің жақтаушыларының бірлесуі мүмкін болады.

Қазақ өркениеті материалдық және рухани аспектідегі жеке адам мен топтардың жалпы байланысына негізделген уақыт пен кеңістікте үлкен тұрақтылыққа ие болған әлеуметтік өмір ұйымының ірі көлемді нысаны ретінде көрінеді. Жалпыға ортақ мәні бар және қажетті құрылымдық компонентте жүзеге асатын қоғамдық өзара байланыстың рухани нысандары ерекше мәнге ие болады. Бұл өркениеттің әлеуметтік таратушылары арқылы рухани құндылықтардың, идеялардың, білімнің, бағдарлардың, нышанның бірлігі ретінде көрінетін оның біртұтастығы қамтамасыз етіледі. Өркениет қоғам дамуындағы сабақтастықты, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды түрлі өсу, тоқырау секілді қалыптасу кезеңдеріне бағындырады.

Қазақ қоғамы тұлғааралық қатынастар тірегі, құндылықтар тұрақтылығы мен сүбелі рухани реттеуге негізделген. Ол экономикалық қатынастардан асып түсетін тұлғалық қатынастар фундаментализмі арқылы сипатталады. Бұл қоғамда халық үшін үлкен мәні бар жалпы құндылықтар бар. Ол ерекше табиғи рухани өзара байланыстар арқылы көрініс табады.

Философиялық қатынаста мемлекет әлсіз болған сайын этникалық қауымдастыққа табиғат ортасының әсері көбірек болады. Табиғат қазақтар үшін абсолютті және мәңгі бастау, өзіндік іс атқаратын, тіршілік себептері мен факторлары, белсенділік пен даму негіздері бар жалғыз орта. Адамдарға алғашында табиғат заңдылықтарына бағынуына, табиғат

апаттарынан қашып, оның себептерін ұғынып, өз болмысын құруына тура келді. Бұл жерде табиғат жеке адамдарға олардың болмысының формасы мен себептерін көрсететін, өз тіршілігінің таусылмас терең логикасы бар Әлем ретінде көрінеді. Архаикалық кезеңде адамдарды күнделікті рутайпадағы дүниетанымдық нұсқауына адалдығын дәлелдеп отыруына тура келді, әйтпесе тіршіліктің қатал заңы руластарына әлеуметтік бағдарлар мен салт-дәстүрді елемеуге мүмкіндік бермеді, көпшілігін өлімге алып келетін, оларға рудан қуылу қаупі туады. Әлеми түйсік анық болып, дүниетүсінік анық істерге итермеледі, дүниетаным айқын болды. Табиғат аяқталған әлеми тәртіп ретінде, адам табиғаттың бір бөлігі ғана болды.

Адамның дамуына қарай табиғи ортаға бейімделіп, содан кейін оны қайта жөндеуге кірісетін тәжірибелік, өзгерген іс-әрекетті, еңбекті түсіну пайда болады. Жер өңдеу, бақша егу, шөп шабу пайда болады. Жабайы аттарды үйретіп, мал бағу басталып, көшіп-қонуға көшу басталады. Бұл адамның табиғаттан бөлініп шығуы, дербес мән ретінде қалыптасуы маңызды болып есептелетін адамдардың мақсатқа бағытталған іс-әрекетін білдіреді. Табиғат әлемі мақсатты қажет ету жағдайында енді табиғат заңдылықтары адам әлеміне айналады.

Қазақ қоғамында үлкен әлеуметтік орын алған, халықтың ақылшысы болған ақын-жыраулардың шығармаларында адам мен қоғам мәселесі кеңінен жырланады. Олардың көздегені жеке адамның не рудың мүддесі емес, тұтас халықтың, қоғамның мүддесі еді. Қазақ қоғамында адам мен қоғамдық қарым-қатынастар жүйесі тікелей өмір сүру тәжірибесінен туындайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, рухани құндылықтар ойшылдар шығармаларынан орын алған, ол кезде адамдар арасындағы сыйластық қатынастар бәрінен де жоғары тұрған. Онтологиялық болмыстан туындаған қарым-қатынастар ұрпақтан ұрпаққа дәстүр арқылы беріліп отырған. Адам өз елінің ортасында тіршілік ете отырып, өз қабілетіне сай әрекет етеді, халқының салт-сана, әдет-ғұрпын белгілі бір дәрежеде орындай отырып, дамытып, кеңейтіп отырады. Хандық кезеңде осындай өзіндік тарихи ерекшелігі бар қазақ

қауымы қалыптасты. Оның түп негізі туысқандық, қандастық қатынастар болды. Адам негізінде әлеуметтік жан, оның өзіне тән қабілетін іске асыру үшін қоғам қажет. Адамның өмір сүруінің бір кепілі қоғамдық қарым-қатынастың болуы дейді Әл-Фараби.

Қазақ хандығы – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі далалық өңірінде патриархалдық-феодалдық қатынас басым болды, ал оты-рықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Қазақ хандығында облыстық басқару жүйесі емес, ұлттық (ру-рулар бойынша) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болды. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Ол қазақ хандығына бағынды. Хан – қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстады. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды ру басылары, аймақтарды (ата-лар) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын.

Қазақ хандығына біріккен рулардың негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы болды. Азық-түлік, керек-жарақтың бәрін малдан өндірді. Көрші халықтармен де сауданы мал арқылы жүргізді. Халықтың ұлығы – хан болды. Хан халықтың маңызды, ірі мәселелерін шешіп, көрші халықпен қарым-қатынасты, сыртқы мәселелерді басқарып, даулы істерді ше-шіп отырды. Сондықтан рулардан алым-салық алып отырған. Әр рудың басы – ақсақалдар болды, рудың ішкі жұмыстарын солар басқарды. Қазақтың Керейден кейінгі ханы оның бала-сы – Бұрындық болғанмен, негізінде, іс жүзінде Жәнібектің баласы – Қасым хан басқарды. Қасым хан тұсында хандық күшейе түсті, халықтың саны миллионға жетті. Себебі, Қасым хан халық қамын ойлайтын хан болды, бейбітшілік сақтап, шаруашылықты өркендетуге тырысты. «Қасым ханның қасқа

жолы» деген сөз қалғаны да осыдан болуы керек. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес» дейді [94]. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты.

Қасым ханнан кейін Мамаш, Жәдік, Тайыр, Бұйдаш, Шығай сияқты төрт-бес хан ауысады. Шығайдан кейін оның баласы Тәуекел хан болады. Ол Бұхар хандығына шабуыл жасап, жараланып, қайтыс болады. Орнын оның інісі Есім хан басады. Бұл кезде Жоңғар хандығы күшейіп, қауіпті жауға айналып тұрған кез болатын. Есім хан көбінесе Жоңғардан қорғану, халықтың дербес ел болып қалу шараларын іздейді. Осыдан «Есім ханның ескі жолы» деген сөз қалған. Бәрібір Есім ханға жоңғармен соғысуға тура келеді. Ол ел арасында Еңсегей бойлы – Ер Есім деген атпен белгілі болды. XVI ғасырда қазақ хандығы солтүстікте құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен) шектесті. 1563 жылы Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасындағы ұзақ жылғы күрестен кейін Сібір хандығы Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті. 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Есім ханның баласы Жәңгір хан жоңғармен мықтап соғысады. Жәңгірден кейін Тәуке хан бар өмірін жоңғармен соғыспен өткізеді. Тәуке хан алдымен елді басқаруға ыңғайлы болу үшін Үш жүзге бөледі. Әр жүздің басшысын тағайындайды. Өзінің атақты заңын шығарады. Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718) тұсында қазақ хандығының бірлігі күшейе түсті. Ол қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға күш

жұмсады. Феодал шонжарларының өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» және «билік кеңесінің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан құрылтайын ашып отырды. Тәуке хан беделді билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер алдында шешілетін болды. Тәукенің тұсында «Жеті жарғы» деген атаумен әдеттегі құқық өлшемдерінің жинағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында ірі құқықтық өзгерістер енгізілді. «Жет жарғы» сол заманға сай құқықтық құжат қана емес, сонымен қатар көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл көшпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Онда әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы рөлі де зор.

Жаудың бой бермейтіндігін білген Тәуке хан орыс патшасынан көмек сұрап, елді бейбіт тіршілікке көшірмекші болады. Бірақ мақсатына жете алмай, қайтыс болады. Оның баласы Болат хан болған кезде жоңғарлар қазақты жеңіп, атақты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырайды. Ол қазақ тарихында ұмытылмас таңба қалдырды. Осыдан кейін Әбілқайыр хан кіші жүзді Ресейге қосады. Қазақтың жоңғармен соғысы одан кейін де тоқталмайды, Әбілмәмбет, Абылай, Барақ хандар көзге түседі. Олардың ішіндегі атақтысы Абылай хан болды. Абылай хан қазақ халқының ерікті мемлекет болып тұруы жолында күресті. Абылай өлген соң Ұлы жүз бен Орта жүз де Ресейге қосылады. Осылай үш жарым ғасырға созылған қазақ хандығы дәуірінің негізгі мәселелері тарихпен бірге, әдебиетте де, мәдениетте де өз таңбасын қалдырды.

Жыраулар шығармаларын оқып, игере отырып, біз сол кездегі қоғамның саяси, экономикалық, құқықтық, отбасылық,

мәдени-тарихи, моральдық хал-жағдайынан көп мағлұматтар аламыз. «Жырау – өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы. Сондықтан ол албаты сөйлемейді. Ол тынышсыз көшпенділер арасында күнделікті болып тұратын кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тысқары жатады» [25, 127 б.]. Әлкей Марғұлан жыраулардың қоғамдық ролі жөнінде: «Патриарх, ақын, әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжалдар айтып отырған» [23, 73 б.], – деп жазады.

Дербес мемлекет болып, Қазақ хандығы құрылған кездегі аса беделді де көрнекті жырау – Асан Сәбитұлы – шамамен 1370-80 жылдары Еділ жағасында дүниеге келген. Ол Әбілқайыр хан мен Жәнібек, Керей сұлтандардың саяси айқасы кезінде осы екі сұлтанды қолдаған және олардың күресін әділдік деп танып, жеке қазақ хандығын құрған орынды деп санаған. XIV ғасырдың соңы үш жүз жыл бойы Азия мен жарты Еуропаны билеген Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандықтарға бөлініп, ішкі алауыздықтан өзара қырқысып, ыдырап бара жатқан кезі еді. Соның салдарынан Мәскеу Русіне оңай олжа болып, Азаудан, Еділден т. б. жерлерден айрылып үлгерген. Осының куәгері болған Асан қайғы ел тағдырын ойлап күңіренді, елді басқарған ханның жақындап келе жатқан қауіпті сезбейтініне күйінді.

XV ғасырдағы көрнекті тұлғалардың бірі – Қазтуған Сүйінішұлы 1420-30 жылдары осы күнгі Астрахань жерінде әскери ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Ол өз «мені» айқын көрінген, өзін сипаттап, өз портретін жасаған жырау.

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,..
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені [48, 31 б.].

Қазтуған жырау да қазақ халқының өз алдына отау тігіп, жеке мемлекет құра бастаған шағында өмір сүрген. Оның толғауларында Асан қайғы идеясымен ортақ, елге құтты қоныс іздеу, жайлы мекенге орналасу идеясы орын алған.

Қазақ хандығы күшейіп, дербес мемлекет ретінде басқа көршілес елдерге танылып, үлкен ордаға айналған тұста жыраулар поэзиясы бұрынғыдан да гөрі саяси-әлеуметтік мәнге ие бола бастады. Осы уақыттағы көрнекті жыраулардың бірі – Шалкиіз (Шәлгез) Тіленшіұлы 1465 жылдар шамасында Жайық өзенінің шығыс жағында ақсүйектер тұқымынан тараған феодалдың отбасында дүниеге келген. Ұзақ өмірінде Дешті-Қыпшақты түгел шарлаған жырау бүкіл өмірін күрес үстінде өткізеді. Би Темірдің ардақтаған жырауы болады. Жырау үшін ең қымбат нәрсе – Отаны. Шығармаларының көбі ұрыс кезінде туған, сондықтан да дұшпаннан именбеуге, ұрысқа тайсалмай кіруге, ерлікке үндейді.

XVI ғасыр өкілдерінің бірі Азаулыда аға болған ерлер көп еді деп жырлаған Доспамбет жырау Азау қаласында туған. Стамбул мен Бақшасарайда болған, Дешті-Қыпшақты түгел аралаған. Жорық жыршысы болған, әскери жорықтарға қатысып, сол қырқыстардың бірінде қаза тапқан. Оның шығармаларынан ерлік кейпі, асқақ рухы, өмірлік мұраты танылады.

Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді! [48, 36 б.], –

деген жолдардағы «алмаға ат байлағаны» деген сөз тіркесі жайында Ғ. Есім: «Сірә, жырау бұл жерде өзінің алысқа сапар шегіп, ел көргенін, жер көргенін метафоралық мәнде баяндаса керек. Демек, Доспамбет кезінде «алмаға ат байлау деген ұғым болған», – дейді [95, 160 б.]. Яғни, Доспамбет жырау елді, жерді көп аралаған, көп көрген. Сондықтан Азаулыда аға болған ерлер көп болғанмен, Доспамбеттей алмаға ат байлағаны болмаған. Осыдан-ақ жыраудың шоқтығының биік екендігі аңғарылады.

XVII ғасырдан бізге Жиембет пен Марғасқа жыраулардың аттары жетті. Жиембет жырау өзі би, өзі батыр, мемлекет тіршілігінде үлкен рөл атқарған. Ол қазақ пен жоңғарлардың арасындағы қақтығыста, 1620 жылғы шайқаста, Ташкент

билеушісі Қатаған Тұрсынның бүлігін басуда айрықша көзге түскен. Марғасқа жырау да Есім хан тұсындағы тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан, жорық жыршысы болған. Екеуі де сөз өнерін жете меңгерген арқалы жыраулар еді.

XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы, ақтабан шұбырынды, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер жыраулар шығармашылығына айрықша ықпал етті. Осы кезеңдегі жыраулық дәстүрді дамытуға зор үлес қосқан жырау – Ақтамберді Сарыұлы еді. Ол 1675 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау бойында ауқатты феодалдар отбасында дүниеге келген. Батыр жырау қазақтардың жоңғарға қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі болған. Ақтамберді толғауларынан жоңғарларға қарсы күрес сарыны, жұртты ерлікке үндеу, жауға күйрете соққы беру, отаншылдық, патриоттық сарындарды көреміз. Өзінің зор беделі мен жыраулық сөзі арқылы елді соңына ертеді, жаудан азат етілген атамекенге оралу кезінде де орасан зор еңбек етеді.

Осы кезеңде өмір сүрген жыраулардың бірі – Үмбетей Тілеуұлы – 1706 жылдар шамасында дүниеге келген. Оның шығармасындағы негізгі тақырып – сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен батырларды сипаттау. Бөгембай батырдың ерлігін жырлаған толғауы, Бөгембай өлімі Абылай ханға естірткен толғауы, философиялық-дидактикалық толғаулары бар.

XVIII ғасырдың көрнекті өкілі – Бұқар жырау Қалқаманұлы – шамамен 1668 жылдары дүниеге келген. Арқалы жырау, қабырғалы би болған Бұқар жырау қоғам өміріне белсене араласқан. Жырымен де, ісімен де Абылай хан саясатын қолдаған. Хандықтың нығаюын қолдаған, ханға қажет кезінде ащы шындықты айтудан да тайынбаған, сынап, шенеуге дейін барған. Оның шығармаларынан өзі өмір сүрген заман бейнесі анық көрінеді.

Осы кезеңде ақындар поэзиясы өмірге келді, оның өкілдері – Тәтіқара, Көтеш және Шал ақындар еді. Шал ақын өз заманының беделді ақыны еді. Оның өлеңдері өз кезінің басты мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік ақыл-ғибрат береді.

«Қоғам дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, рухани, әсіресе саяси қауымдасуының формасы. Мұндай қауымдастықты әманда ұйымдастырушы көсемдер, қолбасшылар, патшалар, хандар, президенттер т. б. болған», – дейді Ғ. Есім. – Қоғам термині Кеңес дәуірінде көп қолданылған дей отырып, Абай шығармаларынан қоғам деген түсінікті таппадым, ол тек заман туралы ой толғаған , мысалы:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек,
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек... дейді.

«Заман – белгілі бір дәреже-деңгейдегі адамдардың өмір сүру әдіс-тәсілдерінен түзілетін әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңістік жиынтығы мен оның тұтастығы. Заман – әрі субъективті, әрі объективті орта. Алайда, ол ең алдымен субъективті сипатта қалыптасқан құбылыс. Олай болса, заман ең алдымен, индивидтердің субъективті өзгерулерінен құрылатын, содан соң барып субъекттен бөлініп, объективтендірілген орта. Осы тұрғыдан алғанда басым жағдайда, заман «екінші табиғат» болмысына ие болады» [96, 5-6 бб.].

Абайға дейінгі ақын-жыраулар да заман туралы жырлаған. Жыраулар өз толғауларында адам және қоғам жайлы, тіршілікте болып жатқан өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін баяндайды. Өздері өмір кешкен жаугершілік заман талабына сай ұмыр кешкен, кейде тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік сарынды отаншыл жырлар туғызады. Адам мен қоғам жыраулар үшін мызғымас бірлікте. Адамның қоғамға қатынасы, адамдардың қоршаған ортаны, қоғамды тануы, оны адамның өз игілігіне жаратуы, оның қасиетін қастерлей білуі олардың жырларында анық көрінеді. Мысалы, Асан қайғы:

Көлде жүзген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!

Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін! – [48, 28 б.]

деп, өзі өмір сүріп отырған қоғамның тіршілігіне қанағаттанбайды, оны өзгертуге ынтық болады. «Асан табиғаттағы заттардың қасиеттерін үйлестіруге машық. Табиғаттың бергенін зерделеп, адамның тәні мен жанына медеу болып, демеу беретін тұстарын кәдесіне жаратып отырады» [97, 193 б.].

Асан қайғы саяси тұрақтылық пен бейбіт өмірді жақтаушы. Ол геостратегиялық тұрғыдан Қазақ хандары үшін ең маңызды орын алуы керек жәйт – Батыс пен Шығысты жалғастырып, Шыңғыс хан дәуіріндегі мәдени, рухани орталық болып табылған Еділ мен Жайықты иеленуді ұсынады. Бұл жырау тілімен айтқанда Жерұйық түсінігіне саяды. Асан қайғы – хандық биліктің жақтаушысы, әрі жыршысы. Жырау үшін халықтың жағдайын жақсартудың көзі – хан. Кез келген жағдайда Асан қайғы реформаның жоғарыдан жасалуын қалайды, яғни эволюциялық дамуды қолдайды.

Қазтуғанның саяси-құқықтық ойлары туған жер, атамекенді қорғау, ата жұртты мадақтау, елдің тыныш өмірін жақтау екендігі айқын. Ол Еділ мен Жайыққа жетер жер жоқ екендігін, Ноғайлы қазаққа жететін халық жоқ екендігін, бірақ халықтың бұрынғыдай дәстүрлі өмір кешуіне қауіп төніп келе жатқандығын баса айтады. Заманның өзгерісін ескеріп, жаңа заман талаптарына сай өмір сүру керек. Халық бірлігі – басты құндылық.

Саяси және құқықтық ойлардың ішінде Қазтуған ойларының ерекшелігі сонда, көп жылдар алдын ала болатын жәйларды болжаған жырау, халық тағдырын дәл табады. Дәл тауып қана қоймайды, осы жағдайлардың орын алуына ықпал еткен себеп, салдарды қарастырады. Бодандықтан аман қалудың жалғыз жолы – рухы тәуелсіз, күшті келешек буын, ұрпақ қалыптастыруда. Алайда, түрлі тарихи процестер нәтижесінде бодандыққа түскен қазақ халқының өзі де бұл проблемалардан алшақ қала алмады. Жастарды тәрбиелеуде ұлттық нышан-

дарды ескермеу, ұлттық ділдің, діннің, тілдің қолдану аясынан шығып кетуі ұлттың аман қалуына қауіп төндірді. Бұл қауіп еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де жойылған жоқ.

Қазақ хандығы дәуірінде қоғамның басты әлеуметтік мәселелерінің бірі жер-су, жайлы қоныс, жылы қыстау мен шаруашылық өнімдерін ел мүддесіне сай қамтамасыз ету болып табылады. Осы ерекшеліктер жыраулар дүниетанымына әсерлі ықпалын тигізеді. Жыраулар жер мен адам өмірін бір-бірімен байланыстыра қарайды. Адам өзі өмір сүріп отырған жердің бағасын, құнын білуі керек, өмірдің өткінші екендігін, өлген соң да жерге қайтып келетінін сезінуі керек, бірақ оған дейін әркім өз арман-мүддесін орындауы керек дейді. Асан қайғы Ойыл мен Жем бойынан қоныс аударуды жөн көрмейді:

Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң
Бірін қысқа қыстасаң
Ал, қолыңды маларсың
Алтын менен күміске! [48, 25 б.] –

деп өкіне жырлағанмен, үмітін үзбейді, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсап, жиһан кезіп кетеді.

Қазтуған жырау адам баласы ең алдымен жерге борышты, осы жерде ол дүниеге келеді, өзінің адамдық кейпіне ие болады дейді. Еділді қиып тастап кету мүмкін емес. Бұл – Қазтуған батырдың дүниеге келген, кіндігін кескен жері. Сондықтан да бұл жер оған ыстық.

Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт
Кіндігімді кескен жұрт
Кір-қоңымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт [48, 32 б.].

Жырау халыққа өздері өмір сүріп отырған жерін құрметтеу керек екендігін үйретеді.

Адам қоғамда ғана, қоғам мүшелерімен жан-жақты қарым-қатынаста ғана өз елінің игілігіне өзінің аздап та болса үлесін қосу үшін пайдалы істер атқара жүріп жетіле алады. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатында» әрбір адам өз тіршілігінде ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осының негізінде адам қоғамы пайда болады дейді. «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [98, 322-324 бб.].

Адам қоғамда өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастармен байланыста бір ұжымда өмір сүреді. Өзі өмір сүрген қоғамдық ұжымның, тұлғаның, әр адамның өзара қатынас мәселесі адамдарды барлық кезеңде ойландырады. Себебі тарихты белгісіз күштер емес, адамдар жасайды, тарихты тек жасап қана қоймайды өз өмірі жайлы, оның қуанышы, қайғысы, қиындықтары жайлы ойлана да біледі, қоршаған ортасын өз мүмкіндігінше, тәрбиесіне, жасына сай қабылдай біледі. Қоғам мен жеке адам бірыңғай тұтас бірлікте. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланысты көрсетеді. Әрбір жеке адам жалпы, ерекше және жекенің бірлігін құрайды. Оның адамзатқа тән ерекшелігі мен жануарлардан айырмашылығы – оның жалпылығы, ал қандай да бір нәсілге, ұлтқа, жынысқа бөлінуі – оның ерекшелігі, тек өзіне ғана тән белгісінің болуы – оның жекелігі. ХХ-ғасырда өмір сүрген қазақ зиялыларының бірі Ж. Аймауытов қоғамның мән-жайын түсіндіре келіп, жалпы, жеке, ерекше категориясын өте орынды қолдана білген. Ол қоғам туралы түсінігін былай тұжырымдайды: «Азырақ қоғам дегеніміз – жеке-жеке өсіп, жетілген адамдардың бір жерге жиналу нәтижесі. Әр адамның денесін алсақ, онда жеке-жеке шілтерлердің өз бетімен жетіліп бірігу нәтижесі. Өсіп-өнетін заттарға жұмбақ – бір түрлі

заттардың бірігіп жасауында емес, даралардың бөлектеніп бытырауында» [99, 225 б.].

Адам мен қоғам арақатынасын еркіндік, теңдік, бірлік, әділеттілік, парыз, достық, отбасы, билік, азамат ұғымдары арқылы білеміз.

Шалкиіз жыраудың пайымдауынша адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орнында ғана емес, жеке басының жақсы не жамандығында. Туған еліне қайырлы, ағайынына мейірлі, досына адал, дұшпанына қатал азамат адам атына лайық болады.

Жауға кисең берен ки
Егеулеген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе
Дұспанның қолы жете алмас, – [48, 44 б.]

деп жырлаған Шалкиіз жырау досқа адал, дұшпанға мейірімсіз болуға шақырады.

Дұспанға беліңді шешіп инанба,
Инантып тұрып өлтірер [48, 50 б.]

Бұқар – гуманист тұлға. Ол дағдарыс пен халықаралық жанжалдардың негізгі себепкері билеушілердің арасындағы қақтығыс екендігін, бұл үшін қарапайым халық жазасын тартпауы керектігін айтады. Бейбіт өмір халықтар арасында өзара достық орнағанда ғана болуы мүмкін. Бейбіт өмір бағасыз сыйлы нәрсе. Өз заманының көреген тұлғасы Қазақ хандығының үстінен төніп тұрған отарлау қаупін сезді. Қауіп жырау үшін екі жақтан келіп отыр, біріншісі орыстың – аюы болса, екіншісі Қытай – айдаһары.

Жыраудың саяси-құқықтық ойларын түйіндер болсақ, дәстүршіл Бұқар шектеулі халықтық хандықты, билікті қолдайды. Отырықшылық мәдениетті халық бірлігі үшін маңызды деп санайды. Халықаралық саясатта бейбітшілік принциптерін ұстанатын жырау мемлекеттердің өзара бейбіт

өмірін армандағандығы белгілі. Халықшыл Бұқар, тек халық мүддесі қорғалатын мемлекет қана күшті бола алады дегенге саяды.

Бұқар жырау халықты қоғамға пайдалы мінез-құлыққа шақырады. Адамның жақсы болуы – елдің, көптің қамын ойлауда екенін Бұқар жақсы біледі және жақсы туған жігітті ел қамын ойлауға үндейді.

Ақсұңқар құстың баласы
Ұяда алтау тумас па?
Ұяда алтау туғанмен,
Оның біреу-ақ алғыр болмас па?
Алғырының белгісі
Ұзақтан жемді ілмес пе,
Бірге туған ұялас
Бізге сауға демес пе,
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе [48, 116 б.].

Ал, Ақтамберді жырау шығармалары гуманистік, адамгершілік идеяларды көтеріп, пендешілікті, өзімшілдікті сынайды.

Мал-басы өскен адамның,
Алды-арты бұрқан бу болар
Көтере алмай дәулетін
Көрінгенге қыр қылар… [48, 75 б.]

өмірдегі қиыншылықтармен күресіп, ерінбей еңбек етсе, сол еңбектің жемісін жеп, бақ-дәулет орнайды. Өмірдің қызығы, елдің тыныштығы тату-тәтті бірлікте.

Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет, – дейді.

Туған жер, Отан тілегін бірінші орынға қояды. Халықтың ер-азаматы, төре-сұлтандары, бай-батыр, жарлы-жақыбайлары түгел бір мақсатта болса деп татулықты, сараң болмай, мейірімді болуды, әділ билік пен батырлықты жырлайды.

Рақымсыз жақыннан
Халқы қатты түңілер…

деп, әділетсіз болса биден, рақымсыз болса байдан, қатты болса жақыннан ел түңіледі деп, әділетті болуға шақырады.

Қазақ даласында өзінің құрылымына сәйкес басқару жүйесі болған және негізгі субъектілері хан мен хан кеңесшілері – сұлтандар, би-шешендер, батырлар, ру басы ақсақалдар еді. Олар қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерінің негізін шешетін кеңес мүшелері еді. Бұл жайында Үмбетей жыраудың айтқаны бар:

Аруағыңа болысқан
Әділ билік қылысқан
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Қазыбек
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай –
Абылай, сенің тұсыңда
Сол бесеуі болыпты-ай!
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый! [48, 87 б.]

Хан – кең далада көшіп-қонып күн кешкен қазақ халқын бір ортаға жинақтап, халқының намысын қорғай білген тарихи феномен. Әз Жәнібек хан, Керей хан, Тәуке хан, Қасым хан, Есім хан, Абылай хандар қазақ халқының елдігін, ерлігін асыра білсе, олардың қасында Төле, Әйтеке, Қазыбек би сияқты билер мен Асан, Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар сияқты жыраулар болған. Жыраулар хан мен халықтың арасындағы тұлға еді. Хандарға қарсы пікір айту тек жыраулардың ғана қолынан келді. Мұны Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан сөзінен көреміз:

Ай, хан мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің, –

деп хан әрекеттеріне әділетті баға бере отырып, олардың адамшылық қасиеттерін басшылыққа ала білген ол әділеттілікті хан саясатынан іздейді. Ханға әділетсіздікті әкелетін оның саяси өмірден хабарсыздығы, жайбарақаттығы деп білген Асан қайғы соғыс, қақтығыстарды болдырмау үшін өз ойын ханға жеткізе білуге тырысады:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмам болар.

Хан халықтың жанын түсініп, рухын көтере білді. Сол үшін де халық оларды қадірлеп, қастерледі. Бұқар Абылайдың бойынан кереметтей ел басқарушылық қасиетін таныса, Абылай хан өзі құрған мемлекеттік саясатында Бұқар жыраудың айтқан ақыл-кеңесіне құлақ асып отырған, Бұқардың бойынан болашақты болжағыш, әулие, дарын иесі екенін көрген. Бұқар:

Ашуланба, Абылай…
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба, – [48, 104 б.]

деп, халықты бірлікке, бүтіндікке шақырып, ел бостандығының қамын көздейді. Халық пен хан арасында дәнекер болған жырау «басшысыз халық азады, халықсыз хан тозады» дегенді мықтап ескертеді. Мемлекеттің айбары олардың бірлігінде дейді.

Ұзақ көштей шұбатылған, көп адасып, көп сенделген, бірақ әйтеуір тура жолын іздеп тауып отырған қазақ елінің тарихы үзіліп-жоғалып кетпей, біздің заманымызға аман-есен жетіп отырса, сірә Абылайдай билеушілері мен Бұқар жыраудай билерінің болғанынан шығар. Ал халық... халық қашан да

әділ, тура, бейкүнә. Егер тұтас халық адасса, қиянат жолына түссе, оған кінәлі – ең алдымен, тақта отырғандар, басына тәж кигендер. Мұны Абылай жақсы түсінген, ұмытпаған. Егер биліктің буына мастанып, аз-кем салғыртси бастаса, қасындағы Бұқарлар есіне түсіріп отырған. Абылайдың ұлық дәрежелі сипаттарының бірі де осы: Бұқардай Көмей Әулиенің бір де бір қатал сөзін ауыр алмаған, қайта құлақ асқан, жүзеге асырып баққан ғой.

Ей, Абылай, Абылай
Абылай ханым, бұл қалай?
Алтын таққа міндім деп,
Алтын тәжді кидім деп –
Өкпеңменен қабынба.
Өтіңменен жарылма! –

деп қариясы кейіпсе, ханы қолын қусырып:

Айтпаса көмей, ақын ба?
Ұқпасам, ұлық болам ба?..
Қарт бурадай қария
Тақымдай бер, тақымда...
Ардақты Көмей Әулие
Сөзіңе құлдық, айт бәрін,
Іште қалта қалмасын! –

дейді. Бұдан асқан білгендік, бұдан асқан көрегендік болар ма?!

Бұқар жырау сол замандағы ел билеу ісіне араласып, өз пікірін өткір айтып, келтесінен кесім шығарып отыратын би де бола білген. Хан болса да, қара болса да жөн сілтеп, жолға салып отырған.

Абылай ханның қасында
Бұқарекең жырлайды,
Жырлаганда не дейді
Соғыспа деп жырлайды [48, 104 б.].

«Бұқар жыраудың толғау жырларының қайсысы болмасын, мысалы, «Садыр қайда барасың», «Айналасын жер тұтқан», «Ай, Абылай, Абылай», «Ей, заман-ай, заман-ай», «Ашуланба Абылай» тағы басқалары қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен тіршілігінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі. Біз бүгінгі күнде сол өткен зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін мұқиятты түрде сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз» [100, 20 б.]. «Шашырап шыққан хандар көп, шашау жатқан малдар көп» деп Бұқар елді бұра тартқан сұлтан, ру басы адамдардан отты сөзін аямаған. Халық бұқарасы мен хан арасындағы түсінушілік мемлекеттің тірегі екенін білген. Алмас тілді, дуалы ауыз ақылшы, данагөй, тілегі қабыл болған батагөй, тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызатын суырылған шешен, хан шеше алмаған мәселелерді шешіп, ерекше ой-пікір өрбітетін әулие жырауды Абылай хан қасынан бір елі қалдырмаған. «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім қабылдауына, қос бүйірден төніп тұрған екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Бұқар шығармаларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Отан қорғау, қорғаныс қабілетін күшейту, жерсуды жат қолынан сақтау, ел билеу тәсілдерін мүлтіксіз меңгеру, ханның жақсы қадамдарын қолдап, теріс істерін істетпеу, заман ағымын жіті аңғару, ұлттық мүддені, салт-дәстүрді, адамгершілік қағидаларын сақтау жырау толғауларының саяси-әлеуметтік мазмұнын анықтайды.

Бұқар жырау ұрымтал тұстарда ғана оқиғаға араласып, байламды ойларын айтады. Онда да бірден кесіп-пішіп тастамайды, әуелі халқына, содан соң Абылайдың өзіне ой тастаудан, ақыл қосудан аспайды. Ешкімнің арасына жік салмай, бөлмей, бөлшектемей, бітістіре сөйлейді. Қатал сөзін, қату қабағын өзінің ең жақыны Абылайға ғана көрсетеді. Қалғандарына құлықты, пейілді мінез танытады. Абылайға бүйтіп қаттырақ тиетіні: сен тақта отырсың, ендеше бәріне сен жауапкерсің дегені. Абылай мұны бек жақсы түсінеді.

Абылайдың – Абылайлығы да сол. 1711-1781 жылдары өмір сүрген Абылай хан да өз заманының перзенті болатын. Өзінің ең негізгі мақсаты ретінде күшті, тұрақты, қуатты Қазақ хандығын құруды көздеген Абылай 1771 жылы Түркістанда Орта жүздің ханы болып сайланды. Абылай Қытай империясы мен Ресейдің арасында қалған Қазақ хандығының халықаралық саяси жағдайының күрделілігін ескере отырып, осы екі мемлекетпен терең саяси қатынастарды алғашқы орынға қою қажеттілігін түсінді. Құқықтық тұрғыдан Абылай қатаң заңнама қолдаушысы болды. Бірлікке ынталандыру арқылы күшті орталық билік құрған хан, бірлікті баянды қылу үшін отырықшы мәдениетке баулуға тырысады. Осы ойларын толыққанды жүзеге асыру үшін Абылай Орта Азияға ықпал етудің маңызды кілті Түркістан аймағын өзіне қаратып, хандықтың экспансиясы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Абылайдың арманы – елінің тыныштығын қорғап қалу, ерінің мойнына бұғалық кигізбеу, қазіргі тілмен айтқанда: Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау. Өйткені Бұқар қария айтқандай:

Бір жағыңда орыс
Бір жағыңда шүршіт тұр.
Тап бергенде, шап беріп,
Қайтпексің баудай жайратса?

Сондықтан да елің мен ел билеушілерінің ниеті бір жерден шығу керек. Біреуі билік пен мансаптың құлына айналып, айналасын жарылқаудан аспаса, екіншісі қарын қамын күйттеп, күйбең тіршілік пен сүйрең сөзді қуып жүрсе, онда қазақ көші қисайды, түзелмеске кетті дей беріңіз!

Ханын қинаған қара оңбайды,
Хан қисайса – ел оңбайды

деген осындағы Едіге бидің сөзі кешеге де, бүгінге де бағыштап айтылған. Тіршілікте кейде таудай талланттың бәріне бармақтай бақ бұйыра бермейді. Талант атаулының бағы жанып, бағасын алудың сәті түспеуі әбден мүмкін. Біліктілердің

жол ортада қалып, бишік ұстағандардың билік басына өтіп кететін тұстары бар. Ал бірақ жаратушы Иеміздің сол бір тұста қазақ жұртына мейірі түсіп, шын жаны ашыған болуы керек, билік тізгінін Абылайдың қолына ұстатып, оған жаужүрек батырлық пен өжеттікті ғана емес, көрегендік пен көсемдікті, даналық пен дархандықты қатар дарытқанын қайтерсің!

Жыраулар – мемлекеттегі, хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақыны бола білді. Жыраулар хан кеңесінің белсенді мүшесі, мемлекет басқару ісіне тікелей қатысы болған, саяси, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде ханның жеке өзіне де, әскери кеңесте де ақыл-кеңес беріп, болжау жасап, өз ойларын ашық айтқан. Ұрыс алдында жауынгерлерге арнап жыр толғап, олардың рухын көтеріп отырған. Қажет кезде өздері де шайқасқа қатысып, ерлік көрсеткен. Жыраулардың ішінде қолбасылары да болған, тайпалар мен руларды басқарған. Олар жаңа құрылған мемлекеттің күшті, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кездегі әдебиетті, мәдениетті мемлекетке, ханға қызмет еткізген. Өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білген. Ханның кеңесшісі, бас идеологы болғандықтан олар үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша ғана толғаған, өз сөздерін тікелей әміршіге арнаған. Әдетте елді толғантқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан оларды халық та, хан да қадірлеген, жау шапқан, ел дағдарған кезде олардан ақыл-кеңес сұраған.

Мемлекет басқаруда ең маңыздысы ел тәуелсіздігін қорғау болса, сол жолда ханға, батыр қолбасшыға рух беріп, жігерлендіріп отырған жыраулар болды. Олар тек елдің қамын ойлады, шығармаларында халықтың бірлігі, тұтастығы, басқа елдермен қарым-қатынасы жырланды. Ақтамберді, Шалкиіз, Доспамбет жорықтарға қатысқан батыр, қаһармандық күрестің жыршысы еді. Олар өз заманының мән-мағынасын түсініп, оның аумалы-төкпелі болмысын заңды объективті процесс деп санады, өткенге өкініп, ескіні аңсамады, өз уақытының тарихи-табиғи тынысын қалтқысыз қабылдап, соған сәйкес өмір сүрді. Жыраулардың әрі суырып салма ақын, әрі батыр, әрі данагөй, сәуегей болуының себебі де сол кезеңдегі қазақ хандығының

өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болуы мен жиі жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді.

Қазақ мемлекетінің негізі елдің рулық ара қатынасынан құралса, оның қайнар бұлағы туысқандық, мейірімділік сезімнің артуы арқылы құралатынын жыраулар жақсы түсінді. Ол кездегі алға қойған саяси-әлеуметтік талап қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру еді. Жыраулардың арманы қазақ жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу болды. Халықтың басын біріктіреміз деп талай қиындықты бастан кешірді, алдаспан жырлары ханды да, қараны да аямады. Олардың әрбір жырын жеке бір тарих деуге болады, себебі сол кездегі халықтың әр қадамын бейнелеп, құнды мәліметтер беріп отырады.

Жыраулар шығармаларында сонымен бірге билеушіге, әміршіге деген оппозициялық ой-пікірлер де жиі болған. Хан мен сұлтанға, олардың кей шешімдеріне наразылық білдіріп, келіспеушілігін ашық көрсеткен. Кейде оларды сынға да алып отырған. Олай болу себебі, «біріншіден, жыраулардың көбісі қай жағынан болса да хан-сұлтандармен терезесі тең ақсүйектер тұқымынан шыққандығы; екіншіден, олардың әміршіге, мемлекетке деген адалдығы; үшіншіден, жыраулардың ел алдындағы орасан биік беделдігі; төртіншіден, көшпелі хандық мемлекетіндегі «өзіндік демократияның» болғандығы; бесіншіден, қазақ қауымында «өнер алды – қызыл тіл» деп бағаланып, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида-шарттардың мықтылығы еді», – дейді Сейіт Қасқабасов [101, 7 б.]. Жыраулар поэзиясындағы басты тақырып – қазақ хандығын құрған ру мен тайпаның татулығы мен бірлігі, мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Бұл жыраулар поэзиясында елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді көтермелеп, мадақтау дәстүрін қалыптастырды. Жыраулар идеалды әміршінің бейнесін жасай отырып, адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелетін утопиялық қоғамды да суреттейді.

Адам мәселесі – адамзат тарихындағы негізгі мәселе. Қоғам – халықтың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Сондықтан қоғам дамуындағы әрбір қадам – бұл адамдық болмыстың, адамдық мәннің өзгеруі; қоғамда болып жатқан қиындықтар мен дағдарыстар – адамзат тіршілігіндегі қиындықтар мен дағдарыстар мәні. Әрбір тарихи кезең адам дамуының белгілі бір деңгейімен, оның бейімділігімен, қажеттілігімен, өзгеру мен жетілу әдістерімен, адамдар арасындағы қатынастар мен олардың табиғатқа қатынасының сипатымен, адамның еркіндігі мен еріксіздігінің мәні мен дәрежесімен сипатталады. Адам тарихы әр кезеңде әртүрлі, адамның саналы немесе бейсаналы кезеңі қандай болса сондай. Сонымен бірге адам бір дәуірден екінші дәуірге өтерде өзінің жалпы ерекшелігін: еңбек пен ойға бейімділігін, өзінің өмірлік іс-әрекетінің қоғамдық сипатын, табиғатпен әрекеттестігін, әлемді, адами өмірді көркем меңгеру мүмкіндігін сақтайды. Осы ерекшеліктерді сақтай, үздіксіз дами отырып адам өз өзіне мәңгілік проблема болып қалады. Бұл адамның негізгі ерекшеліктерінің мәні.

Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

2.3 Қазақ жырауларының дүниетанымдық әмбебаптарының қоғамның тарихи санасындағы рухани сабақтастығы

Қазақ мемлекетінің негізі елдің рулық ара қатынасынан құралса, оның қайнар бұлағы туысқандық, мейірімділік сезімнің артуы арқылы құралатынын жыраулар жақсы түсінді. Ол кездегі алға қойған саяси-әлеуметтік талап қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру еді. Олардың арманы қазақ

жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу болды. Халықтың басын біріктіреміз деп талай қиындықты бастан кешірді, алдаспан жырлары ханды да, қараны да аямады. Олардың әрбір жырын жеке бір тарих деуге болады, себебі сол кездегі халықтың әр қадамын бейнелеп, құнды мәліметтер беріп отырады. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздық дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірінің талап-талғамына, болмысына сәйкес сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті. Бүкіл түркі халқының тарихында, рухани ғұмырында зор роль атқарған жыраулар өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, қазіргі жаңа дәуірге жеткізе білді.

Қазақ хандығы дәуірі жойылған соң отаршылдық заманы басталды, бұл уақытта қазақ қауымындағы хандық дәуірдегі құндылықтар орнына, ерлік философиясының орнына құлдық психология орнықты. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Россияға қосылуға мәжбүр болды. Бұған себеп халықтың жоңғар шапқыншылығынан зардап шегуі, ішкі феодалдық тартыс, өз билігін жүргізбекші болған патшалық саясат еді. Бірақ патшаның отаршылдық саясатына қазақ халқы оңайлықпен көнгісі келмеді. Бұл қарсылықтар бірнеше рет қарулы көтерілістерге ұласты. Сырым Датұлы бастаған, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістер соның айғағы. Ең күшті қозғалыс Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс болды. Махамбет халықты карулы көтеріліске шақырып, көтерілістің оңайлықпен қолға түспейтінін, ауыр азап, зор бейнетті бастан кешіруге тура келетінін ескертіп, үлкен төзімділік керек екенін ашық айтады. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан:

Қыларың болса қылып қал,
Күндердің күні болғанда
Бас кесермін, жасырман, –

деген жолдарда қаншама ерлік, өшпенділік жатқандығын көреміз.

Махамбет өмір сүрген Уақыт пен Кеңістікті елестетсек, көз алдымызға патшалы Ресейдің отарына айналған еліміз, сол жердің бір шетіндегі Бөкей ордасы, оны билеген Жәңгір хан

келеді. Осындай заманда сөз өнерінің дамуына себеп болған, ешқашан үзілмей, барған сайын үдей түскен еркіндік идеясы еді. Шындығында, ақын болу, сонымен бірге батыр болу, оның бір тұлғаның бойынан табылуы, азаттық, еркіндік аңсаған ерлердің азап пен қорлыққа шыдамай қарсы шығуы – барлығы сол кезеңдегі Уақыт пен Кеңістікке бізді жүгіндіреді. Махамбеттің арманы мен мақсаты, сол жолдағы ерлігі елдің елдігіне, еркіндігіне арналған. «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» жүргені бүгінгі біздің егемендігіміз, еркіндігіміз. Оның жыры – тек жорық жыры еді. Адам басында болатын сезім мен сыр, іс пен әрекет, қимыл мен қарекет, өмір мен өлім, тағдыр мен талай – осы жорық жырының арнасында толғамын тапты. Махаббатты ол жырламады, себебі оның қолында қалам емес, найза еді.

Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме!!! [48, 203 б.]

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқы рухани мәдениетінің даму тарихында бетбұрыс кезеңі болды. Дәл осы уақытта Қазақстанда ағартушылық мәдениеті дами бастады. Оның негізгі өкілдері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев еді.

Шоқан Уәлихановтың философиялық, саяси-әлеуметтік көзқарастары осы бір күрделі кезеңде қалыптасты. Ол өз кезіндегі әлеумет өмірінің әр алуан мәселелеріне зор көңіл бөліп, оларды терең зерттеп, сол дәуірдегі мәдениетті елдердің интеллигенттерімен пікірлес болды, олардың көзқарастарына жақын пікір айтты. Шоқан сөз өнерін жоғары бағалаған, ауыз әдебиетін қастерлеп, сақтап, олардың құндылығын өз еңбектерінде мақтанышпен айтып кеткен.

Шоқан Уәлиханов халық ауыз әдебиеті шығармаларын «таза халық даналығы» ретінде қарастырып, олар жартылай ойдан шығарылған болса да, нақты шын өмірді бейнелейді

деп көрсетеді. Өнер, оның ішінде халық ауыз әдебиеті өнері өмірді бейнелейді, оның мәні де, мағынасы да осында. Халық шығармаларын сол халықтың нақты тарихын оқыту үшін пайдаланатын негізгі дерек ретінде қолдануға болады. Шоқан қазақ өлеңдерін: жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең деп беске бөледі. Қайсысы ескі, қайсысы жаңа, кімдер айтады деген талдаулар жасайды. Оның аса құнды пікірі өз кезіндегі Европа ғалымдарының көшпелі халықтың мәдениет мәселелері жөніндегі теріс пікірлеріне соққы береді, олардың пікірінің терістігін дәлелдейді.

Шоқан Уәлиханов материя мен сананың арақатынасын материалистік тұрғыдан шешкен, болмысты қоршап тұрған табиғат адам санасына тәуелді емес деп түсінген. Сондай-ақ әлемнің басы да, аяғы да жоқ, ол мәңгілік деп білген. Сонымен қатар Шоқан адамдардың діни сенімі табиғат күшінің адамға еткен өктемдігінің әсерінен, адамның оның алдында әлсіздігінен пайда болған деп дәлелдейді. Уәлиханов дүниетанымының материалистік сипаты өнердің мәнін түсінуден көрінді. Сол кездегі идеалистердің дәлелдеуінше, өнер тек ойды тудырушы және өмірмен еш байланысы жоқ қиял десе, қазақ ойшылы, керісінше, халық ауыз әдебиетінде халықтың шынайы тарихы бейнеленеді деді. Шоқан материалдық дүние құбылыстарының арасында себепті байланыс бар дейді. Адамдарға құбылыстар ғана емес, оның себептері де белгілі болғанда жемісті әрекет етеді. Мұнымен қоса, ол құбылыстың жасырын сырын танып білу өте күрделі екендігін және адам санасының даму деңгейі өте жоғары болуын талап ететінін, сонда ғана адам сезім арқылы әлемді түсініп қана қоймай, ақыл-білім арқылы оның құпияларын да аша алатынын түсінді. Кез келген танымның негізі – әлемді түйсікпен қабылдап, адамша сезіну. Бірақ мұндай сезінулерді даму сатысының түрлі сатысында тұрған адамдар әртүрлі пайдаланып, нәтижесі де басқаша болып шығады. «Дамымаған, жабайы адам сыртқы ортаны қабылдау сезімін басқара алмайтын бала сияқты». Сондықтан дамымаған адам сезімі арқылы қабылдаудан нақты білім арқылы қабылдауға бірден ауыса алмайды, мақсатқа жету жолында қателіктерге ұрынады, «өтірікті шын деп, зиянды пайдалы

деп» қабылдайды. Адам өзінің мүддесі үшін табиғаттың даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан тануы, ойшылдың айтуынша, тек адамдардың білім дәрежесі қажетті деңгейге жеткенде ғана жүзеге асады. Шоқан адамдарды надандықтан білімге, еркіндікке жету жолдарын іздеуге шақырды. Ол өз халқын сүйіп, құрметтей отырып, батыс өркениетін аса жоғары бағалады. Қазақ пен орыс халқын жақындастыруға тырысты, өз халқының ілгері дамуын аңсады.

Еуропа мәдениетіне қол созған ойшылдарымыздың бірі Ыбырай Алтынсарин еді. Оның өз халқына деген махаббаты шексіз болды. Өзінің қысқа өмірін көп қиындықтар көрген еліне арнады, халқының қайғысын да, қуанышын да жүрегімен сезді. Оның ағартушылық қызметі жан-жақты, өте пайдалы болды, өз ой-пікірлерін іске асыру үшын көп еңбек етті. Алтынсарин үшін әрбір ұлтжанды азамат өз халқының қамы үшін, Отанының игілігі үшін қызмет етуі тиіс, сол еңбегінің жемісін көруі керек деп есептейді.

Ы. Алтынсарин қазақтың тұңғыш педагогі, әрі ақыны, жазушысы болды. Оның алдына қойған мақсаты мектеп ашу, бала оқыту ғана емес, халықтың ой-санасын жаңалыққа бейімдеу еді. Ол өзінің өлеңдерін, әңгімелерін жастарды оқуға шақыруға арнады.

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.

Алтынсарин оқу-өнерді меңгерудің мақсатын халық тілегі, ел мүддесімен ұштастырды. «Өнер, білім бар жұрттардың» қолы неге жетіп отырғандығын суреттеп, жұртқа келелі кеңес айтып, келешегіне жол көрсетті. Бірақ сол мақсат үшін күресу керек. Қазақ даласын басқан қараңғылық, сан ғасырлар бойы келе жатқан феодалдық салт-сана сол кездегі қайраткерлердің алдында тұрған бөгет еді. Бұл қиыншылықтарды олар көре білді. Шоқан да, Ыбырай да, Абай да алдарында асу бел, қия тартқан жол бар екенін ұқты. Сондықтан да Ыбырай:

Біз болмасақ, сіз барсыз,
Сіздерге бердім батамды, –

деп үмітті жастардан күтеді. Өмірдің мағынасын анықтап, тану үшін өз алдына мақсат қойды. Өзінің халыққа, оның тағдырына қатынасын өлеңмен ақыл-кеңес бере отырып көрсетеді:

Надандықтың бергісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас.

Заманды жоқтап, зарын айтпайды, заман шерін қалың ел өзі беліп, сезіп тұр. Оның орнына келелі кеңес беріп, ем айтқысы келді. Елдің үмітін жас буынға артқандай болды. Балаларды оқуға шақырып, бата берді. Өмір қысқа, сондықтан алға ұмтылып, елге жақсы істеріңмен керек. Тіпті қандай қиын жағдайда болсаң да, кедей болсаң да мойыма, жаман іске ұрынба дейді.

Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен.
Қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.

Адам бақытының шын мәні еңбекте, өзің үшін, ұрпағың үшін еңбектену керек дейді, өмірдің қызығы еңбекте, сол еңбектің арқасында өзіңнің қалаған мақсатыңа жетесің. «Атымтай жомарт» әңгімесінде адам өміріндегі еңбектің мәні мен мағынасы сипатталады. Адамның ақыл-ойының, жақсы тұрмысының, еркіндігінің дамуы еңбекпен байланысты екендігін өз шығармаларына арқау етеді. Қазақ халқының гүлденіп-көркеюі, өркениетті халық қатарына қосылуы оның өз қолында, ол үшін талмай еңбек ету керек екендігін баса айтады. Еңбек кезінде жақсы мен жаманды айыра біледі, басқа адамның ісін де құрметтеуге үйренеді.

XIX ғасырдың ортасында қазақ жеріне келімсектер ағылып келе бастады. Болыстыққа таласу, партияға бөліну қазақ арасына іріткі салды, дүмше молдалар пайда болды. Бұл жолда күресу үшін білімді таңдады. Дүмше молдалар жүргізген діни-

насихат адамгершіліктің жоғалуына әкеліп соғатынын білді. Ол ислам дінінің шын мәні мен жеке басының пайдасын ғана ойлайтын дінбасылар арасындағы айырмашылықты айыра білді. Қазақ халқы басқа халықтар секілді бақытты өмір сүруі тиіс, ол үшін ғылым-білімді дамыту керек деп түсінді. Туған халқын өркениетті ел қатарына қосуды армандаған ағартушы ғалым ғылым мен білімді дамыту қоғам дамуын өзгретететін басты фактор деп түсінді. Өзінің бар күш-жігерін қазақ халқының игілігіне жұмсауды мақсат етті. Қазақ даласында білім беру жүйесін қалыптастыру кезінде Алтынсарин талай қиындықтарға кездесті. Адам бойындағы тоғышарлық пен бойкүйездік, тек қарын тойдыруды ойлаған мәнсіз өмірді көріп, торығады. Руханилық пен адамгершілікті бәрінен жоғары қоя білген ағартушы ғалым жатпай-тұрмай еңбектенеді. Мектеп ашу кезінде кітап алуға қаражат болмай, оның ойын түсінетін адам болмай жалғыздыққа тап болды. Бірақ өз ісіне сыни көзбен қарап, өз-өзін тоқтатты, өзіне рухани тілектестер де таба білді, өзінің өмірлік мақсатын анықтады. Алтынсарин орыс, Еуропа оқымыстыларының ілімдеріне сүйенді. Оларды қазақ өміріне бейімдеп, ұлттық сипат беріп, қазақ балаларына ұсынды. Оның қазақ тарихында алатын орны зор.

XIX ғасырдың сөз шеберлеріне тоқталсақ, онда зар-заман ақындарын айтпай кету мүмкін емес. Олардың шығармалары қазіргі күннің өзекті мәселесіне айналған ұлттық идеяның негізін қалауға ат салысатынына күмәніміз жоқ. Ақын-жыраулардың салып кеткен жолын, солардың зарын Шортанбай, Әбубәкір, Дулат, Мұрат ақындар жалғастырды. Олардың шығармаларынан сол өздеріне шексіз қымбат дүниенің жоғала бастауын басқалардан бұрын сезген халықтың көреген ұлдарының жан тебіренісін көреміз. Шығармаларындағы трагедиялық сарынды осындай жан күйінің туындысы деуге болады. Өлеңдерінің ел билеушілерге бағышталғандығы, өмірлік бағыттылығы, өмір кешудің түріктік ерекше жолын дәріптеушілігі, соны нығайтуға шақырудағы өзіндік бір серпін мен өктемдік, басқа қандай да бір жолды мойындамау олардың негізгі рухани өзектері. Халқымызға тән құндылықтарға сырттан келетін қауіп басым.

Дулат ақын Қазақстанның Ресейге қосылуын сөз ете отырып, қазақ елі бұл жағдайға қалай душар болды деген сұрақтарға жауап іздейді. «Қазақ туралы» деген өлеңінде:

Кешегі сенің бір ауызды күніңде,
Үш жүздің басын құраған,
Алдынан соның тараған
Әбілпейіз, Абылай.
Екі сұңқар сұлтанға...
Еркінше өскен қайран ел...
Енді келіп қамалдың
Кәпір салған құ тамға, – дейді.

Дулат ақын қоғамның көптеген кемістіктерін адамның өз басындағы адамгершілік сипаттарымен байланыстырады. Сондықтан да ол адамның бойындағы пайдакүнемдік, сараңдық, қызғаншақтық, жастардың үлкенді сыйламау, еріншектік, қорқақтық, жауыздық, зұлымдық, өсекке, өтірікке бейімділік, жігерсіздік т. б. кемшіліктерін сынайды:

Келемеж қылып атасын,
Алмай ақыл батасын,
Мойнына алмай қатасын,
Шаруа десе жиреңдеп,
Өсек десе сүйреңдеп,
Қымыз аңдып қыдырып,
Бейпіл сөзге сыдырып,
Жаландасып ұл кетті [102, 106 б.].

Мұндай жаман қасиеттерді сынау Дулат ақынның көптеген өлеңдерінде кездеседі және бұл кемшіліктердің қоғамға көп зиян келтіретінін көрсетеді. Ақын адамның бойындағы ерлік, батылдық, шыншылдық, пайымдылық, жомарттық сияқты адамгершілік қасиеттерін де жырлаған. Бірақ сол кездегі қазақ қоғамында жақсылық, шындық, ізгіліктің орнына, жамандық, зұлымдық ұстанымдары үстемдік ететінін түсінді:

Сөзден кетіп бәтуа,
Базынаң жүрмей татуға,
Аңдысып құда сүйекпен,
Көтеріп тастап иекпен,
Қадыр, қасиет, сый кетті.

Дулат ақын өлеңдері хандық жойылып, қазақ даласын аға сұлтандар билеген кезеңдерді бейнелейді. Аға сұлтан болу үшін енді ақсүйек болу міндетті емес, қара халықтан шыққандар да бола береді деген тәртіп халықтың жағдайын жеңілдеткен жоқ. Бұл кезде халықтың жағдайы ауырламаса жеңілдеген жоқ. Бұл шындықты Дулат ақын шешен тілмен айтып бере алды. Ол аға сұлтан, ірі феодалдардың, дін өкілдерінің сұрқия қылықтарының бетін ашады.

Жақсы болса ұлығы,
Өз елін жаудай таламас.

Дулаттың көтерген мәселесі елдің, ұлттың бірлігі. Ел бірлігі азайып, аға сұлтан, бай-феодалдар халықтың бірлігін ойламай, өз құлқындарын ойлайтынын айтады. Ел боламын десең өсек, өтіріктен қаш, бірлігіңді бұзба дейді. Өзінің дінге деген көзқарасын «Ата-ананың ақылы» т. б. көптеген шығармаларында көрсетеді. Ол дүниені де, адамды да Алла жаратқан дейді және исламды орысшылдыққа қарсы құрал ретінде пайдаланғысы келеді.

Дулат ақын өз шығармаларында аға сұлтандар үстемдік еткен дәуірді қамтыса, Шортанбай одан кейінгі болыс, старшиндар арқылы ел билеу тәртібін шығармаларында қамтиды. 1824 жылы қазақ даласында хандық жойылып, аға-сұлтандық билеу тәртібі орнаса, 1868 жылы аға-сұлтандық жойылып, болыс, старшиндар шықты. Осы жылы «Жаңа низам» ережесі шығып, қазақ жері түгелдей мемлекеттікі болып жарияланды. Бұл қазақ даласын отарлау саясатын күшейте түсу жолы еді. Патша өкіметінің қол шоқпарлары елдегі байлар, саудагерлер еді. Сауда-саттық қанат жайды. Қоғамдағы осындай өзгерістер Шортанбай шығармашылығынан тыс қалған жоқ. «Жаңа

низам» ережесі бойынша жер түгел қазына меншігіне айналды, ел билеу болыс, старшындар арқылы патшалық аппараттың қолына көшті. Патшалық Ресейдің саясаты бойынша қазақ жерін қазыналық ету, отарлау, халықты қанау, старшын, болыстарды қол шоқпар етіп, халыққа рухани қысымшылық көрсету еді. Осы мәселелер Шортанбай шығармаларының негізі болды. Ол «Зар-заман» деген өлеңінде:

Мынау ақырзаманда
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты…
Ақша деген мал шықты – [31, 16 б.]

десе, заманның өзгеріп, байдың дүниеге құнығуы, ақшаның шығуы мәселелерімен бірге,

Шөп сұйылды жердегі,
Құс таусылды көлдегі,

яғни адаммен бірге табиғат та өзгереді дейді. Асан қайғы мен Бұхар жырау жырлап кеткен «қарағай басын шортан шалған» заманның келгенін, заман азып, бай ман төре дүниеге құнығып, қайырсыз болғанын, малдың қадірі кетіп, ақша деген бәленің шыққанын көріп, орыс бодандығынан шошыды. Ол халықты үш жақтап езіп жатқанын көре білді. Біріншіден патша өкіметі, екіншіден, қазақтың өз ішіндегі әкімдері, үшіншіден саудагерлер. Отаршылдық саясатты жүргізу үшін арнайы жіберілгендерді, адам құқын аяққа таптайтын зымияндарды, діні де, тілі де жат жандарды көре білді, олардан қазаққа зиянынан басқа пайдасы тимейтіндігін түсінді. Олардың шашбауын көтеріп, өзінің де құлқынын ойлаған бек, болыстарды шайтанға теңеді. Сауда-саттықтың ене бастағанынан ақырзаманның нышанын көрді. «Тар заман» поэмасында:

Мынау заман, қай заман,
Азусызға тар заман,
Азулыға бар заман

десе, «Опасыз жалған» өлеңінде теңсіздік мәселесін ашық айтады. Шортанбай өз заманының тек бақылаушысы ғана болған жоқ, оны өзінше жөндемекші де болды. Өз кезіндегі ел басшыларын да, дін басы молдаларды да сынап, болыс, билердің қылығын ашына айтты. Молдалардың халықтың көзін бояп, сорып жатқан қанаушылар екендігін де көрмей кете алмады. Олардың дінді құрал етіп отырған екіжүзділігі, халықты жеудегі амалдарын толық көрсетеді. Мұндай жағдайдан халықты қалай алып шығуға болады деп торығады.

Зар заманның көрнекті өкілдерінің бірі Мұрат ақын. Ол патша саясатына, қазақтың жерінің алынуына риза болмай, жырларында қоныс пен өрістің жоқшысы болды. Жер тарылып, заң бұзылып, елдің тыныштығы бұзылып бара жатқанын айтып, қазақтың қайғылы күйі ескіден келе жатқанын, ата қоныстың алына бастағаны бүгіннен емес, ертеден басталғанын жырлап, тарихқа шолу жасайды. Заманның неден бұзылғанын Шортанбайша табиғат, дін бұзылғаннан емес, заманның азуын адамнан көреді:

Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан, – дейді.

Табиғат баяғы қалпында, ал адам азайын десе қиын емес. Азғандықтың белгісі – немқұрайдылық, пара алу, қайырсыздық, дінсіздік. Екінші себеп күшті дұшпан иыққа шығып, қадалып тұр, мойын бұрғызбайды. Мықты дұшпаннан шошыған ақын жаратқан иеден тілек тілейді, «сақтай көр» деп жалбарынады. Мұрат ақын патша үкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясатын сезген. Оның ел қайғысын көрсететін өлеңі – «Сарыарқа». Мұнда елдің бұрынғы дәуренін, заман қайғысын Елдің іргесі ыдырап, тозғаны бүгін ғана емес дегенді айтады. Мұрат ақын кейде құтсыз қоныстың тастай қашуды да уағыздайды. Бірақ қайда? Оған жауап бере алмайды. Орыс үкіметінің баланың санын алып, мал мен басты есептеп хатқа түсіруін құбыжықтай көреді.

Зар-заман ақындары әлеуметтік жіктелу процесіндегі таптық мәнді түсінбеді. Олардың қазақ қоғамын жөндеу

жолдарын көрсетуге тырысуларының іске аспауының себебі осында. Мәселе байлықта немесе кедейлікте емес, қазақтар өздерінің өткенін ұмытып, ата-бабаларынан қалған рухани құндылықтарын жоғалтқан деп түсінді олар. Халықтың өмірінде зорлық-зомбылық, өсек, өтірік, қулық, ақымақтық орын алды, тіпті мал да өзгеріп кетті дейді. Зар заман ақындары қазақ өміріне қарап, көңіл жұбатарлық ештеңе таппайды. Терең мұңға беріледі, олардың шындық іздеген жан дауыстарын ешкім естімейді.

Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті.
Татуға өсек жүргізіп,
Бәленің отын өргізіп,
Қайран заман, аман бол,
Ер шөгіп, өсер ер жетті.

Мұрат ақын тығырықтан шығудың жолын білімнен іздейді. Мына өлеңнен оның көрегендігін көреміз.

Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін,
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін!.. [31, 217 б.] дейді.

«Бұл орайда Мұрат ақынды пайғамбар демеске амал жоқ. Оны шошытқан заманның сүреңі орыстандыруға бағыт алған саясат болатын. Бұл саясат патшалық Ресей кезінде де, Кеңес дәуірінде де өрши түсті десе де болады, – дейді Қасымбек Бейсенов. – Ұлтжанды ақындарымыз аса сезімталдықпен, көрегендікпен болжай білді. Біз оның жетпіс жыл бойы куәсі болдық. Енді зар заман ақындарын ұлтжанды ақындар деп айтатын уақыт жетті» [88, 155 б]. Зар-заман ақындары өз

заманының білгірі, өз уақытының адамдары еді, дүниетанымы да сол уақытқа сай болды. Өткеннің кеткенін, қайтып келмесін түсіне де білді. Олар көреген данышпан еді, өз жырлары арқылы соны бізге жеткізген шынайы суреткерлер еді. Олардың шығармашылығының негізі ұлтжандылық, ұлттық, отансүйгіштік, тәуелсіздік үшін күрес идеясы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдай негізінен оянушылық, надандықпен күресу, оқу-білім алу идеяларымен ерекшеленді. Ағартушылық ағым терең тамыр жайып, халық арасынан оқыған адамдар шыға бастады. Уфада «Усмания», Троицкіде «Расулия» секілді татар, башқұрт жоғары оқу орындары ашылды. Оларға қазақ балалары да алынды.

Осы кезеңде жәдидтік ағым деп аталған бағытты ұстанған ақын-жазушылар Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр Жүсіп, Шәді өз өлең-жырларын халықты қараңғылық қапасынан алып шығуға үндеді. Олар ескі хадим оқуына қарсы болып, жәдидшілдік ағымды қолдады. Жәдидшілдіктің негізін салған, түркі жұртының көзқарасын жаңаша қалыптастырып, исламды дін ретінде де, ғылым ретінде жаңа сатыға көтерген Шаһабуддин Маржани еді. Ол 1818 жылы Қазан қаласының жанындағы Маржан қаласында дүниеге келген. Маржани түркі, араб, парсы тілдерімен бірге орыс тілін де еркін меңгеріп, сол тілдерде ғылыми еңбек жазған. Жәдидтік – жаңашыл бағыт ұстанып, Қазанда «Ғалия» медресесін ашады. Бұхара, Самарқан, Стамбул, Мысыр, Таяу Шығыста болған сапарларындағы діни тәжірибесін жинақтай келе, исламдағы қате түсіндірілген қағидалардың шын мәнін уағыздайды. Оның жәдидтік ілімі қазақ елінің арасына Семейдегі, Омбыдағы, Тройскідегі, Қарқаралыдағы мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы кеңінен тарады. Маржани дінді ұлттық, рухани езгіге қарсы қасиетті құрал деп түсінді. Сондықтан исламның философиялық көзқарасы мен дін тарихын, әрбір ұлы тұлғалардың тұжырымын зерттеп, соларды таным талқысынан өткізді. Құранды түсіну, талдау мәселесінде туған қайшылықтарға Маржани үлкен тосқауыл қойды. Ол дінді біліммен сіңіріп, Алланы ақылмен тануға, Алла жаратқан нәрсені адамның ақылымен

зерттеп білуге болатынын айтып, өз көзқарасын дәлелдеп шықты. Ақжан Машановтың зерттеулеріне сүйенсек [103] «Құранды» түсіндірудегі қарама-қайшылық атақты халиф Әл-Мумин мен ғұлама Ахмед ибн Ханбалдың тұсында басталыпты. Халифтің ықпалындағылар «Құран» араб тілінде жазылған, оған талдау жасап, түзетуге болады деп, хадистерді орынды-орынсыз бұрмалаған. Ал ғұлама Ханбал бұған үзілді-кесілді қарсы шығып, «Құранды» өзгертуге, онымен пікір таластыруға болмайды деген. Дұрыс пікір осы екеуінің ортасында еді. Жәдидшілер: «Құранды» түзеу – күнә, бірақ шариғаттың қағидаларын түсіндіріп, оның астарлы сырын ашу – парыз» деген тұжырым жасаған.

Маржани қайтыс болғаннан кейін оның жолын шәкірттері Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы жалғастырып, түркілердің оянуына көп еңбек сіңірді. XIX ғасырдың соңына таман Ресей империясының қол астындағы мұсылман халықтардың арасында жаңашыл ағым болып қалыптасып, бостандыққа бастар жолда бағыт сілтеген жәдитшілдік қозғалысының көш басында Исмаил бек Гаспыралы (Гаспринский) тұрғанды. Исмағұл Гаспралы өзінің туған қаласы Бақшасарайда «Тәржіман» атты газет шығарды. Мұхтар Әуезовтің айтуынша, Абай «Тәржіман» газетін жаздырып алып, үзбей оқыпты. Ол туралы ойшыл ақын Шәкәрім қажы: «алдында өткен, тәрбиесін көрген Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің иесі Ысмағұлбек Гаспринский десем бек дұрыс» деген екен. Гаспыралы отаршылдықтың озбырлығын жан-дүниесімен сезіне отырып, саяси күрес арқылы ұлтқа қызмет етудің мүмкін емес екендігін айқын түсінді. Оның ойынша, әуелі ұлтты ұйқыдан оятып, мәдени және рухани тұрғыдан көтеру керек еді; ал, бұл халық ағарту саласын жаңарту арқылы ғана жүзеге асатын еді. Еуропаның білім беру жүйесі мен шығыстық дәстүрлі үлгіні таразылай отырып Исмаил Гаспыралы мектеп-медреселерде реформа жасау қажет деп білді. Осылайша ой түйген ол, кейіннен «Тәржіман» газетіне қосымша ретінде жариялаған «Мектеп және жәдидшілік деген не?» атты кітапшада реформа жасауды қалаған ескі әдісті қолданатын мектептердің қателіктерін көрсетіп берді. Оның пікірінше, бір

кездері озық мәдениеттің бесігі болған мектеп-медреселерде уақыт өте келе көптеген қателіктерге жол берілген.

Рухани бостандық пен адамзатқа ортақ игілікті насихаттағаны үшін Исмағұл Гаспралы Нобель сыйлығына ұсынылған, бірақ «массондар ложасы» мен ресейлік миссионерлердің кедергісінің нәтижесінен сыйлық берілмеді. Ол ескі араб алфавитін түркі халықтары тіліне лайықтап, ескі жазудан жаңа усули-жәдитке көшуді ұсынды. Оқу құралдарын жасап, мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жүйесін қайта құрып, жаңадан бағдарламалар жасап, жастардың сауат ашып, білім алуына жеңілдіктер жасады. Осылайша, білім беру саласына терең талдау жасаған Исмаил бек, оқу-ағарту ісінің ұлттық педагогика негізінде болып, мектептердің ана тілінде білім беруін, медреселерде діни ілімдермен бірге дүниояуи ғылымдардың қатар оқытылуын және жаңа әдіспен белгілі бір қалыпқа түскен, өзіндік ережелері мен қағидалары бар оқу жүйесінің қажетсіз пәндерден арылуы керектігін, оның орнына оңайдан бастай отырып ғылым хал, тәпсір, хадис, тарих, жағрафия пәндеріне көбірек мән берілуін баса айтты. Исмаил Гаспыралы тарапынан ашылған жәдид мектебі халық тарапынан қысқа уақыт ішінде қолдау тауып, саны бірте-бірте арта түсті. Исмаил Гаспыралы «Тәржіман» газеті арқылы жәдид мектептері туралы көптеген мәліметтер беріп, халықтың ынтасын арттырса, екінші жағынан «Хожа-и Субян» атты оқулық арқылы жаңа оқу жүйесінің қалай жүзеге асырылатынын үйретететін еді.

Жәдидшілдік – түркілік әлеуметтік-этникалық кеңістікте пайда болған және исламның ауқымындағы рухани жаңғыру жолындағы әлеуметтік субъектілердің әрекеттерінің жиынтығы. Жәдидтік ағым ұлттық езгіге қарсы тұрған ағым болатын. Оның астарында ағартушылық принциптері арқылы қоғам мен адамды жетілдіру жатыр. Осындай дүние жүзілік беделге ие болған жәдидшілер ислам мен түркі әлемінің санасына төңкеріс әкелді. Олар, біріншіден, математика, химия, жаратылыстану, қоғамтану, жағырафия пәндерін меңгерді, дінді ғылым дәрежесіне көтеруді көздеді. Екіншіден, әр халықтың өзінің тіл ерекшелігіне сай жазу-сызуын қалып-

тастырып, дыбысталуы бойынша әріптермен белгілеуді мақсат етті. Сол арқылы «Құранды» да әр ұлттың өз тіліне аудара отырып, оның мағынасын сол тілде жеткізіп, түсіндіріп, дінді тек «жаттаумен» емес, санамен сіңіруді шарт етіп қойды. «Жәдидшілер руханият пен тектік, тілдік пен тарихи тұтастыққа жеткенде ғана жаһанды билеген жаһангерлердің аранына жұтылмай, дін мен тілді, жерді сақтап қалуға болады деп есептеді. Бұлай істемеген жағдайда бет-бетімен кеткен мүһиминдер мен түркілердің бірінің басын біріне қоспай, ширкеулік және отаршыл жаһангерлердің оларды отарлап, текті аздыруы әбден мүмкін екендігін ғұламалар білді» [104, 21 б.]. Олар болжап қойған жоқ, өз бастарынан өткізді. Әсіресе, Ресейдің бодандық бұғауына түскен татар, ноғай, қырым татары, оған ілесе қазақ елі діни және саяси езгіні етжүрегімен сезіп, рухани намысы ерте оянды. Жәдидшілердің ілімі Ресей империясының отарлау, шоқындыру, жерді жаулау пиғылына қарсы еді. Исламмен рухтанған түркі халқының бауырласуы, тілінің, дінінің, тарихының, жазуының ортақ болуы өте қауіпті бағыт болатын. Дінге селсоқ, өзара алауыз, бірінің жазуын бірі оқи алмаса солғұрлым рухани тәуелденуге бейім болар еді. Сондықтан да патшалық Ресей тұсында да, Кеңестік Ресей кезінде де осындай ұлы бағыт саясат, ғылыми тұжырым ретінде қудаланып, оның жолын қуушылар жазаға тартылып, ілімі насихатталмай, тыйым салынды.

Жәдидшілік исламшылдықпен бір уақытта өркендеді, сондықтан екеуінің арасында ұқсастық көп. Екеуі де ислам дінін тұтынған, әрі езгідегі халықтардың арасында қалыптасты. Исламшылдық та жәдидшілік сияқты ұлттық езгіге қарсы тұрып, артта қалушылықты жоюды аңсады. Бірақ жәдидшілік дербес түрде Ресейде туды және оның талабы Ресейдегі мұсылман халықтарының қажеттіліктерін қамтыды. Жәдидшілер тек исламның рөлін ғана айтып қойған жоқ, даму жолы ғылым-білімде, озық мәдениетте деп білді. Олар әйелдер теңдігін, мәдени-ағарту жүйесін кеңейтуді, кітап, газет-журнал таратуды, ұлттық өнер мен баспасөзді дамытуды, халықтың әлауқатын жақсартуды күн тәртібіне қойды. Жастар тәрбиесіне назар аударды, ана тілі мен орыс тілін оқытуға күш салды. Олар

негізінен ислам діні жағында болды, ондағы кертартпа әдет-ғұрыптарға қарсы шығып, ағартушылық бағытты ұстанды.

XIX ғасырдың аяғында діни-ағартушылық бағыттағы поэзия өріс ала бастады. Олардың ішінде Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Абай, Шәкәрім секілді ақындар өз уақытынан оза туған, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың жаңа үрдісін бойына жинаған жаңа тұрпаттағы ақындар еді.

Ақмолла Мұхамедияруллы – жәдидшілік ағымның насихатшысы, орыс әдебиетінің ықпалын алған ақындардың бірі, Маржани жолын жалғастырушы. Ол қазақ өмірін, болашағын осы жаңа оқу арқылы өзгертуге болады деп есептейді. С.Торайғыров, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Омар Шипин, Сәбит Мұқановтар осы Ақмолла мектебінен өткен ақын-жазушылар. Ақмолла Маржаниге арнап Жоқтау-мәрсия жазған. Онда білімге деген мешеулікті сынап, дүмше молдаларды әжуа етеді. Халыққа Маржани жолын ұстап, білім, ғылымға ұмтыл, көзіңді аш дейді.

Пірәдар, сізге өтінем, сәлем жазып,
Көзің сал, Маржани ол – темірқазық.
Болмаса құбыла таппай адасарсыз,
Қараңғыда жол білмей жаннан азып [105, 77 б.].

Ақмолла ақын халық арасындағы надандықты, қараңғылықты шенеп, өнер-білімді дәріптейді. Халықты мағынасыз өмір сүруді қойып, басқа ел сияқты мәдениетке жетейік, оқиық, өнер үйренейік деп насихаттайды.

Жігіттер хабардар бол заманадан
Сиырдан артық емес надан адам
Неге біз қор боламыз, басқа жұрттан,
Біз-дағы туып-өстік ата-анадан [105, 231 б.].

Уақыт өтіп барады, кеш қалмайық, ұйқыдан оянайық, өзге жұрттан біздің неміз кем деп толғанады.

Әбубәкір Кердері жасынан ислам жолымен жүрген, адалдықты, тазалықты, әділдікті сүйген жан. Бес уақыт нама-

зын, отыз күн оразасын құр қалдырмай, құдайға құлшылығын төмендетпеген.

Қараңғы көрге кіреді,
Ажал жетіп, ер өлсе
Періште келер сұрауға,
Көміп алаш жөнелсе,
Бір Алланың бергені,
Мүңкір, Нәңкір сауалын
Біліп пенде бере алса [106, 128 б.].

Алланың ақ жолына жан-тәнімен берілген Қожа Ахмет Иассауи да Мүңкір, Нәңкір жайлы толғана айтқан екен:

Мүңкір, Нәңкір «Рабың кім?» деп сұраққа алғай,
Е, сорлылар, сонда халің нешік болғай? [107, 68 б.]

Әбубәкірдің пікірінше, шын мұсылман періштелердің сұрауына жауап береді, себебі, Алла кең, аса мейірімді. Ол өзінің еңбексүйгіш құлдарын жарылқайды. Олардың жарық дүниеде істеген кәсібін, берген садақасын, жасаған жақсылығын елеп, ескереді.

Инабат ердің дәулеті
Өсер басының әулеті
Инабатсыз ерлердің
Итке ұқсар келбеті [105, 129 б.].

Кімде ар-ұят болса, онда инабаттылық та бар, ал инабаты жоқ адамда әдеп те, иба да, кішілік те, кісілік те болмайды. Ақын сопы болудың оңай емес екендігін де өте орынды айтқан. Алланы бір деп тану, Мұхаммедті (Ғ.С.) хақ деп білу, Құранға шын деп бас ию өте қажет дүние, әрбір мұсылманға міндет. Нағыз мұсылман туған-туыс, дос-бауырына, айналасындағыларға қайырымды болуы керек. Мұсылманмын деп табыс таппай отыруға шариғат жол бермейді. Ислам діні әрбір мұсылманға білім алумен бірге адал табыс табуды, қажырлы еңбек етуді лайық көреді. Өлеңдерінде осыны айтып кетеді.

Нұржан Наушабайұлының 1910 жылы Қазан қаласынан «Алаш» деп аталатын кітабы жарық көрген. Ақын өмір жайлы, оның өтпелілігі туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, байлық пен кедейлік, жалғыздықтың қиындығын сыр ғып шертеді. Бүкіл дүниедегі жанды-жансыздың қожасы жалғыз жаратушы деп түсінеді.

Пендеге пенде қылма жүз салдырып,
Телміртпе бір жаманға көз талдырып
Махрум ете көрме, Раббым қадыр
Рахмет қазынаңнан құр қалдырып [108, 178 б.].

Ақынның тілегі, Алладан күткен рахымы бүкіл мұсылман баласының ортақ арманы. Ажал да,азап та, бақ та, сор да құдіретті бір Құдайдың қолында екенін ақын өзі ғана мойындап қоймай, қалың жұртқа насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ағылып тұрған ақын, шежіреші, ғұлама, тарихшы, этнограф, терең ойшыл еді. Ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар да еді, аузына арам салмаған тахуа да еді. Халық қойған «Мәшһүр» деген атына лайық жан еді. Көзі тірісінде бүкіл қазақ еліне аты шығып, «үш жүздің» жүйрігі атанды.

Атымды «Мәшһүр» деген үш жүз білді,
Дүниеде мұнан артық не табасың? [13, 112 б.].

Мәшһүр Жүсіп мысал да жазған, «Жарты нан хикаясы» деп аталатын туындысы идеясы терең, өзгеше дүние, соны талдап көрейік. Бір адам жолда келе жатып, сандық тауып алады, ашса ішінен айдаһар шығады. Содан оның басына бәле болып жабысады. Қалай құтыларын білмей тұрғанда отыз адам кездеседі, бәрі жабылып айдаһарға ештеңе істей алмайды. Тағы бір бес адам кездеседі, олардың да қолынан ештеңе келмейді. Байғұсты жұтып қояйын деп тұрған жерінен бір жарты адам келіп құтқарып қалады.

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,
Сөзіне мұның айтқан құлақ салған.

– Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,
Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған.
Нандырдың талай жанды таңырқатып,
Өтірігің болды әшкере таңдай атып.
Сөзіңді әуел маған рас қылшы,
Сандықты қылдың мекен қалай жатып?

Өтірікшісің, алдамшысың деген сөзге айдаһар ашуланып, жанталасады.

Жұлқынды, айдаһарды ашу қысып,
Жұлындай түтін болып аспанға ұшты.
Ұшқыны түтін болып көзге түсіп,
Сандыққа ұшып келіп қайта түсті...

– Бәрекелді, айтқаның рас екен, – деп, сандықтың тарс еткізіп аузын жапты. Сонымен, отыз кісі, бес адам, жарты адам кімдер екен, соған тоқталайық. Автор:

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды мен болмасам шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен болармын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның.

Алла тағала қайырымдыны жақсылыққа бөлеген, елдің берген садақасы, көрсеткен жәрдемі жаратқанның жадынан тыс қалмаған. Мұхаммед (Ғ.С.) хадисінде: «Мұсылмандардың арасында ең хайырлы үй – оның ішінде жетім болып, оған жақсылық етілген үй және мұсылмандар арасында ең жаман үй-ішінде жетім болып оған жамандық етілген үй» делінген. Ислам дінінде қайыр-садақаның сауабы үлкен. Бір алланың жолына арнаған отыз күн ораза мен бес уақыт намаздың да орны ерекше. Рамазан айында отыз күн ораза ұстау парыз. Ал бес

уақыт намазды оқу арқылы әр мұсылман тәубаға келеді, қанағат, рақымды, кісілікті, ел үшін еңбек ету керектігін, бір Алланың жолында тек жақсылық жасау керектігін шындап түсінеді. Әрбір оқылған намаздың да, ұсталған отыз күн оразаның да қабыл болуы, болмауы бір жаратушының қолында. Оның әр мұсылман баласына қаншалықты қажет екені, сауап екені белгілі. Ал қайыр-садақаның жөні бөлек. Өзіңнен артылып тұрмаса да, нашарларға берген көмегің жомарттыққа жатады. Ал енді айдаһар жайлы Мәшһүр Жүсіп былай жауап береді:

...Ақымақсың, ақылың жоқ, сенің өзің,
Осыған жетпей тұр ма әлі көзің?
Не дейсің бұл айдаһар дәнеме емес,
Аузыңнан абайсызда шыққан сөзің.

Иә, аузыңнан абайламай шығып кеткен жаман сөздің қаншалықты қиындыққа әкелетінін көріп отырмыз. Сондықтан аузымыздағы сөзімізге абай болуымыз керек, әйтпесе, «айдаһар болып басыңды да жұтып жіберуі мүмкін». Мәшһүр Жүсіп адам басында болатын мың түрлі қатердің бірі – өзінің тілі екенін қатты ескерткен.

Мәшһүр Жүсіптің қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайларға арнап жазған өлеңдері өте көп, әсіресе оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлген, ел-жұртты оқу-білімге, өнерге, еңбекке шақырған өлеңдері сол кез үшін маңызды. Халықтың қиындық көріп отырғаны өнер-білімнің жоқтығынан деп, егер жұрт сауатты болса осынша қиналмас еді дейді. Халық қамын ойлаған ақын ел ішінің бұзылып бара жатқанына алаңдайды.

Келіспес, біле тұрып арам десек,
Жаман ғой арамнан да өтірік-өсек.
Бұл заманның адамы сондай болар,
Келер менен кетерді қылмайды есеп [13, 97 б.]

Өтірік айту айықпас дерт, жазылмас жара. Тек шындықпен өмір сүрген адам – ол Алланың сүйген пендесі, ал сөзінде еш шындық жоқ, өтірік-өсек айтқан адам кісі емес. Осындай адамдар жайында Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбар: «дүние-мүлік

үшін біреуді алдап-арбап жанынан кешкен алаяқтар үмбетім емес» – деген. Қожа Ахмет Иассауи де бұл жайында толғаған:

Қасиетсіздер қасиетті боп көрінбек,
Тіліменен қол ұшын беріп, ішіменен бөлінбек.
Шайтаннар артық мекерлігін жасырар,
Таң да Махшар күні қара жүзі ашылар.
Олардың жүзін көрмеңіз әр кез,
Лағнетке жуымай маңынан без [107, 120 б.]

Мәшһүр Жүсіп дәуірінде алаяқтықтың үстіне қатігездік те қосылды. Ақын:

Өсекті қожа менен молда айтады,
Қожа, молда өзгеден оңды айтады,
Араз ғып балдай тату ағайынды,
Өстіріп дау-жанжалды зорайтады, – дейді.

Жартылай сауатты, жұрт үстінен күн көретін қожа-молданы осылай масқара еткен. Сонымен бірге оның шығармаларының көпшілігі діни тақырыпқа арналған, Алла тағаланың құдіреттілігін жырлаған. Бір Жаратушы Иенің бір екеніне, бар екеніне сенуге шақырады. Жаратылыстың сыры Жаратушыға аян, Алла тағала жалғыз, мінсіз, еш нәрсеге мұқтаж емес. Мәшһүр Жүсіп пайғамбар жайында бірнеше дастандар жазған. Пайғамбардың балалық шағынан бастап, оның өмір жолы, дүниеден қайтуы шебер жазылған. Ондағы мақсаты пайғамбардың ізгі істері арқылы халықты ізгілікке шақыру.

Шәді Жәңгіруұлы Пайғамбарға арнап шығарма жазған ақындардың бірі. Оның атақты дастаны «Назым сияр Шариф» деп аталады. Мұнда Мұхаммед (Ғ.С.) Пайғамбардың туғанынан өлгеніне дейінгі барлық өмір жолы суреттеледі. Күллі мұсылман баласы үшін Алланың ақ жолынан асқан құдірет бар ма, тазалық та сонда, күш те сонда, өнер де, білім де сонда. Осы исламды бірінші жолға қойған, оны жан-жақты таратқан Мұхаммед (Ғ.С.) – күллі адамзаттың пайғамбары болса, «Құран

кәрім» – бар адам баласының, оның ішінде мұсылмандардың аса қасиетті кітабы болып саналады. Осы жағдайды жеткізе жырлаған Шәді Жәңгіруғлының «Назым сияр Шариф» кітабы әр мұсылман баласы үшін, қазіргі жастар үшін қадірлі. Шәді Абылай ханға арнап «Тарихат» дастанын жазған, сонымен бірге ол халықтың салт-санасын, тұрмыс тіршілігін жырлаған, жұртты оқу-білімге, өнерге үндеген ақын.

Мақыш Қалтайұлының «Сақ-сұқ» атты аудармасы Ы.Алтынсарин хрестоматиясының әсерімен шыққан сияқты. Екеуі де болашақ ұрпақты адал болуға, білім-ғылымға құштар болуға, ерінбей еңбек етуге, ата-ананы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға шақырады. Ақын өз өмірін елін, әсіресе жас ұрпақты сауаттандыруға арнапты, ол қолынан келгенше бала оқытқан. Адам баласына жақсы болуы үшін көп нәрсе керек, соның бірі – әділдік, туралық, Алланың ақ жолы шындық дейді. Жалған сөйлеу – адамзаттың дұшпаны, ащы да болса бетке айту – кісілік екені хақ. Оның бүкіл тірлігі, оқуы, ізденуі осы ақ жол еді, арманы да, үміті де осы болды. Мақыш елдің халахуалының, қазақ тұрмысының жаңғыратынына сенді, соны армандаған. 1913 жылы шыққан бір өлеңінде былай дейді:

Кетер бір заман шексіз бұл ақ қарлар,
Жылынар күн, болар желеусіз шуақтар...
Болар дүние ол уақытта бір жеміс бақшадай,
Ағар сулар сылдырлап, төгілген ақшадай.
Шаттықпен қызық көріп жүрер әркім,
Ол күнде тек болсын менің қабырым сарай [109, 59 б.] .

Еліміздің еркіндікке жетіп, егемендік алатынымызды алдын-ала сезгендей, Алланың өзі алдын-ала сездіргендей.

Айнадай көрсетемін жұрттың мінін,
Қорқып ішке жимаймын сөздің шынын.
Жақын, алыс, дос, дұшпан – бәрін бірдей,
Сөйлеймін жалтақтамай хақтың құлын [109, 61 б.]

Бәріміздің де кемістігіміз бар, бәріміз де құдайдың құлымыз, Мұхаммедтің (Ғ.С.) үмбетіміз, бұл шындық. Олай

болса бір Алланы, оның құдіретін, оның жаратқан дүниесін сыйлауымыз керек, бойымызды арамдықтан таза ұстауымыз керек дейді.

ХХ ғасырдың басы қазақ киген отаршылдық қамыты қатайып, мойын бұрғызбай, күшейе түскен кезі еді. Өткен ғасырдың аяқ кезінде Орталық Ресейден келген орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері қоныстанушыларға тартып әперілді. Дамудың мешеу күйінде тұрған елді отаршылдық пен ұлттық езгі екі жақтан қыспаққа алды. Қазақ елінің болашағына қауіп төнді. Патшалық Ресей қазақтарды сауатсыз етуге, тек ескі мұсылман дінінің шырмауында ұстауға тырысты. Сондықтан олар дін иелеріне кеңшілік беріп, олардың озбырлық істерін жауып тастап отырды. Баспаларда негізінен, пайғамбарлар мен олардың сахабалары, әулие-әнбиелері туралы қиссалар, түрлі діни-мистикалық поэмалар жарық көрді. Олар қазақ, татар, парсы т. б. тілдердің араласқан түрінде болды. Патша үкіметінің медреселер салдырып, Құранды бастырып, қазақтарға тегін таратудағы мақсаты халықтың ой-санасын дінмен шырмап ұстау арқылы билеп-төстеу еді. Мұсылман халықтарының еуропалық басқыншыларға қарсы күресі бой көрсетіп жатқан тұста Ресей империясының қол астындағы мұсылмандардың мұсылмандар бірлестігі туралы идеяны көтере бастауы патша үкіметін алаңдата бастаған еді. Бұл жағдай сол кезде ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Мұндай қапастан құтылудың ең бірінші қадамы – надандықтан арылу, ілгері елдің қатарына қосылу, өнер-білімге тартылу деп біліп, осы бағытта насихат жұмысын өрістетті.

Ресей империясы XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстанды өзінің басқару жүйесіне толық тәуелді ету саясатын пәрменді жүргізген. Ресейге еріксіз бағынышты болған халықтардың көпшілігі мұсылман дінін ұстанушылар болатын. Міне, осындай жағдайда Ресейге қарсы тұрарлық күшті тек түркі халықтарын тұтас бір майданға біріктіру арқылы қалыптастыру мүмкін еді.

Отаршылдық езгіден құтылу жолын іздеген түрікшілдік идеяны уағыздаған қайраткерлер қатары дүниеге келіп, барлық түркі мұсылмандарын азаттық жолына шақырды. Түрікшілдік қозғалыстың белді қайраткерлерінің қатарына қырым және қазан татар ұлттарының азаматтары түрік бірлігі мен исламдық ынтымақтастықтың идеологиясы негізінде азаттық күресте түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерін тұтас бір майданға біріктіруді көздеді. Мұсылман фракциясының құрамында болған татар депутаттары және тағы басқа татар қайраткерлері қазақ халқының үлкен мәселесіне айналған Ресей Мемлекеттік Думасы мінбелерінде көтере білді. Қазақ зиялыларының мұсылмандық қозғалысқа араласуына татар зиялыларының әсері болды. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары азаттық қозғалыста татар зиялыларымен етене араласып, олардың идеяларын құптады және оның жүзеге асуына мұрындық болды. Ақпан және Қазан революциялары жылдарында қазақ зиялылары татар ұйымдарымен бірлесе отырып, мемлекеттің басқару жүйесінің мазмұны төңірегінде мұсылман съездерінде, облыстық қазақ съездерінде мәселе көтеріп, өз ойларын мерзімді баспа беттеріне жариялап, осы мәселеге байланысты пікірталастар ұйымдастырды. XIX ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерде оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары болды. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары осы татар молдаларынан бастауыш білім алып, алыс мекендерде мұсылмандық сауаттылықты таратқан. Бұл саяси үрдіс Қазақстандағы мұсылмандық оқу-ағарту саласының дамуына мұрындық болған. Мәселен, қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі Ш.Ш. Уәлиханов алғаш рет ауыл молдаларынан, татар мүдәрістерінен білім алып мұсылмандық оқу жазуды меңгерген. Келешекте ол татар ағартушысы Ш. Маржанимен танысады, оған ағартушылық еңбегі үшін татарлардың алдыңғы қатарлы зиялылары жоғары баға береді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында татарлар арасында «жаңа әдісті» мектептер кең көлемде ашылды. 1890 жылы Орынбор қаласында жаңа әдісті «Хусаиния», Троицкіде «Расулия» медреселері бой көтеріп, онда қазақ

балалары тәрбиеленген. Уфадағы «Ғалия» медресесінде қазақтың атақты ғалымдары М. Жұмабаев, Б. Майлин, Т. Жомартбаев, Б. Серкебаев сынды жалпы 50-ден астам азаматтары білім нұрын алған. Мұнда қазақ қыз балалары да оқып, қыздарға арналған мектеп, медреселерде қызмет еткен. 1911 жылы «Ғалия» медересесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық еңбегі жарық көрді. Медреседе оқыған қазақ жастары 1913-1914 жылдары «Садақ» атты еңбегін жарыққа шығарып, көкейдегі ойларын жазған.

Қазақ зиялыларының топтасуына түрткі болған саяси оқиға 1905-1907 ж.ж. революция еді, ол кезде ұлттық басылым болмаған. 1911 ж. 11 қаңтарда Троицк қаласында Мұқаметжан Сералиннің басшылығымен «Айқап» журналы жарық көрсе, 1913 ж. 2 февральда «Қазақ» газетінің бірінші саны жарыққа шығады. «Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынов, ал жауапты хатшысы Міржақып Дулатов болады. «Қазақ» газеті халықтың ұлттық сана-сезімін оятып қана қоймай, сол кездегі халықаралық жағдай, экономика, мәдениет, тарих, дін мәселелерін де қамтиды. Газеттің шығуы мен ел ішіне тарауы да оңайға түспеді, онда басылған материалдар да ел билеушілердің, патша өкіметінің көңілінен шыға бермеді. «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мыңдаған зерделі жасты ұлттық тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі саяси-қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйытқы болған да осы газет. Заман аударылып-төңкеріле бастаған тұста Қазақ елін аласапыраннан аман-есен алып шығып, өз алдына дербес автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуді мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет. Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды жария еткенімен, іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды, – деп жазады академик Әбдімәлік Нысанбаев [110, 105 б.]. «Қазақ» газетінің мақсаты қазақ қоғамын оятып, ұлттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. Олар қоғамға білім тарату

арқылы қоғамдық өзгерістер жүзеге асатынын, дүниежүзілік өркениетке тек ғылым мен ағартушылық жұмыстары арқылы жететінін түсінді. «Бұл – қоғам дамуы тудырған өмірдің жаңа талабы, тарих сұранысы еді. Мұндай сұранысқа жауап беретін ел басшысын да тарих дайындауға тиіс болды. Бұрынғы хандар мен билердің, батырлардың заманы өткен. Енді ел бастаушы ақылмен, біліммен қаруланған, ел санасына қозғау салатын ойлы тілі бар, алдағыны болжай алатын саяси-әлеуметтік сезімі бар адам болуы қажетті» [111, 14 б.]. Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Әлихан, Мұстафа, Мағжан т. б. ұлт зиялылары бұл тарихи міндетті абыроймен атқарды. «Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар болатын. Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев, С. Көбеев, М. Сералин, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты жастар бірін-бірі толықтыра түсті. Сол бір аласапыран тұста олар қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарастарын ашық білдіріп отырды. Қазақ қоғамының дамуында ұлттық демократиялық бағыт ұстанды. Патша саясатының қатаң сыншысы болды, бірақ орыс халқына теріс көзқараста болған жоқ. Ұлтаралық сөзге, іске бармады. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мақсат-міндеттері жайлы ой-пікірлерінде олардың қайраткерлік тұлғасы танылады. Олардың сын мақалаларында, зерттеулерінде, өлеңдерінде қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау идеясы жатыр.

Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осындай мазмұнда жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!

Жер кетті, дін нашарлап, Хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты! –

Жинақтағы беташар, бірінші өлең «Қазақ халқының бұрынғы һәм бұ күнгі халы» деп аталып, былай басталады:

Міржақып неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шамаңды қадари-хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

«Оян, қазақ!» жинағының қара сөзбен жазылған кіріспесінде заман күн сайын өзгеруде, біз осылай қозғалмай жата берсек, не боламыз, бұған ұрынбау үшін екі нәрсе қажет дейді:

«...соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық. Екінші дүниемізді қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмеу үшін орысша оқып, өнерлі болалық» [112, 15–16 бб.] Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлты-ның қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа тарайды. Міржақып Дулатов өмірінің мәні де осында еді. «Қайтсек жұрт боламыз?» деген мақаласында патшаның отарлау саясатынан құтылу үшін, елдігімізді, тіліміздің, дінімізді сақтау үшін не істеуіміз керек дей отырып, ол үшін мемлекет, автономия құруымыз керек, кім күшті болса, сол жұрт болып дегеніне жетеді, күш дегеніміз ол – әскер дейді. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде» [113, 263–264 бб.], яғни бір жолы құлдық, екіншісі жұрттық жолы. Автономия алу жолына кірісіп, милициямызды жасап, алаш үкіметімізді нығайтсақ бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі деген ой айтады. Өмірдің мәні тағдырға мойынсұнып, басыңа не түссе соны көріп отыра беру емес, ел болуға, жұрт болуға, өркениеттілікке талпыну. Ол қазақ халқының даму деңгейі төмен, отар халық емес, тағы, дөрекі емес екендігін, бейбітші-

лік сүйгіштігін дәлелдеуге тырысты. Жалпы қазақ халқының жақсы өмірге жетуіне қажетті басты нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке жету деп, оны өз шығармаларында көрсете білді. Бұл жолда қарсы тұрушылар мен көре алмаушылардың да бар екендігін айтып, екі түрі адамды суреттейді. Біреулері – қаны қарайған, ұлт намысы дегенді білмейтін, ойлағаны жамандық, надан адамдар. Бұларға елдің бүлінгені керек. Екіншісі – ел ішіндегі партия құмарлар. Бұлар баққа таласқан, істеген ісінің зиян екенін ойламайтын надандар дейді. Адамгершілігі жоқ адамның хайуаннан айырмасы жоқ. Адамдық қасиеттерді дамыту адамның өзінің қолында. Өз алдына ел болғысы келген жұрт адамгершілігін, ар-ұятын сақтау керек екендігін ақын ескертеді. Жұрттықты ойлап, бірлік қылсақ, алаш тілегін тілесек жолымыздың болғаны дейді.

Патшалық отарлау саясатының ашықтан-ашық халықты орыстандыруға көшкенін көрген ұлт зиялылары өз ойларын «Қазақ» газетінде жариялады. Петроградта өткен мұсылмандар съезінің жұмысында қаралған өз талаптарын ашық айта білді. Дін басылары мүфтиден бастап ауыл, село молдалары сайлау арқылы өтсін, мұсылман дін басыларына орыс топтарымен бірдей жалақы төленсін, ауылдарда діни медреселер, мектептер ашылсын деген тілектерін білдірді, яғни халық ең алдымен өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын білу керек екенін жеткізе білді. Алдымен ауылда қазақша оқып, содан кейін қалаға барып орыс тілінде білім алу керек деп дәлелдеуге тырысты.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өз тарихи миссиясын абыроймен атқарып шыққаны анық. Олар патшалық және кеңестік отарлаушылардың дүлей күші алдында төтеп бере алмағанына қарамастан сол замандағы қазақ қоғамының ең ықпалды саяси-әлеуметтік күші бола білді.

Осындай алаштың ардақты азаматтарына «панисламшыл» (панисламист) және «пантүрікшіл» (пантюркист) деген ат қойылып, айдар тағылды. Кейбіреулеріне Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп алып, Түркияға біріктіруді насихаттадың деген жала жабылды. Панисламизм мен пантюркизм қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Бұл бір кездегі саяси-экономикалық жағдайларға

байланысты туған тарихи объективтік, қоғамдық идеология, ұлы мемлекеттердің отарлау саясатына, шапқыншылық әрекеттеріне қарсы жүргізілген бостандық үшін күреске бірігуден туған заңды құбылыс еді. «Панисламизм» ұғымының шығу төркіні екі сөзден: «ислам-арабтың бас ию, тағзым ету; пан – гректің барлығы, бәрін қамтитын деген сөздерінен құралған. «Пантюркизмнің» де түп-төркіні осындай. «Бұл екі «пан – изммен» Абай да жақсы қанық болатын. Өйткені ол исламиятты да, түрікшілдікті де ана сүті, ата тәрбиесімен қосып, бала шәкірт шағында бойына сіңірді. Абайдың медіреседе оқыған кезі осы екі рухани қарсылықтың қоғамдық қозғалысқа ұласуы тұсына дөп келіп еді. Алғыр да ойлы, қаншыл шәкірттің жас жүрегіне намысты қоздырып, қанды қыздыратын, тәуелсіздік рухын оятатын пікірлер мәңгі ұялап қалды» [104, 19 б.].

Бұл түрікшілдік пен исламшылдық идеялары бастапқыда ағартушылық сипатта болып және онда саясаттан гөрі мәдени мазмұн басымдылық танытқанын айта кету керек. Бұл жөнінде мұсылмандық қозғалыс-пропогтарының бірі Расул Заде: «түрікшілдік саяси қозғалыс емес, ол ғылыми-философиялық этикалық мектеп, басқаша айтқанда мәдени бірігу жолындағы күрес тәсілі» деп анықтама берген еді [114]. Мұның себебі, осы кезде ұлттық күрес мәселесі кейінгідей емес еді. Ұлт азаттығы мәселесі Ресей аумағында орыстармен тең құқыққа қол жеткізу түрінде ғана қойылатын аталмыш кезеңде түрікшілдерге ұлт мүддесі үшін қызмет атқару өте қиынға соғатын. Себебі: Ресей өкіметінің назарында орыстар үшін қалыпты нәрселер бұратаналар үшін ерсі, тіпті қылмыс болып саналатын. Түркі халықтарына великоростармен бірдей құқық талап еткені үшін отарлық билік түрікшіл қайраткерлерді «түрік фанатигі», немесе «ислам фанатигі» деп айыптай салатын. Сол кездегі Ресей империясы жағдайында бұндай «айыптан» асқан айыптау жоқ еді. Өйткені ұлыдержавалық идеологтар азиаттардың сана-сезімі оянуының кез-келген көрінісіне қауіптене қарап, көп салалы мәдени қозғалыстың ішінде түрікшілдік пен исламшылдықтан православиялық орысшылдыққа қарсы ұлтшылдық негіздерін көретін еді. Отарлық билік бұл идеялардың неден бастау алып, аз уақыт ішінде елдің мұсылман-түркі халықтары арасында

кеңінен таралып, қолдау тапқаны неліктен екенін ойланғысы келмеді. Ал өздерінің түз халықтарына деген ұлыдержавалық, шовинистік-кемсітушілік көзқарастарымен мұсылман түркілерін де ассимиляцияға ұшыратып, оларды дербес ұлт ретінде өмір сүру мүмкіндігінен айырылып отырғандарын, сонымен қатар адам төзгісіз қанап өздеріне қарсы ұлт-азаттық күрестің азапты жолына түсуге өздері себепші болғандығын түсінгісі де келмеді. Қозғалыстың негізін құрайтын түрікшілдік пен исламшылдықтың прогрессивті идеялары еді. Мұсылмандық қозғалыс Ресей империясының қол астында ұлттық езгіні бастан кешірген түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да азаттық жолындағы күрес тарихында өзіндік із қалдырды. Қазақ елінің ұлттық мүддесін білдіру және қорғау мақсатында бүкіл Ресейді қамтыған бұл қозғалысқа қазақ зиялылары да атсалысқан болатын. Мұсылман дінін сақтау проблемасы жадидтік қозғалыспен ұштасты, ал оның философиялық негізі қоғам өмірінің барлық жақтарын: мұсылман генелогиясын өзін жаңғыртуды, білім беру реформасын, біртұтас жаңа әдеби тіл жасауды және тағы басқаларды қамтыды. Басқаша айтқанда, бұл патшалық империяның барлық мұсылман түріктері үшін пантүріктік түрінде ортақ жаңа баламалық қалыптастыруға жасаған әрекеті болатын. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған кезеңде Ресейде мұсылмандарды оятудың алдыңғы қатарында татарлар мен әзірбайжандар жүрді. Қазақстанға жадидтік идеялар негізінен нақ солар, атап айтқанда, татарлар (ішінара башқұрттар) арқылы таралады. Ресейдегі мұсылмандық қозғалыстың қазақ тарихына қатысы бар екеніне көпшілік назарын аудара отырып академик М.Қ. Қозыбаев: «Бұл қозғалысқа демократиялық бағыттағы зиялы қауым атсалысты: мемлекеттік Думаға сайланған мұсылман депутаттары осы серпілістің қалың ортасында болды. Демократияның үлкен күрес аренасына дінін, тілін қорғаған қалың қауымның да екпінді ағымы келіп осылай қосылды. Біз қазақ халқының тарихында осы бір тақырыптан қашатынбыз. Ал шын мәнісінде дін мен парасат, ағартушылық, тәлім-тәрбие ісі де араласып жатқанын, халықтың қалың қауымы діндарлардың ықпалында болғандығын қалай жасыруға болады. Ендеше болашақта

бұл тақырып та халқымыздың тарихының бір көрінісі екендігін ескергеніміз жөн», – деп көрсеткен еді [114, 19 б.]. Ғылыми жағынан талдау жасап қарасақ, қазақ зиялыларының түрікшілдік идеяға бойұсынулары үлкен үш негізден бастау алады: Біріншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздерінің білімділігі мен ізденістері нәтижесінде байырғы түрік мәдениетіне, дүниежүзілік тарихта із қалдырған ұлы Түрік қоғамының батырлық, еріктік істеріне қанық болды да, олардың тікелей ұрпақтары ретінде өз халқын сол бай тарихи аталар дәстүрімен патриотизмге жігерлендіру арқылы отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятқысы келді. Екіншіден, түрікшілдік идея, қазақ зиялыларының пікірінше, Ресей-дің қол астында отарлық саясаттан тепкі көрген барлық түрік тілдес халықтарды бір ту астына біріктірер бірден-бір ортақ рухани күш ретінде танылды. Себебі: түркі тілдес халықтар батыс пен шығысты қанды шеңгелінде ұстап тұрған екі басты самұрық құстың тырнағынан жеке-жеке ұлт болып босанып шығулары мүмкін еместігін анық түсіне білді. Үшіншіден, түрікшілдік, түрік бірлігі идеясы, қазақ зиялыларының пікірінше, көшпелі түрік тектес халықтардың бай тілі мен мәдениетін, тамырын тереңнен тартқан дінін дүниежүзілік деңгейге көтеретін, сол арқылы евроцентристік көзқарастарға тойтарыс беріп, ғылымдағы ұлыдержавалық шовинизмді тежейтін негізгі факторлардың бірі деп саналады.

Міржақып Дулатовтың дүниетанымдық көзқарасы – бұл адамды қоршаған әлемнің тіршілігін, яғни адамдық болмыс әлемі мен табиғат әлемін сөзсіз тануы. Ол арнайы философиялық еңбек жазбаса да, шығармаларында қоғам мәселесін көтеріп, қазақ халқына адам, оның өмірінің мәні мәселелерін түсіндіруге тырысты. Қазақ халқына мал бағудан басқа да құндылықтардың бар екендігін көрсетіп, білімге шақырды. Халықтың жақсы өмірге жетуіне қажет нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылу деді. 1913 жылы «Айқап» журналында Шәкәрім Құдайбердіұлының бес сауалы жарық көреді. «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?» деген сауалына жауап ретінде Міржақып өзінің «Адамға тіршілік не үшін керек?» деген мақаласын жазады. Бұл сөзге жауап берудің оңай еместігін

ескерте отырып, ол әр замандағы данышпандардың ойлары туралы да тоқталып кетеді. Құдайға құлшылық ету керек деген діни түсінікке немесе жақыныңа жақсылық қылу керек деген пікірлерге көңілі толмайды. Адам өмірге келген соң хайуаннан айырмасы болу керек дейді. «Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа ғұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды» [115, 236 б.]. Абайдың жетінші қара сөзіндегі жан сұранысын дамыту қажет, ішсем, жесем деген тән құмарлығы жануарда да бар, жанды тәннен жоғары қоя білу керек деген ойын Міржақып жалғастырып отыр.

Ол бұрынғы замандағы қариялардың «жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса досыңа қыл» деген мағыналы, терең ойлы сөзін Шәкәрім қажының сөзіне жауап ретінде беруімізге болады дей отырып, жақсылықтың өзін әртүрлі ұғуға болады, өзіңе істеген жақсылық біреуге зиян болса, онда ол жақсылық емес жамандық болады, сондықтан жақсылықты біреуге зияны тимейтіндей етіп жасау керек екендігін ескертеді. Жақсылықты досыңа қыл дегенде «дос» ұғымын кең мағынада алады. Тек туған-туысқаның ғана емес, дұшпан еместің бәрі дос дейді, яғни барлық халық, жалпы қоғамды алып отыр. Тек өз пайдаңды ойламай, қоғамға пайдаңды тигіз деген ой айтады. Міржақып Шәкәрімнің «қандай адам жақсы кісі болмақ керек?» деген сауалына да жауап береді. «Сондай адам жақсы кімдекім жетім, жесір, кәріп, қасаң, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуантып қойса» [115, 237 б.] – дей келіп, игі жақсыларымыздың ойлағаны ел билеу дейді, олар елге пайда келтіретін болса, билеріміз әділ, болыстар жұрт қамын жейтін болса деп Абайдың «Мәз болады болысың» өлеңін мысалға келтіреді.

Адам тіршілік иесі ретінде өзін-өзі түсінуге талпынып отырады, бірақ оның түбіне дейін бойлай алмаймыз. Бірақ ерте ме, кеш пе өмірмәндік мәселені шешу жолына түсуі керек. Адамның ең басты құндылығы олардың тіршілігі, өмірі. Сондықтан «не үшін өмір сүрдім» деген сұрақ адам санасында пайда болады. Әр адам өз өмірін саралау керек, өз өміріндегі құнды нәрселерді құнсыз нәрселерден айыра білу керек.

Міржақып Дулатов та өз алдына мақсат қойып, өзінің өмірін халқының мұң-мұқтажын жоқтауға арнады. Оның ойынша адам өмірінің мәні – адамдыққа, ғылым-білімге ұмтылу, адамгершілікті өмір сүру, сол арқылы халқына пайдалы болу. Надандықтан шығудың жолы ғылым, білім, өнер үйрену дейді.

Бозбала, һүнер, ғылым үйренбеді,
Ел кезіп, өсек айтып сүйреңдеді
Әр қайсың хал кадәрше талаптансаң
Сендерге мен нахақтан бүйдермедім?

Малға кедей болғаның жетілерсің,
Ғылымға кедей болғаның өкінерсің.
Хазірде құлағыңа кірмесе де
Файдасын ахырында бір білерсің [115, 46 б.].

Өнер-білім үйренген адам ең алдымен қараңғылық пен надандықтан құтылады, жақсы мен жаманды айыра біледі, өзінің адам деген атына сай болады.

Тарих туралы ой М. Дулатов үшін – бұл тарихта шын мәнінде не болды, сол туралы ой, ал тарихта не болғаны ғылыми түсінік арқылы көрініс береді. Қазақ-қырғыздың тарихын жазбай тұрып, алдымен «қазақ», «қырғыз», «алаш», «үш жүз» деген аттардың қайдан шыққанын, қазақ пен қырғыздың тегі кім, қашаннан бері өз алдына жұрт болғанын шешіп алуымыз керек дейді. XIX ғасырдың басында Г.Ю.Клапрот пен К.Риттердің зерттеулерінің қате екендігін дәлелдейді. Олар наймандарды Обь, Енисей өзендері бойындағы қырғыз тұқымы десе, қазақ пен қырғызды индо-герман затынан болуы тиіс деген пікір айтады. Осыған өзінің «Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы» деген үлкен мақаласын арнайды. 1020-ыншы жылдарда өмір сүрген атақты Фердауси қазақ жұрты һәм қазақ хандары туралы жазған. Сонда қазақ Фердаусиден бұрын да мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді, деп қазақ халқының шығуы жайлы өте құнды пікірлер айтқан.

Адамзат игілігі тек материалдық әл-ауқаттың жетістіктеріне тірелмейді, адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің бар-

лық ауқымын қамтиды. Адам болмысының негізгі мәні ретінде ол ұлттық мерекелерді атайды. Мейрамдар халықтық дүниетанымның қалыптасуында, олардың табиғатқа, құдайға, өз-өзіне, қоғамға, мемлекетке қатынасын анықтауда үлкен рөл атқарады. Қай халықтың даму деңгейі жоғары болса, сол халықтың мейрамдары көп болады дейді, «Қош келдің, Наурыз!» мақаласында Наурыз ұлт мейрамы дей келіп, онда күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі дейді. «Тіршіліктің арқауы алдыменен тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін қазақтың зор мағына беруі әшейін еріккеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр я жеңіл өтуінен тіршілігі өзгеретін, жеңіл болса құт, ауыр болса – жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәрсе» [115, 303 б.]. Мұндай күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күн ілгері қамыңды же дейді.

Адамшылық өлшемі ар-ұятты ұмытқан қоғамның бақытты бола алмайтынын Міржақып Дулатов жақсы түсінді және мұндай қоғамда құлдықтың өркендейтінін басқа елдерден мысал келтіре отырып көрсетті. Мысалы, «Құлдар достығы» шығармасында испандықтардың Америка халқын құлға айналдырғанын, олардың қанша сый-құрмет көрсеткеніне қарамай, алтындарын алып, аямай жұмысқа салып қинағанын жазады. Зорлықпен бағынған, ауыр қызмет көрмеген бишара америка халқы ауырлыққа шыдамай, қырыла бастайды. Осындай рақымсыз, жауыз адамдармен қоса халыққа жәрдем етіп, халін жеңілдетуге тырысқан жақсы адамдардың да болғандығын айтады. «Бәрінен артық олар үшін көп жақсылық қылған Испания епископы (поп) «Лас Казас» деген кісі болған. Лас Казас бұлардың ауыр халін жеңілдету үшін қайғырып ол заманда қауіпті сапар саналған Америкадан Испанияға алты

рет барып қайтыпты. Ол уағыздар сөйлеп, хаттар жазып, кітаптар шығарып, бишара Америка халқының ауыр қызметті көтере алмай ауруға, өлімге душар болғандығын халыққа түсіндірген» [115, 48 б.]. Бірақ Лас Казастың қатесі құлдыққа Африка негірлерін алыңдар деуі еді, бұл қатесін түсінген ол кейін өкініп, өлер алдында «Негірлерді құлдыққа айналдыр да Индейлерді құл еткен секілді құдайсыздық, әділетсіздік» деп жазып кетеді.

Құлдық заманында Африкадан Америкаға әкеліп сатқан негірлердің саны жеті миллион болған. «Бұл сорлы адамдардың көрген күнін адам баласының басына құдай салмасын!» – дейді Міржақып. Таң атқаннан ел жатқанша жұмыс істейді, жас, кәрі, ауру демейді, ақшаға сатып алғаннан кейін, аямайды. Құлдарды азат ету жолына Гарриет Бичер түседі. «Адам баласы бір-біріне қарындас. Адам баласына парыз болған нәрселер әуелі алланы танып, екінші адам балаларын біреуін кем, біреуін зор тұтпай сүю. Мұндай болмаса ол адамның адамшылығы аз» [115, 50-52 бб.] деп айтып отыратын атасының тәрбиесін көрген Гарриет құлдардың ауыр халіне жаны ауырып, олардың ауыр халін қалай да жеңілдетуді өзіне зор міндет деп біледі. Бұл жолда көп бейнет көреді, ақырында өзінің «Хижина дяди Тома» деген кітабын жазады. Кітап дүние жүзіндегі халықтың ар-ұжданын оятуға қаққан дабылдай болды. Сөйтіп құлдар азат болды, қазір олар еркін Американың ерікті азаматтары. Олар өздерін құлдықтан құтқарған Гарриеттің жақсылығын еш уақытта ұмытпайды. Осы жайында айта келіп, Міржақып қазақ жерінде де адам саудасының шыға бастағанын айтады. «Былтырдан бері Жетісу қырғыз-қазағының басына туған пәлені естімеген жұрт жоқ шығар. Босқын қырғыздың көбі қытай жеріне барып, ашаршылыққа шыдамай балашағаларын қытай-қалмаққа сатқандығы, бір адамның құны бір пұт бидайға шыққандығы мағлұм болып еді» [115, 258 б.], – дей келіп, Ақтөбеде, Қостанайда адам саудасы ашылғанын, кейбіреулердің ашаршылықты пайдаланып, арзан қатын іздеп кеткенін жазады. Бұл іс өле-өлгенімізше сүйегімізге таңба емес пе? Бұл адам саудасын тоқтатуға не қам жасау керек? –деп оның жолдарын іздестіреді. Ол үшін «Жәрдем ұйым» ашып,

мұқтаждарға киім, тамақ, баспана беріп, тәрбиелеу керек, ал бұған басшылық ету жүрегінде ұлт намысы, адамшылығы бар азаматтардың борышы дейді. Ғұмыр бойы ашаршылық, босқындық бола бермес, ертең ел есін жиғанда не бетімізді айтамыз, мұны ел азаматтары ойлауы керек дейді. Ол қазақтың белгілі азаматтарын, оқығандарын халыққа пайда тигізуді көбірек ойлауға шақырады. Қазақ елін көркейген, азат, егемен ел қатарына жеткізу оның алдына қойған міндеті еді. Өмірде өз орнын таба білуден артық бақыт жоқ. Дүние төңкеріліп, астаң-кестеңі шығып жатқанда, жаңа заманды қалыптастырып жіберуге белсене араласу, игілікті істердің басы-қасында болу кімге болса да үлкен абырой. Патшалық езгі мен тепкіден есеңгіреген елін азаттыққа, теңдікке жеткізу үшін Міржақып қолынан келген істің бәрін істеді. Осы мақсатта өзінің бар күш-жігерін жұмсап, сол жолда өзі құрбан болды.

Жүсіпбек Аймауытов ағартушылық философиясының негізін адам мәселесі арқылы өрбітіп, қоғам дамуының негізгі күші адам және оның білімі, қайрат-жігері мен іскерлігінде дейді.

Ж. Аймауытовтың пайымдауынша, адамның қалыптасуы оның бойындағы жақсылық пен жамандықтың күресі арқылы іске асады. Ғылым, білім, мәдениет аралығында адамға дұрыс бағыт беретін тәрбие, ал адам бойындағы жамандық тәрбиенің жоқтығынан пайда болады. Білімді болу үшін қаражаттың да керек екендігін айта отырып, байлық пен кедейлік, надандық пен білімді диалектикалық тұрғыдан шеше білген. Өнер, білім алу үшін қаражат керек, ал қаражат тауып отырғанның бәрі білімдіге жатпайды. Тәрбиесі жоқ адамның білімі өз қара басынан аспайды, тәрбиелі адам ғана өз білімін адамзат игілігіне жұмсай біледі. «Өнер, ғылым қаражатпен табылады, өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды. Халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек. Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу өгізбен жарысып бәйге ал деген сияқты. Надан болсақ та бай болайық десек, ғылымсыз байлық баянсыз болмақ, бұлай болған соң ғылым мен байлық екеуі де керек» [116, 121б.].

«Психология және мамандық таңдау» деген кітабында Ж.Аймауытов жастарға мамандықты қалай таңдау керектігін

үйретеді дейді, – М.С. Бурабаев, «ол орыс психологы А.Ф.Лазурскийді», шетел психологиялық зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ жастарын қандай мамандық қызықтыратынын анықтауға тырысады және жаман мамандық болмайды деген ой айтады» [117, 60-61 бб.]. Өз ойын қорыта келе, Аймауытов: «әр адамның туғаннан бір нәрсеге, мамандыққа қабілеті болады, сондықтан табиғатыңнан неге бейімсің, соған қарай икемдел» дейді. Өзіңді танып, бағалауға тырысу адам жанына өзгеріс енгізеді. Айналаңдағылардың іс-қимылы арқылы өз ісіңнің мәнін бағалап, өзің танисың. Өзіңді тану үшін өз сезіміңді, өзіңнің Меніңді табуың керек. Ал егер өз Меніңді таба білмесең, онда өмірдегі өз орныңды, адамдық абыройыңды, адамгершілігіңді, өз құндылығыңды білмейсің. Өмірде өз алдыңа қойған мақсатың не, өміріңнің мәні не, соны ойлана білу керек дейді. Адам өмірі дегенде оның екі жағы анықталады: өз өмірің, тіршілігің (ішкі рухани дүниең, күйзелісің); өмір көрінісі (мақсаттылық, амал, мінез-құлық). Өмірдің екі жағын да ұғынуға болады, бірақ өмір мәні түсінігі оның көрінісі арқылы, шындыққа практикалық қатынасы арқылы іске асады. Адам өмірінің мәні – адамның өмірден өз орнын табуы, өмірдің жоғарғы құндылықтарын, өзінің түпкі мақсатын анықтауы. Яғни, адам өмірі өмірлік мақсаттарға негізделсе ғана мәнді болады. Ал мақсатсыз адамның өмірі – мазмұнсыз жалған өмір. Мәнді, мақсатты өмір сүру үшін адам адамгершілік қасиеттерді – ар, ұят, ізгілік, қанағат, әділдікті бойына жиюы қажет. Бойында адамгершілігі мол, үлкенге ізетті, кішіге мейірімді, тәрбиелі адам ғана қоғамда өз орнын таба біледі. Көрсем, білсем, үйренсем деген адам адамгершілікке жетеді. «Өмір сүру дегеніміз іс істеуге бір мақсат болуға тиіс. Ондай мақсат бір жақсылық болуы керек. Ол жақсылық қиялда ғана болмай, дүние жүзінде бар болып, бар болса, бір адамда болмай көпке бірдей болуы керек» [116, 135 б.]. Осылай ойшыл адамгершілік пен руханилыққа, мәнді өмір сүруге үгіттейді.

Қайым Мұхамедханов «Абай мұрагерлері» деген кітабында Ж. Аймауытовтың өмірі, шығармалары туралы айта келіп, «табиғи дарынды Жүсіпбектің тасқындаған талантына саймасай терең білімі болған. Ол туған халқының рухани қазынасы-

ның кәусарынан ана сүтіндей нәр алып, сусындаған. Абайды бала жасынан жаттап өскен. Шығыс, батыс, орыс әдебиеті классиктерін таңдап, танып, көп оқыған, көңіліне мол тоқыған» [118, 169 б.], – дейді. Ақын Бутырка түрмесіне қамалғанда өзінің өлімі алдында он шақты шумақ толғау жазып қалдырыпты.

Шықпаса жаным денемнен,
Не салса тағдыр көрем мен
Бір өзім үшін өлмеймін
Бір ғана соған көнем мен.
Кеудеде әзір жүрек бар,
Тілек бар! Соған сенем мен,
Артымда қыруар елім бар
Өлсе де денем, мен өлмен,

деп өзі айтқандай, қыруар елі тұрғанда, бар саналы ғұмырын бағыштаған халқы тұрғанда, денесі өлсе де, артына қалдырған бай мұрасы, оның есімі мәңгілік сақталады.

Жүсіпбек Аймауытов өз шығармаларында адам мен қоғам мәселесіне, материалдық өндіріс, өндіріс тәсілі, өндіргіш күштер сияқты қоғамның негізін түсінуге көмектесетін категорияларға сипаттама береді. «Ақын қандай әлеумет ортасында туып, қандай ортада жүріп тәрбие алды? Қандай тұқымнан, қандай таптан жаралды? Оның пікірі де сол әлеуметінің құрылысына байланысады. Әлеумет құрылысының негізі не? Негізі – адамның тіршілік ететін кәсібі, шаруа түрі» [116, 275 б.], – дей келіп, адамның пікірі әлеумет ортасы өзгерсе өзгереді, ал әлеумет ортасы шаруа түрі өзгергенде өзгереді, яғни қазақтар мал бағудан диқаншылыққа ауысса, онда оның салт-санасы да өзгереді дейді. Әлеумет ішіндегі адамдардың өзара қатынасы да шаруаға тіреледі, шаруа ел билеу жұмысына да, саясат құрылысына да ықпал жүргізеді. Сонымен «әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ» [116, 275 б.]. Аймауытовтың пікірінше, әлеуметтің мұңын жоқтайтын ақын болу керек,

себебі ол қоғамның қарапайым мүшесі емес, өзгелерден сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүшесі. Олар басқалардың сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді, ақынның жүрегі көбірек толқып, көбірек толғанады. Бұл көзқарастарды оның марксше түсінетініне көзіміз жетіп отыр.

Жүсіпбек Аймауытов жалпы адамзаттық құндылықтарды таптық мүддеден жоғары қойды. Ол таптық көзқарастың адамның дүниетанымын шектейтініне, рухани құбылыстарға кедергі болатынына көзі жетіп, өз көзқарастары үшін батыл күресті. Өзі өмір сүрген қоғамның идеологиясын терең түсінген Жүсіпбек қазақ халқын ұлттық қалыптан айыру қаупі тұрғанын сезді. Бұл жағдайдан тек ұлттың ой-санасын ояту арқылы ғана сақтап қалуға, сол арқылы халықты еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізуге болатынын дәлелдеді. Ж.Аймауытов ақпан буржуазиялық революциясын шын ықыласымен қарсы алды, ол халыққа еркіндік, теңдік, бақыт әкеледі деп сеніп, «Алға, жастар!», «Кедейлер бірігіңдер!» деген мақалаларын жазды. Кезінде ел басқарып, тонап үйреніп қалған байлар мен олардың балаларына қазір теңдік, еркіндік кезеңі келді, сондықтан ойланыңдар, теңсіздікке жол бермейміз деді.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қатарында болған Мағжан Жұмабаев та қоғамды өзгерту мақсатына олармен бірге саяси іске араласты, ел болашағын өлеңмен өрнектеді:

...Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар.
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін! [33, 79 б.].

Мағжан саясатқа өз басының қамы үшін емес, ұлтының қараңғы, надан қалпын ойлап араласты. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге болады деп есептеді. Қазақ зиялыларын топтастырған ортақ мұрат бодандық бұғауынан жаншылған халқын құлдықтан құтқару, өркениетті ел қатарына қосу болды, Мағжан да осы мұратты

жүзеге асыру жолдарын іздеп, халықтың ұлттық намысы мен ұлттық рухын көтеру қажеттігін сезініп, өршіл жырларын арнаған.

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді,
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу
Ертелі-кеш басыңа мініп, езгенді!
Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына,
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына! [33, 22-23 бб.].

Мағжан түрікшілдік идеясын, түркі халықтарының рухани және мәдени бірлігін жырлаған, әлемдегі күштілермен күресудің жолы түркі халықтарының басын қосу, бірігу деп біледі. Түрікшіл – ұлттық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоятын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, имандылық парызы биік жан. Жағымпаз адамдар түрікшіл бола алмайды. Түрікшілдік – ынтымақтастық, ол аз күшпен көп жұмыс тындырудың кепілі. М. Жұмабаевтың «Түркістан» деген өлеңіндегі:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой, [33, 173 б.].

деген жолдарынан оның түрік деп соққан жүрегі айқын көрініп тұр. Мағжан отаршылдыққа қарсы түркі халықтарының бірлігін көтерді, шығыстың абыройын көкседі.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Ер түрік ен далаға көрік еді.
Отырса, көшсе, қонса, ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында
Іргесі жел – күн тимей берік еді [33, 37 б.].

Отаршылдармен жаңаша күресу керектігін түсінген Мұстафа Шоқай сипаты мен мүддесі ұлттық тұрғыда болмай тәуелсіздіктің келмейтінін түсінді. Ұлттық мүдде үшін саналы түрде эмигранттық жолды таңдап алды. Шетелде жүріп халқының шынайы еркіндігін халықаралық саяси сахнада әлемдік қауымдыққа білдіру үшін күш салды. Жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттердің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі, ал халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды. Сондықтан «халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни оны жат үстемдіктің тепкісінен құтқа-рып өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін, ұлттық зиялы қауым мен ол өзі тән болып отырған халық бұқарасы арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Міне, осы сананы айқындау, яғни халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жету үшін іс пен әрекет бағдарламасын жасау зиялылардың міндеті», – дейді Мұстафа [119, 176 б.].

Патша үкіметінің жымысқы саясатын бірден аңғарған ұлт зиялылары өмірдің объективті жағдайларын күшпен емес сананы өзгерту арқылы жеңуге болатынын түсінді, олардың ой бір жерде тоғысты. Олар ортақ мақсат жолында күш біріктірді, сол жолда аяңбай тер төкті. Зиялылар қатарында Ғұмар Қараш та тәуелсіздік пен еркіндікті аңсады. Ол тәуелсіздік пен еркіндікке жеткенде ғана ел рухани азат болар еді дейді. Өзінің «Алаш азаматтарына» деген өлеңін арнайды:

Ақ жүрек азаматтар, асқар күнің
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнің
Дұрыстық ел қамында еткен істі,
Қол соғым қошеметтеп қостар күнің,
...Аңқылдақ алаш ұлы сеніп отыр
Орнынан шығып, соны растар күнің [56, 101 б.].

Ғұмар Қарашты толғандырған мәселе бабаларымыздың аман алып қалған жерінен айрылып қалмау. Халықтың еңсе-

сін көтертпей тұрған ғылым, білімнің жоқтығы дейді. Ұлттың жойылып кетпеуін ескерте отырып, ғылым, білімді игеруге, оны қоғамның пайдасына жаратуға жол сілтейді.

Діннің тірегі иман, сондықтан халықты иман жолынан ауытқымауға шақырады. Себебі «иман өзгерсе – дінің өзгереді. Дінің өзгерсе – дүниетанымың өзгереді. Таныммен қоса сенім де, сенімге орай дәстүр де, дәстүрге сай тәрбие де өзгереді. Ғылым мен өнер де басқаша мұрат-мақсатты нысана етіп, жат арнаға түседі. Солардың ықпалымен адамдардың арасындағы қарым-қатынас, бауырмалдық сезім, тектік қасиет, сыйласым мен сыйластық та өзгеріске ұшырайды» [56, 183 б.].

Алашорда көтерген идеяның жоқтаушысы бола білген Сұлтанмахмұт Торайғыров еді. Ұлы көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқының атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды. «Таныстыру» поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі Айым» деп жырласа, «Әлиханның Семейге келуі» деген мақаласында Әлихан Бөкейханов бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері «Алаш ұранын» жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты. «Алаш ұраны» өлеңінде Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, елді бірлікке, тәуелсіздік үшін күреске үндейді.

Алаш туы астында,
Біз – Алаштың баласы.
Күніміз туып, көгерді
Сарыарқаның даласы [120, 14 б.].

Сұлтанмахмұт қоғамды көркейтетін ғылым, сондықтан қазақ даласында мектеп, медресе, газет, журналдарды көбейту керек деп түсінді. Ол ғылымды екі жікке бөлген: «бірі – дене азығы, бірі – ар азығы. Дене азығы дегеніміз – осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; ...ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы ар азығы – әділдік табылмай басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілеймейді,

бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды» [120, 87 б.]. Ар-ұятты ұмытқан қоғамның бақытты болмайтынын жақсы түсінді, ар азығы жетіспеген, дене азығы дамыған қоғамда құлдық өркендейтіндігін көре білді. Адамгершілігі, ары жоқ адамның хайуаннан еш айырмасы жоқ. Адамдық қасиеттерді дамыту адамның өз қолында екенін ақын ескертіп отырады. Өзінің білімге ұмтылған өмірінің әр кезеңін жырлауы да қазақ жастарына үлгі болсын деген ойдан туындаған секілді. Шәкәрімнің ұждан ілімі мен Сұлтанмахмұттың ар азығы ілімінің қазақ халқына пайдасы мол болмақ. Ар-ұжданды жоғары қойған қоғам ғана көркейіп, арын таза сақтаған адам ғана адам болып қалмақ деген оймен қорытынды жасайды.

XX ғасыр басындағы зиялылар – қазақ халқының рухани ояна бастаған тұсында қоғамдық аренаға шығып, оның ұлт-азаттық жолындағы күресінің алғашқы дем берушілері болған, сол халықтық қозғалыстың көсемдері бола білген адамдар. Оларды XX ғасырдың басындағы Ресейдегі революциялық күрес идеялары, 1905 жылғы орыс революциясының алғашқы дүмпуі мен қазақ қоғамының сол кездегі тарихи жағдайлары туғызды. Олар алғашқы орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси жеңілдіктерді пайдаланып, қазақ халқын феодалдық-патриархалдық шенеуліктен алып шығуға, патшаның отаршылдық құлдығынан құтқаруға, оларға өнер-білім, ғылым жолын, өз алдына дербес ел болу жолын көрсетуге ұмтылды. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, олар «жетім қалған халқының, жесір болған жерінің» жоғын жоқтаушы болуға тиісті еді. Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мұстафа, Жүсіпбек, Мағжан – қазақ халқы алдындағы осы бір тарихи міндеттерді абыроймен атқарды. Азаттық пен күрес жолында олар нағыз үлкен әріппен жазылатын Азаматтықтың туын биік ұстады.

Хандық дәуірдегі жырауларымыз жырлаған бірлік, елдік, тәуелсіздік, еркіндік идеясын XX ғасырда Міржақып пен Жүсіпбек, Ахмет пен Мағжан, Мұстафалар жырлап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға үндейді. Бұл пікірдің қазіргі біздің заманымызда да маңызы кеміген жоқ.

2.4 Қазақ зиялыларының руханилықты қалыптастырудағы рөлі

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ сахарасында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез қазақ халқы тарихындағы ең бір талмау тұстардың бірі болатын. Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген бір кер заман-ды. Қазақ жеріне орыс мұжықтарын тобымен орналастыруға байланысты еркін көшіп-қонып жүру үрдісінің де тынысы тарыла бастады. Дәстүрлі ырғағынан айрылған тіршілік салтының кесірінен барша қазақ баласының бір-бірімен хат-хабар алмасуы мен өзара қарым-қатынасы да іркіліске душар болды.

Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Жалаң сөз, жадағай ұранға баспай, бұл ойларын нақты іспен негіздеді. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта

болды. Олардың шығармаларында жалпыадамзаттық маңызға ие философиялық мәселелер – адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы, т. б. мәселелердің де көтерілгенін атап айтуымыз керек. Қазақ ойшылдары адам бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалай білді.

Руханилық бұл адамның табиғаты. Руханилық – бұл адам ойлауы, санасы, еркі, бұл адамның ерекшелігін құрайтын біртұтас ағын. Адам Әлеммен тығыз байланыста. Руханилық табиғатта жоқ нәрсе. Біз оны өз санамызбен, жеке дамуымызбен жасап, құрамыз. Адам руханилығы болмыстың жоғары рухани қырымен байланысты. Адам руханилығы оның Жаратушының бейнесі мен ұқсастығы арқылы көрінеді. Адам руханилығы өзінің алғашқы бейнесімен келіспеген кезде ол рухани, адамгершіліктік дертке, апатқа әкеледі. Руханилық – бұл өмір, өмірді бар тәніңмен сезіну. Рухани адамның ерекшелігі – оның байсалдылығы, адалдығы, тұлғаның өзі мен әлем алдындағы үйлесімділігі. «Руханилық – бұл әрбір өркениеттің негізіне айналатын ұғым. Руханилық қандай болса өркениет те сондай. Адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі бойынша руханилық адамның қандай ұлтқа, қандай діни конфессияға жататындығына қарамайтын нәзік ұғым», – деп жазады ресейлік философ В.В. Уваров «Руханилық» (Духовность) деген мақаласында [121].

Білім мен ғылымсыз қазақтың сана-сезімін ояту мүмкін емес екендігін түсінген Ж. Аймауытов: «Ғылымды кісінің білімі де күшті, білегі де күшті, надан кісі осал, құр қол кісі сияқты алыса кетсе айлалы, азулы кісі нашар кісіні алып соғатыны анық. Бұлай болған соң басқаның аузында кетпей, тіршілік қылайын деген жұрт мәдениликке жармаспасқа шарасы жоқ» дей [116, 120 б.] келіп, «басқа елдерге еліктей бермей өз бетіміздің, жұрттығымыздың белгісін көрсеткеннен не кемдік табылады? Қаза, тексере берсек, еуропаның өнеге қылуға жарамайтын жерлері де бар» деп басқа елдерге еліктей бермей, өз жетістіктерімізді сақтауға шақырады. Адам болудың өзегі Ж.Аймауытов бойынша оқу-білім, мәдениет, тәрбиеге келіп

тіреледі. Білімнің де, тәрбиенің де мәнісі ол адамгершілік пен руханилық деп түсінеді. Қоғам қанша дамып, ғылыми жетістіктерге жеткенімен, руханилық пен адамгершілік жетіспесе ол адамға ешқандай лəззəт əкелмейді. «Тәрбие» деген мақаласында адамның хайуаннан айырмашылығын айта келіп, адам бойындағы жаман қылықтарды тәрбиенің жоқтығына əкеліп саяды. «Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған қылмыстан артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа лайықсыз талай қылмысты істейді» [116, 132 б.], яғни надандықтан шығудың жолы – білім мен ғылым үйрену, бұл жолда халықтың болашағына жол ашылады.

«Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында өз халқының жақсы жақтарын айта келіп, отаршылдықтың кесірінен өзгергенін, жаман әдеттерді (ұрлық, кісі өлтіру, өтірік айту, алдау) бойына сіңіріп, арыла алмай жүргенін баса айтады. «Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті» [116, 116 б.]. Осы қылықтардан құтылу үшін оқу-білім, тәрбие керек дейді. «Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын – өзімшілдік, ездік. Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда» [116, 117-118 бб.].

Қазақтың түбіне жететін осы жалқаулық, ынсапсыздық, настық деп, қазақ баласын орыс баласымен салыстыра отырып, сынайды: «орыс баласы оқудан қолы босаса, футбол, доп, жарыс, неше түрлі дене тәрбиесі; қазақ баласы оқудан шықса, көше қыдыру, таныс жағалау, жоқ жерден пайда қып қою…» [116, 215 б.]. Бұл кемшіліктердің себебі баланың өскен ортасында, əке-шешенің, қоршаған ортаның тәрбиесінде екеніне тоқталады. «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге, ол өнеге – əке-шешенің тәрбиесі болу керек. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ірге» [122, 137 б.]. 1924 жылы шыққан «Тәрбиеге жетекші»

оқулығында әлемнің озық ойлы ағартушыларының оқыту және тәрбие мәселелеріне деген пікірлеріне мысал келтіре отырып, ұлттық мектептерді ашу керек дейді. Қазақ мектептерінде ана тілі арқылы, ұлттық менталитет арқылы баланың ой-санасын ояту, ұлттық намысты тәрбиелеу керек екендігін көрсетеді. «… Енді тілдерді үйрену арқылы бала ерте замандағы мәдениетті жұрттардың ғылымдарымен, өнерімен, әдебиетімен таныс болады. Олармен таныс болмай, кісі ақыл-ойға, ғылым-білімге жетік болып, пісе алмайды» [122, 304 б.].

Аймауытов шығармашылығының дүниетанымдық негізі жақсы, жаман, бақыт, махаббат, әдептілік, құмарлық, мақтаныш, ашу-ыза, қорқыныш, көре алмаушылық т. б. көптеген ұғымдарға талдау жасалу арқылы ашыла түседі. «Шернияз» пьесасында дала адамы мен қала адамын салыстыра келіп, жақсы мен жаман ұғымын Шернияз бен Базарбай бейнелері арқылы ашып көрсетеді. Шернияз:

Күнде сөз, күнде мұңын шаққан қазақ,
Бір-бірін аунатып жеп жатқан қазақ,
Ғалымға, күштілерге күші жетпей
Сот іздеп, теңдік іздеп жатқан қазақ –

деп, халқының қамын ойлап, қайғы арқаласа да, елінің болашағынан үміт күтеді. Ал Базарбай қаланың қызығы мен өз басының қамынан басқа ойламайтын, керек кезінде досына да жамандық жасаудан тайынбайтын адам. Ал «Қартқожа» романындағы Қартқожаны алайық. Мұнда – «бұрын кім еді, енді кім болды» деген сұраққа жауап беріледі, ол ізденудің, оқудың арқасында талантты, жалынды, жігерлі жігіт болады. «Іздесең табасың!» – оның өмірінің қағидасы. «Ақбілек» романындағы кекшіл Мұқаш немесе орыс офицері арқылы олардың түсінігі, мінез-құлқы, ұғымы жинақталған. Мысалы, орыс офицерінің ойында өмірден түңілу, сол үшін ызаланып, айналасының бәрінен өш алу, кектену бар. «Адамның тыпырлап өлгені бізге тауықтың өлгенімен бір есеп. Көңілімізге солай орнағаннан ба, өлімді көп көріп, етіміз өліп кеткеннен бе, кім білсін. Шынында, өмір деген, өлім деген немене? Адам өлмек үшін туған. Бүгін

өлдік не, ертең өлдік не? Өмір – қабақтың қаққаны. Ендеше, аз күн тіршілікте өмірден қандай қызық, қандай лəззəт болсын, алып қалу керек. Өлген соң түк те жоқ» [123, 155 б.]. Осы ойын іске асыру үшін қыз алып қашады, кісі өлтіруден жерінбейді. Олардың өмір туралы ойы осы. Осы үзіндідегі адамды бақытты деп айта аламыз ба? Жоқ. Адам бақытқа рухани байлық пен өнегелі қызметі арқылы жетеді. Жамандық жасаған адам бақытты болуы мүмкін емес. «Дүниедегі ең бір талас, қиын мәселе – әр адам бақыт деген нәрсені әртүрлі түсінеді, біреу байлықты бақыт дейді, біреу мал басы түгел болуы бақыт дейді, біреу жақсы қатын алғанды бақыт дейді. Біреуге бақыт болып көрінген нәрсе біреуге бақыт сияғы жоқ. Кәдімгі тұрмыс біреуге тіпті сор сияқты көрінуі мүмкін. Тереңірек қарасақ, бұл – әртүрлі ұғым, мінездің қорытындысы» [122, 135 б.].

Ғұмар Қараштың ойынша адамға ең керек қасиет – руханилық. Адамның күші оның руханилығында, адамшылығында, ал адамшылықтың басы – дінде деп түсінеді. Ғұмар иман мен ұятты бір негізде қарастырады.

Тұрады ұят тұрған жерде иман
Әдебі пайғамбардың бұған илан [56, 125 б.].

Дін адамның ұятында, арында яғни оның иманында. Ұят жоқ жерде иман жоқ. Сол сияқты арсыз адамда да иман болмақ емес. Ұят пен ар иманның негіздері. Ұяты, ары бар жан Жаратушысын танып, иман келтірмек. Иманы берік халықтың рухы да мықты болатынын, имансыздық, ұятсыздық дінсіздікке апаратынын Ғұмар баса айтады. Сондықтан қай қоғамда болмасын дінге мықтылық, иманға беріктік керек. Ғұмар жан мәселесіне де көңіл аударған. Ислам діні бойынша адам жаны о дүниеге барғанда жауапқа тартылады. Оның жер бетінде жасаған жақсы, жаман істері таразыға салынады. Себебі жердегі тіршіліктің иесі адам болғандықтан, оның жаны, рухы өзге тіршілік иелерінен жоғары тұр. Ғұмар екі дүниеде де адамға иманы жолдас деп түсінген. Иманды адам жан азығы арқылы жетілдіріп, шыңдап отыруы абзал. «Алла тағала рух арқылы адамның тәніне жан салғаннан кейін ғана адам өзінің

өмірлік мақсаттарына келе алады немесе адам мақсатты – тіршіліктік жаратылыс қалпына ене алады. Адам материалдық өмірді жандандырады, іске қосады, оған рухани жылулық беріп, махаббат сәулесін шаша алады және өзі жасаған заттар мен құбылыстарға әдемілік бере алады. Олай болса, жан адамға берілген басқа қасиеттерге қарағанда маңыздырақ құбылыс болып тұр. Өйткені адам тек жанның қуаты арқылы ғана тіршілік етеді, өмір сүре алады. Жан арқылы ғана адам тәні шынайы тіршілікке ие болады. Ал жан тән арқылы ғана өзін көрсете алады, дами алады. Тән жанның даму құралы. Тән тозғанда жан өз тіршілігін тоқтатады. Жан адамның жердегі тіршілігі үшін жаратылған» [56, 41 б.].

Алаш зиялыларының азаматтық және саяси ұстанымына сай Ғұмар да Қазан төңкерісінің жалпы адамзаттық гуманизмге қарсы бағытталған саясатын қабылдаған жоқ. «Тұрымтай» жинағындағы «Неден қорқам?», «Жұртым саған не болды?» өлеңдерінде бір ғана қазаққа емес, тұтастай ұлттарға жасалып отырған қияс тәжірибенің қиямет зобалаңын, қасіретті алапат зардабын болжай білді.

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам [56].

Халқының тағдырын ойлаған Алаш әдебиеті өкілдері таптың емес, тұтас қазақтың қамын жеп, ұлтқа қызмет етудің өшпес те өлмес үлгі-өнегесін көрсеткен айрықша құбылыс. Ол біріншіден, тарих тағылымына үңілдірсе, екіншіден, Алаш арыстарының діттеген мұрат-мақсаттарына деген адалдық пен саяси ұстанымдарынан бір табан шегініс жасамаған тұлғаларын тануда да үлкен мәнге ие. Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда айрықша болып табылады.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам:

Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам:
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,
Тысына қайшы келген іштен қорқам»

деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобаландарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп таңған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзіңнің сара жолыңды ізде деген мұратын алға тартады. Ақиқат жолынан адасып, сағым қуған тобырлық сананы сынға алады.

Алаш туының асқақ, елдік қасиеттердің баянды болуы үшін әр азамат халқына еңбек етуде имандылық пен құрандай киелі ұғымдарды санасында тоқуы шарт деген талап қояды. Мұның бәрі Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұратымен сабақтасып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелдей түседі.

«Көреміз бе?» өлеңі жалпы Алаш партиясының, Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық таныстатын және де осы жолдағы ерен істерді Ғұмардың әрдайым қолдаушы тұлға, қозғаушы ақын болғанын ұғындырады. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз.

Тәуелсіздіктің басты сипаты – мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді.

Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айқұш-ұйқұш жол салғанын,
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын,
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!. [56]

Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз еліңнің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес.

Ақынның «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы» деген биік гуманистік ескертуі қай кезең үшін болмасын қашан да назарда болатын өшпес ұлағат деуге болады. Ал, «Саған не болды?» өлеңінде елдік мәселелерді жырлағанда жаңа жүйе икеміне жығылып, илеуіне оңай көндіге кеткен халқының бейқамдығына, саяси балаң аңғырттығына налиды.

Дүние толы өсек-аяң, жер солды,
Елемесең, елім, байқап оң, солды.
Өтер жолың тайғақ кешу тар жол-ды,
Байқамастай, елім, саған не болды?

Дұспан шықты, жан-жағыңды қамады,
Жиғаныңды алды, өртеді, талады,
Қарсылассаң тамағыңнан шалады,
Мұны көрмей, жұртым, саған не болды? –

дей келе, дәуір шындығын реалистік тұрғыдан суреттеп, халық намысын, рухын көтеруді, ұлттық сананы серпілтуді мақсат етеді. Сондықтан да ақын халықтың өзіне деген сеніміне, бұла күшіне үміт артады, тығырықтан шығар жолда әлеуметтің ақиқат жолынан адаспауын көздейді.

Мағжан қазақ халқының шынайы өкілі ретінде әлемді, тарихты, кеңістікті «адам мен адам», «адам мен қоғам» және

«адам мен табиғат» арасындағы үйлесім арқылы бейнелейді. Ұлы ойшыл адамның жандүниесіне керекті бірден-бір қасиет – қиялдың қалыптасуына жағдай тудыратын оның қоршаған ортасы деп санаған. Адам халықтың мүддесі тұрғысынан шынайы қиялдай білуге тәрбиеленуі керек, сонда ғана арман мен қиял адамды жақсылыққа, ізгілікке жетелейді. Мағжанның көзқарасы бойынша, адамның әдемі пішіндерді, табиғаттың сұлулығын көру қабілеті, терең ойлау мен қиялдың ұшқырлығы күрделі таным процесі арқылы жүреді. Ақын жалпы «таным» деген ұғымды әртүрлі әдемі түстерден рақат алу, табиғат құбылыстарының жаратылысы, ондағы дыбыстардың сан алуандылығынан ерекше әсер алу деп ұғады. Сұлулықты сезіну адамның өмірге деген қызығушылығын арттырады. Ол эстетикалық талғамы бар адамның барлық уақытта жамандықтан жиреніп, ізгіліктің, жақсылықтың қажеттілігін сезіне білетіндігін баса айтады: «Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сұлу, ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді». Ақын табиғат жайлы былай толғанады: «Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, былдыраған бұлақ, шексіз-шетсіз қара-көк теңіз... Міне, осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, яки искусстволық тылсымды жанды билеп алып кететін ән, күй, сиқырлы сөз... адамның көру сезімін сиқырлап барып, жанда сұлулық толқындарын туғызады».

Мағжан ақын әлемдегі барлық дау-жанжал мен қайшылықтардың түп тамыры жеке адамда, оның бойындағы ізгілік пен зұлымдықтықтың арақатынасында жатыр деген тұжырымға келеді.

Ойшыл ақын адам болмысына жақсылық жасауға деген ұмтылыс пен жамандықтан бойын аулақ салу тән, «ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе» деп есептейді. Мағжанның пікірі бойынша, «махаббат» және «ізгілік» сөздерінің мазмұны өте жақын, өйткені сүю ізгілікке ұмтылуды, қара ниеттен аулақ болуды білдіреді. Бақытты өмір адам мен қоғамның, ұлт пен адамзаттың бірлігін қалайды. Адам бақыты – біріншіден, анаға, одан кейін жақынына, Отанына сүйіспеншілігіне, екіншіден,

ұлт пен адамзаттың жай-күйіне тәуелді. Адам өз заманы мен мәдениетінің перзенті, ол өзінің қызметінде өз ұлты мен адамзаттың мүддесін басшылыққа алады.

Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпы-адамзаттың тағдыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында, әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

Шынында менің өзім де – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен оттанмын, от – менен
Жалынмын мен жанамын
Оттан туған баламын.

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетіңді танытуға болады деп есептейді.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, ғұннан туған пайғамбар [33]

Мағжан ақын халықтың тарихи зердесін оятып, ұлттық намысы мен ұлттық рухын сілкіндірудің қажеттігін, ортақ мүдде жолында топтасқан ұлттың ғана азаттық алып, әлемдік өркениеттік қауымдастық қатарына бәсекеге қабілетті болып қосыла алатынын осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын-ақ түйсініп, өршіл жырға айналдырып, айта алған. Және туған халқының сол замандағы қиын халін, кенжелеп қалған тұрмыстіршілігін көре отырып, осылай жасаған:

Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен.

Академик Ә.Н. Нысанбаев «Әз Жәнібек сендер бол, мен Асан болып өтейін» деген мақаласында: «Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Шынымен-ақ, Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық ұлыстық, жалпы адамзаттық философиялық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр», – деп атап өтеді [124, 4 б.].

Қазақты біртұтас ел деп танып, Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет. Алаш идеясына деген адалдық пен сенім – бізден соны талап етеді. Ал қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы идеясынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Ол идеялар мыналар: Бірінші: жер мәселесі. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші: Ә. Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Жер үшін, жер мен аспан байлығы үшін, тәуелсіз экономика үшін, тіл мен діл үшін, дін үшін, қазақ ұлтының көзқарасы мен ар-ожданын қорғайтын, ұлтты сыйлауға мойынсындыратын тәуелсіз заң мен тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастыратын тәуелсіз ғылым үшін күрес жолы енді басталды. Демек, Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады.

Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының түпкі маңызын былай ашып көсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [125].

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың тіл тақырыбы төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы,

М. Шоқай, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты.

Алаш қайраткерлерінің сонау XX ғасырдың басында тіл туралы айтылған ой-пікірлерінің XXI ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды болуы – біздің бұл салада атқарар шаруамыздың көптігін де көрсетеді. Себебі қоғамымыз тіл саласында әлі де Алаш зиялылары көтерген мәселелер деңгейінде отыр. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырының бірі – қазақ тілінің мәселесі болатын. Бұлай болатыны, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов бұл бағытта бос үгіт насихатқа салынбай нақты іске кірісіп, қазақ жоғының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті. Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті. А. Байтұрсынұлы сол бір кездегі халқының мүшкіл халін көріп күйзеліп, оны өзге жұрттармен салыстырып, қараңғылықтан, надандықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу, білім деп табады да, өзінің бар күш-жігерін осы жолға жұмсайды. А. Байтұрсынұлының 1925 жылға дейін 7 рет басылған бұл «Оқу құралы» – қазақ халқын төте оқу жолымен жаппай сауаттандыруға арналған тұңғыш әліппе болып табылады.

«Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынов патша өкіметінің отарлық саясатын көрсете отырып, «Біздің болашақ тағдырымыз не болмақшы? ...біздің алдымызда ең алдымен қазақ халқының тәуелсіз өмір сүру-сүрмеуі, болу-болмауы басты мәселе болып тұр. Өзіміздің дербестігімізді сақтап қалу үшін біз барлық күш-жігеріміз бен қуат-құралымызды оқу-ағарту мен жалпы мәдениетке ұмтылуымызға жұмсауымыз, ең алдымен, ана тілінде әдебиетті

дамы-туға күш салуымыз қажет. Мынаны естен ешқашан шығаруға болмас: тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» [126, 4-5 бб.] – дей келіп, орыс және татар тілдерінде оқыған қазақтар қазақ тілін менсінбейтін болды, бүйте берсе қазақ тілімен қоштасып, қазақтың ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар, сол үшін қазақ тілін өркендетуіміз керек деп ашық айтады. «Қазақ өкпесі» деген мақаласында қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген мәселелерге тоқталады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп ел мен елді, ұлт пен ұлтты байланыстыратын ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Ахмет қазақша әліппе жасап, қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне анықтама берген, дыбыс жүйесін қалыптастырған, қазақ мектептерінің іргесін қалаған алғашқы адам. Білімді дамыту – ұлт қамы екендігін ол ерекше ескертеді. Әрбір адам өзінің жеке басының емес, басқалардың қамын ойлағанда ғана ұлт пен ел көгерер, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа жалғасар дейді.

Міржақып Дулатов қазіргі кезде маңызды орын алып отырған тіл мәселесіне де көп тоқталған. Тіл өткен дәуір мен қазіргі заманды, болашақты байланыстырып отыратын кілт екенін көрсете білген. «Қазақ тілінің мұңы» шығармасында өзі тіл орнында тұрып сөйлейді: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?» [113, 309 б.] – дей келе, қазақ тілінің шұбарланып, орысшадан қалай болса солай аударылып жатқанын, мектептегі оқулықтардың қате-қате аударылуы туралы мәселелерді сөз етеді. «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» деген шығармасында осы комиссияның шығарған жарлығының өзі адам түсінбестей екендігін айта келіп, «қазақша» мынау болса, орыс болып-ақ кетелік деушілер табылмай

ма? Сонда не бетімізді айтамыз? дейді. Тіл тек халықпен бірге өмір сүреді, тіл арқылы халықтың табиғатын, қоғамды танып білуге болады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ тілді жоғары бағалаған. Міржақып Дулатовтың мақаласы осы біздің заманымызға арнап жазылғандай. Жетпіс жыл бойы басылып келген тіліміз әлі де сол Міржақып заманындағыдай проблемаға айналып отыр.

Ж.Аймауытовтың мақалаларының бірі «Тіл туралы» деп аталады. Онда тіл мәселесін сөз ете отырып, кей халықтардың бір-біріне әсер-ықпалын дәлелді көрсетеді. Жетісу мен Сырдарияда өзбектердің әсері бар, Қостанайда орыс, ноғайдың әсері мол дейді. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің тұрмыста сіңіп кеткенін, тіпті мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданылатынын тілге тиек етеді. «Газет тілі қалай түзеледі?» деген мақаласында орысшадан аударылған сөздердің түсініксіз, жаман аударылғанын, оқыған адам түк түсінбейтінін ренішпен айтады. «…орысшадан аударылған, орысшаға жанасқан сөздерге қарасаң томармен жүрген қазақ арбадай миыңды, жүйкеңді түйгіштеп, зырқылдата жөнеледі. Қай жерде мүдіріп, қай жерде сүрініп қалам деп, қып-қып еткендей боласың» [123, 216-217 бб.]. Қазіргі егеменді болған кездегі тіліміздің проблемасын Жүсекең сол кезде айтып кеткендей. Көшедегі рекламаларды оқысаң жүйкеңді түйгіштеп, зырқылдата жөнелетіннің нағыз өзі болады.

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытовтар шығармашылығының өзегі болған тіл мәселесінен, ана тілінің тағдырынан Мағжан Жұмабаев та сырт қала алмады. Тіл мен ұлтты бірбірінен бөлуге болмайды, ұлт болу үшін ең алдымен тілі болуы керек, тілі кеми бастаса ұлт та құри бастайды дейді ол.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! [33, 60 б.]

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр,

өйткені, олардың тіл тақырыбы төңірегіндегі ойлары қазіргі кезде де өміршең екендігі белгілі. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Шоқай, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев т. б. еңбектерінде көрініс тапты. Алаш қайраткерлерінің XX ғасырдың басында тіл туралы айтқан ой-пікірлері қазіргі XXI ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды. Себебі қоғамымыз тіл саласында әлі де Алаш зиялылары көтерген мәселелер деңгейінде отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» [1, 22 б.], – деп ерекше бөліп көрсеткен еді.

«Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [33]. Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А. Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М. Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М. Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деп жазған еді. Ұлы тұлғалардың сөзінде ұлт тілінің

маңызымен бірге ескерту, сақтандыру ойлары да жатыр. Біздің заманымыз үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында.

ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мұлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә. Назарбаев: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» – деп, әділ бағасын берді [1].

Жиырмасыншы ғасыр басындағы шоқжұлдыздардың сол заманда көтерген мәселелерінің мәні терең екенін енді біле бастағандаймыз. Олар өз заманынан озық туған тұлғалар еді. Олар елді, бүкіл халықты, кейінгі жастарды оятты. Өздері заманның алға тосқан тосқауылдарына қарамастан халқына адал қызмет етті, өз халқының ұлттық сипат,ерекшеліктерін, адамзат қоғамы ауқымында алатын орнын, өзгеге ұқсай бермес асылдарын, жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан табылар өзіндік үлесін Уақыт және Кеңістік сияқты философиялық ұғымдар аясында зердеден өткізді. Қазақтың басын қосып, жеке ұлттық мемлекет жасаймыз деп бел байлағанда, ұлт бойындағы қайталана бермейтін болмыс, асқақ рух, бай тарих алашорда қайраткерлерінің қиялына қанат бітіріп, жігерлендіре түсті. Бүгінгі республиканың дербестік, егемендік алу идеялары, ұлттық тіл мен әдебиеті, дәстүрлерімізді дамыту жөніндегі ойларды сол кездегі ұлт зиялылары айтып кеткен. Олардың мұрасының ескірмей, күн сайын жаңарып отыруы да осында жатыр.

Ұлт зиялыларының бұл ұлы арманы Кеңес Одағы ыдырап, әлем картасында түркі халықтарының жаңа тәуелсіз мемлекеттері пайда болғаннан кейін ғана жүзеге аса бастағаны белгілі. Түркі халықтарының бүгінгі өзара саяси, экономика-

лық және мәдени-рухани қарым қатынастарының даму қарқыны жаман емес. Ұлтымыздың зиялылары – халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың әділ қазысы. Мемлекет, қоғам, ұлт деңгейінде пайымдайтын зиялыларымыз – біздің баға жетпес байлығымыз, сарқылмас қазынамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның егемендікке ие болып, қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени салаларына елеулі өзгерістер әкеліп, еліміздің тарихи дамудың күрделі сатысына көтерілуіне байланысты ұлттық дүниетанымда, халықтық табиғи санада соны идеялар көзге түсуінен халықтың табиғи-генетикалық өз ерекшеліктерін, ұлттық мәдениетін толықтай тануға жедел бетбұрыстар жасауына байланысты қазақ философиясының мәселелері де өзектілене түсті. Халық дүниетанымы, рухани кеңістіктегі орны – зерделі зерттеуді, парасатты ғылыми негізде сараптауды қажет етіп отыр. Ұлттық рухымызды әлемдік деңгейде зерделейтін, құндылығы адамзат игілігіне ортақ идеялар қалыптасты. Көптеген ғылыми еңбектер жарыққа шықты, бірақ осы аз уақыт ішінде қазақ философиясы өз деңгейінде толықтай зерттеліп болды деп те айту қиын. Қазіргі таңда батыс мәдениетінің құндылықтарының қоғамымызға дендеп кіре бастағанын ескерсек, бүгінгі ұрпақтың игілігіне жетекші болатын құндылықтардың, идеялардың тарих қойнауында әлі де ақтаңдақ күйінде жатқандығы өздігінен дәлелденіп шығады.

Халқымыздың тарихи-рухани болмысын қалыптау, мәдени-этникалық мүдделерін іске асыру, қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Тарихынан көз жазып қалған халықтың дамуы баяу болады, санасы салғырт тартады. Сол тарихтың үлкен бір бөлігі – рухани тарих, ол – адамзат тарихының айнасы. Себебі, ұлттық менталитетті, этностың мыңдаған жылдық тарихында қалыптасқан аңыздарды, нышандарды, бейнелерді, ұғымдарды тек шын мәніндегі халықтың рухани тарихын білу арқылы ғана тануға болады. Мұны біз егемен еліміздің тәуелсіз дамуы барысындағы халықтың рухани ұмтылыстарынан анық аңғарамыз. Жалпы

тарихқа, оның ішінде рухани тарихқа ден қоюдың күшейе түсетін себебі – адамдар өткеннен бүгінгі күнге ұқсастықтар іздейді, одан бүгінгі күн мәселелерінің шешімдерін табуға, тәлім-тәрбие, тағылым алуға талпынады.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміз – қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы, ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақ жыраларының зиялылығы осы ұлттық идеяның құбылысы мен қалыптасу заңдылықтары арқылы тереңдей түспек. Жыр қазақ хандығы құрылғанға дейінде қазақ топырағында өмір сүрген, ал қазақ хандығы құрылған уақыттан бермен қарай «қазақ идеясы» өзінің өкіліндерін ұлт мәдениетінің сахнасына шығарды. Асанқайғыдан бастап бүгінгі күнге дейін жетіп отырған жыраулар идеясының рухы әлі де ұлттық идеямыздың жаңдануына бағыт бағдар берері сөзсіз. Ол үшін қазақ идеясының тарихи кеңістіктегі таралымын осы жыраулар даналығы арқылы зерделеу қажет. Жырау әрбір ұлт мүшесі жеке адамның ұлттық табиғатын, ұлттық көзқарасын қалыптастырып, ұлттық ойлауының өрісін кеңейтетін ана тілдің, ұлттық ділдің, ата-баба дінінің, ата-баба дәстүрінің қамқоршысы.

Қазақ жырауларының философиясы олардың ұлттық идея тұрғысындағы даналығы, ұлттық мүдде тұрғысындағы қызметтерінің тарихи кеңістігі негізінде әлі толықтай зерттеліп болған жоқ. Жыраулардың философиясының феноменін ашу – бұл қазақ идеясының тарихи қалыптасу негіздерін

жарыққа шығарумен тең. Себебі жырау даналығы – тарихи із. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмақ. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық идеялық негізде қалыптасуына себеп болған ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. Ел мүдесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, бірі өмір сүру үшін бірінің қажеттілігін сақтап, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырған осы жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашқан Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының

арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан – Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Бүгінгі таңда тәуелсіз елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани ахуалына сәйкес философия өз мазмұны мен келбетін өзгерту үстінде, ғылыми ізденістердің жаңа дүниетанымдық бағдарлары анықталып, басым бағыттары айшықталуда. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында отандық философия әлемдік философияның құрамдас бөлігі болып табылады. Ол өз бойына әлемдік мәдениеттің, ғылым мен техниканың жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзат рухының логикасын танытатын құбылысқа айналғаны абзал. Сонда ғана қазақтың ұлттық философиясы мен әлемдік философия арасында байланыс орнап, зерттеу мен оқыту кең қанат жайып, адам санасы мен рухындағы терең астарлар айшықтана түседі.

Міне, осы әлемдік философия тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, әлем образы мен менталитетінің қалыптасуы және даму тарихы тұжырымдалады, оның ұлы даласында қалыптасқан ойы әлемдік философия тарихының құрамдас бөлігіне айналады. Ал бұл тарихтың субъектілері болып қазақтың дана хандары, билері, жыраулары, ақындары, ағартушылары мен ғалымдары, ойшылдары есептеледі. Осы мағынада түсінілген тәуелсіз Қазақстанның философиясы еркіндік пен әмбебаптық деңгейге ие болып, адам рухының кез келген биік көріністерін байқатып, адамдардың болмысын біріктіруші негізге айнала бастайды.

Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті елу ел қатарына кіруінің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты қиын да күрделі міндеттер тұр. Жаңа философиялық білім беру, ғылыми-техникалық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыру мәселелері сананың азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтарына бағдар ұстануын қажет етеді. Жаңа құндылықтарға бағдар ұстану Қазақстан дамуының демократиялық жолмен өрбуіне, әлеуметтік қатынастардың қоғамды біріктіре түсетін құрылысқа айналуына негіз бола алады. Бұл

этносаралық және конфессияаралық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың республикада нығая түсуіне ық-пал етеді.

Тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы алдында руханият саласында орасан зор әрі қасиетті мақсат – халық рухын, оның өзегі – ұлттық философияны жаңғырту немесе қайтадан қалпына келтіру мақсаты тұрған еді. Қаншама экономикалық және саяси жетістіктерге жеткенмен де, мәдени қайта өркендеусіз, Қазақстан өркениетті елдер қатарына еш қосыла алмайды. Біздер ауызша да, жазбаша да «рухы күшті халық», «рухани биік халық» деп бағалаймыз. Қазақылықты немесе ұлттық рухты анықтауға тікелей қатысы бар басқа да қасиеттер болуы мүмкін. Қалай болғанда да олардың қазақ халқының тұтастығынан туындайтындығына күмән келтіруге болмайды. Оны бейнелейтін, санасына сіңіретін адам.

Философия әмбебапты дүниетаным және оның рухани тамырлары дүниежүзілік сұхбат аймағынан нәр алады. Бұл тұрғыдан біз Платон мен Аристотельді, Бэкон мен Спинозаны, Кант пен Гегльді білу арқылы әл-Фараби мен Абайды терең түсінеміз. Қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын онсыз пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз қоян-қолтықтасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге ат салысқандығымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді. Қазіргі кезде еліміздің рухани өміріндегі өзекті мәселелердің бірі отандастарымыздың философиялық мәдениетін өркендету болып табылады. Оған қоғамымыз басынан кешіп отырған қайшылықтарды әлемдік философия тарихының өзекті мәселелерін танып, талдап, зерттеу арқылы шешіп құрылып жатқан азаматтық қоғамның ерекшеліктерін халыққа ашып көрсету арқылы қол жеткізуге болады. XX ғасырда шығыс пен батыс философиясының компаративистік тәсілделуі арқылы ұлттық философияның ерекшеліктерін, түркі тілдес философияның ерекшеліктерін зертеуге мүмкіндік туды. Сондықтан, қазіргі кезеңде түркі тілдес философияның қырсыры арқылы туысқан елдердің рухани көкжиектеріне назар салу міндеті тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2 *Кішібеков Д.* Қазақ – философ халық // Ақиқат. – 1994. – № 3. – 32 б.

3 *Нысанбаев Ә., Есім Ғ.* Халықтық дүниетаным // Егемен Қазақстан. – 1991. – 14 тамыз.

4 *Платон*. Сочинение в 3-х т. – М.: Мысль, 1970. – Т. 1. – 611 с.

5 *Декарт Р.* Начала философии. Избр. произв. – М.: Госполитиздат, 1950. – 712 с.

6 *Лейбниц Г.* Соч., в 4-х томах. – М., 1983. – Т. 2. – 430 с.

7 *Байтұрсынов А.* Шығармалары. – Алматы, 1989. – 365 б.

8 *Негимов С.* Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.

9 *Адамбаев Б.* Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 136 б.

10 *Цицерон Марк Тулий.* Три трактата об ораторском искусстве. – М.: Ладомир, 1994. – 471 с.

11 *Адамбаев Б.* Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 195 б.

12 *Ақатай С.Н.* Інжу-маржан секілді. – Алматы: Өнер, 1985. – 200 б.

13 *Көпейұлы М.Ж.* Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 271 б.

14 Бекежан Ахан. «Сөз құдіретіне табынған» // Ақиқат. – 2000. – № 4.

15 *Әлменұлы Бөлтірік.* Шешендік өнер. – Алматы: Білім, 1994. – 117 б.

16 *Ақатай С.Н.* Тереңнен тартқан тамырлар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 160 б.

17 *Есім Ғ.* Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы // Ақиқат. – 1985. – № 5. – 69 б.

18 *Рысқалиев Т.Х.* Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 237 б.

19 *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алма-Ата, Т. I. – 1961. – 431 с.

20 *Халид Құрбанғали.* Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 681 б.

21 *Смирнова Н.С.* Казахские певцы XVIII века – акыны и жырау // Краткие сообщения Института Востоковедения АН СССР. IV. М:– Вып. IV. – 1952.

22 *Ысмайылов Е.* Ақындар. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 340 б.

23 *Марғұлан Ә.О.* Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы // М.О.Әуезовтің 60 жылдығына орай мақалалар жинағы. – Алматы, 1959.

24 *Тәжібаев Ә.* Жылдар, ойлар. – Алматы, 1976. – 224 б.

25 *Мағауин М.* Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1999. – 432 б.

26 *Жармұхамедов М.* Көненің көзі. – Алматы: Санат, 1996. –144 б.

27 *Әуезов М.О.* Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 556 б.

28 *Тұрсынов Е.* Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.

29 *Нурланова К.Ш.* Эстетика XV дожественной культуры казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 176 с.

30 *Мұқанов С.* Айтыс // Айтыс жинағында. I-том. 1964. – 430 б.

31 *Әуезов М.О.* Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

32 *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құрастырғандар: М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А. Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

33 *Жұмабаев М.* Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

34 *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 367 б.

35 *Ахметов З.* Казахское стихосложение. – Алматы, 1964. – 285 с.

36 *Лаэртский Диоген.* О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. – М.: Мысль, 1979. – 620 с.

37 *Платон*. Пир. – Спб.: Библиотека «Звезды», 1992. – 64 с.

38 *Кант И.* Антропология с прагматической точки зрения // Собрание сочинении. – М: Чоро, 1994. – Т.6. – 613 с.

39 Человек и мир человека (Категории «человек» и «мир» в системе подлинного мировоззрения). – Киев, 1977. – 342 с.

40 *Степин В.С.* Мировоззренческие универсалии как основание культуры // Универсалии восточных культур. – Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001. – 431 с. (История восточной философии).

41 *Абишев К.А.* Сущность и явление // Формирование категорий сферы сущности и целостности в индивидуальном развитии. – Алматы: Гылым, 1993. – 144 с.

42 *Кенжетай Д.* Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан. – 2004.

43 *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы / Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, – Т.2. – 1986. – 200 б.

44 *Әл-Фараби*. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

45 *Абай*. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б.

46 *Бурбаев Т.* Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 243 б.

47 *Нысанбаев Ә.Н.* Қазақ философиясының бүгіні мен ертеңі // Қазақ әдебиеті. – 2002. – № 5. 4–5 бб.

48 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы: Жазушы, Т. I. 1984.– 256 б.

49 *Әбішев Қ.Ә.* Философия. – Алматы, 1999. – 264 б.

50 Құран Кәрим. Қазақша мағына және түсінігі / Аударған Халифа Алтай. – 1991. – 602 б.

51 *Иассауи Қожа Ахмет.* Хикметтер. Аударған Ә. Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.

52 *Есім Ғ.* Күнә // Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Алматы: Ғылым, 1996. – 208 б.

53 *Нұрмұратов С.Е.* Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.

54 *Мейірманов А.Д.* Қазақ қоғамының рухани бірлігі мәселесі // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIX ғғ.) 4-кітап. – Алматы: Философия және саясаттану институты компьютерлік-баспа орталығы, 2004. – 309 б.

55 *Барлыбаева Г.Г.* Тәуелсіздік үшін күрес дәуіріндегі қазақ ойшылдарының этикалық көзқарастары // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIX ғғ.) 4-кітап. – Алматы: Философия және саясаттану институты компьютерлік-баспа орталығы, 2004. – 309 б.

56 *Қараш Ғұмар.* Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.

57 *Жұртбай Т.* Күйесің жүрек... сүйесің. Алматы: Ана тілі, 2001. – 408 б.

58 *Раев Д.* Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.

59 *Орынбеков М.С.* Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.

60 *Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А.* Духовное наследие казахского народа. – Алма-Ата, 1991. – 89 с.

61 *Гегель Г.Ф.В.* Философия права. – М., 1990. – 454 с.

62 *Кант И.* Собрание сочинении. – М: Чоро, 1984. – Т. 3. – 741 с.

63 *Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.* Қысқаша философия тарихы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 272 б.

64 *Сартр Жан Поль*. Избранные произведения. – М., 1994. – 446 с.

65 *Копнин П.В.* Гносеологические и логические основы науки. – М: Мысль, 1974. – 278 с.

66 *Афанасьев В.Г.* Проблема целостности в философии и биологии. – М., 1964. – 256 с.

67 *Капышев А.Б., Колчигин С.Ю.* Философия грядущего (Истинный путь человека). – Алматы: ТОО «Комплекс», 1999. – 184 с.

68 *Хамидов А.А.* Категории и культура. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 240 с.

69 *Бердяев Н.А.* Самопознание: (опыт философской автобиографии). – М.: СП «ДЭМ»: Междун.отношение, 1990. – 334 с.

70 *Рубинштейн С.Л.* Проблемы общей психологии. – М., 1976. – 450 с.

71 *Батищев Г.С.* Неисчерпаемые возможности и границы применимости категории деятельности // Деятельность: теории, методология, проблемы. – М: 1990. – 370 с.

72 *Ерғалиев І.Е., Телібаев Ғ.Т.* Қазақ дүниетанымның негізгі ұғымдары // ҚР ҰҒА Хабарлары, 1993. – № 3. – 35 б.

73 *Есім Ғ.* Глобализм және егемендік // Ақиқат.– 1998.– № 8.

74 *Нарынбаев А.* Отражение мировоззрения тюркских народов в творчестве М.Кашгари // Из истории общественной мысли древниех и средневековых уйгуров. – Бишкек: Илим, 1994.– 161 с.

75 *Альжан К.У.* Человек и мир в казахской философии XVIII–XIX веков. Научно-методическое издание. – Алматы. Комп.-издат. центр Института философии и политологии, 2006. – 96 с.

76 *Гуревич А.Я.* Категории средневековой культуры. – 2 изд. – М: Искусство, 1984. – 350 с.

77 *Кант И.* Критика чистого разума. Собрание сочинении. – М: Чоро, 1994. – Т. 3. – 741 с.

78 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири // Пространство и время. Вещный мир. – Новосибирск: Сибирское отделение, 1988. – 225 с.

79 *Тугаринов В.П.* Природа, цивилизация, человек. – Ленинград, 1978. – 128 с.

80 *Молдабеков Ж.Ж.* Қазақ осы мың өліп, мың тірілген. – Алматы: Санат, 1998. – 208 б.

81 *Нұрланова Қ.Ш.* Жарық дүние // Заман-Қазақстан. – 1997. – 1 қаңтар.

82 *Егидес П.М.* Марксисткая этика о смысле жизни // Вопросы философии. – 1963. – № 8. – С.27.

83 *Ушинский К.Д.* Избранные педагогическое сочинение. – М., 1963. – 300 с.

84 *Қашқари Махмұд.* Диуани лұғат-ат түрік. – Алматы: Ғылым, 1993. – 243 б.

85 *Есім Ғ.* Намыс философиясы // Ақиқат. – 1996. – № 6. – 78 б.

86 *Капранов В.А.* Нравственный смысл жизни и деятельности человека. – Ленинград, 1975. – 251 с.

87 *Сегизбаев О.А.* Казахская философия XV-начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – 472 с.

88 *Бейсенов Қ.* Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 168 б.

89 *Айдаров Ғ.* Орхон ескерткіштерінің тексті. – Алматы, 1990. – 220 б.

90 Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991. – 271 б.

91 Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – Алматы, 1997. – 235 б.

92 Философия. – Алматы: Рауан, 1991. – 245 б.

93 *Тугаринов В.П.* Личность и общество. – М: Мысль, 1965. – 191 с.

94 *Дулати М.Х.* Тарихи-Рашиди. – Алматы: Санат, 2000. – I-кітап. – 506 б.

95 *Есім Ғ.* Доспамбет жырау // Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1996. – 208 б.

96 *Есім Ғ.* Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1997. – 232 б.

97 *Толысбай К.* Асан қайғының дүниетанымы (тарихи-философиялық талдау). – Қызылорда: 2002. – 266 б.

98 *Әл-Фараби*. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

99 *Аймауытов Ж.* Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 311 б.

100 *Әбілев Д., Қуанғанов Ш.* Бұқар жырау // Мұрагер әл-манахы. – Алматы, 1992. – №1.

101 *Қасқабасов С.* XV-XVIII ғ-ғы қазақ әдебиеті (компендиум). – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64 б.

102 *Бабатайұлы Д.* Замана сазы. – Алматы. – 1991. – 160 б.

103 *Машанов А.* Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

104 *Жұртбай Т.* Маржани мен Абайдың тоғысар тұсы // Абай, № 3, 1996. – 23 б.

105 *Қалижанұлы У.* Қазақ әдебиетінлегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.

106 *Кердері Ә.* Қазағым. – Алматы: Жазушы, 1993. – 129 б.

107 *Қожа Ахмет Иассауи.* Диуани Хикмет. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.

108 *Наушабайұлы Н.* Алаш. – Қостанай: Баспа үйі,1997. – 225 б.

109 *Қалижанұлы У.* Жәдидшіл жырлар. – Алматы: Санат, 1998. – 64 б.

110 *Нысанбаев Ә.Н.* Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы. – 2002. – 264 б.

111 *Кирабаев С.* Қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтары // Мұрагер әл-манахы. – Алматы. – 1992. –14-б.

112 *Дулатұлы М.* Оян, қазақ! – Алматы: Алтын орда, 1991. – 80 б.

113 *Дулатов М.* Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

114 *Жиреншин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX начале XX века. – Алматы. – 1996. 189 б.

115 *Дулатұлы М.* Шығармалары. 2 томдық. – Алматы: Ғылым, 1997, II-том. – 343 б.

116 *Аймауытов Ж.* Шығармалары. 5 томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. 5-том. – 456 б.

117 *Бурабаев М.С.* Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 256 с.

118 *Мұхамедханов Қ.* Абай мұрагерлері. – Алматы, 1995. – 208 б.

119 *Шоқай М.* Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. 1-том. – 512 б.

120 *Торайғыров С.* Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1993. 1-том. – 280 б.

121 *Уваров В.* Духовность // Этико-философский журнал «Грани эпохи». – 2005. – № 23.

122 *Аймауытов Ж.* Шығармалары, 5 томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. 4-том. – 465 б.

123 *Аймауытов Ж.* Шығармалары, Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

124 *Нысанбаев Ә.* Мағжан Жұмабаев: «Әз Жәнібек сендер бол, мен Асан болып өтейін» // Жас алаш. – 2003. – 12 сәуір. – 4 б.

125 *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 26 б.

126 *Дулатұлы М.* Ахмет Байтұрсынұлы (өмірбаяндық очерктен үзінді) // Ана тілі, 1991, 24-қаңтар, 4-5 бб.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану
институты туралы мәлімет

Институт 1999 жылдың ақпан айында 1958 жылы ашылған Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде құрылды. Ол 2012 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің қаулысымен Философия, саясаттану және дінтану институты болып қайта аталды.

Институттың мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекеме ретіндегі негізгі міндеттері қазіргі қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінде Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт оның құрылымын айқындайтын үш басты бағыт бойынша жұмыс істейді: философия, саясаттану және дінтану. Онда ҚР ҰҒА 1 академигі, 2 корреспондент мүшесі, 21 ғылым докторы, 12 ғылым кандидаты, 3 PhD докторы, 13 PhD докторанты және 7 магистрант ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Олардың ішінде 5 PhD докторанты және 6 магистрант 2014 жылы «Ғылым Ордасының» базасында ҚР БҒМ ҒК ҒЗИ-нің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірігіп жүргізетін ғылым мен білімнің интеграциясы жобасы шеңберінде магистратура мен докторантураға оқуға түсті.

Институт 2012–2014 жылдарға арналған «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде 24 ғылыми-зерттеу жобасын орындайды, «Ғылыми қазына» салааралық ғылыми бағдарламасы аясында зерттеу жұмыстарын, 2013–2015 жылдарға арналған «Қазақстан-2050» Стратегиясын ғылыми ілеспелеу бойынша Тақырыптық жоспар аясында зерттеулер жүргізеді.

Институт қызметкерлері саясат, ғылым, білім беру, мәдениет, дін, қазақ және әлемдік философия мәселелері бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары таяу және алыс шетелдердің ғылыми рейтингтік басылымдарында сұранысқа ие.

Институт «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде «Шығыс Аристотелі» – әл-Фарабидің шығармалар жинағын (10 том), «Әлемдік философиялық мұраны» (20 том), «Қазақ халқының философиялық мұрасын» (20 том) шығарды.

Институт ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған екі журнал шығарады: «Адам әлемі» (1999 жылдан бері) және «Әл-Фараби» (2003 жылдан бері). Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар.

Институт үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірталас алаңдарын өткізіп тұрады. Бұл іс-шараларға қазақстандық және шетелдік ғалымдар қатысады. Институт Ресейдің, Беларустің, Әзірбайжанның, Қырғызстанның, Қытайдың, Германияның, АҚШ-ң, Түркияның, Иранның, Өзбекстанның, Тәжікстанның және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, ХБА және т.б. жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докоранттары тағылымдама мен зерттеу тәжірибесін өткізеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми тұрғыда өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия, саясаттану және дінтану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Институт был образован в феврале 1999 г. на базе созданного в 1958 г. Института философии и права, преобразованного в 1991 г. в Институт философии. В мае 2012 г. постановлением Правительства он был переименован в Институт философии, политологии и религиоведения.

Основной задачей Института как государственного научно-исследовательского учреждения является проведение философско-мировоззренческих, философско-методологических, политологических, религиоведческих и социологических исследований, направленных на развитие интеллектуального и духовно-нравственного потенциала современного казахстанского общества.

Сегодня Институт философии, политологии и религиоведения является высокопрофессиональным научно-исследовательским центром. Институт работает по трем ключевым направлениям, определяющим его структуру: философия, политология и религиоведение. Здесь проводят научные исследования 1 академик, 2 члена-корреспондента НАН РК, 21 доктор и 12 кандидатов наук, 3 доктора PhD, 13 докторантов PhD и 7 магистрантов. Из них 5 докторантов PhD и 6 магистрантов в 2014 г. поступили в магистратуру и докторантуру PhD НИИ КН МОН РК совместно с КазНУ им. аль-Фараби на базе «Ғылым ордасы» в рамках проекта интеграции науки и образования.

В Институте на 2012–2014 годы по приоритету «Интеллектуальный потенциал страны» выполняется 24 НИПа в рамках грантового финансирования, ведется работа в рамках междисциплинарной научной программы «Ғылыми қазына», проводятся исследования в рамках Тематического плана по научному сопровождению Стратегии «Казахстан-2050» на 2013–2015 годы.

Сотрудниками издаются монографии и научные статьи по вопросам политики, науки, образования, культуры, религии, казахской и мировой философии. Научные публикации сотрудников Института востребованы в научных рейтинговых изданиях ближнего и дальнего зарубежья.

В рамках программы «Культурное наследие» Институтом изданы собрание сочинений «Аристотеля Востока» – аль-Фараби (10 томов), «Мировое философское наследие» (20 томов), а также «Философское наследие казахского народа» (20 томов).

Издаются два журнала: «Адам әлемі» (с 1999 г.) и «Аль-Фараби» (с 2003 г.), рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК. Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском.

Институт регулярно проводит международные научные конференции, «круглые столы», семинары, дискуссионные «площадки», в которых принимают участие казахстанские и зарубежные ученые. Институт тесно сотрудничает с крупнейшими научно-исследовательскими центрами России, Белоруссии, Азербайджана, Кыргызстана, Китая, Германии, США, Турции, Ирана, Узбекистана, Таджикистана и других стран.

На базе Института философии, политологии и религиоведения проходят стажировку и исследовательскую практику магистранты и докторанты PhD ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких, как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, МАБ и др.

В Институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии, политологии и религиоведения можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010
Алматы, ул. Курмангазы, 29 (3 этаж)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Information about the Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

The Institute was established in February 1999 on the base of established in 1958 the Institute for Philosophy and Law, and the Institute for Philosophy in 1991. By the Decree of Kazakhstan Government in 31 May, 2012, Institute was renamed to Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The main objectives of the Institute as a public research institution are conducting of philosophicalworld outlook, philosophical-methodological, political studies, religion studies and sociological studies aimed at social-cultural and socialpolitical development and strengthening the independence of Republic of Kazakhstan, development its intellectual and spiritual-moral potential.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies is a highly skilled scientific research center. Institute has a three key directions that define its structure: philosophy, political science and religion studies. Currently, scientific research works is conducted by 1 academician, 2 correspondent member of the National Academy of Science of RK, 21 doctors of science, 12 candidates of science, 3 PhD doctor in Political Science, 13 PhD students and 7 Master students. In 2014 5 PhD students and 6 Master's students enrolled in master's and doctoral PhD training programs of SRI SC MES RK in cooperation with the al-Farabi Kazakh National University on the basis of the «Gylym Ordasy» within the frameworks of science and education integration project. 24 scientific-research projects within the framework of grant financing for 2012–2014 years on priority of «Intellectual potential of the country» are being conducted, also the works within the framework of interdisciplinary scientific research program «Gylymi kazyna» are being carried out in the Thematic Plan on scientific support of the Strategy «Kazakhstan-2050» for 2013–2015.

Institute employees publish the monographies and articles on important issues of politics, science, education, religion, culture, Kazakh and world philosophy, etc. The quality of scientific publications of the Institute is determined by the demand for scientific articles in rating' journals of near and far abroad.

Under the «Cultural Heritage» State Program ten-volume collection of works called «Aristotle of the East» – al-Farabi, twenty volumes «World philosophical heritage», twenty volumes «The Philosophical Heritage of the Kazakh nation», and other books were published by the Institute.

Institute publishes two magazines: «Adam alemi» and «Al-Farabi» recommended by the Committee for Control of Education and Science of RK

that been published since 1999 and 2003. The Institute has its own website in three languages: Kazakh, Russian and English.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies science regularly organizes international scientific conferences, seminars, «round tables», where not only leading Kazakhstani political scientists and philosophers, but also many scientists from foreign countries are participants. Institute has cooperation with scientific-research centers of Russia, China, Germany, the USA, Turkey, France, the Great Britain, Iran, Azerbaijan, Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Belarus and others.

Undergraduate Master's degree and Doctorate students from leading Kazakh universities, such Al-Farabi KazNU, Abai KazNPU, Abylaikhan KazUIR&WL, IAB and others are conducting their research work and are trained at the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The Institute has created all necessary conditions for professional and scientific development of employees.

More detailed information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies can be found at:

Kurmangazy Street, 29 (3rd floor)
Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan
Phone: +7 (727) 272-59-10
Fax: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz

Ғылыми басылым

ЖАЗИРА ОШАҚБАЕВА

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӘМБЕБАПТАР:
ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

Кітап автордың редакциясымен шығарылды

Компьютерлік дизайн жасаған және беттеген ***Л.Н. Тоқтарбекова***

«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы – ***Аяған Б.Ғ.,*** т.ғ.д., профессор
«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған – ***Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.***

Басуға 15.09.2014. Пішімі $70/100^{1}/_{16}$
Шартты баспа табағы 15,1 б.т. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана.

«ИП Волков А.И.» баспасында басылды.
Райымбек даңғ., 212/1, оф. 319. Тел.: 330-03-12, 330-03-13